5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және: баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге; балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға; аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға; баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына; баланың, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген **[**Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Кодексі 4.12.2011ж.**]**. Орталық атқарушы органдардың баланың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне: балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың негіздерін талдап жасау; баланың құқықтары мен заңды мүдделерін, оның денсаулығы мен имандылығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің басым бағыттарын таңдау; өз құзыреті шегінде баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау; балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттің ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу; бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; баланың құқықгарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық ұйымдарда мемлекет мүддесін білдіру; тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласындағы балалар мүдделеріңде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберін айқындау жатады.

Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері:

1. Әрбір баланын, денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.

2.Мемлекет дені сау бала тууды қамтамасыз ету үшін ананың денсаулығын сақтау жөнінде жағдайлар жасайды.

3.Баланың денсаулық сақтауға құқығы

Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру; балапардың денсаулығын сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді, мемлекеттік қолдау; баланың, оның ата-анасының денсаулық жағдайына бақылау жасау және балалар ауруларының алдын алу; білікті медициналық көмек көрсету; баланың дені сау болып өсіп жетілуіне қажетті қолайлы қоршаған орта жасау; Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаларға тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік береді. Баланың өміріне, денсаулығына және қалыпты өсіп-жетілуіне зиян келтіретін кез келген ғылыми тәжірибелер немесе өзге де эксперименттерге тыйым салынады. Әрбір бала туған сәтінен бастап аты, әкесінің аты, тегі, ұлты және азаматтығы болуынз құқылы, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқылы. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оның тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудан өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. Әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондайақ басқа дакоммерциялық емес ұйымдардың нысаңдарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар **[**Патронаттық тәрбие қызметін дамыту. Қызылорда облысының Балалар құқықтарын қорғау департаментінің көмекші құралы**]**.

Мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және керкем шығармашылығын дамытуды,олардың интеллектуалдық меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылық; істеріне қатысатын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдарға

жәрдемдеседі.

Әрбір баланың дене бітімінің, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді. Әрбір баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне келіп түседі және олар баланы күтіп-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалады. Әрбір баланың заңдарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар.Ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлген ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы **[**Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі**]**.

Әрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мүлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар. Өз еңбегімен табыс табатын бала, егер ол ата-анасымен бірге тұратын болса, от басын асырауға жұмсалатын шығындарды бөлісуге қатысуға құқылы. Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады. Әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар. Жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердегі бапаның тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының тұрғын үй туралы заңдарына сәйкес түрғын үй-жай алуға құқығы бар.Тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жатады. Ата-анасының камқорлысынсыз қалған балаларды оның ішінде жетім балаларды оларға басқа үй-жай берілмейінше олар тұрып жатқан тұрғын үйден шығаруға болмайды **[**ҚРсы Жоғарғы сот пленумының қаулысы 28.04.2014 ж.**]**.

Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі. Тегін жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғаншы және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИТЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қонақбаева Г.. Балалардың табиғи құқықтарын қорғау мәселелері. Заң журналы, ақпан 2015 ж. №2;

2. Патронаттық тәрбие қызметін дамыту. Қызылорда облысының Балалар құқықтарын қорғау департаментінің көмекші құралы;

3. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Кодексі 04.12.2011ж (2012 ж. 18.01. қолданысқа енгізілді);

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Юрист., (2016 ж. өзгертулер мен толықтырулар);

5. ҚР-сы Жоғарғы сот пленумының қаулысы 28.04.2014 ж.

УДК 347.4

ADANBEKOVA ZARIPA NURALYKYZY
Master of law
a doctoral student of the 2nd year of study of the specialty "Jurisprudence"
«Turan» University
Almaty, Kazakhstan

ALAYEVA GULNAZ TURSUNOVNA
Candidate of Law, Associate Professor
Department of Law and International Law
Faculty of Humanities and Law
«Turan» University
Almaty, Kazakhstan

PROTECTION OF CONSUMER RIGHTS' AND E-COMMERCE

Түйін. Бұл мақалада Интернетте тауарларды сатып алу кезінде қарапайым сатып алушының қандай мәселелерге қатысты талдауы көрсетілген, сонымен қатар заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар берілген. Қашықтықта жүзеге асырылатын тауарларды бөлшек сатып алу-сатуды заңды реттеудің белгілі бір проблемалары қаралды. Қазақстан мен Ресейдің электрондық мәмілелерді құқықтық реттеу бойынша кейбір мәселелері туралы салыстырмалы мәліметтер ұсынылған.

Түйінді сөздер: құқықтарды қорғау, тұтынушылар, Интернет, электрондық мәмілелер, электрондық коммерция

Резюме. В данной статье показан анализ проблем, с какими встречается обычный покупатель при приобретении товаров в Интернете, также предоставлены рекомендации по совершенствованию законодательства. Рассмотрены определенные проблемы законного регулирования розничной купли-продажи товаров, осуществляемые на расстоянии. Представлены сравнительные сведения о вопросах правового регулирования электронных сделок в Казахстане и России.

Ключевые слова: защита прав, потребители, Интернет, электронные сделки, электронная коммерция

Summary. This article shows an analysis of the problems that an ordinary buyer encounters when purchasing goods on the Internet, and also provides recommendations for improving legislation. Certain problems of legal regulation of retail purchase and sale of goods carried out at a distance are considered. Comparative information on the issues of legal regulation of electronic transactions in Kazakhstan and Russia is presented.

Keywords: protection of rights, consumers, Internet, electronic transactions, e-commerce.

INTRODUCTION

The development of information technologies, telecommunications, and the Internet, in particular, has led to the formation of electronic Commerce. Currently, this type of trading is very relevant and comfortable. It's much more comfortable to shop at home, look at different stores, and choose what you like. At the same time, effort and physical activity are minimized, which, in turn, is very popular with modern people. But it should be understood specific existing characteristics and issues that distinguish remote trading from the sale of goods in fixed retail outlets. In other words, there are situations when it is imperative to protect the rights of consumers when entering into electronic transactions. And this question is relevant. Since then, the number of buyers (consumers) via the Internet has been increasing every day. Also, cases of violation of the rights of the parties are not less frequent. For this reason, the significance of studies on the conclusion of electronic transactions is very significant. As a rule, the consumer is in a vulnerable position in remote trading. Thus, the law defines greater rights for the Internet consumer. The main feature of this type of trade is that the consumer does not have the opportunity to get acquainted with the goods until they are delivered or received. After the transaction, neither the consumer nor the merchant comes into direct contact, do not see each other. The transaction is concluded electronically, usually by the consumer accepting the public offer posted on the seller's unique website. For this reason, research and studies on protecting the rights of buyers in this area are very important. The breakdown of these issues is based on the study and analysis of new approaches to understanding the nature and structure of modern consumers' rights when making purchases via the Internet in the Republic of Kazakhstan. The study focuses on the rights of consumers who enter into electronic transactions. The research object is the normative legal acts regulating consumer rights protection when concluding electronic transactions in the Republic. The purpose of the article is to analyze

the safety of consumer rights when completing electronic transactions and making purchases on the Internet [Simonyan A.L., 2018, p. 154-156].

METHODS

When writing this article, I used specific scientific methods to reveal the subject. The paper uses General scientific methods and approaches, as well as specific legal methods. The research is based on scientific sources and legislation of both the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. The methodological basis consists of General scientific and unique methods of cognition of social phenomena and processes and comparative legal, comparative functional, system-structural, and other methods. The article uses dialectical and logical methods and a systematic approach as General scientific methods. Unique traditional methods include dogmatic, technical-legal, and comparative-legal plans. The dialectical method is applied for a comprehensive and complete study of the formation of legal regulation of legislation in information exchange using current electronic means of communication. The dialectical method of scientific study in this article is based on analysis and synthesis methods. The logical manner is based on applying formal logic to civil relations on the Internet, the science of correct thinking. The object studied in the report is considered not as a set of its components but as a system, an integral formation resulting from applying a systematic approach. A specific legal methodology was used for the full disclosure of the subject during this article's research. The normative and legal material related to the legal regulation of consumer rights protection in electronic transactions is studied using a dogmatic method. This method consists of understanding the meaning and importance of the rule for concluding a contract on the Internet.

LITERATURE REVIEW

Making transactions via the Internet is also a tremendous and newest area of legislation. The purchasing procedure via the Internet is regulated by the rules that establish the system for selling goods at a distance and the relationship between the consumer and the seller when selling products at a distance and offering services.

In the legal literature, there are several legal regulation problems of goods turnover on the Internet, formed during Internet Commerce.

Engaged the problem of determining the legal nature of electronic Commerce and the trend of its development in several Kazakh and foreign authors such as Ibrayev R.A., Kulzhambekova A.J., Beckinsale E.A., Petrenko E.S. [Ibrayeva A.R. 2019], Almuhambetov B.J., Imankulova R.I., [Almuhambetov B.J., 2019], etc.

Also, a special issue here is user identification. In particular, it shows the conclusion of transactions in electronic format. K. V. Filimonov considers the most complicated consumer identification problems in contractual relations in his article on the agreement form's legal regulation in e-Commerce.

Experts provide various etymologies of remote realization. For example, E.V. Avdeichikova believes that tiny sale is a field of trading activity, in which the seller does not come into direct contact with the consumer when deciding the purchase and sale agreement, he also chooses a product, but the implementation procedure is performed remotely; online store; mail catalogs; tv store, vending machines, etc. [Avdeichikova E.V., 2013, pp.104-109]. Under distance selling under K.V. Soloviev and G.F. Chekmarev means «commercial work on the purchase and sale of goods at retail, performed outside the fixed places of purchase of products without direct communication between the seller the consumer during the auction. Conclusion of purchase and sale transactions with further integral delivery of goods from the seller to the buyer» [Soloviev K.V., Chekmarev G.F., 2016, pp. 119-126].

RESULTS AND DISCUSSION

Consumption and fair trade are among the fundamental principles of any democratic society. The protection of human rights as a consumer is an objective and irreversible standard and one of society's most essential characteristics. In a market economy, almost every person is designated as a consumer, and in some cases, requires legal protection of violated rights.

The formation of legislation that stabilizes relations in consumer protection was marked by massive modifications in the socio-political, financial, and, thus, our state's legal branches, which initiated market relations. Distance selling is one of the forms of retail trade, in which electronic transactions are concluded. With the formation of information and communication technologies in Kazakhstan, remote implementation has acquired new opportunities to use different forms of trade, differing from each other by transmitting data about goods and their properties to the consumer. In turn, each state of the private sale of goods presupposes an independent trading activity with its critical organizing trade processes.

The remote realization has some forms that have evolved with developing different communication methods in the world, for example, in the way of a parcel (mail), television, the Internet. Also, one of the most famous transactions is the Internet. Accordingly, the importance of electronic Commerce is increasing. The transition to a market economy based on free enterprise has led to an increase in the number of producers and providers of various services.

In current conditions, the relationship between consumers and entrepreneurs must enter a new stage in its development, characterized by

meeting the population's needs in high-quality goods, works, and services. Although there is a regulatory framework today in Kazakhstan that guarantees consumers' fundamental rights following international standards, the imperfection of legal support for consumer rights creates many problems. Practice testifies to systematic abuses by professional participants in market relations based on the lack of effective mechanisms authorized by law to protect their rights by consumers.

In the history of the modern state's development, consumer relations subjects' legal status has changed, forms of consumer protection have been transformed, and responsibility has become more complex. In this sense, a thorough understanding of the consumer legal protection system's entire specifics is impossible without analyzing its emergence and development. During this time, many countries worldwide, especially in Europe, created state bodies of exceptional competence, which protected consumer rights. Publicly available data shows that civil society organizations play an essential role in consumer protection. If consumers turn to the authorities directly to defend their rights, it will not be possible to solve the problem in every fifth case positively. If they turn to public organizations, there will be ten times less unsuccessful results [Pimaeva O.A., 2017, p. 232-237].

Today, it is crucial to move away from reducing the amount of judicial confiscation in consumer claims, focus on increasing the amount of compensation for moral damage, and create conditions conducive to the availability of qualified legal assistance. The presence of the listed problems is explained, among other things, by the peculiarities of the long-formed national model of legal consciousness, in which the consumer did not realize the possibility of striving for expansion and development. In current conditions, improving lawful means and consumer protection forms should become one of the state's priorities.

Consumer protection is currently considered a mandatory component of the state's activities to protect human rights and freedoms. The legislative branch is looking for effective legal means of influencing consumers' relationship, which is confirmed by the regular introduction of amendments and additions to existing regulations. The selection of legal remedies is complicated because, on the one hand, they are obliged to protect consumers as a vulnerable group of market participants. On the other hand, they must not violate the proper balance between consumers' rights and counterparts. In addition to the very nature of consumer relationships, and the financial conditions associated with them, the transformation of consumers' legitimate consciousness has played an essential role in creating consumer protection legislation. The legal understanding of the modern consumer informing market relationships formed in the consumer market's limited structure has become crucial for its alignment and the seller's financial positions.

In the context of the development of market relations, consumers saw an opportunity to advocate for the expansion and guarantee of their rights and increase their influence on producers and sellers. Mass production, new technologies have led to an increase in sales of low-quality products and, as a result, contributed to the emergence of an organized movement of consumers in defense of their rights, which marked the beginning of a learning trend. For example, there is separate legislation aimed at protecting consumer rights in Russia in some states. The same protection of consumer rights is the activity of state bodies, public organizations, and consumers themselves, aimed at restoring, compensating, and removing obstacles to further realizing consumer rights. It is carried out using a complex of protective elements (forms, means, and methods) in the manner prescribed by law. Legal protection of the rights of a specific category of persons in its general characteristics coincides with legal protection in general. Still, it has features arising from regulated relations' specifics [Sukhanov E.A., 2015, p.109].


Remote realizations are continuously being formed to satisfy the needs of society. The fundamental difference between the secret sales of goods from other trade methods provided by law is the exclusion of the consumer's ability to examine the offered goods at the time of purchase personally.

At the moment, such a situation in Kazakhstan, they intend to introduce administrative responsibility for non-observance of consumer rights. Such events are taken into account in the draft law "On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on consumer protection". If the document is approved, the violators will pay fines, and the claims will be systematized and displayed in the available database. According to Akhmetov A., chairman of the Committee for the Protection of Consumer Rights of the Ministry of Trade and Integration of the Republic of Kazakhstan, this will increase Kazakhstani's level of service, the quality of goods and services, and collective public liability. At the same time, we will pay significant attention to the early resolution of disputes. Now the Republic has low consumer protection. Thus, on June 17, 2019, by the decree of the head of state, also created the Ministry of Trade for integration with the transfer of the Ministry of State economy's functions in the field of consumer protection. In pursuance of this order, by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 10, 2019, 497, it also established the Committee for the Protection of Consumer Rights under the Ministry of Trade

Integration. The committee's primary goal is to develop a consistent and effective policy in the field of consumer protection [Makhonina L.U., 2015, p. 15].

Today, the committee faces two main problems: the provision of state policy in consumer protection and the inter sectoral coordination of municipal organizations' activities to ensure state policy implementation in consumer protection. The situation is almost the same in neighboring Russia. One of the key trends in today's Russia is the use of effective methods of consumer protection. The Russian Association has proclaimed international legal standards for consumer protection at the legislative level. Decree of the Russian Federation from 07.07.1992 2300-1 «On the protection of consumer rights" stipulates the area of fundamental consumer rights and determines the device for exercising these rights. But since the consumer market is increasing, new products are emerging, activities, and services, consumer protection will require additions and changes. The sale of goods remotely is regulated by the Civil Code of the Russian Federation, the Law of the Russian Federation "On Protection of Consumer Rights» and by order of the Government of the Russian Federation of September 27, 2007 N 612 «On Approval of the Rules for Distance Selling». The law includes only one rule on the private sale of products but does not regulate the procedure and provision of services at a distance [Sainskaya L.A., 2015, p.11].

Another critical issue is the international legal regulation of electronic Commerce. Most international organizations are committed to the unification of electronic Commerce. But in fact, only personal problems are subject to customary law, and not just e-commerce. This creates issues between existing international agreements and business relationships using distance selling [Selyanin A.V., 2015, p. 15.]. And so, this issue in the field of legislation is known. But, to determine the actual situation, it is necessary to resolve the consumers' opinions. For this purpose, a survey was conducted (Table 1). Fifty people took part in the survey, the results of which can be seen below (Fig. 1).



Survey

№	Question	Yes	No
1	Do you use online (electronic) shopping?	35	15
2	Are you satisfied with the purchase and delivery process, all other legal obligations of the parties?	29	21
3	Have your rights been violated when concluding electronic transactions?	17	33

Compiled by the authors

Figure - 1. Results of the survey

According to the results of this survey, you see that the situation is not critical. However, the number of dissatisfied and consumers with violated rights is not small. This is considered the basis for regulating and further studying these consumer rights when concluding electronic transactions. Following the above data, we surveyed consumers of remote clients, citizens of Kazakhstan, and the Russian Federation. There were 200 respondents in total (the RK -100; the RF-100). The questions were as follows:

1. Have your rights been violated when concluding electronic transactions?

Results: the RK: yes - 38 out of 100; the RF: yes - 45 out of 100.

2. Are you satisfied with the entire process's quality (from contract conclusion to product delivery, etc.)?

Results: the RK: yes - 51 out of 100; the RF: yes - 59 out of 100.


3. Do you believe that there is still a need to improve the electronic transaction process?

Results: the RK: yes - 63 out of 100; the RF: yes - 49 out of 100.

4. Are you satisfied with the consumer protection legislation in your country?

Results: the RK: yes - 52 out of 100; the RF: yes - 67 out of 100.

The results were presented below (Fig. 2):



	1	2	3	4
the RK	38	51	63	52
the RF	45	59	49	67

Figure – 2. Results of the comparative survey

Comparative survey results showed that the area of legal regulation and protection of consumer rights when concluding electronic transactions requires no small study. After the research, the author believes that the results were so because it is very new. Therefore, the presence of errors and the need for improvements and studies are quite familiar.

As a result, I would like to say that this area has no less need for further development and thorough research in consumer protection in electronic transactions. Perhaps the reason is that e-commerce is a new and poorly understood method. Also, the legislation to this day does not regulate at the required level Shifter I.A., 2017, p. 293-296.].

CONCLUSION

Thus, we can conclude that there are gaps in the legislation regarding legal regulation in the circulation of goods on the Internet, causing consumer protection problems. In this regard, it is necessary to pay attention to the corresponding trends in the formation of legislation and methods for resolving legal issues that arise in implementing an electronic transaction. Here we can highlight many vital recommendations:

First, it is necessary to classify the legislation in online sales of goods to determine the general laws for e-commerce bargaining and increase the terminology.

Secondly, a regulatory and legal framework should be formed to expand the prospects for self-regulation of the activities of people in business for the private sale of goods on the Internet, including the implementation of a register of notifications, where it would be possible to link the domain name of an online store with a person in the business.

Third, the obligations of the parties to the electronic transaction should be legally enforced.

As a result, the authors believe that we will improve consumer protection when concluding electronic transactions if we implement these recommendations. That at present, in the age of technology development is very relevant [Kozinsi N.V., 2015, p.195-201].

REFERENCES:

1. Simonyan A.L. Consumer Rights Protection in the Remote Way of Selling Goods / Simonyan A.L. - Text: direct // Young scientist. - 2018. - No. 4 (190). - p. 154-156.

2. Ibraeva A.R., Kulzhanbekova A.Zh., Vechkinzova E.A., Petrenko E.S. Study of trends in the development of e-commerce in Kazakhstan // Russian Journal of Innovation Economics 9 (4): 1627, 2019 DOI: 10.18334 / vinec.9.4.41440

3. Almukhambetova B.Zh., Ermankulova R.I. Prospects for the development of e-commerce in Kazakhstan // European journal of economics and management sciences. 2019. No. 1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/perspektivy-razvitiya-elektronnoy-kommertsii-v-kazahstane (date accessed: 22.11.2020).

4. Avdeichikova E.V. Analysis of the concept of "remote trade" and its features / Avdeichikova E.V. // Siberian Trade and Economic Journal. 2013. No. 1. p.104-109.

5. Soloviev K.V. Distance trade as an object of legal regulation / Soloviev K.V., Chekmarev G.F. // Bulletin of MIEP. 2016. No. 3 (24). p. 119-126.

6. Pimaeva O.A. Forms of consumer protection in the field of distance selling / Pimaeva O.A.. - Text: direct // Young scientist. - 2017. - No. 46 (180). - S. 232-237.

7. Civil law: a textbook in two volumes / Res. ed. Sukhanov E.A. - M., 2015. - T.2.- p. 109.
8. Makhonina L. The virtual seller has virtual quality // EZh-Lawyer. - 2015. - No. 46. - p. 15.
9. Sainskaya L.A. Problems of consumer protection in distance selling via the Internet // Domestic jurisprudence. - 2015. - No. 1. - p. 11.
10. Selyanin A. V. Protection of consumer rights. - M., 2015 .- p. 15.
11. Shifer I. A. Ways of protecting consumer rights in Internet trade / Shifer I.A. - Text: direct // Young scientist. - 2017. - No. 48 (182). - p. 293-296.
12. Kozinsi N.V. Evolution of legal regulation of cross-border electronic commerce "in US legislation // Actual problems of Russian law, 2015. N9 (58). - p. 195-201.

ОӘЖ 342

АЛИМКУЛОВА АКМАРАЛ САДУАКАСОВНА
докторант
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

КАЙШАТАЕВА АСЕЛ КУАНДЫКОВНА
жетекші
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ЖАЛҒА БЕРУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫМЕН ЖАЛҒА БЕРУ ШАРТЫН ЖАСАУ

Түйін. Бұл мақалада коммерциялық тұрғын үй-жайлар бойынша жалға беру және сатып алу құқығымен жалға беру шартын жасасу туралы қарастырылған.
Түйінді сөздер: коммерциялық , тұрғын жай, қор, бағдарлама, жалдау.
Резюме. В данной статье речь идет о заключении договора аренды с правом аренды и выкупа по коммерческим жилым помещениям.
Ключевые слова: коммерция, квартира, фонд, программа, аренда.
Summary. This article provides for the conclusion of a lease agreement for commercial residential premises with the right of lease and redemption.
Keywords: shopping, apartment, stock, program, lease.

Жалдау шартын реттеу тек азаматтық кодексіпен қарастырылып қана қоймай, басқа да заңды нормативтік актілермен де реттеледі.

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушылар салған және олардан сатып алынған тұрғын үйлерді өткізу қағидалары мен тәртібін айқындайды.

Осы орайда:

1. Облыстардың, маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдардың кредиттік тұрғын үйі;
2. Пилоттық жобалар аясындағы жеке тұрғын үйлер;
3. «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамның сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үйі;
4. «Бәйтерек девелопмент» АҚ тұрғын үйі;
5. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ коммерциялық тұрғын үйі;
6. Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үйі [«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушылар салған (немесе) олардан сатып алынған тұрғын үйлерді өткізу қағидаларының бекіту туралы № 540 бұйрығы].

Бүгінгі таңда облыстардың, маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдардың кредиттік тұрғын үйі, «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамның сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үйі, жылжымайтын мүлік қорының сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үйлерді өткізу тәртібі, соның ішінде тұрғын үй құрылысы мәселелері бойынша бұрын қабылданған бағдарламалар аясында салынған немесе жеке құрылыс салушылардан сатып алынған тұрғын үйді өткізу тәртібі «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушылар салған және (немесе) олардан сатып алынған тұрғын үйлерді өткізу қағидаларына сәйкес жұмысын атқарады.

Бағдарламаға қатысу үшін қойылатын талаптар:

1. ҚР азаматтығы немесе оралман мәртебесі;
2. Баспана алуға үміттенген елді мекенде тұрақты тіркеуде болуы;
3. Өтініш берушінің және онымен тұратын тұрақты отбасы мүшелері (жұбайы, кәмелет жасқа толмаған балалардың) Қазақстан Республика аумағында меншік құқығы (ортақ бірлескен меншігі (үлестік) меншігі жоқ және әрбір отбасы мүшесіне пайдалы 15 (он бес) ш.м. кем болатын жатақханадағы бөлменің болуы, құлау (қирау) қаупі бар авариялық жағдайдағы тұрғын үйлерді қоспағанда;
4. Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (жұбайы, кәмелет жасқа толмаған балалары) және отбасының басқа да мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 (бес) жыл ішінде тұрғын үйді ауыстыру немесе иеліктен шығару не үй жағдайын әдейі нашарлатуға болмайды;
5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес растау , кезекте тұрған адамға;

6. Төлем қабілеттігін растау.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмасымен 2018 жылы ҚР Ұлттық Банкі «7-20-25» ипотекалық бағдарламасын әзірледі. Бұл бағдарламада тұрғын үйді жаңа үйлерден 25 жылға, тұрғын үй құнының 20 пайыз бастапқы жарнасымен және де 7 пайыз мөлшерлемесімен тұрғын үй сатып алуға арналған. Бұл бағдарламаға меншігінде тұрғын үйі жоқ кез келген табысы бар азамат қатыса алады.

Бағдарлама негізінде сатып алу мүмкіндігімен жалға беру шарты тіркеуші органға міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады.

Қазіргі таңда елімізде «Самырық – Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» үй жайларды жалға беру, сатып алу құқығымен жалға беру және тікелей сату жолымен өткізудің шарттары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленеді.

Жылжымайтын мүлік қорының коммерциялық тұрғын үйі жеке және заңды тұлғаларға береді.

Жалға беру – жеке немесе заңды тұлғаға ақылы түрде тұрғын және коммерциялық үй жайларды уақытша иеленуге және пайдалануға беретін мәміле;

Сатып алу құқығымен жалға беру - жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін немесе мерзімінен бұрын сатып алуға белгіленген мараторийді сақтай отырып, мерзімінен бұрын сатып алғаннан кейін меншік құқығы тұрғын және коммерциялық үй-жайларға ауысатын жалдау;

Жалға алушы – қордан жалға алу немесе сатып алу құқығымен жалға алу шартымен ақылы түрде жылжымайтын мүлікті алған жеке немесе заңды тұлға;

Кепілдік төлем- жалға алушының жалға беру немесе сатып алу құқығымен жалға беру шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауынан немесе тиісті түрде орындамауынан туындаған материалдық жауаптылықты қамтамасыз ету ретінде жалға алушы Қор есебіне төлейтін төлем [«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу қағидалары 2017].

Тұрғын үй-жайларды баспанасы жоқ немесе тұрғын үйлерін жақсартуды талап ететін тұлғаларға беру қағидатын сақтай отырып, тұрғын үй-жайды сатып алуға (жалға алуға) ниетін білдірген елді мекенде тұрғын үйлер беріледі. Жалға алушы мен жалға беруші немесе сатып алу құқығымен жалға беру шартын сенімхат негізінде жасалады. Жалға беру немесе сатып алу құқығымен жалға беру шарты үй-жайларды бөлу тізбесі бекітілгеннен кейін 5 (күн) жұмыс күні ішінде жасалуы тиіс.

Жеке тұлға немесе заңды тұлға жалға алу немесе сатып алу құқығымен жалға алу шарттарымен тұрғын үй-жайларды пайдалануға алғысы келетін тұлғалар өтінім береді. Тұрғын үй-жайды жалға беру және сатып алу құқығымен жалға беру шартының негізгі талаптары белгілі бір қордың қағидаларында, бағдарламаларда көрсетіледі. Бір ескере кететін жайт, тұрғын үйлерді сатып алу құқығымен жалға алу құқығын бір рет қана беріледі. Коммерциялық үй-жайлар сатып алу құқығымен жалға беру шарты мемлекеттік тіркелген күннен бастап, 3 (үш) жылдан кейін ғана , сол тұрғын үй-жайды мерзімінен бұрын сатып алу құқығымен 13 (он үш) жылға жалға беріледі.

Жалға алушыларға жалға беру және сатып алу құқығымен жалға беру шартын жасау туралы ұсынысты, белгілі бір Қордың веб-сайтында жарияланып, көрсетіледі. Жалға алушылар яғни өтішіш берушілер 5 (бес) күн ішінде шартқа қол қоймаса, белігілі бір себептермен немесе шарттың талаптарына қанағаттанбаса, Қор тұрғын үй-жайды сол құрылыс объектісіндегі үй-жайларды бөлу тізбесіне кірмеген, ең жоғарғы рейтингісі бар өтініш иелеріне ұсыныс жасайды. Олар 3 (үй) жұмыс күні ішінде Қордың Тұрғын үй комиссиясының бекітуіне тұрғын үйлерді бөлу тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар ұсынады.

Жалға беру шарты 1 жылға жасалады және тараптардың бірі шарттың мерзімі аяқталғаннан дейін 1 (бір) айға дейін шартты тоқтату туралы хабарлама жіберген жағдайларды қоспағанда, автоматты түрде созылады.

Тұрғын үй-жайды жалға алудың шарттында мекен жайы, жалпы алаңы, ш.м., неше бөлмеден тұратыны, пайдалану қызметтері мысалы тұрғын үй кешенін ұстау, қызмет көрсету қызметтері, коммуналдық қызметтер оның ішіне суық, ыстық сулар, элект энергиямен және жылумен қамтамасыз ету, қоқысты шығару бойынша қызметтер кіреді. Сондай ақ айсайынғы жалдау төлемі, тараптардың құқықтары мен міндеттері қарастырады. Шартта мерзімінен бұрын бұзылған немесе қолдану мерзімі аяқталған кезде, жалға беруші әктеу, сырлау, түсқағаз ауыстыру, үй жайды толық тазалау үшін қажетті қаражатты кепілдік төлемнен ұстауға құқылы. Кепілдік төлемнен ұсталатын қаражат үй жайды қабылдау-өткізу актісінде көрсетуі керек. Келісімде тараптар ұстау үшін қажетті сома туралы келісімді таппаса, онда екі тарапта тәуелсіз бағалаушыға жүгінеді.

Жалдау шартында өткізу актісі құрастыру бойынша міндеттің тараптардың біріне жүктелетіндігі туралы қарастырылуы мүмкін. Мәселен АК өткізу актісінің құрастырылуы қай тараптың міндеттілігіне кіретіні нақты айтылмаған.

Үй-жайды жалға берушіге берумен қатар, жалға беруші жалға алушыға үй жайды шарттың талаптарына сай иеленуге, пайдалануға кедергі болатын әрекеттерді жасамауға міндетті. Жалға алушының негізгі міндеттердің бірі шартта көрсетілген талаптарға сай тұрғын ұй жайды пайдалану, ұстап тұтыну және де оның нашарлануына жол бермеу, белгілі бір мезгілде қайтару жатқызылады [Жайлин Ғ.А., Азаматтық құқық. 2012, б.185].

Жалға алушы келісім шарттың тараптарын бұзған жағдайда, Қордың өз бастамасымен шартты тоқтату туралы хабарламаны жібереді.

Қорыта келе, үйді жалдау шарты талаптар қол қойған біріңғай құжат ретінде жазбаша нысанда жасалады. Үй-жайды жалдау шартының нысанын сақтамау оның маңыздығына алып келеді [ҚРАК б. 169]. Зиян келтіргені туралы актіге екі тарапта яғни жалға беруші мен жалға алушы қол қояды. Бұл актіде келтірілген зияның сипаттамасы мен құны, өз еркімен өтеу немесе жою мерзімі көрсетуі мүмкін. Жалға алушы шартты тіркеу үшін уәкілетті органға шартқа қол қойылған күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде жүгінуге міндетті. Егер жалға алушы Шартты тіркеу үшін көрсетілген мерзім ішінде уәкілетті органға жүгінбесе, Жалға беруші Жалға алушыдан оның уәкілетті органға жүгінбеу салдарынан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Залалдар Жалға алушы уәкілетті органға жүгіну бойынша міндеттемесін бұзған күннен бастап , сол бұзушылықты жойған күнге (10 жұмыс күннен аспауы тиіс) дейін есептелетін жалдау төлемдері, тұрғын үй кешенін үшін коммуналдық қызметтер бойынша шығындарды білдіреді [«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу қағидалары 2017ж., б.37]

Осы келісім шартқа қол қойған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні өткеннен кейін жалға алушы уәкілетті органға жүгінбеген жағдайда, жалға берушінің үй-жайды екінші тарапқа беруден бас тартуға және де онымен құқықтық қатынасты тоқтатуға құқылы. Шарттың талаптарын біржақты өзгертуге болмайды. Шартқа өзгертулер мен толықтыруларды шартта қосымша көрсетілмесе, ол жарамсыз болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі А, ЮРИСТ 2018ж.
2. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу қағидалары 2017ж.
3. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушылар салған (немесе) олардан сатып алынған тұрғын үйлерді өткізу қағидаларының бекіту туралы № 540 бұйрығы
4. Жайлин Ғ.А. Азаматтық құқық. А; 2012ж.,б.185

ОӘЖ 342

АЛИМКУЛОВА АКМАРАЛ САДУАКАСОВНА
докторант
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛДАУ ШАРТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Бұл мақалада Қазақстандағы жалдау шартының қазіргі жағдайы туралы көрсетілді. Мүлікті жалдау шартында тұрғын үйлерді, жер, ғимараттарды, көлік құралдарын, прокат, лизинг , кәсіпорындарды жалдау т.б. қарастырған.

Түйінді сөздер: заң, коммерциялық, прокат, кәсіпорын, лизинг, құқық.

Резюме. В данной статье рассказывается о современном состоянии договора аренды в Казахстане. Договором аренды имущества предусмотрены жилые дома, земли, здания, транспортные средства, прокат, лизинг , аренда предприятий и др.

Ключевые слова: закон, коммерческий, прокат, предприятие, лизинг, права.

Summary. This article describes the current state of the lease agreement in Kazakhstan. The property lease agreement provides for residential buildings, land, buildings, vehicles, rental, leasing, enterprise rentals, etc.

Keywords: law, commercial, rental, enterprise, leasing, rights.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қолданылып жүрген барлық заңнамалар соның ішінде, азаматтық құқықтық қатынастарда көптеген өзгерістер енді. Мүлікті жалдау қатынастарында да елеулі өзгерістер енді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 29 таруында Мүліктік жалдау (жалға алу) қарастырылған.

Мүлікті жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы үшін уақытша иеленуге, пайдалануға беруге міндеттенеді. Жалға алушы жалға алған мүлікке аталған кодексте белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша иелік етуге құқылы. Лизинг, прокат шарттары да, сондай-ақ мүлікті ақы төлеп уақытша иелену мен пайдалануға беруге байланысты шарттардың өзге түрлері де мүліктік жалдау шарттарына жатады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Назарбаевтың Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты атты 2008 жылғы халыққа жолдауында жалға берілетін тұрғын үй құрылысына, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік сала еңбеккерлері үшін салынатын үйлерге екпін түсірген жөн деп атап өткен. Өзінің жеке меншік тұрғын үйлерін салғысы келетін азаматтар үшін мемлекет жеке меншік құрылысына арналған инфрақұрылымдар қалыптастырады деп атап өткен. Сол уақыттан бастап жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысы көбейген [*ҚР Президенті Назарбаевтың Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы, 2008ж. 16 ақпан*].

Мүлікті жалдау шартында тұрғын үйлерді, жер, ғимараттарды, көлік құралдарын, прокат, лизинг , кәсіпорындарды жалдау т.б. қарастырған. Арендалық келісім екі жақты шарт болып табылады [НұрсейітовЭ.О. 2006ж.б.3]. Шартта құқықтар мен міндеттері айқын көрсетіледі. Олардың мерзімі екі тараптың келісуімен жазбаша нысанда жүргізіледі. Мысалы жылжымайтын мүлікті жалға бергенде оның қанша кв.м., мекен жайы, қанша уақытқа, мүліктің жағдайы, ай сайынғы төлем (күні) т.б. көрсетіледі.

Қазіргі таңда, паркинг, үй астындағы дөңгешектерде жалға берілетін болған. Оларды пайдалану уақытында өздерінің қасиеттері жоғалтпайтын басқа да заттар берілуі мүмкін.

Лизинг. Ең алғашқы рет лизинг АҚШ-та өткен ғасырда пайда болған. Қазіргі таңда лизинг бүкіл елдерде қолданылып, арнайы заңдық реттеуі жоқ, көбіне сот тәжірибесінде танылады **[***Жайлин Ғ.А., 2003ж. б.145***].**

Қазақстан Республикасында қаржы лизингі туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қаржы лизингі туралы Заңы, Азаматтық кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

Лизинг шарты бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті ақы төлеп уақытша иелнуге және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға беруге міндеттенеді [*ҚРАК 2018ж.,б.166*].

Лизингтің бір ерекшелігі лизинг беруші қаржылық қызметті жүзеге асырады. Мәселен, лизинг беруші лизингке берген мүліктің басып бөлігіне амортизациясын қамтамасыз ететін мерзімге дейін ақы алып тұруға құқылы. Лизингтің нысандары - үйлер, ғимараттар, көліктер, жабдықтар, құрал-саймандар, жер учаскелері, кез келген тұтылмайтын заттар лизинг нысанасы болып табылады. Айта кететін бір жәйт ол бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг нысанасы болмайды.

Лизинг шартында АК 567 бабы бойынша:

1. Мүлікті сатушының атауы;

2. Лизинг алушыға мүлікті берудің талаптары мен мерзімі;

3. Шарт мерзімі;

4. Егер шартта лизинг алушының меншігіне мүліктің көшуі көзделсе;

5. Ауыртпалықтардың бар-жоғы.

Қаржы лизингі шартының елеулі талаптары «Қаржы лизингі туралы» ҚР Заңында көрсетілген.

Лизингтің түрлері:

1) қайтару лизингі - лизингтің бір түрі, ол бойынша сатушы лизинг нысанасын лизинг берушіге осы лизинг нысанасын лизинг алушы ретінде лизингке алу талабымен сатады;

1-1) қайталама лизинг - лизинг берушінің өз меншігінде қалған лизинг нысанасы, лизинг шарты тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда, осы Заңның 2-бабына сәйкес басқа лизинг алушыға лизингке берілетін лизингтің бір түрі;

2) банк лизингі - лизингтің бір түрі, мұнда лизинг беруші банк болып табылады;

3) толық лизинг - лизингтің бір түрі, ол бойынша лизинг нысанасына техникалық қызмет көрсетуді және оның ағымдағы жөндеуін лизинг беруші жүзеге асырады;

3-1) сублизинг - лизинг алушы (сублизинг беруші) осы Заңның 2-бабына сәйкес, бұрын лизинг шарты бойынша лизинг берушіден алынған және лизинг нысанасын құрайтын мүлікті төлемақысына және сублизинг шартының талаптарына сәйкес мерзімге уақытша иеленуге және үшінші тұлғаларға (сублизинг берушілерге) пайдалануға беретін лизингтің бір түрі;

4) таза лизинг - лизингтің бір түрі, ол бойынша лизинг нысанасына техникалық қызмет көрсетуді және оның ағымдағы жөндеуін лизинг алушы жүзеге асырады;

5) ислам лизингі – Қаржы лизингі туралы Заңының 2-1-тарауында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ислам банктері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде, сондай-ақ акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және банктер болып табылмайтын өзге де заңды тұлғалар жүзеге асыратын лизингтің бір түрі [*ҚР ҚЛЗ 2000ж, б.1*].

Кәсіпорынды жалдау. Жалға беруші жалға алушыға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынды ақы төлеп уақытша иеленіп , кәсіпорынды толығымен біртұтас мүлік кешені ретінде пайдаланады.

Кәсіпорында жалдау шарты міндетті түрде жазбаша нысанда болады. Кәсіпорынды жалдау шартының субъектілері: жеке тұлға, заңда тұлға да бола алады. Жалға алушылар коммерциялық заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер болып табылады. Жалдау шартының талап етілетін жәй жазбаша нысанының орындалмауы шарттың жарамсыздығына әкеліп соғады.

Жалға берушінің тиісті қызметпен айналысуға берілген лицензия негізінде алған құқықтары, егер заң актілерінде өзгеше көрсетілмесе, жалға алушыға берілмеуге тиіс.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау. Үйді немесе ғимараттарды жалдау шарты бойынша жалға беруші үйді немесе ғимаратты жалға алушының уақытша иеленуге, пайдалануға береді.

Бұл шарттың субъектілері кез келген жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар бола алады. Меншік құқығында үйлер мен ғимараттар жалға берілгенде жалдау құнынан бөлек төлемдер жүргізіледі. Мысалы, коммуналдық қызмет көрсетулер, санитарлық, эсплуатациялық, күзетке және т.б. қызметтерге төлейді.

Тұрғын үй мәселесі қазіргі уақытта ең өткір мәселелердің бірі болып табылады. Оны шешудің әр түрлі жолдары бар: сатып алу, банктердің ипотека бағдарламалары, қызметтік тұрғын үй алу, сатып алумен жалға алынған пәтерді алу, мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алу немесе әкімдіктен азаматтардың жекелеген топтары үшін баспана алу.

Елбасы Н.Назарбаев 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Яғни, жыл бойы ел жастарына ерекше көңіл бөлінді, барынша қолдау көрсетілді.

Азаматтық қоғам мен мемлекет бір-бірімен ажырамайтын, бұл ретте "азаматтық қоғам мемлекетке дейін және мемлекеттен тыс жерде жоқ. Осы азаматтық қоғам бар мемлекет, егер олар заңдарға қайшы келмесе, азаматтардың әл-ауқаты мен олардың ерекше мақсаттарына жататынын қорғау береді; мемлекеттен азаматтық қоғам өмірді, денсаулықты, қауіпсіздікті және т. б. қорғауды талап етуге құқылы» [Радько Т.Н., 2015, б. 85].

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекет азаматтық қоғамға сүйенуі тиіс, бұл ретте соңғысының қызметіне жаппай бақылау жасамайды. Азаматтық қоғам институттарымен тығыз ынтымақтастықта ғана мемлекет функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі артуы мүмкін.

Азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимыл моделін талдай отырып, өзара қарым-қатынастардың қандай да бір сипатының басым болуы нақты мемлекет пен қоғамға тән демократияның өзіндік моделін айқындайды және өзара іс-қимылдың неғұрлым ұтымды үлгісі тең құқықты өзара іс-қимылды болжайтын сындарлы ынтымақтастық моделі болып табылады. Мұндай ынтымақтастықтың моделі заң жобаларын және басқа да басқару шешімдерін талдау, мемлекеттік аппаратты реформалау және әкімшілік реформаны жүзеге асыру кезінде талап етілуі мүмкін азаматтық қоғамның сараптамалық және сыни әлеуетінің рөлін тануды көздейді.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы мәселесі өте өзекті. Қарастырылып отырған тақырып қоғамдық өмірдің түрлі аспектілеріне үндеуді талап етеді, олардың арасында мемлекет пен қоғамның өзара байланысы проблемасы ерекше орын алады, өйткені мемлекет пен қоғам көпжақты құбылыстар. Мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасын қарастырмас бұрын, атап айтқанда, мемлекеттің қоғамдағы рөлі мен тағайындалуы туралы мәселеге қатысты кейбір жалпы ережелерге жүгіну қажет деп санаймыз.

Мемлекет пен құқықтың даму заңдары табиғат пен материалдық әлемнің табиғи заңдарына қарағанда өзге сипатқа ие. Табиғи табиғат заңдарына қарағанда, тұтас объективті болып табылатын, мемлекет пен құқықтың даму заңдары объективті және субъективті факторларды біріктіреді. Әлбетте, меншік қатынастары, экономика деңгейі және өндірістің өзге де компоненттерінің жай-күйі, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылысы, сыныптар, элита және халық топтары, халықтық менталитет сияқты объективті факторлардың басымдылығы жалпыға танылған. Сонымен қатар сыныптардың, халықтың әлеуметтік топтары мен топтарының, элита мен кландардың тілегі мен ұмтылыстары, олардың өз мүдделері мен қажеттіліктерін бағалауы, ірі мемлекеттік қайраткерлердің ниеті мен әрекеттері және т. б. сияқты субъективті факторларды ескеру қажет.

Осылайша, мемлекет пен құқықтың даму заңдарына объективті, олардың жиынтық әрекетіне субъективті факторлар салу тән. Объективті және субъективті факторлардың үйлесімі және олардың осы заңдардағы көріністері тұрақты емес, қозғалмалы, уақыттың сол немесе басқа кезеңінде жағдайдың ерекшеліктерін көрсетеді.

Мемлекет пен азаматтық қоғам бір-біріне қатысты салыстырмалы дербестікке ие, бұдан басқа, бұл ұғымдар қарама-қайшылықтардан айырылмаған біртұтас ұғымды құрайды. Айта кету керек, Азаматтық қоғам мен мемлекет өз бетінше өмір сүре алмайды. Мемлекет-қоғамның заңды дамуының өнімі, бұл "өнім" белгілі бір қоғамның жер қойнауында мемлекет сияқты білім берудің қажеттілігі немесе қажеттілігі объективті түрде піскен кезде пайда болады.

Мемлекет-бұл бірқатар саяси және әлеуметтік қатынастарды іске асыру тәртібін қамтамасыз ететін адамдар арасындағы байланыстың саяси нысаны. Әрбір азамат өз әрекеттерімен мемлекеттің әл-ауқатының деңгейін анықтайды.

Қазіргі мемлекет-бұрыннан гөрі күрделі құбылыс. Оның қоғаммен, ұжыммен (әлеуметтік сипаттағы әртүрлі ұжымдармен) және жеке тұлғалармен өзара байланысы, егемендіктің басқа элементтері, қоғамдағы реттеуші және төрелік рөлдің басқа сипаты бар. Қазіргі мемлекет-бұл демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет, бұрынғы жалпыадамзаттық құндылықтарға (мысалы, еркіндік) және XXI ғ.жаңа құндылықтарға сәйкес келеді (мысалы, әлеуметтік әділдік). Ол қоғамның өзін-өзі дамытуының принципті бағыттарына кедергі келтірмейді, сонымен бірге анархия мен қоғамның ыдырауына қауіп төндіретін шектерге дейін өзін-өзі дамытуға мүмкіндік бермейді. Қазіргі мемлекет әртүрлі формада болуы мүмкін – республиканың әртүрлі түрлерінен парламенттік монархияға дейін. Осы нысандардың барлығы заманауи мем-

лекеттің ортақ мақсатын біріктіреді – адамға ең жақсы қызмет ету, еркін плюралистік, постиндустриялық, ақпараттық қоғам жағдайында тұлғаның жан-жақты дамуы.

Бүгінгі таңда әлемде ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін әртүрлі шеткі діни ағымдар пайда болған кезде заң ғылымы ең алдымен Қазақстан мемлекетінің зайырлылығын дәл және анық негіздеуі тиіс.

Біз қарастырған барлық көзқарастар мемлекеттің қоғамдық құбылыс ретінде қаншалықты қиын екенін, қазіргі мемлекеттің дамуына бір мәнді баға беру қаншалықты қиын екенін көрсетеді. Біз қазіргі заманғы мемлекеттердің көпшілігіне демократияға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және қоғамды топтастыруға, ортақ мүдделерді білдіруге ұмтылу тән деп санаймыз. Бұл мақсаттар демократиялық мемлекеттердің конституцияларында қаланады.

Қазіргі заманғы мемлекет тек машина, қаружарақ, мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық механизмі ғана емес, өркениеттің қалыптасуында маңызды рөл атқарған үлкен әлеуметтік және мәдени құндылығы бар. Мемлекет әлеуметтік тәртіпті, тұрақтылықты өзіне алып келеді. Мемлекетке деген бұл мәдени көзқарас бүгінгі күні ерекше маңызды, ол мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның экологиялық, демографиялық, энергетикалық, шикізат және т. б. жаһандық дағдарыстардың қазіргі жағдайында өмір сүруге мүмкіндік беретін демократиялық үдерістердің сақтаушысы ретіндегі ерекше рөлін айқындайды.

Қоғам бірлескен өмір мен қызметтің тарихи негізделген әлеуметтік нысандарымен, ортақ мүдделер мен қажеттіліктермен біріккен адамдардың жиынтығы болып табылады. Қоғам қауымдастықтардан (топтардан, топтардан, сыныптардан) тұрады. Қоғамның ең маңызды элементі саяси функцияларды орындайтын мемлекет болып табылады. Мемлекет қоғамның жер қойнауында оның тұрақты институты бола отырып пайда болды. Кейінгі даму барысында қоғам, әрине, өзінің құрамдас бөлігі – мемлекетке тұрақты ықпал ете алмайды. Бұл ықпал экономикалық, әлеуметтік, саяси қатынастармен, қоғам өмірінің рухани саласымен байланысты. Ол мемлекет үшін айқындаушы болып табылады.

Қоғамның бір бөлігі бола отырып, мемлекет оның өмірін реттейді. Тек пайда болған кезде мемлекет алдымен әлсіз, содан кейін қоғамға күштірек әсер ете бастайды. Мұндай реттеу, бір жағынан, қоғамды сақтау үшін, екінші жағынан – қоғамды өзін-өзі реттеу үшін қажет. Мемлекет пен қоғам қойылған мақсаттарға қол жеткізу, міндеттерді шешу үшін мемлекет (қайраткер) әрекет ететін, ал қоғам объект ретінде әрекет ететін өзара іс-қимылдың бірыңғай жүйесін білдіреді [Казаков В.Н., 2015, б. 102].

Сонымен қатар қоғам мемлекетке реттеу объектісі ретінде әсер етеді. Қоғамның мемлекетке, сондай-ақ мемлекеттің қоғамға әсер ету дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Бұл көбінесе мемлекеттік (конституциялық) құрылымға, елде орнатылған саяси режимге байланысты.

Адамдардың (адамдар тобының) мүдделеріне, өз алдына қойылған міндеттерге мемлекеттің қалыптасу процесі одан әрі тәуелді болады. Қоғамдық ерік мемлекеттің түрлі нысандарының пайда болуына әкеледі. Қоғам өз функцияларын, мысалы, тоталитарлық мемлекетте жүзеге асыру құқығынан айырылуы мүмкін. Мемлекеттің қоғамнан оқшауланууы мәселесі сияқты қоғам мен мемлекеттің өзара байланысының осындай ірі проблемасын атап өтеміз.

Бұл мәселе өмірдің өзі детерминацияланған және ғасырлар бойы қоғамдық ғылымда талқылануда. Адам қызметінің де, оның өнімдерінің де өзіне тән өзіндік, оған дұшпандық күшке айналуының объективті әлеуметтік процесі ең кең мағынада иеліктен шығару деп түсініледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, қазіргі жағдайда мемлекет пен құқық ықпалынан тыс қандай да бір қоғамның болуы туралы айтуға болмайды. Сондай-ақ қоғамды артық мемлекеттік реттеу де, қоғамды мемлекеттен бөлу де қолайсыз. Тәжірибе тездетілген экономикалық даму үшін еркіндікті, демократияны, адам құқықтарын құрбан етуге болмайтынын, ал жауапсыздықты сезіну, азаматтардың саяси және экономикалық белсенділікті жоғалтуы тоталитарлық мемлекетке алып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Булгакова Д.А. Теория государства и права: учеб. пособие / Д. А. Булгакова. - Алматы: NURPRESS, 2016. - 130 с.
2. Баймаханов М. Т. Избранные труды по теории государства и права. Алматы, 2003. 710 с
3. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан: монография / ред. М. Т. Баймаханов. - Алматы: КазГЮА, 2001. - 287 с.
4. Шершеневич Г.Ф. Общая теория права. Т.I. Вып. 1 (По изданию 1910-1912 гг.) / Вступ. ст. М.Н. Марченко. М., 1995. 325 с.
5. Радько Т.Н. Теория функций права: монография / Т. Н. Радько. - М.: Проспект, 2015. - 272 с.
6. Казаков В.Н. Теория государства и права: Учебник / науч. ред. Шагиева Р.В. - М.: Изд-во РААН, 2015. - 362 с. - 500.

ӘОЖ: 343. 1

ИМАШЕВ БОТАБЕК ЕСЕНБЕКОВИЧ
заң ғылыми кандидаты, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

АЛТАЕВА МАДИНА ОРЫНБЕКОВНА
заң магистры, аға оқытушы
«Мирас» Университеті

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӨЗГЕ ДЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Түйін. Қылмыстық іс жүргізу құқығы теориясы қылмыстық іс жүргізу қатынастарына қатысушыларды әртүрлі белгілер бойынша жіктеуді қарастырады. Қатысушыларды олардың функционалдық мақсаттарына қарай айыптаушы, қорғаушы және сот тараптары деп бөлу заң жүзінде бекітілген. Қылмыстық іс жүргізу мәселелерін шешуге көмектесетін адамдар процессуалдық заңмен Ч. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 8-бабына сәйкес келеді және қылмыстық процестің басқа қатысушылары сілтеме жасайды.

Түйін сөздер: қылмыстық процеске қатысушылар, қылмыстық іс жүргізу теориясы, қылмыстық процеске басқа қатысушылар, жіктеу.

Резюме. Теория уголовно-процессуального права предусматривает классификацию участников уголовно-процессуальных отношений по различным основаниям. Законодательно закреплено деление участников на стороны обвинения, защиты и суда исходя из их функциональных предназначений. Лица, оказывающие содействие в решении уголовно-процессуальных задач, сгруппированы процессуальным законом в гл. 8 УПК РК и именуются иными участниками уголовного судопроизводства.

Ключевые слова: участники уголовного процесса, теория уголовного процесса, иные участники уголовного процесса, классификация.

Summary. The theory of criminal procedural law provides for the classification of participants in criminal procedural relations on various grounds. The division of participants into parties of prosecution, defense and court proceeding from their functional purposes is legislatively fixed. Persons assisting in solving criminal procedural problems are grouped by the procedural law in Chapter 8 of the code of criminal procedure and are referred to as other participants in criminal proceedings.

Keywords: participants in criminal proceedings, theory of criminal proceedings, other participants in criminal proceedings, classification.

КІРІСПЕ

Қылмыстық-процестік функциялардың теориясы қылмыстық-процестік құқықтық ғылымында анағұрлым күрделі және бірмәнді емес тақырып болып табылады. Осылайша, мысал үшін, қылмыстық-процестік функцияның пәні туралы осы уақытқа дейін бірыңғай пікір қалыптаспаған: процессуалистердің бірқатары процестік функцияларды қылмыстық процесс қатысушыларының қызметіндегі тағайындалуы мен рөлінің көрінісі болып табылады деп есептейді [Шимановский В.В., 2005, б.175]; біреулер қылмыстық процестің функцияларын тұтас құрастыру керек деп есептейді [Строгович М.С., 1970, б.188]; үшіншілері қылмыстық процестің әрбір кезеңінде өзінің қылмыстық-процестік функцияларын көреді [Выдря М.М.,2010,б.78-83].

С.И. Ожегов өзінің сөздігінде «функция» ұғымына келесі түсініктемені береді:

1) әлдебір нәрсенің рөлі мен мәні;

2) міндеттері, қызметінің шеңбері [Ожегов С.И., Шведова Н.Ю., 2007. б.857].

Біз Н.А. Якубовичпен келісеміз, ол функцияларды процесс қатысушыларының процестік жағдайына байланысты әрекеті ретінде қарастыру керек деп есептейді, осының өзі олардың сипаттары мен мазмұнын білдіреді [Якубович Н.А., 2000, б.15].

Негізгі бөлігі

Заң шығарушы ҚР ҚПК-ның 23-бабында үш негізгі функцияны бекіткен:

1) айыптау;

2) қорғау;

3) қылмыстық істің шешімі.

Нақты зерттеудің шеңберінің сыртында қылмыстық-процестік функциялардың өздігінен нені білдіретіні туралы көптеген пікірталастарды қалдырып, келесі анықтамаларды және жіктемелерді дайын ретінде қабылдау керек деп есептейміз.

П. С. Элькинд қылмыстық процестің келесі

тараптарын ажыратып көрсету керек деп есептейді:

1) айыптау;

2) қорғау;

3) әділет;

4) алдын ала тергеу;

5) азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің жанама қызметі;

6) қылмыстық процесстің міндеттерінің шешіміне ықпалын тигізетін қатысушылардың қосалқы қызметі: куәгердің, айғақтың және т.б.) [Элькинд П.С., 2006, б.52].

7) Қылмыстық процестің функциялары дегенде П. С. Элькинд процесс қатысушыларының өзінің іске асырылуын қай кезеңде және қай кезегінде табатынына қарамастан, олардың рөлін және тағайындалуын түсіну керек деп болжамдаған [Элькинд П.С., 1983, б.172]. Өзінің зерттеулерінде ол негізгі, қосалқы және жанама түрлеріне жіктеумен, қылмыстық процестің функцияларына жіктеме беруге тырысқан:

Негізгі функцияларға жататындары:

а) қылмысқа және тергеуге қатысты деректерді анықтау, тексеру – істің сотқа дейінгі дайындығы;

б) соттағы айыптау;

в) күдіктінің, айыпталушының (сотталушының) және оның қорғаушысының қызметі ретіндегі қорғау;

г) істі сотта қарастыру және қылмыстық істің шешімі.

Кәмелетке толмағаннан жауап алуға қатысатын куәгерлердің және сарапшылардың, аудармашылардың, айғақтардың, хабардар тұлғалардың қызметін қосалқы функцияларға, ал азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің қызметін – жанамаға жатыстырған [Толеубекова Б.Х., 2011, б.115].

Р.Д. Рахуновтың пікірінше, қылмыстық-процестік функцияларды процестің бір немесе бірнеше қатысушысының нақты қатысушының процесте алып отырған жағдайына байланысты іске асырып отырған қызметінің шеңберін анықтайды. Басқаларынан өзге, ол процестік функцияны да ажыратып көрсетеді.

Бұл түсінікті едәуір тар ұғымында В. В. Шимановский қарастырады. Оның жазғаны бойынша, қылмыстық-процестік функция дегеніміз – бұл негізгі процестік міндет, онда әрбір процесс қатысушысының басты тағайындалуы мен рөлі көрінісін табады.

Өткен ғасырдың ортасында-ақ М. А. Чельцов функцияға заң шығарушымен сәйкес органның немесе тұлғаның міндеті түрінде қарастырған қызметтің бағыты ретінде анықтама берген.

Әртүрлі қырынан берілген анықтамалардың алуан түрі қарастырылып отырған тақырыптың пірікталас тудыратынын көрсетіп отыр.

Біздің пікірімізше, қылмыстық процестің функцияларын екі қырынан ұғыну керек: кең және тар.

Бірінші жағдайда қылмыстық-процестік функция дегенде қылмысты жасаған немесе жасауға дайындалып жүрген тұлғаның қылмыстық қудалауында; қылмыстан жәбірленген тұлғалардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда, сонымен қатар жеке тұлғаны заңсыз және негізсіз айыпталудан, сотталудан, құқықтары мен бостандықтарының шектелуінен қорғауда; қылмыстық істің шешілуінде (әділет) көрінісін тапқан қылмыстық-процестік қызметті түсіну керек.

Екінші жағдайда қылмыстық процестің әрбір қатысушысының рөлі мен тағайындалуын, оның алдында тұрған нақты міндеттерді және алға қойылған мақсаттарды басшылыққа алу керек.

«Функция» ұғымын теңбе-тең ұғым ретінде «мәртебе» ұғымы шығады. Қылмыстық сот өндірісі қатысушысының мәртебемсі әлдебір функцияларда іске асырылады, бірақ олардың процестік функциялардың іске асырылуына қатысу дәрежесі оның мәртебесімен шектелген. Жеке алынған функциясында қылмыстық сот өндірісінің әртүрлі мәртебесіне ие бірнеше қатысушының қызметі біріктірілген, және, керісінше, бір қатысушының мәртебесіне бірнеше функция сай келуі мүмкін.

Қылмыстық-процестік қызметтің міндеттерін іске асыру үшін, жиі жағдайда процеске әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен мекемелер, тергеуге, қорғауға және қылмыстық істің сотта іске асыруда қосалқы функцияны атқаратын лауазымды тұлғалар мен азаматтар тартылады. Барлық қатысушылар эпизодтық міндеттерді шешу үшін қылмыстық процеске тартылады немесе жіберіледі: тергеуге көмек көрсету және қылмыстық істің сотта шешілуі, заңды күшіне енген айыптау үкімі мен анықтамасын атқару кезеңінде туындаған жеке процестік мәселелердің шешімі.

Бұл топқа жататындар: куәгерлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар, айғақтар. Оларға қылмыстық-процестік заңмен міндеттер жүктелген, оларға белгілі құқықтар берілген. Бұл қатысушылар жеке процестік әрекеттерді жасайды, бірақ қылмыстық-процестік функцияларды атқармайды және қылмыстық іс бойынша өндірісте тұрақты жағдайды алмайды. Олардың негізгі тағайындалуы - дәлелдеуге тартылуында. Сотқа дейінгі өндірістің кезеңінде олардың іске қатысуындағы мақсаты дәлелдеуге жататын мәнжайларды анықтауын көздейді.

Өзге қатысушылардың процестік әрекеттері, М.С. Строгович әділ атап отырғанындай, не дәлелдеу, не дәлелдерді бекіту, не қылмыстық-процестік қызметтің қатысушыларының арасындағы қатынастарының құралы болып табылады.

Олар әртүрлі тергеу және сот әрекеттерінің өндіріске қатысу үшін тартылып, өзінің міндет-

терін атқаруында іс жүзінде процестен шығып кетеді [Шимановский В.В., 2005, б.175].

Қылмыстық теорияда тұрақталған қылмыстық процестің өзге қатысушылары қылмыстық істің дұрыс және толық шешілуіне ықпалын тигізетіні туралы көзқараспен келіспеуге болмайды [Строгович М.С., 1970, б.204-205]. Біз бұл қылмыстық-процестік қарым-қатынастардың қатысушылары әртүрлі құқықтық жағдайына ие деп ойлаймыз, сол себептен олардың екі топқа бөлінгені тиімді және тактикалық көзқарастан дұрыс болып табылады:

1) жауаптары және (немесе) тұжырымдары дәлелдердің қайнар көзі ретінде шыға алатын тұлғалар – куәгерлер, сарапшылар, мамандар;

2) қылмыстық-процестік тағайындалудың іске асырылуына ықпалын тигізетін тұлғалар – аудармашылар, айғақтар.

Соңғылары өз бетінше дербес жауаптарды бермейді, басым жағдайда қылмыстық істер бойынша қылмыстарды қарастыру кезінде міндетті қатысушылар болып табылмайды, бірақ онымен бір уақытта заңмен тікелей бірқатар жағдай қарастырылып, олар бойынша осы тұлғалардың қатысуынсыз тергеу және сот әрекеттерінің өндірісі мүмкін емес.

Осылайша, қылмыстық процестің кез-келген қатысушысының құқықтық мәртебесін, оны орнын, рөлін және процестік міндеттерін анықтау үшін қылмыстық-процестік функциялардың теориясындағы ережелер жетекші мәніне ие.

Қылмыстық-процестік функциялардың негізгі және қосалқы, басты және жанама түрлеріне бөлінуі қылмыстық-процестік қызметтің жеке элементтерінің толық бағаланбауына жетелеуі мүмкін, бұл өз кезегінде қылмыстық іс бойынша қабылданған шешімдердің жан-жақтылығы мен негізділігіне әсерін тигізу керек етін.

М.С. Строговичтің өзі атап көрсеткеніндей, қылмыстық-процестік қызметтегі қатысушы топтардың барлығының жалпы сипаты олардың процестік жағдайындағы айырмашылықтарға қарамастан, жалпы белгісі болып табылатыны олардың құқықтары мен міндеттерінің сипаты мен мазмұнында және олардың атқарып отырған процестік функцияларында, олардың барлығының қылмыстық істің тергеуінде және сот қарастыруына қатысуы. Олардың қатысуы жиынтығы қылмыстық іс бойынша өндірісті құрайтын процестік әрекеттердің жасалуында көрінісін табады [Когамов М.Ч., 2015, б.118].

Әрбір қылмыстық-процестік функция нақты қылмыстық істе заңмен қарастырылған заңгерлік фактілер арқасында туындайды. Туындап, олардың барлығы толық көлемінде қылмыстық-процестік қызметтің тағайындалуына қажетті болып шығады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қатысушылардың өздерінің функцияларын атқаруы қылмыстық істер бойынша әділ шешімнің шығарылуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық сот өндірісінің өзге де қатысушылары ешбір тарапқа қатысты болмайды. Олардың міндеті жанама – қосалқы – функиялардың атқарылуында, олар әділ және негізді шешімнің қабылдануына ықпалы тигізеді. Бұл мәселе қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының жіктемесіндегі негізіне салынған. Өз кезегінде қосалқы функцияларды атқарып отырған тұлғалар дәлелді базаны қалыптастыратын (сарапшы, маман, куәгер) және қылмыстық-процестік тағайындауды іске асыруға ықпал ететін қатысушыларға (аудармашы, айғақ) қосымша дефиницияға жатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шимановский В.В. К вопросу о процессуальной функции следователя в уголовном процессе // Правоведение. 2005. № 2. С. 175.

2. Строгович М.С. Курс уголовного процесса. — М.: Наука, 1970. С. 188.

3. Выдря М.М. Расследование уголовного дела - функция уголовного процесса// Государство и право. 2010. № 9. С. 78-83.

4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка:. - 4-е изд., доп. М. : Азбуковник, 2007. С. 857.

5. Якубович Н.А. Проблемы предварительного следствия в уголовном судопроизводстве. М., 2000. С. 15.

6. Элькинд П.С. Цели и средства их достижения в уголовно- процессуальном праве. М., 2006. С. 52.

7. Элькинд П.С. Сущность уголовно-процессуального права. - Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1983. - 172 с.

8. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право РК. Академический курс. Часть общая. В 2-х кн. - Алматы, 2011. С.115

9. Шимановский В. В. К вопросу о процессуальной функции следователя в уголовном процессе // Правоведение. 2005. № 2. С. 175.

10. Строгович М.С. Курс уголовного процесса. — М.: Наука, 1970. С. 204-205.

11. Когамов М.Ч. Комментарии к Уголовно-процессуальному кодексу РК /извлечения/. – Алматы, Жеті Жарғы, 2015.С.118.

12. Строгович М.С. Курс уголовного процесса. С. 203.

ӘОЖ 347.999

ҚЫЛЫШБЕК БАХЫТЖАН БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ
«Жеке құқық» мамандығының 2-ші курс магистранты
«Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» факультеті
Сулейман Демирель атындағы университеті
Алматы қ.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖДАҒЫ LEX MERCATORIA ҰҒЫМЫ

Түйін. Елімізде қазіргі таңда азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, халықаралық дауларды шешуде коммерциялық арбитраждың қарауы кең өріс алып жатқандығы туралы мақалада баяндалады. Азаматтық дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде халықаралық коммерциялық арбитраж жүйесінің өзегі шет мемлекеттің аумағында шығарылған төрелік шешімді тану екендігін қарастыра келе, коммерциялық арбитраждағы «lex mercatoria» ұғымының мағынасын аша отырып, халықаралық сауда саласына енуі мен ғылыми тұрғыдан қарастырылуы жөнінде бірқатар шолулар жасалынып, зерттеушілер пікірін келтіре отырып, тұжырым жасалады.

Түйінді сөздер: lex mercatoria, төрелік (арбитраж), коммерциялық арбитраж, халықаралық сауда, төрелік шешім.

Резюме. В статье говорится о том, что в настоящее время в стране широко применяется рассмотрение споров в коммерческом арбитраже при разрешении международных споров, возникающих из гражданско-правовых отношений. Заключение сделано на основании того, что в основе системы международного коммерческого арбитража, как альтернативного способа разрешения гражданских споров, лежит признание арбитражного решения, вынесенного на территории иностранного государства, а также раскрытия смысла понятия «Lex mercatoria» в коммерческом арбитраже, сделав обзор по его внедрению в сферу международной торговли и научному рассмотрению, с приведением мнения исследователей.

Ключевые слова: lex mercatoria, арбитраж, коммерческий арбитраж, международная торговля, арбитражное решение.

Summary. The article states that currently the country widely uses commercial arbitration to resolve international disputes arising out of civil relations. The conclusion made on the basis that the system of international commercial arbitration as an alternative method of resolving civil disputes is the recognition of the arbitral award made in the territory of a foreign state, as well as the disclosure of the meaning of "Lex mercatoria" in commercial arbitration by making a review on its application to international trade and scientific study, bringing the views of researchers.

Keywords: lex mercatoria, arbitration, commercial arbitration, international trade, arbitration award.

КІРІСПЕ

Қазақстанда нарықтық экономиканың дамуы және жеке сыртқы экономикалық қызметтің өсуімен қатар қазақстандық компаниялардың қатысуымен коммерциялық дауларды халықаралық коммерциялық арбитраждардың қарауы барған сайын кең өріс алуда. Әрине қазіргі таңда халықаралық коммерциялық арбитраждың тәуелсіздігі, соттың құрамын дауласушы тараптардың өздерінің құруы, тараптардың дауларды қарау барысындағы құпиялылығы, сондай-ақ төрелік қарау процедураларының қарапайымдылығы және төрелік шешімдерді мәжбүрлеп орындаудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі сынды факторлар әсер етіп отырғандығын айтуға болады.

Соңғы жылдары автономияның қандай да бір түрін белгілеу, халықаралық сауда операцияларын реттеуді кез-келген ұлттық құқықтық жүйелерден оқшаулау қалыпты жағдайға айналды. Осындай негізде «lex mercatoria» ұғымы (сөзбе-сөз - «сауда құқығы») халықаралық сауданың ғылыми тұрғыдан қарастырылуы мен тәжірибеге берік орнықты. Одан басқа lex mercatoria пайда болуы халықаралық құқықтық операцияларды реттеуді қажет ететін құқықтық және құқықтық емес нормалардың кешені ретінде ойластырылып, мәмілелердің халықаралық сипатының қарама-қайшылығын ішкі мемлекеттік құралдар арқылы шешу болды. Теорияда «lex mercatoria» халықаралық экономикалық, негізінен атап айтқанда сауда қатынастары, әлемдік экономикалық қатынастардың өсіп келе жатқан динамикасын және олардың реттелуін қамтамасыз ететін ұлттық заңнаманы дамытудағы белгілі бір артта қалушылық қатынастар тұрғысынан құқықтың өзара іс-қимылының қалыптасқан тенденциялары мен нәтижелерін өзінің материалдық негізімен көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы көзқарас шеңберінде теорияда «lex mercatoria» ұғымының пайда болу тарихы ретінде феодалдық дворяндардың саудагерлер

тобын қорғайтын және оған ерекше құқықтар мен артықшылықтар беретін заңдар құрудың басты мотиві оның сән-салтанат тауарларына деген құштарлығы болды. Осындай ерекше ережелер мен заңдардың арқасында саудагерлер қоғамдағы артықшылыққа ие тапқа айналды және осы таптың мүшелеріне қатысты барлық ережелер ius mercatorum деп атала бастады. Lex mercatoria термині алғаш рет 1290 жылы Флетаның құқықтық трактатында қолданылғанын, онда саудагерлер қарапайым заңдар мен ережелерге бағынбайтынын, бірақ олардың өздері ерекше мәртебеге ие болатынын атап өткен жөн [ЭР, Жүгінген күні: 4 қараша 2020].

Орта ғасырларда бұл олардың іс-әрекетін ұлттық мемлекеттерден тыс кеңейтетін саудагер таптарының құқықтары және әдет-ғұрыптар деп түсінді. Саудагерлер мен басқа тұрғындар арасындағы барлық дауларды соттар феодалдық заңдарға сәйкес шешті. Алайда, феодалдық соттарда дәлелдеудің негізгі әдісі ант болғандықтан, үнемі айналып келуге мәжбүр болған саудагерлер әрқашан олар үшін ант беруге дайын сенімді адамдарды табу қиынға түсіп отырды.

Аймақтық (қалалық) заңдардың қалыптасуы сот шешімдерін орындау мәселесін артқа тастап ысырып отыруы сату құқығына әсер етті. Көптеген қалаларда, ең алдымен, шетелдік және жергілікті тұрғындар арасындағы саудаға қатысты дауларды шешу үшін арнайы соттар құрылды. Бұл соттардың айырмашылығы - олар тез арада өз үкімдерін шығарды, және шығарылған үкімдерге шағым жасау мүмкіндігі қарастырылмады. Мұндай соттардың құрылуы саудагерлердің дауларды жедел шешуде талаптарына жауап бергені анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл соттар дауларды шешуде саудагерлердің бірдей қажеттіліктерін қанағаттандырғандығын айтсақ, бүгінгі «саудагерлер» арбитраждық талқылауға жүгінетіндігі осы негізде деп білеміз.

Орта ғасырларда қолданылған lex mercatoria әр түрлі ұлттық құқықтық жүйелер арқылы оның нормаларын мемлекеттердің ішкі заңнамасында кодификациялау жүргізілді. Сонымен, XVIII-XIX ғасырлардан бастап, халықаралық экономикалық қатынастарды реттеу таза ұлттық сипатқа ие болды, ал коллизия әдісі оларды құқықтық реттеудің негізгі әдісіне айналды. Бірақ та коммерциялық арбитражда бұл ұғым түбегейлі өзгерді деп айта алмаймыз. Өйткені қазіргі таңда іскерлік қауымдастық шеңберінде өзекті мәселелерді шешу, бизнесті жүргізудің стандарттары мен тәртібін әзірлеу, жеке тұлғалармен теңдей дәрежеде қатысушы мемлекеттердің осы тәртіпке құрметпен қарауы үшін, мемлекеттен тәуелсіз халықаралық ұйымдарға негізделіп отыр (мысалы, Халықаралық сауда ұйымы).

XX ғасыр 20-жылдары lex mercatoria іскерлік айналымда оның қатысушылары тарапынан өзін-өзі реттеудің элементтерін бекіту құралы болды.

1950 жылдардан кейін халықаралық арбитражға қатысты қабылданған көптеген келісімшарттар мен ережелерде, тіптен, төрелік келісімдерде оларға сілтемелер болмаса да арбитрлар халықаралық сауда ережелері мен қағидаларын ескеруі керек. Бұл ережелер халықаралық сауданың сипатына сәйкес келеді, өйткені олардың негізгі мақсаты коммерциялық арбитражға халықаралық сауда ережелерінің қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады [ЭР, Жүгінген күні: 25 қазан 2020] .

Кеңестік заңнамада 1988 жылға дейін шетелдік төрелік шешімдерді орындау тәртібін қарастыратын нормативтік акт болмады. Қазақстандық көптеген кәсіпорындар мен ұйымдардың халықаралық экономикалық аренаға шығуымен жағдай күрт өзгерді және енді шешімдерді орындау ерікті деп айта аламыз. Сондықтан да мәжбүрлі түрде орындау күрделі сипат алып отыр [Сарина С.А., 2015ж., 272 б.].

Осы негізде коммерциялық арбитражда дауласушы тараптар істі төрелік шешім арқылы шешу өте орынды, lex mercatoria төрелік шешімге қарағанда дереу шешім қабылдауымен ерекшеленеді.

lex mercatoria - мемлекеттер шығарған заңнамалық актілерге емес, сауда әдет-ғұрыптарына негізделген құқық [Комаров А.С., 2006 ж., 134 б.].

Lex mercatoria (латын тілінен аударғанда «сауда құқығы») - ортағасырлық кезеңнен бастап бүкіл Еуропада көпестер қолданған коммерциялық құқықтың жиынтығы. Ол ең маңызды сауда жолдары бойындағы сауда кемелері жүйесі арқылы жүзеге асырылған әдет-ғұрып пен озық тәжірибесі бар жүйе ретінде ағылшынның жалпы құқығына ұқсас дамыды. Ол сауда туралы халықаралық заңнама негізі ретінде әрекет етті. Ол келісім-шарт еркіндігі, мүлікті иеліктен шығаруға баса назар аударды, сонымен бірге заңның әлсіз тұстары мен әділеттілік, қайтарымсыз және т.б. принциптерін басшылыққа алып істі шешіп отырды. Мемлекет немесе жергілікті билік органдары сирек араласып, ішкі саудаға ешнәрсе кедергі болмады [https://en.academic.ru/dic.nsf/enwiki/11726604].

Lex mercatoria теориясының бір мағыналы түсінікті мазмұны жоқ екендігін байқап отырмыз. Оның ізбасарлары (Б. Голдман, А. Голдштейн, Ф. Кан, Ф. Фушар, К. Шмитхоф) әрдайым бұл терминді ұстанбайды және кейде «трансұлттық құқық», «ұлттық емес құқық» категорияларымен алмастырып отырды. Lex mercatoria-ны құрайтын элементтерге кейде халықаралық жария құқықтың нормалары, бірыңғай актілер, құқықтың жалпы қағидалары, халықаралық ұйымдардың құжаттарының ұсынымдық нормалары, әдет-ғұрыптар мен тәжірибелер, төрелік шешімдер (О. Ландо) және ол көбіне халықаралық конвенциялардан басқа, ұлттық заң шығарушылық актілерді жасауда қолдану үшін халықаралық көлемде жасалған жобалық заңдар, сондай-ақ дәстүрлі

емес кең мағынада түсіндірілетін халықаралық сауда әдет-ғұрыптары, басқалармен қатар сауда (кәсіпкерлік) пайдалану, келісімдер (келісім шарттар), жалпы шарттар, жалпыға ортақ заңдар жинағы және т.б. жатады.

Сонымен, Lex mercatoria негізгі мағынасы - ұлттық құқық жүйелерінен бөлек, халықаралық сауданы реттеудің автономды жүйесі болып табылады. Өзінің құқықтық табиғаты бойынша бұл мемлекеттік емес реттеу болып табылады, оның мәні халықаралық коммерциялық операциялардың барлық түрлері болып табылады. Lex mercatoria «жұмсақ, икемді» заң ретінде анықталған, өйткені, оның нормаларының ұсынымдық сипаты ретінде оның құқықтық қатынастарға қатысушылары міндетті мемлекеттік нұсқаулықтарға қатысы жоқ [Гетьман-Павлова И.В., 2011 ж., 346 б.].

Халықаралық азаматтық айналымға қатысушылар арасында туындайтын дауларды шешудің жеткілікті кең таралған тетігі - бұл дауды шешу үшін халықаралық коммерциялық арбитражға беру. Азаматтық дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде халықаралық коммерциялық арбитраж жүйесінің өзегі шет мемлекеттің аумағында шығарылған төрелік шешімді тану және мәжбүрлеу болып табылады, өйткені арбитраждың өмір сүру тиімділігі негізінен осыған байланысты [Ярков В.В., 2010 ж., 215 б.].

Мәміле тараптары даулы мәселені коммерциялық арбитражға беруге келіскен кезде, қолданыстағы заңды анықтау маңызды болып табылады. Мемлекеттік соттарда тараптардың қолданыстағы заңды таңдау еркіндігі жоқ, ал коммерциялық арбитражда оларға осындай еркіндік беріледі. Тараптар өздерінің дауларын сол елдің қолданыстағы ұлттық заңнамасына сәйкес немесе жалпы қабылданған қағидаттарға, сондай-ақ lex mercatoria сәйкес дауларын қарастыруды таңдай алады.

Сондай-ақ тараптар даулы мәселелерді қандай да бір елдің қолданыстағы ұлттық заңнамасы және lex mercatoria шеңберінде қаралатындығына келісе алады. Lex mercatoria-ны анықтауды оның арбитраждық талқылаумен, коммерциялық қатынастардың ережелерімен және жалпы қабылданған құқықтық принциптермен тығыз байланысы тұрғысынан бағалау керек. Заманауи халықаралық коммерциалық арбитраждың дамуы мен тиімділігін арттыруға қатысушылардың сенімділігі факторы да елеулі әсер етеді.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде жеке өздерінің ұлттық заңнамасын анықтау үшін әртүрлі тәсілдер қолданылуының қарқындылығы байқалады. Бұл, бір жағынан азаматтық заңдар коллизиясы тұрғысынан болса, екінші жағынан - жариялық құқық көзқарасынан, себебі сол елде тұратын шетелдік болып саналатын заңды тұлға жергілікті және негізгі қызмет орны немесе басым қатысушылардың тізімі арқылы анықталады. Мысалы, Ұлыбританияда құқық қайшылығы мақсаты ретінде компанияның жеке заңы сериктестікті құру орны критерийімен анықталады, ал салық салу мақсатында негізінен нақты тұрғылықты жерімен анықталатын «резиденттік» термині қолданылады [Лебедев С.Н., Кабатова Е.В., 2015 ж., 451 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында арбитраждық өндірісті жүргізу 2016 жылғы 8 сәуірдегі «Төрелік туралы» Заңмен, 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексімен, 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңмен, 1958 жылғы 10 маусымдағы Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы Йорк Конвенциясы және басқа да нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

2005 жылдан бері мекемелер арасындағы шаруашылық даулар «Аралық сот туралы» және «Халықаралық коммерциялық арбитраж» заңнамаларымен реттеліп келген болатын. Бұл екі заңның бір-бірінен айырмашылығы бірінші жағдайда қатысушылар Қазақстанның азаматтары болса, екінші жағдайда шетелдік мекемелердің қатысуымен жүзеге асырылған болатын. 2016 жылы «халықаралық арбитраж» және «аралық сот» терминдерін біріктірген Қазақстан Республикасының аумағында төрелік қызмет процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ Қазақстанда төрелік шешімдерді танудың және орындаудың тәртібі мен шарттарын реттейтін, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен болатын азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, төрелік шешетін дауларға қатысты қолданылатын жаңа норма «Төрелік туралы» ҚР Заңы қабылданды [«Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V].

Халықаралық коммерциялық арбитраж теориясында арбитражды шешімге қатысты шешімнің күшін жою, оны тану мен орындау екінші қызмет болып табылады, алайда бұл осы шешімді шығарған елден тысқары шықпау керек. М.Шерердің айтуынша, «сот шешіміне қатысты іс жүргізудің екінші реттік сипаты оның өзекті екендігін және шешімде көрсетілген даудың бұрын қол жеткізілген нәтижелеріне байланысты екенін білдіреді. Ол төрешілер қарастырған даудың мән-жайларын қайта қарастырмайды. Одан басқа сотта төрелікке қатысты қайта талқылау тек шешімнің негізділігі және оның тиімділігін ғана қозғайды» [Шерер М., 2013 ж., 606 б.]

Сыртқы экономикалық мәмілелер бойынша дауларды қарау кезінде халықаралық коммерциялық арбитраж басты рөл атқарады. Көптеген сыртқы экономикалық мәмілелердің мәтіндеріне даулар орыс, швед, австрия, париж, лондон және т.б. арбитраждық соттарымен қаралатындығы туралы айтылады.

Оларды әртүрлі тәсілдермен атауға болады – төрелік комиссия, төрелік институты, коммерциялық дауларды шешу орталығы және т.б. Бірақ бұл олардың құқықтық табиғаты мен шешімдерінің заңды күшіне әсер етпейді. Мұндай соттар тұрақты немесе нақты коммерциялық жанжалдарды шешу үшін дау тараптарының өтініші бойынша құрылуы мүмкін [Басин Ю.Г., 2001 ж., 419 б.] .

Қазіргі кезде lex mercatoria халықаралық сауда саласындағы қатынастарды коммерциялық ережелер мен қағидалар негізінде реттеудің халықаралық құқықтық жүйесі ретінде анықталады. Бұл ұғым теорияға ертеректе енгенімен, lex mercatoria деп аталатын құқықтық жүйе ешқандай ұлттық заңнамаға негізделмеген және халықаралық шарттарда қамтылмаған.

Қазіргі заманғы халықаралық жеке құқық ғылымында lex mercatoria туралы екі көзқарас бар, олардың бірін оның жақтаушылары, екіншісін қарсыластары бөліседі. Лекс меркаторияның қарсыластары бұл ережелер «заң» емес, сондықтан міндетті емес деп санайды. Сонымен қатар, олар lex mercatoria жалпы шарттар мен нақты тәжірибеге негізделгендіктен, бұл ережелерді кодификациялау қиын болады деп сендіреді. Олар lex mercatoria позициясының толық емес екенін және оны түсіну қиын екенін көрсетеді.

Екінші жағынан, lex mercatoria қолданыстағы заң болып табылады және халықаралық сауда саласындағы қағидаларды құрайтын және қатынастарды басқаратын бизнес қауымдастықтардың осы ережелерді қабылдауы үшін міндетті болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, lex mercatoria-да классикалық құқықтың айқын сипаттамалары жоқ және сонымен бірге ұлттық құқықтың кейбір белгілері жоқ деп айтуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ең алдымен, мемлекеттік сот жүйелерінде ұлттық құқықтық нормалар мен процедуралардың басымдыққа ие болуына байланысты lex mercatoria ұлттық құқықтық жүйелерде қолданылу мүмкіндігі шектеулі екенін атап өткен жөн. Ұлттық құқықтық жүйеге қарағанда, lex mercatoria халықаралық коммерциялық арбитражда кеңірек қолданылады. Сондықтан lex mercatoria мен халықаралық арбитраж бір-бірімен тікелей байланысты деп жалпы қабылданған.

Қазіргі уақытта коммерциялық келісім-шарттардың көпшілігінде (90% дейін) арбитраждық түсіндірмелер бар. Осы ережелердің кейбіреулері арбитраждық дауға қатысты белгілі бір мемлекеттің заңы болып табылатындығын қарастырғанымен, осы заңның коллизиялық ережелерінде lex mercatoria ұғымына заңнамалық сілтеме болуы қажет.

Біріншіден, мәміле жасасқан тараптар, келісімдегі арбитраждық тармақ арқылы, дау туындаған жағдайда, төрелік іс жүргізу кезінде қолданылатын заң ретінде lex mercatoria-ға тікелей сілтеме жасай алады. Тараптар lex mercatoria-ны коммерциялық арбитражда қолданылатын құқық ретінде қарастырған кезде, төрешілер кейбір жағдайларда тиісті ережелер мен принциптерді құру үшін нақты, шығармашылық жұмыстар жүргізілгенін дәлелдеуі керек.

Біздіңше арбитраж процесі төрешілерге белгілі бір икемділік беруі керек болғанымен, lex mercatoria төрешілердің құқықтық өкілеттілігінің шамадан тыс артуы, олардың жұмысын қиындатады деп санаймыз.

Құқықты қолданылуы туралы келісім, сол қолданыстағы құқық туралы ескертпе түрінде (келісімшарттың жеке ережесі түрінде) немесе тәуелсіз келісімшарт түрінде жасалуы мүмкін (ол негізінен келісімшарт жасалғаннан кейін және негізгі келісімшарт ішінара орындалғаннан кейін жасалады, мысалы, дау туындаған жағдайда). Бұл ереже коммерциялық арбитражға қатысты. Осы тұрғыда мысал ретінде Сыртқы сауда арбитражы туралы Еуропалық конвенцияның VII бабын келтіруге болады. Онда «тараптар өз қалауы арқылы жалпы келісім бойынша төрешілер дауды мәні бойынша шешуде қолданатын құқықты белгілей алады»,-делінген [ЭР, Жүгінген күні: 18 қараша 2020].

Көріп отырғанымыздай, тараптар қандай құқықты қолдану жөнінде өзара келісім арқылы жүзеге асырады. Ал, lex mercatoria-ның коммерциялық арбитражда қолданылатын құқық ретінде анықтамасы ол жөнінде келісім-шартқа тікелей сілтеме немесе жалпы құқық қағидалары, халықаралық коммерциялық ережелер не сауданың жалпы шарттары мен ережелері туралы ескертпелерді енгізу арқылы жасалуы мүмкін.

Дауларға қатысты қолданыстағы заңнаманы анықтап алуды төрешілер құптайды және тараптар арасындағы қатынастарда өзара сенім мен тұрақтылықты қалыптастыру құралы ретінде қарастырғанымен, әртүрлі себептерге байланысты кейбір халықаралық коммерциялық келісім-шарттарда қолданыстағы құқықты таңдауға мүмкіндік беретін сенімді шарттар жоқ. Қолдану қажет құқықты айқындап алудың мүмкін еместігі, төрешілерге өздері орынды деп санайтын құқықтық ережелерді дербес қабылдауға мүмкіндік береді. Белгілі бір жағдайда төреші lex mercatoria қолдануға жол берілетіндігін айтуы мүмкін.

Төрешілердің lex mercatoria-ға жүгінуі, lex mercatoria халықаралық сауданың қажеттіліктеріне, тараптардың күтуіне және коммерциялық арбитраждың заңды сипатына барынша сәйкес келеді. Сонымен қатар, халықаралық арбитражды реттейтін халықаралық келісімдер мен құжаттардың көпшілігінде халықаралық сауда

ережелері мен қағидаларына, сауда әдет-ғұрыптары мен қолданыстарына сілтеме жасалады. Ұлттық заңнамада lex mercatoria ұғымына тікелей сілтеме жоқ екендігін аңғардық.

Жалпы алғанда, ұлттық мемлекеттерде lex mercatoria қолдану, сол ортағасырлық кезеңдерде басым болып, төрешілер істі тараптар мүддесімен ұштастыра отырып қарады.

Lex mercatoria заманауи нұсқасы - бұл құқықтың дамуы және дау-дамайды кибер кеңістікке шығару. Интернет саудасының тез дамып келе жатқаны, тараптар домендік атау туралы дауларды онлайн режимінде жедел және жылдам шеше алатын жағдайға жеткізді. Виртуалды сот түрінде құжаттар онлайн режимінде ұсынылады және қаралады, дәлелдер онлайн режимінде қабылданады және шешімдер онлайн режимінде жарияланады. Lex mercatoria-ны коммерциялық ұйымдар арасында халықаралық дауларда қолданады. Байқап отырғанымыздай, бұл тараптар арасындағы дауды шешудің тиімдірек жолы ретінде қарастыруға болады.

Бүгінгі таңда lex mercatoria белсенді түрде дамып келе жатқандығы таңқаларлық емес, өйткені бизнес қауымдастықтар, ұлттық құқықтың, әсіресе халықаралық сауда саласында құқықтық нормалар қайшылығы олардың барлық сұраныстарын тиісті деңгейде қанағаттандырмайды, сот ісін қиындатады және сайып келгенде, дауларды шешу процедуралары көп уақыт алады.

Осы себептен де даулы мәселелерді қысқа мерзімде және болжамды нәтижемен шешу үшін, икемді ереже құруға деген талпыныс жоғарылауда. Біздің тұжырымымыз бойынша мұндай ережелерге ұмтылу жаңа lex mercatoria қалыптасуының қозғаушы күші болып табылады.

Демек, ішкі заңнаманы жақындастыру мен үйлестірудің бақыланған процесі іс жүзінде кодификацияланған бір жүйемен шектеледі және халықаралық коммерциялық келісім-шарттарға қатысты ұлттық құқықтық нұсқаулардың сәйкессіздігі мәселені шешуге әкелмейді, бірақ та шынында да халықаралық төрешіден әр түрлі мемлекеттердің заңдарын энциклопедиялық білуді талап етіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Электронды ресурс: https://jurisprudence.club/pravo-grajdanskoe/chastnopravovaya-unifikatsiya-lex.html (Жүгінген күні: 4 қараша 2020 ж.)

2. Электронды ресурс: https://studme.org/180602037620/pravo/ _lex_mercatoria (Жүгінген күні: 25 қазан 2020 ж.)

3. Сарина С.А. Разрешение споров международным коммерческим арбитражем: Учебное пособие. - Алматы: Научно-издательский центр КОУ, 2015. - 272 б.

4. Принципы международных коммерческих договоров УНИДРУА 2004/Пер. с англ. А.С.Комарова. М.:Статут, 2006. -134 б.

5. Электронды ресурс: https://en.academic.ru/dic.nsf/enwiki/11726604/

6. Международное частное право. Гетьман-Павлова И.В. 3-е изд., перераб. и доп. - М.: 2011. - 640 с.

7. Арбитражный процесс: Учебник" (4-е издание, переработанное и дополненное) (отв. ред. В.В. Ярков) ("Инфотропик Медиа", 2010)

8. Лебедев С.Н., Кабатова Е.В. ред. Международное частное право. Учебник.В 2-х т. Т. 1. Особенная часть. 2015.- 451 б. «pdf»

9. «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488

10. Scherer M. Effects of Foreign Judgments Relating to International Arbitral Awards: Is the "Judgment Route" the Wrong Road? // Journal of International Dispute Settlement. 2013. Vol. 4 (3). P. 606.

11. Басин Ю.Г. Порядок разрешения споров между участниками внешнеэкономических сделок // Право и внешнеэкономическая деятельность в Республике Казахстан / Отв. ред. М.К. Сулейменов. Алматы: КазГЮА, 2001. – 419 б.

12. Электронды ресурс: https://interlaws.ru/lex-mercatoria-v-mezhdunarodnom-kommercheskom-arbitrazhe/ (Жүгінген күні: 18 қараша 2020 ж.)

УДК 340.1



Манин Сергей Николаевич
Докторант PHD специальности 6D030100 «Юриспруденция»
Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

ПРАВОВАЯ ПОЛИТИКА КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИНФОРМАЦИОННОМ ОБЩЕСТВЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада ақпараттық қоғамдағы ақпараттық технологиялардың дамуы тұрғысынан құқықтық саясаттың мәселелері қарастырылады. «Құқықтық саясат» ұғымы талданады, құқықтық саясаттың құрамдас бөліктері анықталады; 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының қысқаша сипаттамасы келтірілді, 2020 жылдан бастап 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын құру мәселелері қозғалды; Қазақстандағы заң шығару мен құқық қолдану процесіне ақпараттық технологияларды енгізу мысалдарын көрсетеді.

Түйінді сөздер. Құқықтық саясат, ақпараттық технологиялар, ақпарат, электронды үкімет, азаматтық қоғам.

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы правовой политики в контексте развития информационных технологий в информационном обществе. Проанализировано понятие «правовая политика», выявлены составляющие правовой политики; дана краткая характеристика Концепции правовой политики на период с 2010 до 2020 года, затронуты вопросы создания Концепции правовой политики на период с 2020 до 2030 года; показаны примеры внедрения информационных технологий в правотворческий и правоприменительный процесс в Казахстане.

Ключевые слова. Правовая политика, информационные технологии, информация, электронное правительство, гражданское общество.

Resume. This article examines the problems of legal policy in the context of the development of information technology in the information society. The concept of «legal policy» is analyzed, the components of legal policy are identified; a brief description of the Concept of Legal Policy for the period from 2010 to 2020 is given, issues of creating the Concept of Legal Policy for the period from 2020 to 2030 are touched upon; shows examples of the introduction of information technologies in the lawmaking and law enforcement process in Kazakhstan.

Keywords. Legal policy, information technology, information, e-government, civil society.

Современная юридическая наука достаточно часто использует понятие «правовая политика», которое исследовалось С.С. Алексеевым, Ю.Ю. Ветютневым, Б.С. Жусиповым, Н.В. Исаковым, А.В. Малько, Н.И. Матузовым, О.Л. Солдаткиной, В.В. Субочевым, В.А. Рудковским, С.Ф. Ударцевым, Н.И. Химичевой, К.В. Шундиковым и др. Следствием сложности и многогранности данного понятия становится отсутствие единых подходов к его толкованию. В основном исследователи характеризуют правовую политику с позиции общей теории государства и права, что обосновано, поскольку правовое явление является юридической категорией. Так, например, Т.А. Золотухина считает, что правовая политика представлена виде «научно обоснованной деятельности уполномоченных субъектов в сфере формирования и реализации права» [Золотухина Т.А., с.17]. В то же время особый интерес представляет изучение правовой политики в «в свете идущих во всем мире процессов информатизации, Связанных с движением и переработкой информации» [Солдаткина О.Л., с.58].

Составляющими термина «политика» являются деятельность органов государственной власти, деятельность общественных классов, партий, общественных группировок; сюда же относятся события государственной и общественной жизни; включается образ действий, который направлен на достижение определенной цели в общении между людьми [Субочев В.В., с.478]. Считаем, что определению правовой политики соответствует деятельность органов государственной власти, которые отражают экономическую структуру страны и ее общественный строй, и деятельность общественных классов, партий, общественных группировок, которые имеют свои интересы и цели. Таким образом, под политикой понимаем деятельность политических субъектов, Связанных с государственной властью.

В современный период возрастает потребность развития управленческих процессов в обществе на основе достижений научно-техничес-

кого процесса в области информации и информационных технологий [Сабикенов С.Н., с.85].

В.С. Хижняк обращает внимание на необходимость оптимизации правовой политики в связи с изменившимися условиями современной действительности – активным процессом глобализации. В связи с этим исследователь считает, что государственные органы должны проводить последовательную и системную деятельность с целью создания эффективного механизма правового регулирования, цивилизованного использования юридических средств и достижения иных целей правового государства, которые оптимально соответствуют сложившимся социально-экономическим и политическим условиям, «с тем, чтобы такая деятельность была адекватна процессам, происходящим в обществе, экономике и глобальных международных отношениях» [Хижняк В.С., с.18].

Республика Казахстан занимает лидирующие позиции в регионе, в связи с этим работы по формированию новой правовой системы, отражающей политические, социально-экономические и идеологические реалии в стране становятся актуальными. По мнению Б.С. Жусипова, право становится «системообразующим фактором, позволяющим сформировать обновленную систему безопасности Казахстана, придавая ей четкость и функциональную подвижность» [Жусипов Б.С., URL]. Т. Донаков отмечает, что «правовая система станет основой для выстраивания модели государственного управления на принципах результативности, прозрачности и подотчетности, обеспечивающих защиту прав и свобод граждан, интересов общества и государства» [Донаков Т.]. Отметим, что развитие информационных технологий приводит к производству данных в цифровом виде, обработке больших объемов информации по сравнению с традиционными нецифровыми формами.

Выпускники зарубежных, прежде всего европейских и американских вузов, как правило, обладая знаниями зарубежной педагогики, вернее, педагогической психологии: таксономия Блума, активное обучение, не владеют историей и теорией отечественной педагогики, т.к. в США, например, изучают философию образования, в европейских странах эдукологию, психпедагогику и пр.

9. Например, М.Ноулз и соавторы в 1970-е годы

делает «открытие», что педагогика – это искусство обучения детей [Knowles M.S., Holton E. F., 2005, 378 с.]. Т.е. спустя почти четыре столетия он повторяет тезис Я.А.Коменского и выдает это за новое слово в педагогике!

Нами, группой исследователей и практиков в декабре 2019 года министерству образования и науки была предложена Концепция развития образования и науки Республики Казахстан до 2030 года [Концепция развития образования и науки Республики Казахстан до 2030 года, 2020, 105 с.], доказывающая необходимость перехода к коллективному способу обучения (КСО). Несмотря на формальное признание ее положений, министерство в лице Национальной академии образования им. И.Алтынсарина сознательно не пошло на реализацию основных направлений и содержания Концепции.

В этой связи предлагаем министерству, областным и местным управлениям образования начать всё-таки подготовку к поэтапному переходу к КСО, предоставить организациям образования, прежде всего общеобразовательным школам, возможность автономии и самостоятельности в выборе вектора развития (не совершенствования) учебно-воспитательного процесса. Важно на системной основе разработать учебники, учебные и методические пособия по новой дидактике (дидактике КСО) и новой образовательной практике (освоения коллективных учебных занятий) для педагогических вузов и колледжей, учебные программы и учебно-методические комплексы для общеобразовательных школ, осуществить полное переформатирование системы дополнительного педагогического образования.

При этом, как справедливо отмечает министр: «любая программа, которую мы собираемся внедрять, сначала должна пройти экспертизу и быть апробирована» и главным критерием здесь должен быть оценка их учащимися, а не только педагогами [Аймагамбетов, 2020].

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Сейчас настал момент истины: осознать и понять всю нищету классно-урочной философии. Все учебные планы, программы, учебники и учебные пособия написаны в соответствии с ее идеологией. Необходимо упразднить классно-урочную школу, притом специальным постановлением (решением), т.к. в свое время она была введена авторитарным путем на законодательном уровне - изданием соответствующих постановлений и других нормативных актов. Важность такого шага обусловлена тем, что все инструкции, документы, касающиеся деятельности школ, направлены именно на нее: поурочное планирование, учебная нагрузка учителей и т.д.

Как показывает анализ, классно-урочная система (ГСО) на сегодня «уже исчерпала практически возможности прогрессивного развития» и потому курс на ее модернизацию бесперспективен. Ее упразднение - это не наше желание или прихоть, как считают многие традиционно ориентированные ученые и педагоги, а объективная необходимость, соответствующая законам развития учебно-воспитательного процесса. А позиция министерства о дифференциации программ и учебников на уровни для общеобразовательных школ, гимназий и лицеев – есть не «рациональный подход» [Аймагамбетов, 2020], а чисто эмпирический, где для науки нет места.

Поэтому слова министра «У нас есть новая программа, новая система оценивания, новые подходы к учебникам, в целом новая концепция среднего образования, и, в принципе, все это правильно, все это отвечает требованиям современного мира» [Аймагамбетов, 2020] вызывают искреннее сожаление. Своими «новациями» мы будем лишь загонять образование в еще более глубокий кризис, неэффективно используя время и бюджетные средства.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Кусаинов Г.М., Сагинов К.М., Конурова-Идрисова З.К., Аманжолова Д.Б. Педагогическое образование в контексте обновления содержания общего среднего образования//Қазақстанның жоғары мектебі – Высшая школа Казахстана. – 2015. - №4. - С.52-55.

2. Кусаинов Г.М., Кагазбаева А.К., Абыканова Б.Т., Айтбаева Д.Б., Мылтыкбаева Л.Р., Нугуманова С.Б. Наука об обучении и новая образовательная практика: Учеб.-метод. пособие: В 2-х кн.– Нур-Султан-Алматы: Изд-во «Эверо», 2019. – т. 1. – 304 с.

3. О начальной и средней школе: Постановление ЦК ВКП (б) от 5 сентября 1931 года//Народное образование в СССР. Сборник документов. 1917-1973 гг. - М.: Педагогика, 1974. – С.156-161.

4. Об учебных программах и режиме в начальной и средней школе: Постановление ЦК ВКП (б) от 25 августа 1932 года //Народное образование в СССР. Сборник документов. 1917-1973 гг. - М.: Педагогика, 1974. – С.161-164.

5. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Васильева Е.Н. Избранные дидактические произведения: В 5-ти т./ Под ред. А.Сейтешева. – Алматы: Изд-во «Эверо», 2018. – т.5. – ч.I. - 324 с.

6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

7. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: В 2 т. - М.: НИИ школьных технологий, 2006. - т.1. - 468 с; т.2. - 401 с.

8. Об организации и проведении обучения сотрудников Министерства образования и науки Республики Казахстан и его подведомственных организаций с участием международных и казахстанских экспертов. Приказ Председателя Правления Автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» от 26 августа 2014 года № 396/ОД//Электронный ресурс: www.nis.edu.kz.

9. Концепция развития образования и науки Республики Казахстан до 2030 года/ Б.Т.Абыканова, А.М.Абзалханова, Н.Н.Будищева, Е.Н.Васильева, Е.В.Веричева, Н.А.Викулина, А.И.Говорова, Н.О.Жетпеисова, М.Ж.Жунусова, А.К.Игибаева, Б.Т.Кадрин, А.К.Кагазбаева, Т.Г.Кашигина, С.А.Иванова, З.К.Конурова, В.Н.Косов, Г.М.Кусаинов, В.Ф.Малых, М.М.Мукаметкали, С.Б.Нугуманова, Г.С.Сапарова, П.И.Тушнолобов, К.К.Шалгынбаева / Под ред. Е.Н.Васильевой, Г.М.Кусаинова. – Алматы: Изд-во TechSmith, 2020. – 105 с.

10. Закирьянов К., Кусаинов Г. Классно-урочная школа: пора прощаться//Учитель Казахстана. – 1993. - №18. – 12 ноября.

11. Ушинский К.Д. Труд в его психическом и воспитательном значении//Собр. соч. в 11 т. – М.-Л.: АПН РСФСР, 1948. – т.2. – С.333-361.

12. Белоусов С. Системы организации образовательной работы //Педагогическая энциклопедия: В 3 т./ Под ред. А.Г.Калашникова. - М.: Работник просвещения, 1927. - т.1. - С.530-546.

13. Коменский Я.А. Великая дидактика// Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1982. - т.1. – С.242-476.

14. Савенков А.И. Детская одаренность // Электронный ресурс: http://adalin.mospsy.ru/l_01_12.shtml (13.08.2020).

15. Габдулхаков В.Ф. Одаренность и ее развитие в условиях взаимодействия общеобразовательной школы и университета. Учебно-метод. пособие / Казань: РИЦ «Школа», 2012. 174 с.

16. Школьных учителей отправят на онлайн-курсы//Электронный ресурс: https://news.mail.ru/politics/42566382/?frommail=1 (13.08.2020).

17. Блонский П.П. Избранные педагогические сочинения. – М.: АПН РСФСР, 1961. – 695 с.

18. В Казахстане почти треть школьников к 17 годам страдает сколиозом// Электронный ресурс: http://abctv.kz/ru/last/v-kazahstane-pochti-tret-shkolnikov-k-17-godam-stradaet-sko(19.10.2017).

19. Обратная сторона карантина — увеличение количества суицидов в Казахстане// Электронный ресурс: https://mk-kz.kz/incident/2020/06/10/obratnaya-storona-karantina-uvelichenie-kolichestva-suicidov-v-kazakhstane.html (10.06.2020).

20. Мавлоний Д. Казахстан занимает третье место в мире по количеству суицидов//Электронный ресурс: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30468239#pos=4;-98 (13.08.2020).

21. Knowles, M.S., Holton E. F., Swanson, R.A. The Adult Learner: The Definitive Classic in Adult Education and Human Resource Development. – 6th edition. – London, New York, etc.: ELSEVIER Butterworth Heinemann, 2005. – 378 p.

22. Асхат Аймагамбетов, министр образования и науки: Школу не должно трясти от реформ/О. Акулова// Электронный ресурс: https://time.kz/articles/ugol/2020/07/15/ashat-ajmagambetov-ministr-obrazovaniya-i-nauki-shkolu-ne-dolzhno-tryasti-ot-reform (15.07.2020).

УДК 37.013

АҚБАРҚАН ДАУЛЕТӘЛІ
PhD докторы, аға оқытушы
Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Еуразия ұлттық университеті Л.Н. Гумилев
Нұр-Сұлтан

ЖЕЛІЛІК МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ИДЕЯЛЫҚ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫНА ЗЕРТТЕУ

Түйін. Интернет мәдениетінің ерекшеліктері мен функцияларын нақтылап, Интернет мәдениеті мен мектеп оқушыларының идеялық-адамгершілік тәрбиесінің өзара байланысын түсініп, екі жақтан да ойлана отырып, Интернет-мәдениеттің мектеп оқушыларына идеялық-адамгершілік тәрбиесіне әсер етуінің қазіргі жағдайын шынайы тұрғыдан талдауымыз қажет.

Түйінді сөздер: Интернет мәдениеті, мектеп оқушылары, идеялық-адамгершілік тәрбиесі, моральдық көзқарасы.

Резюме. После выяснения характеристик и функций интернет-культуры, понимания взаимосвязи между интернет-культурой и идеологическим и нравственным воспитанием учеников школы, после размышлений с обеих сторон, нам необходимо проанализировать текущую ситуацию влияния интернет-культуры на идеологическое и нравственное воспитание учеников школы с реалистичной точки зрения.

Ключевые слова: Интернет-культура, школьники, идейно-нравственное воспитание, моральная точка зрения.

Summary. After clarifying the characteristics and functions of Internet culture, understanding the relationship between Internet culture and the ideological and moral education of school students, after thinking from both sides, we need to analyze the current situation of the influence of Internet culture on the ideological and moral education of school students from a realistic point of view.

Keywords: Internet culture, pupils, ideological and moral education, moral point of view.

Қазақстанда Интернет мәдениеті тұрғысында оқушыларға идеялық-адамгершілік және идеялық-адамгершілік тәрбие беруде белгілі бір проблемалар бар. Бір жағынан, Интернет мәдениеті мектеп оқушыларының идеялық-адамгершілік тәрбиесіне белгілі бір жағымсыз және жағымды әсер етті. Екінші жағынан, Интернет мәдениетін мектеп оқушыларына идеялық-адамгершілікке тәрбиелеуге мүмкіндіктер ашатын желілік білім беру платформасының көмегімен жасауға болатындығын көрсетті.

(1) Қазақстан мектептерінде онлайн-мәдениетке байланысты оқытудың жеткіліксіздігі.

Жүргізілген зерттеулерге сенсек ата-аналардың немесе мұғалімдердің мектеп оқушыларына арналған онлайн ұсыныстары тұрғысынан " үйде немесе мектепте емес" үлесі 32,4% жеткенін көруге болады. Мектептерде онлайн-мәдениетті оқытуда әлі де болса кемшіліктер бар екенін байқауға болады. Оқыту тұрғысынан мұғалімдер негізінен сыныптағы оқыту теориясына назар аударады. Сонымен бірге педагогикалық іс-әрекет сынып бағдарламасының стандарттарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады, бұл идеялық-адамгершілік тәрбиесінде практикалық оқыту мен педагогикалық өзара әрекеттің болмауына әкеледі. Идеялық-адамгершілік тәрбиесінің бүкіл сыныбы адамгершілік аударма процесіне айналды. Оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен құрылысынсыз интерактивті оқытудың болмауы оқытудың әсерін қанағаттанарлықсыз етеді. Оқыту мазмұны заман ағымына ілеспейді, бірақ оқу материалдарының стандарттарына сай келеді. Сонымен қатар оқыту әдісі де дәстүрлі оқыту әдісі болып табылады. Бұл қазіргі заманғы Қазақстандағы идеялық-адамгершілік тәрбиесінің проблемасы.

Сонымен қатар, мектепте желілік мәдениет оқытылмайды. Мектеп желілік мәдениетті оқыту мен басшылыққа алудың маңыздылығын түсінбейді, бірақ оқу әрекеттерін қолданыстағы оқу материалдары негізінде жүргізеді. Барған сайын күрделі желілік мәдениет, мазмұн мен ойын-сауыққа бағытталған қозғалыс жағдайында әрі мектеп оқушыларға желілік мәдениет туралы білім беруі керек. Білім беру қызметі арқылы мектеп оқушылары желілік мәдениеттің жоғары стандарттарын түсіндіре алады және оқушыларға білім бере алады.[Нурмухаметов Н., 2015ж. б.15-19.]. Желілік мәдениет жағдайында оқушлардың желілік ақпаратты ажырата және қолдана білуі өте маңызды, әсіресе ақпаратты ажырата білу. Уақыт сайын капитал мен ресурсқа айналған сайын ақпаратты анықтай білу өте маңызды. Сәйкес желілік мәдениетті оқыту арқылы ғана оқушларға желілік мәдениет аясында өзде-

ріне керекті ақпаратты қалай таңдауға болатындығын, ойын-сауық жағдайында өз рухына әсер етпеуді үйренсін, бұл идеялық-адамгершілік тәрбиесі дәл солай болуы керек.

(2) Қазақстанда қалыптасқан идеялық-адамгершілік тәрбиесі мектеп оқушыларының қызығушылығын ояту қиын.

Кей жүргізілген сауалнамаға сәйкес, тұтастай алғанда, бастауыш сынып оқушыларының идеялық-адамгершілік тәрбиесі курстарына деген көзқарасы антипатияға бейім. Олардың ішінде ұнатпау 35,5%, ал жалпы алғанда 23,7% құрады. Сонымен бірге мектеп оқушыларының сүйікті оқыту әдістерін мұғалімдер қолданатын оқыту әдістерімен салыстыра отырып, мұғалімдер негізінен сабақта теориялық оқытуды қолданатындығын байқауға болады, ал мектеп оқушыларының сүйікті оқыту әдістері - бұл әлеуметтік практика және рөлдік ойындар, ал ең азы сүйікті әдіс - сыныпта оқыту. Мұғалімдер мектептегі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік практикаға және рөлдік ойындарға уақытты аз пайдаланады. Сұхбат барысында барлық студенттер сыныптағы теориялық оқудың өміршеңдігі жетіспейтіндігін, «кейде олар мұның артықшылықтары не екенін түсінбейді» деп мәлімдеді. Бұл мұғалімдер сабақ беру кезінде оқушылармен қарым-қатынас жасамайтындығын көрсетеді, екінші жағынан, бұл мұғалімдердің идеялық-адамгершілік тәрбиесінің құндылығы туралы түсіндірменің болмауы немесе оқушыларға қажетті құндылық анықтамасының болмауы оқушыларды өз зерттеулерінде прагматикалық болып көрінетіндігін көрсетеді. Бірінші мектептің сыртында мектеп оқушылары өздерінің тәжірибелеріне өте ынталы. Олар тек қоғамдық тәжірибеге қатысу қызықты деп санайды және олар тікелей тәжірибе де ала алады. «Қазір есте қалған кейбір сезімдер маған өте қуанышты болып көрінеді. Мысалы, мен қарт атасына оған су құюға көмектестім. Ол рахмет дегенде, мен өзімнің жетістіктерімді сезіндім». Мектептің оқушылары үшін абстрактілі ойлау дамымағанын, белгілі бір образдарды бейнелеуге көбірек бағытталатындығын байқауға болады, сондықтан белгілі бір оқиғалар немесе нақты іс-әрекеттер арқылы олардың идеология мен адамгершілік туралы түсініктерін жетілдіру, сонымен қатар теорияларды практикада қолдану қабілеттерін жетілдіру қажет.

Жалпы, идеялық-адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктеріне қарап, идеялық-адамгершілік теориясын оқушылардың жеке тәжірибесімен ұштастыру қажет. Сонымен, сыныптағы теорияны оқыту сөзсіз маңызды, бірақ мектеп оқушыларын практикалық іс-шараларға қатысуға немесе оқушылардың өздері өнегелік әңгімелер құруға немесе бар әңгімелер бойынша рөлдік ойындар ойнауға ұйымдастыру - бұл да өте маңызды оқыту әдісі. Бұл екі әдіс те мектептегі оқушыларға жағдайды түсінуге, ситуациялық тәжірибеде эмоционалды резонанс алуға және адамгершілік теориясы туралы түсініктерін жетілдіруге көмектеседі.

(3) Идеялық және адамгершілік тәрбиесі үшін мектеп желілік платформасын әзірлеу қажет.

Студенттер арасында жүргізілген сауалнамалар мен мұғалімдермен сұхбаттарға сәйкес, Қазақстандағы мектептерде әлі де болса идеялық-адамгершілік тәрбиесінің желілік платформалары жетіспейді. Мына сұраққа: «Егер мектепте идеялық-адамгершілік білім алуға болатын веб-сайт болса (мысалы, бейнематериалдар, мультфильмдер, мәтіндер) және т.с.с. қалай қарайсыз?». Бұл сұрақтың жауабына қатысты, жоғарыда айтылғандай, оқушылардың көпшілігі қарау керек деп жауап берді. Бұл мектеп оқушыларының желілік платформада идеялық-адамгершілік тәрбиесіне үміт артып, осы тәсілді қабылдауға белгілі бір қабілеті бар екенін көрсетеді. Алайда, мектептің желілік платформасының құрылысына қарағанда, мектепте идеялық-адамгершілік тәрбиесі үшін арнайы желілік платформа жоқ. Үш мектептің жеке веб-сайттары болғанымен, оларда идеялық-адамгершілік білім мазмұны жетіспейді және негізінен мектеп саясаты мен жаңалықтарын жариялайды. Алайда мектеп бағдарламасының стилінде идеялық-адамгершілік тәрбиесін құруға арналған алаң жоқ.

Қазақстандағы қолданыстағы онлайн-ақпараттық платформаларға қарағанда, мазмұн негізінен ойын-сауыққа немесе білім алуға бағытталған, бірақ идеялық-адамгершілік тәрбиесі үшін онлайн-алаң құру жоқ. Қазіргі уақытта "Моральдық Қазақстан" Қазақстанда ықпалды, бірақ оның мазмұны әлі де жетілдіруді қажет етеді және дәстүрлі мәдениетті қазіргі мәдениетпен үйлестіретін мазмұнға ие емес. Осыған байланысты күшейту қажет. Бір жағынан, оқушылар Интернет арқылы мәдени ықпалға деген құлшыныстарын арттыра түседі. Екінші жағынан, мектептің желілік платформасы дамымаған. Оқушлардың ақпарат алу тәсілдерінің және идеялық-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы мен сипаттамаларының қазіргі жағдайына тап болған Қазақстан мектептердегі идеялық-адамгершілік тәрбиесінің желілік платформасы әрі қарай дамуды талап етеді.

Қазақстандағы мектеп оқушыларын идеялық-адамгершілікке тәрбиелеу проблемаларының себептері.

(1) әр түрлі желілік мәдениетті бақылау жеткіліксіз.

2014 жылы Қазақстан жүргізген сауалнамаға сәйкес, қазақстандықтар желілік қауіпсіздікті алаңдатады және тек теміржол билеттерін немесе әуе билеттерін сатып алғанда ғана интернет арқылы сауда жасауға батылы барады. Респонденттердің 36,8% Интернеттен ештеңе сатып ал-

майтынын айтты. Респонденттердің 27,6% -ы әуе билеттерін брондауға және пойызға билеттерді тек интернет арқылы беретіндіктерін көрсетті. 2013 жылдың шілдесінде британдық scoupos қауіпсіздік компаниясы «Спамның он екі елі» атты есеп жариялады, онда Қазақстан спамның 3,3% -ы бойынша сегізінші орында тұр. Бір жағынан адамдардың желіге деген сенімсіздігі қорқыныш тудыратынын көруге болады; екінші жағынан, желінің өзі бақыланбайды және желінің қауіпсіздігіне кепілдік берілмейді. 2009 жылы Қазақстан желілік қадағалауға түзету қабылдады. Бұл ұсыныс негізінен Интернетті мақсат етеді, өйткені жаңа бұқаралық ақпарат құралдары мен дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары вебсайттар, чат бөлмелері, VAP клиенттері және т.с.с. сияқты заңдық жауапкершіліктер бойынша эквивалентті болуы керек. Кез-келген жарияланған ақпарат жала жабу және үкіметке қарсы, ұлт пен діни көзқарасқа наразылық білдіру [Сапабеков Д., Жұматаева Е., 2013 ж. б.42-43.]. Жанжалдар тікелей бұғатталады. Бұл ұсыныс сол кезде сәйкестіктің болмауына байланысты желілік ортаны едәуір жақсартқанымен, кейбір реакциялық пікірлерді желіден көруге болады. Авторды тергеу барысында кейбір студенттер әлі де тиісті ақпаратқа қол жеткізе алатынын байқауымыз мүмкін. «Қазіргі желі жағдайына қалай қарайсыз?» Тақырыбындағы сауалнамада. Мектеп оқушыларының 53,1% -ы «жақсы, сіз оны анықтап алуыңыз керек», ал мектеп оқушыларының 20,7% -ы «жаман, тым көп жаман ақпаратты» таңдап алды. «Бұл сонымен қатар, Қазақстандағы желілік орта жақсартуды қажет ететіндігін және үкімет бақылауды күшейтуі керек екенін көрсетеді желі. Соңғы жылдары желіні бақылау тұрғысынан алғанда Қазақстан да желілік қауіпсіздікті қалыптастыруға көмектесу үшін көп күш жұмсады. Қазақстанда 2014 жылдан бері терроризмді, зорлық-зомбылық пен экстремизмді насихаттайтын 900-ден астам веб-сайт жабылғаны хабарланды. 2012 жылы медиа-бағдарламалаудың 100 540 сағаты, 6 1087 баспа құралы және 170 порталдың веб-сайты қарастырылды. Желілік мәдениеттің күрделене түскен ортасы және ақпараттық технологиялардың дамып келе жатқан жағдайында үкіметке қадағалау технологияларын үнемі жетілдіріп отыру, қадағалау мен есеп беру рухын арттыру, үкімет пен веб-сайттардың ынтымақтастығы сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және желіні қауіпсіз әрі жасыл күйінде ұстау қажет.

Желілік қауіпсіздік тұрғысынан алғанда Қазақстан үлкен жетістіктерге қол жеткізді, жеке өмір мен жеке алаяқтық туралы есептер азайып барады. Дегенмен, кейбіреулер үшін тым көңіл көтеретін, ақшаға табынуды, гедонизмді, тіпті американдық құндылықтардың таралуын, реакциялық мазмұнның таралуын және басқаларды насихаттайтын кейбір мазмұн үшін әлі де салыстырмалы түрде маңызды. Қазақстан үкіметі де кибер өркениеттің алға басуы мен дамуына ықпал ету үшін өзінің құқық қорғау қызметін үнемі күшейтіп отыруы қажет.

(2) Ата-аналар мен мектеп желілік мәдениетті түсінбейді.

Интернет ортасы қанағаттанарлықсыз болса да, ата-аналар мен мектептерде Интернет-мәдениет туралы білім жеткіліксіз, мектеп оқушыларына басшылық пен нұсқаулық берілмейді. Ата-аналарға келетін болсақ, бір жағынан олар интернеттен тым қорқады және мектеп оқушыларына Интернетке қосылу барысында кері әсерін тигізеді деп қорқады, бірақ олар мектептегі оқушылардың табиғи қызығушылық танытатындығына сенбейді. Бақылау мен ұстамдылық қаншалықты көп болса, соғұрлым ол оларды ынталандыруға ынталандырады. Психология. Екінші жағынан, ата-аналар тым еркін, сондықтан мектеп оқушыларына Интернет әлемінде қажетті стандарттар мен ережелер жетіспейді, бұл Интернетке тәуелділікке және одан шыға алмауға әкеледі. Қытайда ежелгі сөз бар: «Шығарудан гөрі бұғаттаған жақсы», тағы «мың шақырымдық қорған құмырсқа илеуінде құлады» деген сөз бар. Ең бастысы - ғылыми дәреже алу керек екендігі байқалады. Ата-аналар мектептегі оқушылардың желідегі мінез-құлқындағы кейбір жағымсыз әрекеттерге әкеліп соқтыратын «дәреже» туралы білмейді және олар Интернетке тәуелді болады. Мектептерде мұғалімдерге сәйкес желілік өркениеттерге түсінік жетіспейді. Мұғалімдердің көпшілігі не оқу бағдарламаларының стандарттарына сәйкес түсіндіреді немесе студенттердің оқуға онлайн режимінде өтуіне тікелей мүмкіндік береді. Желілік мәдениетте қажетті басшылықсыз шектен шығу өте оңай. Сауалнамаға сәйкес мектеп оқушыларының үштен бірінде (32,4%) көпшілігінде мектеп оқушыларының интернеттегі тәртібіне қатысты ата-ана мен мектеп тәлімгерлігі жоқ екендігі анықталды. Сұхбат барысында кейбір мұғалімдер ашық түрде «Бізде Интернет мәдениеті туралы мұндай түсінік жоқ. Біріншіден, біз бұл орта мектеп оқушыларының идеологиясы мен адамгершілігіне әсер ететінін түсінбедік. Екіншіден, Интернеттің қазіргі дәуірін ескере отырып, біз өзімізге тиісті теориялық білім жетіспейді және қалай түсіндіретініміздің білмейміз ». Мұғалімдердің жеке қасиеттері мұғалімдердің жеке хабардарлығы мектептердің идеялық-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін маңызды себептердің бірі болып табылады.

Интернеттегі қазақстандық ата-аналар мен мұғалімдерде әлі күнге дейін мәдени сауаттылық жеткіліксіз, бұл мектеп оқушыларының Интернеттегі мінез-құлқы туралы өздерінің ұсыныстарының жетіспеуіне алып келеді, бұл мектеп оқушыларының идеялық-адамгершілік қасиеттерін жақсартуға ықпал етпейді.

Мектептегі оқушылардың өзін-өзі бақылауы мен ерік-жігері жетіспейді.

Мектептегі оқушылардың Интернетке тәуелді болуының негізгі себептері Интернеттегі жаман мінез-құлық туралы түсініксіз түсінікке ие, ал утилитарлы моральдық пікірлер олардың өзін-өзі басқара алмауы мен пікірлерінің болмауының негізгі себептері болып табылады. Бастапқы деңгейде мектеп оқушыларының адамгершілік дамуы табиғатта тұрақсыз және оған сыртқы факторлар оңай әсер етеді [Нургалиева Г., Артыкбаева Э., 2010 ж. б.5-6.]. Канттың адамгершілік заңдары бойынша жүректің абсолютті заңдарына деген сенім ғана шынайы ізгілік болып табылады. Мектептің оқушыларына өздерінің мінез-құлықтарын басқаруға қажетті ішкі ережелер жетіспейді. Интернеттегі ойын-сауық, ойындар мен виртуалды әлем жағдайында өздерінің өмір сүру мағынасында олар рецепт жағдайынан рецептсіз немесе тіпті рецептсіз күйге ауысады. Осылайша, тағайындау жағдайы мінез-құлықтағы бақылаудан шығып, Интернетке тәуелді болды. Сауалнамаға қатысқан 10 мектеп оқушысының ішінде 8-і компьютерде ойнау кезінде оларды тоқтату қиын екенін айтты. «Интернеттен өзіме қажет нәрсені таба алатындықтан, бұл мені босаңсытып, өзімді өте бақытты сезінемін». «Әдетте менің анам маған ойын мен спортпен айналысуды доғаратын, сондықтан мен оны әрең тоқтаттым». Сонымен бірге мен сауалнамаға жауап бердім. «Интернетке тәуелдімін деп ойлайсыз ба?» Деген сұраққа қатысты. Студенттердің 24,6% -ы тәуелді болуы мүмкін, ал оқушылардың 16,3% -ы тәуелді екенін айтты. Бұл сонымен қатар мектеп оқушыларының көпшілігінде Интернет мәдениеті жағдайында өзін-өзі бақылаудың белгілі бір дәрежесі жоқ екенін көрсетеді. Бұл ақпаратты таңдаудың жеткіліксіздігіне және желіні пайдалану процесінде уақытты басқару мүмкіндігіне әкеледі және бұл оңай түсінбейді.

Екіншіден, шешімге келер болсақ, мектеп оқушылары интернеттегі мінез-құлық тенденцияларын әлі күнге дейін соқыр түрде қадағалап отырады. Сонымен қатар, олар көбінесе субъективті сезімдерді Интернетте жарияланған ақпаратты бағалау стандарты ретінде пайдаланады. Мысалы, «жаман мінез» дегенімізге келетін болсақ, оқушылардың көпшілігі өзін ыңғайсыз сезінетін мінез-құлық деп санайды және бағалаудың арнайы стандарты жоқ. Көңіл көтеру арқылы жасалатын жаман қылықтар, мысалы, мемлекеттік тудың қалжыңдары, ерсі қылықтардан туындаған дене жарақаттары, олардың бәрі мұны ойын-сауықтың бір түрі деп санайды және бұл маңызды емес. Қажетті шешім болмаса, әдеттен тыс мінез-құлыққа әкелетін соқыр еліктеу оңай.

Осылайша, мектеп оқушыларының жетілмеген менталитетіне байланысты оларда өзін-өзі бақылау мен пайымдау, сондай-ақ жақсы мен жаманды ажырата білу қабілеттері жетіспейді, сондықтан олар желілік ортаның әсеріне осал болып, идеология мен адамгершіліктің дамуына әсер етеді. Бұл үдерісте ата-аналарға және мұғалімдерге басшылық жасау және жақсы желілік орта құру ерекше маңызды. Мұғалімдерге білім берудегі жаңашылдық рухы жетіспейді.

Джеймс Мартин ғылым мен техниканың «бөліну әсері» білімнің жаңару қарқынын одан әрі жеделдетеді деп санайды. Біздің ақпараттық қоғам дәуірінде білімнің жаңару қарқыны барлық ойдан жоғары. 19 ғасырда білім 50 жылда бір жаңарып отырды, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде цикл шамамен 7 жыл болды, ал қазір бұл 2-3 жылда елеулі жаңару болып табылады. Білімнің жаңару үдерісін жеделдететін біздің дәуірде білімді бұрынғы кезде жай жинақтау нақты емес және бұл қоғамның жедел дамуына бейімделу қиын. Болашақ таланттарды, әсіресе мұғалімдерді дамыту кәсібі мұғалімдерден уақыттың дамуын қадағалай білуді және білімнің тез жаңаруына бейімделе білуді талап етеді. Алайда, Қазақстан мұғалімдері оқыту барысында бұрынғы оқыту моделін қолдануды жалғастыруда және сонымен бірге пәнді мәтінге сәйкес таратады, тек оқу мазмұны ретінде оқулықтарды қолданады және бірыңғай оқыту әдісін қолданады. Авторлық сауалнамаға сәйкес, біз идеялық-адамгершілік тәрбие түрінде теориялық оқыту негізінен пайдаланылатындығын көреміз, бұл 83,6% құрайды. Сұхбаттасқан барлық сегіз мұғалім олардың сабақтары көбінесе сыныпта болатындығын көрсетті. Мұның себебі «бұл ең қарапайым әдіс. Жоғарыда айтқанымыздай, оқушылар төмендегіні тыңдайды және оқулықтан оқушыларға білім беруді максималды түрде бере алады ». Мұғалім өзі үшін қарапайым оқыту әдісін қарастырды. Нұсқаулық шамадан тыс жобалаудың қажеті жоқ болғандықтан. Бірақ мектеп оқушылары арасында студенттердің 10,2% -ы ғана оқытудың осы әдісін жақсы көреді және идеялық-адамгершілікке тәрбиелеу курстарын мағынасыз деп санайды. Идеялық-адамгершілік тәрбиесінің желілік платформасын құруға келетін болсақ, бұл үш мектеп те жетіспейді. Желілік платформада идеялық-адамгершілік білім мазмұнын дамыту және құру үнемі кеңеюі керек. Интернет мәдениеті дәуірінде мектеп оқушылары кеңірек көзқарасқа ие болғандықтан, олардың қабылдағысы келетін нәрселер алуан түрлі және олардың сүйікті мазмұнын ұсыну түрлері қызықты болады. Мұғалім ретінде, егер ол уақыт талабына сай оқудың қажетті қабілеті болмаса, оны тартымды ету қиын.

Оқытуда инновациялық рухтың болмауына байланысты мұғалімдер идеялық-адамгершілік тәрбиесін қарапайым және қол жетімді етіп беруге тырысады, бұл студенттердің идеялық-адамгершілік білім беру курстарын төмен қабылдауына әкеледі, ал тәрбиелік әсері қанағаттанарлықсыз. Қазіргі көпмәдениетті дамыған дәуірде, интернет мәдениеті өркендеген дәуірде, оқушылардың білімі мен көзқарасы кез-келген уақытта

мұғалімдерден асып түсетін дәуірде мұғалімдер заман ағымына ілесіп, оқыту әдістерін өзгертуі керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зертелуде негізінен автордың мектептегі зерттеулерін біріктіреді және желілік мәдениет аясында Қазақстандағы мектеп оқушыларының идеялық-адамгершілік мәртебесінің қазіргі жағдайына талдау жасайды. Сауалнамалар мен сұхбаттардың көмегімен біз бар мәліметтерді жинақтап, есептеп шығардық. Талдау көрсеткендей, қазіргі кездегі Қазақстандағы мектеп оқушылары ақпарат алу үшін бірінші кезекте Интернет мәдениетіне сүйенеді. Идеология мен этика тұрғысынан негізгі проблемалар мыналар: мектеп оқушыларының Интернет мәдениеті туралы ақпаратқа қол жетімділігі көңіл көтереді. Жалпыға ортақ Интернет мәдениеті мектептің бос уақытының көп бөлігін алады, мектеп оқушылары Интернеттегі жаман мінез-құлық туралы түсініктері аз, ал олардың моральдық көзқарасы утилитарлы болып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстандағы қашықтықтан білім беруді дамыту мәселелері ☆ [J]. Процедуралық-әлеуметтік және мінез-құлық ғылымдары. [Нурмухаметов Н., 2015ж. б.15-19.]

2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім берудің инновациялық технологияларын енгізу [J]. Таяу Шығыс журналы ғылыми зерттеулер журналы, [Сапабеков Д., Жұматаева Е., 2013 ж. б.42-43.]

3. Қазақстан Республикасында ақпараттық және білім беру ортасын қамтамасыз ету [J]. Мұғалімдердің білімін жетілдіру.[Нургалиева Г., Артыкбаева Э., 2010 ж. б.5-6.]

ӘОЖ 371. 3:54

АЛТЫНБЕКОВА МИНАШ ОРАЗБЕКОВНА
Химия ғылымдарының кандидаты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
Түркістан, Қазақстан

БАБАЖАНОВА ГУЛФИНА ИСЛАМҚЫЗЫ
7М01535-Химия педагогтерін даярлау мамандығының магистранты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

ХИМИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Түйін. Мақалада білімгерлердің білімі мен дағдысын бағалауда қалыптастырушы бағалау әдістемесінің тиімділіктерін арттырудың жолдары қарастырылды. Қалыптастырушы бағалау білім алушының өсуі үшін бастама бола алады. Бұндай бағалау мұғалімнің көңіл-күйімен және басқа да жағдайлармен байланысты емес. Оның басты артықшылығы – әр білімгердің өз нәтижелерін бағалауы, нәтижелерді жақсарту үшін өз бетінше жұмыс жасай алуы. Қалыптастырушы бағалау білімгер үшін де, мұғалім үшін де маңыздыекендігі, білім алушы алдына мақсаттар қою арқылы оқу процесінде қолданатын тәсілдерді анықтауы және шешу жолдарын қарастыра отырып бағалауы келтірілген. Қалыптастырушы бағалау білім алушының өсуі үшін бастама бола алады. Бұндай бағалау мұғалімнің көңіл-күйімен және басқа да жағдайлармен байланысты емес. Оның басты артықшылығы – әр білімгердің өз нәтижелерін бағалауы, нәтижелерді жақсарту үшін өз бетінше жұмыс жасай алуы.

Түйінді сөздер: қалыптастырушы бағалау, жаңартылған бағдарлама, критериалды бағалау жүйесісінің ережесі, инновациялық әдістеме, оқу бағдарламасы.

Резюме. В статье рассмотрены пути повышения эффективности методики формативного оценивания при оценке знаний и умений обучающихся. Формативное оценивание может служить началом для роста обучающегося. Такая оценка не связана с настроением учителя и другими ситуациями. Его главное преимущество-каждый обучающийся должен оценивать свои результаты, уметь самостоятельно работать над улучшением результатов. Формативное оценивание важно как для обучающегося, так и для учителя, с определением подходов, используемых обучающимся в учебном процессе, путем постановки перед ним целей и рассмотрения путей решения. Формативное оценивание может служить началом для роста обучающегося. Такая оценка не связана с настроением учителя и другими ситуациями. Его главное преимущество-каждый обучающий должен оценивать свои результаты, уметь самостоятельно над улучшением результатов.

Ключевые слова: формативное оценивание, обновленная программа, правила системы критериального оценивания, инновационная методика, учебная программа.

Summary. The article discusses ways to improve the effectiveness of the method of formative assessment in assessing students ' knowledge and skills. Formative assessment can serve as a beginning for the student's growth. This assessment is not related to the teacher's mood or other situations. Its main advantage is that each student must evaluate their results and be able to work independently to improve their results. Formative assessment is important for both the student and the teacher, with the definition of approaches used by the student in the educational process, by setting goals and considering solutions. Formative assessment can serve as a beginning for the student's growth. This assessment is not related to the teacher's mood or other situations. Its main advantage is that each trainee must evaluate their results and be able to work independently to improve their results.

Keywords: formative assessment, updated program, rules of the criteria assessment system, innovative methodology, curriculum.

Қазақстан Республикасының алғашқы Президентінің Жолдауында: «Дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін біз жоғары білімді ұлт болуымыз қажет. Біздің балаларымыздың, жалпы алғанда өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына үлкен назар аудару керек. Бұл біздің балаларымыздың қазіргі өмірге бейімделуі үшін өте маңызды» [Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства. Методическое пособие].

Бүгінгі таңда дәстүрлі білім беру жүйесі тез өзгеріп жатқан әлемнің талаптарына сәйкес келмейді, ол барған сайын тұрақсыз болып келеді. Сондықтан жалпы білім беру құзыреттілігін қалыптастыруда, оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесінде жаңа тәсілдер қажет.

Бағалаудың дәстүрлі жүйесі оқушылардың жетістіктерінің динамикасын объективті түрде

көрсете отырып, оқушылардың академиялық білімін тексеруге бағытталады [Оқушылардың оқу жетістіктерін критеһиальды бағалау., 2013, 4 б.].

Бағалау – білімгердің оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен бірге білім беру сапасын жақсарту мақсатында білім алушы туралы деректерді жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі болып есептеледі. Бағалаудың 6 түрі белгілі:



Қалыптастырушы бағалау – бұл білімгерлерге нәтижелерін жақсарту үшін қандай қадамдар жасау керектігін түсінуге мүмкіндік беретін кері байланыс болып есептеледі.

Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты – әрбір жеке оқушының нәтижелерін жақсартуға ықпал ету [URL: https:// sites.google.com/ site/ uzadacha/m- 4-kriterii-ocenivania- dla-ucebnyh-zadac].

Қалыптастырушы бағалау қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетін бағалау жүйесіндегі жаңа тәсіл. Қалыптастырушы бағалау білімгерлердің оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік беретін, оның жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр оқушының үлгерімін көруге мүмкіндік беретін тиімді құрал болып есептеледі.

Ағылшын ғалымдары П. Блек және Д. Уильям формативті бағалаудың 5 түрін анықтап көрсетті. Олар:

- Оқушылардың нәтижелі кері байланысын қамтамасыз ету.
- Оқушының оқу процесіне белсенді қатысуы.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқу процесіне түзетулер енгізу.
- Бағалау оқушылардың өзін-өзі бағалауына және сабаққа деген қызығушылығына терең әсер етеді, бұл өз кезеңінде сабаққа деген ынтасын арттырады.
- Оқушылар өз білімдерін өздері бағалай білуі керек.

Қалыптастырушы бағалау білімгер үшін де, мұғалім үшін де маңызды. Білім алушы алдына мақсаттар қою арқылы оқу процесінде қолданатын тәсілдерді анықтайды және шешу жолдарын қарастырады және бағалайды. Мұғалімнің басшылығымен одан әрі білімін жетілдіріп, алға қадамдар жасайды. Қалыптастырушы бағалау мұғалімге білім алудың ағымдағы деңгейін объективті бағалауға, оқушылардың білім деңгейін жетілдіруде оқу материалдарының диагностикасын анықтауға мүмкіндік береді және әрі қарай оқу процесін жақсартуға көмектеседі. Қалыптастырушы бағалау нақты тұжырымдалған бағалау критерийлерін қолдануды қамтиды. Олар түсінікті тілде және оқушылар мен ата-аналарға оң ықпалын тигізеді. Бұл бағалау процесін объективті және ашық етуге мүмкіндік береді. Әр бір оқушы өзінің жұмысының қандай критерийлер бойынша бағаланатынын білуі тиіс [О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова., 2016, 8 б.].



Кесте-1. Қалыптастырушы бағалау процесі

Критериалды бағалаудың ережесі

1. Оқыту және бағалаудың өзара байланысын көрсету

Бағалау білім беру бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелерге тікелей байланысты білім берудің бір бөлігі болып саналады. Мысалы ретінде 7- сыныпта «Қоспалар» тақырыбын өткен кезде «неге» және «қалай оқытамыз» деген сұрақтардың негізінде сабақты жүргізе отырып, осы тақырып барысында оқушылар нені білулері қажет егендігін айқындау керек. Яғни, жай заттарды қоспалардан бөліп алу әдістерін, жай және күрделі заттарды тани білу сияқты деректермен таныс болу қажет. Соның нәтижесінде мұғалім кері байланыс жасай отырып білім алушыларды бағалайды.

2. Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау критерийлерге сүйене отырып шынайы, әділ болуы қажет.

3. Ашықтық және нақтылық. Бағалау оқу үдерісіне қатысушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруы және ынталандыруы қажет. Мысалы, 0-сынып оқушыларын сабаққа қызықтыру үшін әртүрлі смайликтерден пайдаланылады.


4. Үздіксіз. Бағаны әр сабақ сайын қойып отырған дұрыс. Сол кезде мұғалім сынып оқушыларының білім деңгейін бақылай алады, оқушыларда тапсырмаларды өз уақытында орындау дағдысы қалыптасады.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру

1. Оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарын айқындау → **2. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру.**
3. Бағалау критерийлерін құру.

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаттары
1	I тарау. Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Элемент, қоспа және қосылыс	7.4.1.1 элементті бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу
2		Зертханалық жұмыс №1 «Заттардың қоспалары мен қосылыстарын салыстыру»	7.4.1.3 элемент, қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу;

Ойлау дағдыларының деңгейлері	Бағалау критерийлері
Талдау, синтездеу, түсіну, анализдеу	Таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін біледі. Элемент – жай зат, қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алады.



Кесте – 2. Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында химияның барлық кезеңдерінде (ұйымдастыру, ұғыну, рефлекс) формативті бағалауды әр түрлі формада жүзеге асыруға болады. Ауызша қарым-қатынас басым болған жағдайда химия сабақтарында қалыптастырушы бағалау әдістері сыни ойлауды, диалогтық өзара әрекеттесуді, өзін-өзі қалыптастыратын оқытуды дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқыту мен білім берудің тиімділігіне оң әсерін тигізеді.

Сабақтың кіріспе бөлімі ретінде ұйымдастыру кезеңі бірлескен орта құруды, үй тапсырмасын тексеруді және болашаққа мақсат қоюды қамтиды. Коллаборативті орта құру барысында мұғалім сұрақтар қоя отырып, сыныптың және әр білім алушының көңіл-күйін бағалайды, осылайша кері байланысты қамтамасыз етеді. Үй тапсырмасын тексеру барысында алдыңғы тақырыптардың даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін көп деңгейлі тесттер қолданылады. Тапсырмалардың дұрыстығын бағалау өзара тексеру немесе өзін-өзі тексеру аясында жүзеге асырылады, бұл білімгерлердің өзін-өзі дамытуына оң әсер етеді. Мұғалім мен білім алушылардың диалогтық өзара әрекеттесу процесінде сабақтың мақсаты айқындалады. Бірлесе отырып мақсат қою мотивацияны дамыту тұрғысынан тұрақты кері байланысты қамтамасыз етеді.

Сабақтың жетекші бөлігі ретінде ұғыну кезеңі екінші деңгейлі материалдармен топтық жұмысты және проблемалық мәселелермен жеке жұмысты қамтиды. Жұмыстың барлық түрлері өзіндік ерекшеліктерімен қалыптастырушы бағалау әдістерін көрсетеді. Ұғыну сатысында бағалаудың басты талабы – білім алушылардың бағалау критерийлерін құруға қатысуы болып табылады.

Рефлексия кезеңі сабақтың қорытынды бөлігі ретінде жаңа тақырыпты қаншалықты сәтті игерілгендігі бағаланады. Рефлексия сатысының міндетті кезеңі білім алушылардың орындаған тапсырмаларының мазмұнын жазбаша, ауызша немесе символдық түрде бағалауы болып табылады. Сонымен қатар мұғалім сабақтың мақсатына жеткен не жетпегендігін білу үшін өзін-өзі бағалайды және өз қызметінің одан әрі бағытын анықтайды. Үй тапсырмасын рефлексия сатысында ұйымдастыру білім алушылардың жеке траекторияларын құруды қамтиды [Зейнолова О.А., 2019, с. 92-94].

Қалыптастырушы бағалау оқу сапасын жақсартуға, алға қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің күнделікті тәжірибесінде әр түрлі бағалау әдістері болуы керек. Мысалы:

1. Тест құрастыру

Бұл әдістің мәні – білім алушылар тақырып бойынша сұрақтарды өз бетінше тұжырымдайды. Тест сұрақтарын өз бетінше құрастыру білімгердің шығармашылық бейімділігін көрсетуге, қткен материалдарды тереңіре пысықтауға мүмкіндік береді. Әдіс қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ ол тақырыптың шекарасын анықтауды, білімін құрылымдауды, жауабын тұжырымдауды талап етеді.

2. «Апталық есептер»

Бұл әдіс арқылы мұғалім оқу процесі кезінде білімгерлерде туындайтын мәселелер туралы біле алады. Ал студент болса, жаңадан алған білімдерін талдауға, оған не түсініксіз болып жатқанын айтуға, өз білімдерін көрсету дағдыларын

және олардың қалай қалыптасқандығы туралы білуге мүмкіндік алады.

Әр апта сайын білімгерлер үш сұраққа жауап беруі сұралады.

- Осы аптада мен не үйрендім?
- Не түсініксіз болды?
- Егер мен мұғалім болсам білімгерлерге материалды түсінгендерін тексеру үшін қанадай сұрақтар қояр едім?

Кері байланыс үшін алынған сұрақтарды оқу арқылы мұғалім:

- Білімгерлерде қалыптасқан мағыналық қиындықтар мен қате түсініктерді анықтайды;
- Пайдалы кері байланыс жасайды және курстың мазмұнын қайта құра алады;
- Білім алушының оқу іс-әрекетін қалай меңгергенін біледі.

3. «Бағдаршам»

Қалыптастырушы бағалаудың бұл тәсілін мұғалім тақырыпты түсіндіруде және қажет болған жағдайда білімгерлердің білімін тексеруде қолдана алады. Түсіндіру процесінде белгілі бір кезеңде мұғалім білім алушылардан бағдаршамның түсі арқылы түсіну деңгейлерін көрсетуін сұрайды.

- жасыл түс: «Мен жасай аламын. Мен оны жасадым».

- сары түс: «Мен онша сенімді емеспін. Маған кеңес қажет».

- қызыл түс: «Мен жасай алмаймын. Көмек қажет».

Қалыптастырушы бағалау білім алушының өсуі үшін бастама бола алады. Бұндай бағалау мұғалімнің көңіл-күйімен және басқа да жағдайлармен байланысты емес. Оның басты артықшылығы – әр білімгердің өз нәтижелерін бағалауы, нәтижелерді жақсарту үшін өз бетінше жұмыс жасай алуы [К.С. Ахметкаримова, К.И. Шубакова, Б.Н.Бигельдинова, 2015].

Қорыта келе, қалыптастырушы критериалды бағалау студенттердің өзара әрекеттесуінің ұжымдық, жұптасқан әдістерін әр т үрлі комбинацияларда біріктіретін, білімгерлердің жұмысы туралы әртүрлі адамдардың пікірлерін салыстырулы және олардың жұмысын өзін-өзі бағалауды қамтитын критерийлерді қолданудың арнайы көп сатылы процедурасын ұйымдастыруды қамтиды. Бұл жағдайда критерийлер кәсіби іс-әрекеттің маңызды белгілерін көрсететін белгілер болып есептеледі. Әр критерийді басқа адамдармен талқылау білімгерге критерийдің мәнін түсінуге және оны басқалардың қаббылдауы мен қарым-қатынасы арқылы әр түрлі тұрғыдан көруге мүмкіндік береді [Землянская Е. Н., 2018, с. 800-811].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства. Методическое пособие. 2012 г.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін критеһиальды бағалау/ Оқу әдістемелеік кешен. – Семей: 2013 ж. 23 б.
3. https://sites.google.com/site/uzadacha/m-4-kriterii-ocenivania-dla-ucebnyh-zadac
4. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-методическое пособие/О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова. – Астана: АОО «Назарбаев Интелектуальные школы», 2016 г. 56 с.
5. Зейнолова О.А. Использование формативного оценивания на уроках географии// «Актуальные научные исследования в современном мире» ISCIENCE.IN.UA. Абай. – Казахстан. 2019 г. 92-94 с.
6. Методы формативного оценивания: из опыта работы тренера: Учебно-методическое пособие/ К.С. Ахметкаримова, К.И. Шубакова, Б.Н.Бигельдинова. – Караганды: РИО «ИПК ПР», 2015 г.
7. Землянка Е.Н., Галямова Э.М., Безбородов М.А. Нелинейная педагогическая система университетической подготовки учителя в информационном обществе // образовательное пространство в информационную эпоху:сб. Науч. Тр. Междунар. Науч.-прак. Конф./под ред С.В.Ивановой. М.: ФГБНУ «Институт стратегии развития образования РАО», 2018. 800-811.

ӘОЖ 371. 3:54

АЛТЫНБЕКОВА МИНАШ
Химия ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

КУЛМЕТОВА ШАХЛО
Магистрант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Мақалада мектепте химияны оқытуда оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру жолдары жан-жақты қарастырылған. Осы саладағы зерттеген ғалымдардың еңбектері талданып, олардың пікірлерінен сараланған. Шығармашылықты дамытудың алғышарттары нақтыланып, химияны жан-жақты және кешенді оқытуда оқушылардың шығармашылық мәселелерін дамытуда терең теориялық білім, оқыту процесіндегі дидактикалық белсенділік ұстанымдар, жалпы орта білім беруге қажетті концептуалдық жолдарды есепке алудың маңызды екендігі сараланған. Мақалада сонымен қатар шығармашылық тапсырмаларды орындағанда оқушылар химия пәніне қатысты ұғымдарды, олардың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білгенін толықтыра түсетіні, заттардың қасиеттерін толық есепке алып, оған тиісті барлық жәйттерді ескеріп, қандайда бір жаңа түйін, тың шешім жасаудағы қатынастарды қамтитын әдістерді меңгеретіндігі әдістемелік тұрғыда түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: шығармашылықты дамыту, шығармашылық қабілет, шығармашылық ойлау, шығармашылық деңгей, шығармашылық ізденіс, шығармашылық тапсырмалар, химияны оқыту әдістемесі, химиялық формула, тәжірибе жасау, шығармашылықпен оқыту, логикалық ойлау.

Резюме. В статье подробно рассматриваются пути формирования творческих способностей учащихся при обучении химии в школе. Анализируются работы ученых, которые занимались в этой области, и их мнения различаются. Указаны предпосылки для развития творческих способностей, важность глубоких теоретических знаний в разработке творческих задач учащихся при комплексном и комплексном обучении химии, принципы дидактической деятельности в учебном процессе, концептуальные подходы к общему среднему образованию. Статья также дает студентам всестороннее понимание понятий химии, их свойств и характеристик с учетом свойств веществ, с учетом всех соответствующих факторов, включая новые подходы к новым решениям.

Ключевые слова: развитие творческих способностей, креативность, творческое мышление, творческий уровень, творческий поиск, творческие задания, методика обучения химии, химические формулы, эксперименты, творческое обучение, логическое мышление.

Summary. The article discusses in detail the ways to form students' creativity in the teaching of chemistry at school. The works of scientists who have studied in this field are analyzed and differentiated from their opinions. Prerequisites for the development of creativity are specified, the importance of deep theoretical knowledge in the development of creative problems of students in the comprehensive and integrated teaching of chemistry, the principles of didactic activity in the learning process, the conceptual approaches to general secondary education. The article also provides students with a comprehensive understanding of the concepts of chemistry, their properties and characteristics, taking into account the properties of substances, taking into account all the relevant factors, including new approaches to new solutions.

Keywords: creative development, creativity, creative thinking, creative level, creative search, creative tasks, methods of teaching chemistry, chemical formulas, experiments, creative teaching, logical thinking.

Мектепте жалпы оқушылардың шығармашылығын дамыту мен қалыптастыру – оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты екенін ұлы ойшылдарымыз Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, данышпан Абай өз еңбектерінде баланың жеке басы мен оның қабілеттерін дамыту жөнінде біршама ойларын айтып қалдырған.

Көрнекті педагогтар К.Х. Ушинский, А.С. Макаренко, Ы.Алтынсарин, М. Жұмабаев әдістемелік шығармаларында іс-әрекетке баулудың жолдарын қарастырып, оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді білім мазмұнына енгізді.

Химияны оқыту әдістемесі дидактиканың ашқан жаңалықтарына басшылыққа алып, оларды өзінің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланады.

Химияны оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны – сол пәнді оқыту іс-әрекеті болғандықтан ғылыми-зерттеу әдістерімен тығыз байланыста

болып, оқушылардың химия объектілерін терең танып-білуіне жол ашады. Химияны оқытуда да басқа пәндер секілді бір-бірімен байланысты білімдік, тәрбиелік және дамытушылық секілді бір бірінен ажырағысыз үшбірлікті мақсат болады. Бұл мақсаттар химиялық орта білім беруде оқытушылардың жинақталып келген мол тәжірибесін логикалық және дидактикалық өңдеуден өткізіліп, оқушыларға терең де түсінікті білім беруге бағыттайды.

Осыған орай мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек», - деп қазіргі кездегі оқытудың мақсаты жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту жөнінде айтқаны белгілі [Қ. Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдау. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. 2020 жылғы 1 қыркүйек].

Шынымен оқушылардың танымдық шығармашылық мәселелерін, терең теориялық білімді, оқыту процесіндегі дидактикалық белсенділік ұстанымдарды, жалпы орта білім беруде қажетті қазіргі концептуалдық жолдарды есепке алу алдыңғы кезекте тұрады.

Сондықтан, қазіргі таңда мектепте шығармашылықты дамыту бағытында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қолға алып, жан-жақты білімді, кез келген қиындықтарда өзі екі жақты дұрыс шешім қабылдай алатын, бойында адамгершілік қасиеті мол, тәрбиелі жеке тұлғаны оқытып шығаруды басты міндет деп санайды.

Химияны оқытуда әр мұғалім оқытудың қазіргі жаңа технологиялары мен, оқытудың шығармашылық әдіс-тәсілдерін күнделікті сабаққа тиімді пайдаланса ғана, оқушылардың химия пәнінен жүйелі де терең білім алуына, шығармашылықпен алған білімдерін болашақ өмірінде пайдалана білуге жол ашылмақ.

Ең алдымен оқушының мектепте химия сабағынан оқыған теориялық білімдерін негізге ала отырып, өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеу әрекеті мен қазіргі заманға сай ақпараттық технологияларды қолдану арқылы пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады.

Шығармашылық ойлаудың нәтижесі белгілі түсініктерді, ұғымдарды, формулалар мен периодтық таблицадағы элементтерді түсіндірумен шектелмейді, ол жаңа міндеттерді орындау әдістерін жасайды, немесе оны өзгертудің тың әдістерін тудырады. Шығармашылық ойлаудан шығармашылық қиялдау туындап, оқушылардың білім деңгейі арта түседі. Бұл туралы ғалым Д. Берді: «Қиялдық экспериментте – химиялық тәжірибенің кейбір сатылары оқушының ойында құрастырылып, жүріп жатады» деп тұжырым жасайды [Берді Д.К., 2018, б. 238]. Шынымен де сабақ қанша сапалы, шеберлікпен өтсе те, оқушы тарапынан өзіндік белсенділік, шығармашылық талпыныс, пәнге деген қызығушылық әрекеті болмаса, химия пәнінен алған білімнің нәтижелі, сапалы меңгерілуі екіталай.

Сондықтан шығармашылық ойлаудың нәтижелі болуы білім мен іскерліктің арқасында жүзіне асады. Әлі бала ойында орнығып бекімеген фактілер, қасиеттер, құбылыстар алдымен санада бейнеленеді, мұның өзі де қиялдаумен, қиялдаудың көмегіне сүйенеді. Қиялдаумен жасалған шығармашылық еңбек, іс-әрекеттер үнемі нәтижелі аяқталады.

Қоғамдағы өзгерістерге сай оқушының танымдық белсенділігін өздігімен білім алу арқылы шығармашылық дағдысын қалыптастыру, зерттеушілік қабілетін арттыру жолдарын таңдау оқытудағы негізігі мәселелердің бірі. Өздігімен білім алу арқылы оқушы:

- Шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін игеруге талпынады;
- Өз қабілетінің деңгейін анықтай алады;
- Өз бетімен ойлануға, жоспар құруға дағдыланады;
- Өз әрекетінің орындалуын қадағалай отырып, шығармашылық ізденіс қабілеті артады;
- Мақсат қою, өз іс-әрекетін жоспарлауға машықтанады;
- Керекті ақпараттарды іздеу көздерін анықтай алады;
- Сонымен қатар өз әрекетін өзіндік бағалауғада машықтанып, шығармашылық ізденіс қабілеті де артады;

«Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін, мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» - деп ұлы ғалым А.Эйнштейн айтқандай, оқушының өзіндік білім алу жұмысын тиімді ұйымдастыру, жоспарлау өзара бірлескен іс-әрекеттердің нәтижелі іске асуына негізделеді. Сондықтан әрбір оқушының өзіндік жұмыстарының нәтижеге бағытталуын қамтамасыз ету үшін мұғалім бағыт-бағдарды тиімді ұйымдастыра білу керек. Ол үшін мұғалім өзінің саяси-экономикалық, психологиялық және педагогикалық білімін жетілдіріп, әдістемелік шеберлігін шыңдап отыруы керек. Оқытудың жаңа бағыттағы технологияларына бағытталған тапсырмалар оқушының тұлғалық танымдық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі танумен бірге даму бағыттарын анықтауға, шығармашылық дағдыларын дамытуға, еркін сөйлеуге, өз ойын анық тұжырымдап дәлелдемелер арқылы жеткізе білу қабілеттерін дамытуға жетелейді. Бұл бағытында жас ерекшеліктеріне сай, физиологиялық мүмкіндіктерінің теңгерімін ескеріп отыру абзал. Тәжірибе барысында көрсеткендей оқушының өздігімен шығармашылық жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру және дамыту – күрделі процестің бірі. Мұғалім оқушының өзіндік зерттеушілік әрекетін қалыптастыруда оқушыға нақты зерттеудің әдістерін, жүйелерін қандай тәсілді қолдану арқылы нәтижеге жетуге болатын әдістерін үйрету керек[Ибраева О.Ж., 2016, б.62]. «Мұғалім әрдайым ізденісте

болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзіреттілігі арқылы айқындалса, сол құзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық- психологиялық көріністі талап етеді. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады. Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында кездескен кедергілерді жеңе алады, үздіксіз ізденіп отырады. И.Д. Левидовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу үшін олардың қабілет деңгейін әр алуан болатынын ескеру керек. Қабілетін анықтау үшін психологиялық тесттер қолдануға болады. Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптастырып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре отырып, бала қабілеттерінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді тиімді пайдаланып алуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әр алуан болады.Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс - әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан да біздінше, балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ескеріп, оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, оларды соған сәйкес қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жөнінде И.П. Волновтың айтқан пікірі өте құнды. Ол балалардың әр саладағы қабілеттерін айқындау, дамытуға қажетті, тиімді жағдай туғызуы, бірінші сыныптан бастап балалардың қабілеттерін, бейімділіктерін дамытатын дербес, өздігінен орындайтын шығармашылық тапсырма жүйесін құру, оны сыныптан тыс жұмыстар арқылы да жүзеге асыруға болады дейді[Таласова Б. М., 2015, б. 219].

Г.Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық-бұл "таным саласына, оның пәндік жағына және білімді игеру процесіне бағытталған жеке тұлғаның таңдаулы бағыты". Жалпы алғанда, оқушылардың танымдық қызығушылығы мектеп пәндерінде ұсынылған білімді игеруге бағытталған. Сонымен қатар, ол тек осы тақырыптың мазмұнына ғана емес, сонымен бірге осы білімді алу процесіне, танымдық белсенділікке де бағытталған. Бұл жағдайда танымдық қызығушылық интеллектуалдық, ерікті және эмоционалды сияқты психикалық процестердің үйлесімі болып табылады[Джабраилова Л. Х., Астамиров С. А. 2019, б. 247]. Олай болса, химиялық зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды жасауда негізгі субъект оқушылар болады да оның жеке басының тұлғасы, санасы, танылуға тиісті және танылу үстіндегі айнала қоршаған дүниеге қатынасы және таным процесіне қатынасы байқалады. Әрі бұндай жұмыстар оқушылардың шығармашылық деңгейін де анықтай отырып, оның мұғалімнің ұйымдастыруымен бірлестікте орындалатындықтан және соған қарамастан өзінің субъективтік-тұлғалық негізін де жоғалтпайды.

Т.С. Сабыровтың пікірінше, танымдық іс-әрекеттің ерекшелігінің біріне оның оқу құрылымы жатады. Танымдық іс-әрекет пен шығармашылық әрекет бір бірімен қабысып жатқанын ескеретін болсақ, оның құрылымына да кез келген іс-әрекетке жататынын компоненттердің болатынын айтуға болады. Алайда, бұл іс-әрекеттің мақсаттық және бағдарламалық сипаты міндетті түрде игерген білімдерімен, біліктерімен, дағдылармен қамтамасыз ететін жүйелікті, бір ізділікті талап етеді. Нақтырақ айтар болсақ, танымдық-шығармашылық іс-әрекет бүкіл оқыту процесінің құрылымына тәуелді болып шығады [https://45minut.biz/wp-content/uploads/2018/03/-1].

Химия сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруда оқу материалдарын іскерліктер негізінде жүзеге асыруда оқыту мазмұны, әдістері, формалары мен құралдарымен қатар тәжірибелік сипаттағы шығармашылық тапсырмалардың да алатын орны бар.

Шығармашылықты дамытуда логикалық ойлауға үйретудің басты міндеті – оқушыларға кездесетін барлық фактілерді белгілі ұғымдарға, ал есептердің бәрін оларды шығарудың белгілі тәсілдеріне апару, ал шығармашылық ойлауға үйрету, керісінше игерілетін ұғымдар мен әдістердің бәрін сынап бағалауды талап етеді.

Химия сабағындағы оқушылардың шығармашылығын дамыту саранмандық сабақтар, саранмандық тәжірибелерді орындаулары, есептерді шешуі, формулалар бойынша реакциялардың теңдеуін құрастыру, жаттығуларды орындау, бақылау және тексеру жұмыстарын орындау, оқулықпен жұмыс, анықтамалар және әр түрлі қосымша әдебиеттермен жұмыс, саранмандық жұмыстардың есебін жазып орындау, танымжорық материалдарын өңдеу жұмыстарында жүзеге

асырылып отырады.

Химия пәнінен осы ғылымына көбірек қызығатын оқушылармен шығармашылықты дамыту мақсатында жеке-дара жұмыстар да жүргізіледі. Бұларға теориялық немесе саламандық жұмыстарды орындауға байланысты жеке тапсырмалар, ғылыми баяндамалар, рефераттар даярлау, кабинетті жабдықтауға қажетті құралдар мен көрнекіліктер әзірлеу, талдауға, синтездеуге байланысты зерттеулер, олимпиадалық есептерді шығаруға дайындық, жарыс кештеріне даярлану, т.б. жұмыстар жатады. Оқушылар ұжымы бір тақырып бойынша топқа бөлініп саламандық жұмыстарды бірлесіп орындауға, есептерді бірлесіп шешуге бағыт беруге болады. Сонымен қатар мұндай оқушыларды көрме ұйымдастыруға, олимпиадалық есептерді шешіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге талпындыруға болады.

Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде химия пәнін оқытудағы мақсат – оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту:

тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, ойлау қабілеттіліктерін дамыту, оқушының пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, білім сапасын жақсарту және оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра отырып:

- оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, олардың табиғат пен минералды ресурстарға, туған өлкесінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне ұқыптылықпен қарау және өз елінің табиғи байлығын қорғау мен көбейту негізінде жаратылыстану саласында білім берудің экологиялық құраушысын кеңейту;

- өздігінен орындайтын тәжірибелік, эксперименттік жұмыстарды сан түрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарға жататын бөлігіне ерекше мән беріп, жүйелеп үйрету;

- күнделікті өмірде бізді қоршаған химиялық, физикалық, биологиялық құбылыстарды, әртүрлі заттар мен азықтарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;

- жаратылыстану пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, рекация теңдеулерінің схемаларын оқи білу;

- байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегі мен көрсету;

- алған білімдері негізінде жаратылыстану – ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;

- қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану. Қойылған мақсат, міндеттерге жету жолында мектепте жағдай жасалған: химия кабинеті талапқа сай жабдықталған, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, интернет жүйесі, виртуальды зертхана, видео тәжірибелер, металдар коллекциясы, кристаллдық торлардың макеттері, органикалық, бейорганикалық химиядан тараулар бойынша кестелер, саламандық жұмысқа қажетті реактивтер[Кусаинова А. М. 2016, б.313].

Химия сабағын әдебиетпен де байланыстырып, «Кестешінің бізі – алтын, кемеңгердің сөзі – алтын, көрегеннің көзі – алтын», «Алтын алма, ақыл ал», «Ақыл тозбайды, алтын шірімейді», «Бір жерде алтын сыйлы, бір жерде халқың сыйлы», «*Темір* сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады», «*Темір* байлық – тозбас байлық», «Күміс күнге қонса, алтын өз аяғымен келер», «Жайсыз болған жаздан, жайлы келген қыс артық, көріксіз соққан күмістен, келісті соққан мыс артық», «Сумен ойнама – батарсың, отпен ойнама – жанарсың», «Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар», «Ақпаса – су сасиды, ойламаса ми сасиды» секілді мақал-мәтелдерді сабақ барысында пайдаланып отыру олардың тілдік қорының да дами түсуіне септігін тигізсе, химиялық ұғымдарға өлең немесе мәтін құрастыру оның ойлауын өзіндік көзқарасын қалыптастырады, әрі тәрбие. Мұның бәрі болашақта өмірде қажет болатын нәрселер.

Химия сабағында оқушылардың шығармашылығын арттыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың да маңызы бар. Ол оқушының химия пәнінен алған білімінің сапасын кеңейтуге, өз бетімен шығармашылығын арттыруға әкеледі. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін қорытындылау кезінде қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Оқушы ғаламтордан қажетті материалдарды алып, анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді дұрыс пайдалана білуге үйретеді. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Кез келген заттың химиялық құрамын ажыратып беретін химиялық формула – химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді. Химия сабағын ұйымдастырудың алғышарттарының бірі – ол қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп, дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалана білуімен сипатталады.

Сабақтан тыс уақытта оқушыларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға «Жас химик», «Жүзден жүйрік», «Химия әлеміне саяхат», «Химия және денсаулық» сияқты танымдық ойындарды қол-

дануға болады. Алдымен өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отырып, оқушының білім сапасын, алған білімдерін байқап көріп, оқушы құзырлылығын дамытуға сай материалдар мен тапсырмалар ұсынылады. Осындай тәжірибелер оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін дамытуға ықпалын тигізеді [Қожбанова Н.К. 2016, б.6].

Қорыта келгенде, бүгінгі кезде химия сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін химия пәнінен сабақ беретін мұғалімнің шеберлігімен қоса оқушы білімінің терең болуы, өз тәжірибесінде кездесетін мәселелерді анықтап, оларды шешудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын табуды талап етеді. Химия пәнін шығармашылықпен оқытуды мақсатты түрде қадағалап, оқушыларға химиялық үрдістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, мәселелерді шеше білуге, қажетті ақпаратты сыни бағалай алуға және екі жақты шешім қабылдай білуге, түрлі формада тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік беруге бейімдеу екенін ұмытпаған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қ. Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдау. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

2. Берді Д.К. Оқыту үдерісіндегі виртуальды химиялық эксперименттің рөлі. Ясауи университетінің Хабаршысы. №3, 2018. - 238-244 бб.

3. Ибраева О.Ж. Іс-әрекеттегі зерттеу: Химия сабақтарында белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану. 2016. № 10.4 (114.4). - 62-64 бб.

4. Кенбаева Н. и др. Оқушының өздігінен білім алуын және шығармашылық дағдысын қалыптастыру жолдары //International Scientific and Practical Conference World science. – ROST, 2017. – Т. 4. – №. 6. – 32-35 бб.

5. Таласова Б. М., Сапар Ж. Н. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту //Вестник Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева. – 2015. – Т. 4. – №. 219-220 бб.

6. Джабраилова Л. Х., Астамиров С. А. Интернет-взаимодействие в образовании как средство развития познавательной активности учащихся //Главный редактор: РС-Э. Юшаева, к. э. н., доцент ЧГПУ Ответственный секретарь: ЛХ Джабраилова, к. э. н., доцент ЧГПУ. – 2019. – 247- 248 бб.

7. https://45minut.biz/wp-content/uploads/2018/03/-1

8. Кусаинова А. М. Химия сабағында инновациялық әдістер мен білім технологияларын пайдалана отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //Том 5. -2016. –313 б.

9. Қожбанова Н.К. Химия пәнін оқытуда АКТ пайдаланудың тиімділігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы, Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты».- 2016.-6-7 бб.

УДК 373.2

АМАНЖОЛОВА ӘСЕЛ НҰРЛАНҚЫЗЫ
м.п.н., преподаватель
Казахский национальный женский педагогический университет
Казахстан, г. Алматы

ИМИНОВА ЮЛДУЗ БАХТИЯРОВНА
м.п.н., преподаватель
Казахский национальный женский педагогический университет
Казахстан, г. Алматы

РАЗВИТИЕ ПОИСКОВО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ ОПЫТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Түйін. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі ересек топ балалардың іздеу және зерттеу дағдыларын дамыту қажеттілігі туралы мәселелер ашылады. Іздену және зерттеу қызметі балалардың бойында алынған ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау қабілеті сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді, яғни сыни ойлауды, шығармашылық қабілетін, қарым-қатынас пен ұжымдық қарым-қатынасты дамыту. Іздестіру-зерттеу қызметін дамыту эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру процесінде белсенді түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен бірге, әлемдегі жағдайды және карантиндік шараларды ескере отырып, авторлар мұғалімдер мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру бойынша шаралардың тиімді түрлерін ұсынды.

Түйінді сөздер: ересек мектепке дейінгі жас, танымдық қызығушылық, ізденушілік және зерттеу қызметі, эксперименталды іс-әрекет, сыни ойлау.

Резюме. Данная статья раскрывает вопросы необходимости развития поисково-исследовательских навыков у старших дошкольников. Поиско-исследовательская деятельность дает возможность развивать у детей такие качества, как умение анализировать, сравнивать, обобщать получаемую информацию, то есть развивать критическое мышление, креативность, коммуникацию и командную работу. Развитие поисково-исследовательской деятельности можно активно осуществлять в процессе организации опытной деятельности. При этом, учитывая ситуацию в мире и карантинные меры, авторами предложены наиболее эффективные формы мероприятий по психолого-педагогическому просвещению педагогов и родителей.

Ключевые слова: старший дошкольный возраст, познавательный интерес, поисково-исследовательская деятельность, опытная деятельность, критическое мышление.

Summary. This article reveals the need for the development of search and research skills in older preschoolers. Search and research activity makes it possible to develop in children such qualities as the ability to analyze, compare, generalize the information received, that is, develop critical thinking, creativity, communication and teamwork. The development of search and research activities can be actively carried out in the process of organizing experimental activities. At the same time, taking into account the situation in the world and quarantine measures, the authors have proposed the most effective forms of measures for psychological and pedagogical education of teachers and parents.

Keywords: senior preschool age, cognitive interest, search and research activity, experimental activity, critical thinking.

Как известно, познавательная деятельность детей активно развивается, начиная с дошкольного возраста, характеризуясь постоянным стремлением узнать что-то новое, получить яркие впечатления, проводить опыты и эксперименты, направленные прежде всего, на изучение окружающего мира.

В связи с этим, в Государственном общеобязательном стандарте и Типовой учебной программе по дошкольному воспитанию и обучению Республики Казахстан, одним из ключевых направлений образовательной области «Познание», раздела «Естествознание» является создание условий для познавательно-исследовательской деятельности, включающей решение таких задач, как развитие личности дошкольника, владеющего навыками познавательной деятельности, необходимыми для взаимодействия с окружающим миром; расширение знаний о предметах и явлениях живой и неживой природы, знание о сезонных явлениях, о растениях [Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан, 2012, с. 12-13; Типовая учебная программа Дошкольного воспитания и обучения РК, 2016, с. 202-212].

Решение данных задач возможно при условии, если ребенок проявляет к этому интерес. Поскольку интерес – это реальная причина действий, ощущаемая человеком как особо важная. Он является одним из постоянных мотивов деятельности. Особый вид интереса - это интерес к познанию, или как его принято называть познавательный интерес.

Познавательный интерес- это активная познавательная направленность, связанная положительным эмоционально окрашенным отношением к изучению предмета, явления с радостью познания, преодолением трудностей, созданием успеха, с самовыражением и утверждением развивающейся личности.

Так, теоретическое обоснование в трудах А.Н. Леонтьева, Л.И. Божович, Г.И. Щукиной раскрывается сущность познавательного интереса как сложного психического образования, определяя стадии его развития:

- положительное отношение к опытной деятельности;
- проявление инициативы, самостоятельности;
- исследовательские умения;
- проявление любознательности;
- умение задавать вопросы [Божович Л.И., 2008, с. 170-175].

Методологические основы познавательного интереса к природе раскрываются в трудах казахстанских исследователей Э.А. Турдыкулова, Н. Сарыбековой, Ж.И. Балтагуловой, Б.М. Мырзахметовой, Ж.Н. Базарбековой, А.К. Егинисовой, Е.В. Мусихиной, З.Е. Сыдыковой, А.Б. Айтжановой и других [Боранбаев А.С., 2004, с. 15]. Так, авторы в своих исследованиях уделяют особое внимание повышению инициативности, самостоятельности детей в познании себя и окружающего мира.

Учитывая, какие требования выдвигает перед нами современное общество, каждый родитель хочет видеть своего ребенка успешным, свободно взаимодействующим с окружающими, активным, умеющим анализировать и синтезировать получаемую информацию, то есть с развитым критическим мышлением, креативностью, умением работать в команде. Развитие данных качеств, будет возможна, при условии, если у детей развита поисково-исследовательская деятельность, поскольку исследовательская деятельность –это осмысленная творческая деятельность, в процессе которой дети самостоятельно обнаруживают новые свойства предметов, сравнивают их, анализируют, делают обобщения и умозаключения.

В процессе исследовательской деятельности дошкольник получает возможность удовлетворить присущую ему любознательность, найти ответ на множество интересующих вопросов: Почему? Зачем? Как? Что будет если? почувствовать себя учёным, исследователем, первооткрывателем. В этой связи, дошкольное образование призвано формировать у детей поисково-исследовательскую деятельность, которая станет основой их обучения в начальной школе.

Так, активное развитие поисково-исследовательских навыков позволяет применение во время организованной учебной деятельности и/или режимных моментах опытной деятельности. Поскольку, понятие опытная деятельность рассматривается как практическая деятельность поискового характера, направленная на познание свойств, качеств предметов и материалов, связей и закономерностей явлений.

Исследования зарубежных ученых А.Н. Леонтьева, С.Л. Новоселовой, Н.Н. Поддъякова позволяют сформулировать следующие положения [Поддъяков Н.Н., 1997, с. 6]:

1.Это особая форма поисковой деятельности, в которой наиболее ярко выражены процессы целеобразования;

2.Наиболее мощно проявляется собственная активность ребенка, направленная на получение новых сведений, знаний, на получение продуктов детского творчества;

3.Опытная деятельность является стержнем любого процесса детского творчества.

Исследователями были определены следующие достоинства опытной деятельности:

– формируется эмоциональная сфера детей, творческие способности;
– развивается самостоятельность;
– идет обогащение памяти дошкольника;
– развивается речь;
–ребенок получает реальные представления об изучаемом объекте и его связи с окружающей средой.

На основании вышеизложенного основная цель опытной деятельности заключается в развитии свободной творческой личности дошкольника, являясь источником развития естественнонаучных представлений. В процессе опытной деятельности ребенок-дошкольник учится наблюдать, размышлять, сравнивать, отвечать на вопросы, делать выводы, устанавливать причинно-следственную связь, соблюдать правила безопасности. Освоение систематизированных поисково-познавательных знаний детей, становление опытно-экспериментальных действий формирует основы логического мышления, обеспечивает максимальную эффективность интеллектуального развития дошкольников и их полноценную готовность к обучению в школе.

Особенно учитывая сегодняшнюю ситуацию в мире, карантинные меры, когда большая часть детей находится дома, игры-опыты будут способствовать познавательному развитию дошкольника.

При этом, успешность развития поисково-исследовательских навыков ребенка дошколь-

ного возраста зависит от тесного сотрудничества дошкольной организации и семьи. Решение данных задач требует, чтобы педагоги осуществляли психолого-педагогическое просвещение родителей, которая должна иметь целевую направленность и включающей различных современные формы.

В связи с этим, учитывая занятость родителей и карантинные меры, наиболее эффективными мероприятиями по психолого-педагогическому просвещению родителей являются:

1) Онлайн конкурс исследовательских работ «Юный ученый»;

2) Индивидуальные консультации «Организация детского экспериментирования в домашних условиях»;

3) Онлайн мастер–класс «Создание мини-лаборатории дома».

4) Разработкаэлектронной картотеки для проведения опытов с детьми «Весёлые научные опыты для детей и родителей».

Для повышения профессиональной компетентности педагогов дошкольной организации по формированию у детей поисково-исследовательских навыков посредством опытной деятельности, нами предложены следующие виды работ:

1) Разработка и проведение специальных консультаций по организации кружка «Почемучки»;

2) Разработка инструктажа для педагогов и детей по технике безопасности при выполнении опыта «Лучше исправлять ошибки эксперимента, чем последствия нарушения правил безопасности».

3) Разработка и проведение мастер-класса «Опытно-исследовательская деятельность как средство развития познавательного интереса у дошкольников»;

4) Организация предметно-развивающей среды, включающей материалы и оборудование для проведения опытной деятельности (вода, песок, магниты, свеча, пенная радуга, ловим радугу, лизун и др.);

5) Разработка видео-занятий по проведению опытов для детей и родителей «Занимательные опыты для детей».

Таким образом, для развития познавательного интереса детей дошкольного возраста к изучению окружающей действительности является формирование поисково-исследовательских навыков, которые активно можно развивать в процессе опытной деятельности. Поскольку, опыты и эксперименты ставят перед детьми сложную задачу, требующей умения анализировать, обобщать, сравнивать предметы или явления, то есть формируя у детей новые знания и представления окружающей действительности. В процессе которой дошкольник делает первые шаги по освоению экспериментального метода естественных наук, а главное, в нем развивается любознательность и вкус к познавательной деятельности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан: утв. 23.08.2012 (с изм. и доп. от 12.08.2016) - Астана: Акорда.

2. Типовая учебная программа утв. 12.08.2016, № 499, с. 202-212 (с изм. и доп. от 29.12.2018, № 721) - Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235

3. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. — СПб. [и др.]: Питер, 2008. — 398 с.

4. Боранбаев А.С. Историко-педагогические основы экологизации учебно-воспитательного процесса школы: Автореферат диссертации.- Алматы, 2004.- 29 с.

Поддъяков Н.Н. Сенсация: открытие новой ведущей деятельности // Педагогический вестник, 1997. - №1. - С.6.

ӘОЖ 372.8
МРНТИ 14.07.07

АХАТАЕВА ҰЛСАНА БОРАШҚЫЗЫ
Докторант
Абай атындағы Казақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Бастауыш сыныпта зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру - оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытып, өзіндік жұмыстармен айналысуға, пәннің белгілі бір аймағында білімін жүйелендіруге, жинақтауға, тереңдетуге мүмкіндік береді және практикада қолдануға үйретеді. Бұл іс-әрекетті мұғалім жүзеге асыру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске ала отырып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету болашақ маман қызметінің басты міндеті.

Бұл мақалада болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың теориялық негіздері қарастырылып, зерттеу, зерттеушілік іс-әрекет, зерттеушілік іскерлік ұғымдарының мәні мен мағынасына анықтама берілген.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып, зерттеушілік іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу, бастауыш мектеп, ғылыми-зерттеу қызметі

Резюме. Организация исследовательской деятельности в начальном классе - это способствует развитию познавательных интересов учащихся, развитию самостоятельной работы, систематизации, накоплению, углублению знаний в определенной области предмета и научит применять на практике. Главная задача деятельности будущего специалиста-пробудить сознание, обучение умению самостоятельно работать в процессе учебно-воспитательной работы с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей для осуществления этой деятельности.

В данной статье рассмотрены теоретические основы подготовки будущих специалистов к развитию исследовательской деятельности учеников начального класса, даны определения сущности и смысла понятий исследовательской, исследовательской деятельности, исследовательской работоспособности.

Ключевые слова: начальная школа, исследовательская деятельность, творческая деятельность, исследования, начальная школа, научно-исследовательская деятельность

Summary. Organization of research activities in the primary class- it contributes to the development of cognitive interests of students, the development of independent work, systematization, accumulation, deepening of knowledge in a particular area of the subject and will teach to apply in practice. The main task of the future specialist is to awaken consciousness, to learn the ability to work independently in the process of educational work, in accordance with their age and individual characteristics for the implementation of this activity.

This article describes the basics of training future specialists for the development of research activities of primary school students, also there is given definitions of essence and meaning of concepts of research, exploration activity, research workability.

Keywords: elementary school, research, creative activity, researches, primary school, scientific research activity.

Қазіргі таңда қоғамдағы қарқынды өзгерістер бүгінгі заман тұлғасынан шығармашылықпен ойлауға қабілетті, өзіндік пікірі мен бастамашылдық сияқты жаңа сапалардың болуын талап етеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында маман даярлауда оларды дамыту ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамның интеллектуалдық әлеуетін сақтап қалуға ықпалын тигізетінін түсіну қиын емес. Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді [*http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205*], - деп көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Философардың пікірінше, зерттеушілік – бұл таным үдерісінің жаңа білімді меңгерудегі бір түрі және ол теориялық және эмпирикалық екі деңгейде нақтылығы, дәлелдігі, объективтілігімен, қайта жаңғыртуымен сипатталады. Дегенмен бұл пікір зерттеу іс-әрекетіне кері әсер етпейді, өйткені жалпы әрекеттің құрылымдық компоненттері ретінде мақсат, мотив, әрекет, нәтиже мұнда да қарастырылады. Өзінің құрылымында зерттеушілік іс-әрекет көп жағдайда жалпы әрекеттің құрылымдық компоненттерін қайталайды. Атап айтсақ: 1) мақсат, 2) мотив, 3) пәні, 4) әрекет, 5) табыс немесе нәтиже.

Қазіргі үлкен педагогикалық энциклопедияда: педагогикадағы зерттеу – ұйымдастыру формасы, әдістері, принциптері, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі, педагогика тарихы мен теориясы, оқыту мен тәрбиелеудің механизмдері, қоғамдық мәні бар жаңа білімді меңгеруге бағытталған білім мазмұны, заңдылықтары, құрылымы, ғылыми әрекеттер үдерісі мен нәтижесі, - деген анықтама берілген [*Айтмамбетова Б., Божанова К., Ильясова А., 1995, б.122*]. Педагогикадағы зерттеу объектісіне педагогикалық жүйе, құбылыс, үдерістер жатады. Оған: тәрбие, білім беру, дамыту, тұлғаны қалыптастыру ұжым және т.б.

Зерттеушілік іс-әрекет – баланың дүниетаным жайында көзқарасын дамытудың маңызды көздері. Педагогика мен психологияда – «зерттеушілік іс-әрекет» мәнінде баланың қоршаған ортаны өзіндік зерттеуге талпыну негізінде құралған оқытуды айтады.

Тұлғаның білімді меңгерудегі зерттеушілік іс--әрекеті оның әлеуметтік дағдылары, іскерлікті меңгеруі, әлеуметтену процесінде жүзеге асады. Болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекеттегі берік сенімділігі, тұлғаның әлеуметтенгенінің белгісі, ол рухани дербестікке жол салады. Сондықтан да тұлғаның зерттеушілік іс-әрекеті оның әлеуметтену процесінің құрамдас бөлігі деп атауға болады, себебі: зерттеушілік іс-әрекет арқылы оны практикалық іскерлікпен, дағдылармен қаруландыруға, олардың белгілі мінез-құлықтары мен мақсат, міндеттерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеушілік іс-әрекеттің мәні мен мазмұнын анықтаумен қатысты түрлі көзқарастарды терең талдамас бұрын педагогикалық ғылымда «зерттеушілік әрекеті» ұғымының кең түсінікке ие болғанын атап өтуге болады.

А.Н.Поддъяковтың пікірінше, зерттеушілік әрекетін оқыту әдісі, білім беру технологиясы ретінде қарастыру қажет. Зерттеушілік іс-әрекеті әдісінің құндылығы ғылыми типтегі ойлау құрылымын қалыптастыру мүмкіндігінде, ол өз кезегінде өзіндік ойлауды, оның шығармашылығы мен ғылыми рефлексиясын, сондай-ақ зерттеушілік мінез-құлыққа деген қабілеттілікті білдіреді [*Поддьяков А.Н., 2014, б.98*]. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан автордың пікірін талдайтын болсақ, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда топтық немесе жеке зерттеу жұмысын жүргізілетін кез келген тапсырмада түрлеріне қарамастан зерттеушілік мінез-құлыққа қабілеттілікті қалыптастырудан бастау керек, - деп санаймыз.

Н.Н.Ставринова зерттеушілік іс-әрекетті жаңа, ғылыми негізделген білім бойынша ғылыми әдіснамаға сүйенген білім беру үдерісі субъектісінің әрекеті ретінде анықтайды [*Ставринова Н.Н., 2006, б.122*]. Бастауыш сыныптарда жаңадан алғаш рет оқытылып жатқан «Жаратылыстану» пәнінен зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруда жаратылыстану ғылымы саласынан ғылыми негізделген білімді алдымен өздері жетік меңгеруін қадағалау қажет, - деп есептейміз.

Зерттеушілік әрекетінің ерекшелігі мен мәнін амал-әрекеттің тәсілдері мен құралын сипаттау, мәселені қою, зерттеу нысанын бөлшектеу, эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді сипаттау мен түсіндіру, болжамды ұсыну және алынған білімді тексеру арқылы анықтауға болады.

Зерттеушілік іс-әрекеттің ерекшеліктерін аша отырып, И.А.Зимняя мен Е.А.Шашенкова оның өнімі қойылған мақсатқа, шындық пен мақсатқа жетуді анықтайтын объективті заңдар және жағдайларға сай алынған жаңа білімдер болып табылады деп атап көрсетеді [*Зимняя И.А., Шашенкова Е.А., 2001, б.51*]. Біз авторлардың пікіріне қосыла отырып, зерттеу жұмысы аясында алдына қойған мақсатқа жетуді және оң нәтиже алудағы меңгерген жаңа білімдер мен жүргізген тәжірибелермен сипатталатынын айта кеткіміз келеді.

Зерттеушілік іс-әрекетті зерттеушілік мінез-құлық тұрғысынан қарастыра отырып, А.И.Савенков зияткерлік-шығармашылық әрекеттің ерекше бір түрі ретіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің негізінде белгісіз жағдаяттарда ізденгіштік белсенділіктегі адамның психикалық қажеттілігі жатыр деп атап көрсетті. «Ол логикалық тұрғыдан өзіне зерттеушілік мінездің ынталандырушылық факторы (ізденгіштік белсенділік) мен оны жүзеге асыру механизмін қамтиды. Олардың рөлін дивергентті және конвергентті ойлау жүзеге асырады» [*Савенков А.И., 2003, б.109*]. Автордың ой-пікіріне қосыла отырып, жұмысымызда басшылыққа алу қажет, - деп түйіндейміз.

Зерттеушілік іс-әрекет туралы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі - Д.Берлайн. Ол физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекет – беймәлімділіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекет» десе, А.Н.Поддьяков «зерттеу іс-әрекеті - сырттай қоршаған ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған белсенді әрекет» деген түсінік береді.

Зерттеушілік іс-әрекет түсінігінің мазмұндық

құрылымына ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарында әр түрлі түсініктер беріледі, бір авторлар оны оқыту формасы десе, енді біреулері оқу үдерісінің ұйымдастыру түрі деген пікірлер айтады.

Түсінік беру барысында ғылыми-зерттеу еңбектерінде зерттеуші ғалымдар «зертеушілік мәдениеті» түсінігін де қолданады. Осы тұрғыдан Ш.Т.Таубаева, мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны, әдістемесі, тетігі мен кезеңдерін қамтитын тұжырымдарға сүйеніп, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастырады. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогиканың әдіснамасы, ғылыми таным, философиялық, әдіснамалық білімдерінің мазмұнын көрсетуге мүмкіндік беретін мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық үлгісін ұсынып әдіснамалық негізін анықтаған.

Зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты субъективтілікті сипаттайтын жаңа білімді меңгеруі болып табылады. Білім алушылар өздері үшін субъективті жаңа білімді зерттеу арқылы әрекет түрлерін ашады. Бірқатар психолог-педагогтардың зерттеулерінде мотивті қалыптастыру (В.В. Давыдов, А.К. Маркова, С.Л. Рубинштейн, А.И. Савенков, Г.И. Щукина және т.б.) екі түрлі: сыртқы және ішкі мотив деп қарастырылады. Сыртқы мотивке жақсы баға алуға себеп болған жеткілікті білім деңгейі, дағдысы мен іскерлігі жатады. Ішкі мотивке сыртқы ортаның әсерінен екінші рет қайтадан пайда болуы жатады. Осы жоғарыда айтылған көзқарастарға зерттеушілік іс-әрекеттің пәнін айқындауға негіз болады – теориялық және эмпирикалық ойлау деңгейіне сәйкес алатын жаңа білім. Эмпирикалық деңгейде эмпирикалық заңдылықтарды қалыптастыратын жаңа ғылыми фактылерді қорыту, эмпирикалық ақпараттарды жинау (бақылау, эксперимент, сұрақ-жауап, сауалнама) және т.б. танымдық белсенділікті жүзеге асыратын, алынған нәтижені интерпретациялау мен түсінуі іске асады. Теориялық деңгейдегі мотивте жалпы педагогика пәні бойынша, зерттеуді ашатын заңдылықтары бұрын ашылған факты мен эмпирикалық есептеу, факты мен оқиғаға болжам жасау. Зерттеушілік іс-әрекеттің құрылымында негізгі орынды ақыл-ойдың интеллектісі мен практикалық (шығармашылық және зерттеушілік) алады.

Зерттеушілік іс-әрекеттің табысы гуманитарлық салада қабылданған рәсімдеуге байланысты мәтіндік шығарма, есеп, баяндама, мақала, монография және т.б., зерттеушілік іс-әрекеттің жеке актілік нәтижесі зерттеудің аясында жаңа білімді ашып, ғылыми тұрғыда зерттеуді жүзеге асыру, ал зерттеудің нәтижесі жүйелі және арнайы ұйымдастырылған үдерісте зерттеушілік компонентті қалыптастырады.

Зерттеушілік іс-әрекет үдерісінде зерттеушілік дағды мен іскерлік қалыптасады, бұл білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын тұлғалық сапалар мен зерттеушілік әрекеттердің әдіс-тәсілдерін меңгертеді. Ғалымдардың пікірінше, зерттеушілік іс-әрекеттің көрсеткіші ретінде оның компоненттерінің құрамына кіретін зерттеушілік іскерлік алынады. Зерттеушілік іскерлік ұғымына жасалған талдауларға сүйенсек, келесідей қорытынды жасауға болады. Зерттеушілік іскерлік – бұл зерттеу тапсырмаларын орындауда зерттеудің сәйкес әдіс-тәсілдерін саналы түрде қолдана алу іскерлігін болып табылады.

Зерттеушілік іскерлік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің материалдарды талдауы, қорытынды жасауы, болжам құра білуі, зерттеу нәтижелерін теориялық интерпретация жасап, рәсімдеуі және оны қоғамда жария етуімен сипатталады. Өзіндік зерттеу жұмысын жүргізу теориялық және әдіснамалық білім негізінде қалыптастады, олар мақсатты қою, жоспарлау, зерттеу жұмысын орындау, рефлексия осыларды іске асыруда зерттеушілік іскерлікті қолдануы, ғылыми диалогқа түсе білуі, дискуссия және т.б. көрініс табады.

Өзіндік танымға қабілеттілік тек қана зерттеушілік іс-әрекетте дамиды, өйткені басты нәтиже «интеллектуалдық өнім» зерттеу барысында ақиқатты анықтау тәртібі іске асырылады. Зерттеушілік іс-әрекет ғылыми зерттеумен байланысты болады.

Зерттеушілік іс-әрекет интеллектуалды-шығармашылық әрекеттің ерекше түрі ретінде зерттеушілік мінез-құлықтың үйлесімділігі негізге алынады, ол білім алушының маңызды қоршаған әлем туралы түсінігін меңгерудің көзі болып табылады. Мінез-құлықтың мұндай түрі белсенді ізденушіліктің базасына негізделеді. Ол зерттеу нысанына немесе проблемалық жағдаяттарды шешуге бағытталады. Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі нәтижесі интеллектуалдық өнім болып табылады.

Ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар мынадай қорытынды жасауға негіз болды: зерттеушілік іс-әрекет – білім алушылардың зерттеушілік дағды мен қабілеттіліктерін дамыту, танымның ғылыми әдістерін өздігінен пайдалану туралы білімінің болуы, талданатын теориялық факты мен құбылыстарды, үдерістерді тәжірибеде бақылау және олардың байланыс заңдылығы мен қарым-қатынасын айқындауға бағытталған белсенділігі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми салада зерттеушілер үшін шығармашылықта тұтасып кететін іс-әрекеттің зерттеушілік міндеттерді шешуде алдын ала белгісіз шешім қабылдауы мен негізгі кезеңдердің болу сипаты. Мұндай іс-әрекеттер оқытушының басшылығымен және ұйымдастыруымен дидактикалық және жанама құралдарды пайдалануымен, алдын ала жоспарлауымен іске асырылады. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторлардың не-

гізіне теория мен практиканың бірігуі, білім беру үдерісінде өте жоғары деңгейде табысқа жетуге мүмкіндік береді, өйткені оның нәтижесін барлық қатысушыларға бірдей көрнекі етеді.

Болашақ мамандар зерттеу жұмысын бастаған күннен бастап, оларда зерттеушілік құзыреттілік қалыптаса бастайды. Бірінші кезеңде өзіндік зерттеу іс-әрекетін жүргізу практикалық сипат алады, өйткені бақылау жүргізу, тәжірибені зерттеу, әртүрлі ақпаратты айқындау, ақпаратты интерпретациялау, сұрақтар қою және зерттеу міндеттеріне жеке өзіндік шешім қабылдау, педагогтың тапсырмасы бойынша нәтижені ұсынуға мүмкіндік беру. Екінші кезеңде топтық зерттеушілік іс-әрекетте өздігінен әртүрлі рөлді қабылдауға, топ ішінде және сыртқы өзара қарым-қатынасты қалыптастыру іске асырылады. Үшінші кезеңде зерттеушілік іс-әрекетке өзіндік баға беру, өзіндік шешім қабылдай алуы қалыптасады. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үшін болашақ мамандардың өзі осы кезеңдерді жетік меңгеруі тиіс. Сонда ғана олар бастауыш сынып оқушыларымен зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырыла алады.

Болашақ бастауыш сынып педагогтерін жоғары оқу орындарында даярлау жүйесінің аса маңызды құраушыларының бірі тұлғаны ынталандыру мен оның шығармашылық әлеуетінің өсу мүмкіндігін ашатын ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындығы болып табылады. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруы оқушының даралығын, шығармашылық қабілеттерін, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын толықтай ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу үдерісі дара және жалпы білім беруде де, тұлғаға қатысты алғанда да құнды болып табылады, сондықтан әлдеқайда қызықты әрі өнімді ету үшін ғылыми-зерттеу жұмысына деген көзқарасты жетілдіру қажет.

Жоғары оқу орындарында 1 курс студенттері негізінен, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы жайлы білімнің жоқтығынан ғылыми-зерттеулер орындау кезінде қиындыққа тап болады, сондықтан оқытудың алғашқы жылдарынан бастап оларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту қажет, бұл өз кезегінде бірнеше аспектілерді қамтиды: біріншіден, бұл қолданбалы ғылымдарды тереңірек зерттеуге, ғылыми дереккөздермен жұмыс жасау біліктерін дамытуға, өз шешімін табуды талап ететін даулы мәселелерді таба білуге мүмкіндік береді; екіншіден, төменгі курс студенттері пәнмен және оқытылатын пәннің түрлі бағыттарымен өз бетімен ғылыми жұмыс жасаумен танысады; үшіншіден, бұл зерттеу жұмысына деген қызығушылықты анықтауға және студенттердің танымдық және шығармашылық икемділігін дамытуға мүмкіндік береді; төртіншіден, оқытушымен тығыз ғылыми байланыс тағайындалады; бесіншіден, мектеп оқушыларын ғылыми зерттеулерге тартуды жалғастыру жүзеге асады.

Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін біз оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу әрекеттерінің жинақталған зерттеу әдісі ретінде қарастырамыз. Ғылыми-зерттеу әрекетінің мақсаты шығармашылық зерттеушілік әрекетке қажетті біліктермен қарулану болып табылады. Шығармашылық зерттеушілік іс-әрекетінде ғылымда тұжырымдалған міндеттерді шешуді, қажетті ақпаратты өз беттерімен іздестіруді жүзеге асыру біліктерін игереді, тек оқу әдебиеттерін ғана емес, қосымша әдебиеттерді де оқып, талдауға үйренеді.

Болашақ бастауыш сынып педагогтері ғылыми-зерттеудің барлық компоненттерін игеру барысында зерттеушілік құзыреттілік қалыптасады, ол құзыреттіліктің ерекшеліктері деп төмендегілерді атауға болады: эвристикалық әдістер көмегімен стандартты емес міндеттерді шешу; мектептің білім беру үдерісінде кездесетін мәселелік жағдаяттарды шешу барысында түрлі зерттеу әдістерін қолдану; кез келген педагогикалық жағдаяттарда қалыптасқан зерттеушілік біліктерін қолдану мүмкіндігі; нәтижесінде білім алушылар зерттеуші-мұғалімнің кәсіби маңызды сапалары дамитын мектептің инновациялық үдерісіне ене алуға дайын болу; педагогикалық қызметтегі зерттеушілік ізденістің рөлін түсіне алу. Зерттеушілік әрекет біліктерін қалыптастыру білім алушының ешкімнің бақылауынсыз өз бетімен жаңа міндеттерді іздестіруге және шешуге ынтасының (мотивациясының) және соған дайын болуымен тығыз байланыста болуы тиіс, - деп санаймыз.

Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік әрекетінің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау үшін олардың негізіне төмендегілер алынуы тиіс:

а) жоғары оқу орынын бітірушілердің, мектептегі зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген әдіскер мұғалімдердің зерттеу және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау;

ә) зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру мен өткізудің жаңа тиімді әдістерінің, әдістемелері мен технологияларының пайда болуы;

б) жаңа идеялардың туындауы, терең әрі жанжақты зерттеу жүргізуді талап ететін мәселелердің туындауы;

в) зерттеушілік іс-әрекет тәсілдерін практикалық игерудегі оң және кері тәжірибелер.

Болашақ бастауыш сынып педагогтерін зерттеушілік іс-әрекетке дайындаудың мақсаты мен міндеттерін таңдау мен тұжырымдауға, біздің ойымызша, мына факторлар әсер етеді:

1) жалпы бастауыш білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде зерттеушілік біліктер мен құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі;

2) педагогикалық ғылым жетістіктерінің мектеп

тәжірибесіне сәйкестігі;

3) студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттерінің мектептегі инновациялық зерттеушілік әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;

4) зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістемелік өңделгендігі (мазмұнның нақты сипатталуы, құрылымдық компоненттерінің, оқытудың әдістері мен формаларының, оқу және ғылыми зерттеулер жүргізу құралдары мен тәсілдерінің болуы);

5) болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуына әлеуетті мүмкіндігі мен қажеттілігінің болуы;

6) педагогикалық болмысты оқу және ғылыми зерттеуге мұғалімдер мен оқушылардың кәсіби-педагогикалық қызығушылығы;

7) ғылыми жұмыспен айналысқысы келетін білім алушылардың іс- әрекетіне оқытушылардың, әдіскерлер мен әкімшіліктің қолдау білдіруі;

8) теориялық пәндік білімді игеру, зерттеушілік білік пен дағдыны меңгеру, зерттеушілік іс-әрекетінің тәсілдерін игеру және оларды бастауыш білім беру мектептері мен жоғары оқу орындарының практикалық әрекетіне ендіруге бөлінген уақыт;

9) зерттеушілік, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен айналысатын оқытушылардың болуы және олардың білім алушыларды зерттеушілік іс--әрекетіне тарта алуға, қызықтыруға бағытталған ұйымдастырушылық жағдайлар;

10) болашақ бастауыш сынып педагогтерінің ғылыми қоғамының болуы;

11) болашақ бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруды нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету.

Осыдан келіп, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру үшін:

- болашақ бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік біліктермен және дағдылармен, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылатын зерттеушілік тәсілдермен қаруланууы үшін педагогикалық зерттеу жұмысын жүргізудің оқу-әдістемелік кешенін дайындау;

- кәсіби құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік іс-әрекетке қажет болатын кәсіби қабілеттерді дамыту;

- зерттеушілік іс-әрекетке, бастауыш сыныптарда оқушыларды оқыту сапасын көтеруге деген қызығушылықпен байланысты мотивтерді, қажеттіліктерді дамыту;

- зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы;

- өзіндік зерттеушілік іс-әрекетінің біліктерін дамыту.

Зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудың негізгі міндеттері ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Тиімді зерттеушілік әрекетті қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға себепші болатын зерттеушілік біліктерді, құзыреттіліктерді игертуге білім алушылардың даярлығының бағыттылығы.

Зерттеуде үй диалогына негізделген кітаптарды оқитын 4-5 жастағы балалардың сезімтал және мәнерлі тілі негізінде аралас зерттеулердің параллель моделін қолданды.Зерттеу жұмыс тобына 32 ата-ана мен олардың балалары қатысты. Ата-аналармен 6 апта бойы диалогтық оқу бойынша ақпараттық семинарлар өткізілді. Олардан аптасына 3 күн өз балаларына диалогқа негізделген кітаптарды оқуды ұсынды.Қатысушы балалардың тілін алдыңғы және соңғы тест нәтижелерін ТЕДИЛ тесті негізінде есептеп алды.

Зерттеу барысында сапалы деректерді ата-аналардан 6 апта бойы алынған мәліметтер нәтижесінен алды.

Зерттеудің нәтижесінде ата-аналар балаларымен диалог негізінде суретті ертегі кітаптарын оқудың бала тілін диалогты дамуынаүлкен әсері бар екендігі анықталды. Ата-аналар балаларына кітап оқудың маңызды екенін білді. [Işıkoglu Erdoğan, N., Şimşek, Z. C., & Canbeldek, M. 2017].

2016 жылы Uşak Üniversitesi, Eğitim Fakültesi, Temel Eğitim Bölümü, Uşak, Gamzegül TETİK , Nesrin IŞIKOĞLU ERDOĞAN ғалымдары "Диалог негізінде оқыту 48-60 айлық балалардың тілінің дамуына әсері" мәселесін зерттеген.Бұл зерттеудің мақсаты диалогтық және бірлесіп оқу әдісі балалардың тілін дамуына әсері бар екендігін анықтау. Зерттеуге Ушак қаласындағы балабақшалардағы 48-60 айлық 104 бала қатысқан. Зерттеудің алдыңғы нәтижелерін Мармара және Пибоди шкаласымен өлшеді. Зерттеуде балаларды екі топқа бөлді. Бақылау және эксперименттік топтарға. Әр топқа тәрбиешілер бекітілді. Бақылау тобына суретті ертегі кітаптар оқылды. Эксперимент тобына дәл сол ертегі кітаптарыоқылды бірақ тәрбиешілер соңында балалармен диалогтық қарым-қатынас жүргізіп отырды. Зерттеу 10 апта жалғасты. Наурыз айының бірінші аптасында алдын ала тесттер эксперименталды және бақылау топтарына қолданылғаннан кейін 10 апта және аптасына екі рет 20 суреттелген әңгімелер жинағының ішіненбалаларға оқылады. Диалог негізінде оқу қолданылатын эксперименттік топөз топтарында зерттеуші әңгімелердің суреттелген жинақтарын оқыды. Бұл шағын топтарда қолданылатын диалогқа негізделген оқу декомпозицияның әр тобында 15-тен 30 минутқа дейін созылды. Зерттеудің нәтижесінде бақылау тобы эксперимент тобына қарағанда екі кітап көп оқыған. Тест нәтижелерін арасындағы айырмашылықтарды ANOVA тестінде зерттеді. Қорытындыда тек қана суреттелген ертегі кітаптарын оқыған бақылау тобының балаларының сөздік қоры көбеймеген. Эксперимент тобындағы балалардың сөздік қоры жақсы жетілген.Осы зерттеуден қорытынды жасай келе балаларға жай ғана ертегі кітаптарын оқып қана қоймай балалармен *диалогтық қатынас* орнату керек [Tetik, G., & Işıkoğlu Erdoğan, N. 2017].

2018 жылы Бурсада BURCU SARI және Handan Asûde Başal "Әр түрлі электронды әңгімелер жинақтары әлеуметтік экономикалық деңгейден 4-6 жас балалардың сөздік қорын дамуына әсер етуі"тақырыбын зерттеген. Бұл зерттеудің мақсаты қарапайым ертегі кітаптарына анимация, музыка және дыбыстық әсерлер сияқты қосымша әдістерді қосудағы баланың диалогтық тілінің дамуына әсерін зерттеу. Зерттеу әдісі. Екі түрлі мультимедиалық жүйенің әсерлерін талдады.

Біріншісі камера қозғалысы мен бір экранда қозғалысты қоса анимацияланған суреттер, екіншісі -музыка және фондық дыбыстары бар электрондық кітаптар.

Зерттеуге 4 жастан 6 жасқа дейінгі 58 қыз, 41 бала, барлығы болып 99 бала қатысты. Бұл бақылаудағы балаларға екі түрлі электронды кітаптарды оқып берілген. Олар "Кішкентай кенгуру"

және "Аю көбелекке ғашық "Сөздік қорын алдын-ала тексерген. Зерттеу нәтижесінде электрондық түрлі анимацияланған кітаптарды оқыған балалар қарапайым ертегі кітабын оқыған балалардан тілінің дамуы ертегіні түсінуі жоғары болған. Мектепке дейінгі ұйымдарда электрондық ертегі кітаптарын пайдалану жақсы нәтижеге жетуді қолдайды [Sarı, B. 2018].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Үй диалогы негізінде балалардың диалогтық тілін дамыту.Бұл әдісті коммерциализация тұрғысынан сипаттасақ қазір технологияның дамыған заманы. Ата-анада, үйде барлығында телефон, планшет бар. Балалар үйде уақыттарының көбін телефон ойнап өткізеді. Телефонды өзімізге пайдалы,жақсы жағын қарастыруымыз керек. Сол мақсатта электрондық ертегілер, қимылды аннимациондалған ертегілерді телефон планшетке енгізіп беріп, ата-аналардың балаларына ертегі оқу барысында технологияларды пайдалануын дұрыс деп шешілді.

Зерттеу 2020 жылы Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы "Әлия" балабақшасында 3-5 жас аралығындағы ортаңғы топ балаларымен жүргізіледі.Зерттеуге "Құлыншақ " тобынан 30 бала қатысты.

Зерттеудің мақсаты: ата-аналардың ертегі кітаптарын оқу барысында балалардың диалогтық сөйлеу тілін дамыту

Зерттеудің міндеттері:

- Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігін анықтау;
- Ата-аналарының балаларымен диалогтық қарым-қатынаста болуын дамыту;
- Технологияны тиімді жағынан пайдалану.

Зерттеу барысы: Зерттеу бақылау және эксперименттік топтарда жүзеге асады. Бақылау тобында 15 бала, эксперименттік топта 15 бала ата-аналармен қатысады. Эксперименттік топта балалар ата-аналарымен үй диалогында қарым-қатынас жасайды. Бақылау тобындағы балаларға ата-аналары ертегі оқымайды күнделікті үй жағдайында өмір сүреді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде эксперименттік тобындағы ата-аналардан сұрақ жауап алынады. Сұрақ жауаптарда баласына қаншалықты жиілікте кітап оқитыны, үйде кімнің кітап оқитыны, қандай түрдегі кітаптарды таңдайтыны (қарапайым ертегі кітаптары,электрондық кітаптар,электрондық анимациондалған кітаптар). Аптасына қанша уақыт кітап оқып,диалогтық сұхбат жүргізетіні сұралады.

Зерттеудің екінші кезеңінде эксперименттік тобындағы ата-аналармен тәрбиешілер және балабақша психологы консультациялық сабақ өткізеді. Ата-аналарға арналған сұхбаттар беріледі. Сұхбатта бала үшін ертегі кітаптың орны және ертегі кітаптарын оқудағы, диалогты сөйлеуін, сөздік қорын, баланың жан-жақты дамуына ата-анамен болған қарым-қатынастың орны ерекше екендігі айтылады.

Жүргізілген сұхбаттан кейін ата-аналарды үш топқа бөлінеді. Әр топта бес ата-ана, бес бала болады. Бірінші топ ата-аналарына балаларына қарапайым ертегі кітаптарын, екінші топқа электрондақ ертегі кітаптарын, үшінші топқа печатталған кітапты және электрондық ертегі кітаптарын оқуды ұсынылады.Зерттеу 4 апта жалғасады. Ертегі оқу барысын аудиожазба немесе видеоға түсірілу ұсынылады. Үш топқада оқуға бірдей ертегілер беріледі. Олар "Мақта қыз бен мысық", "Бауырсақ", "Қызыл телпек", "Алтын балта", "Патшаның қызы неге бақытсыз", "Кішкентай ақылды балапан", "Қасқырмен тышқан", "Үш торғай оқиғасы", "Жыл басына таласқан хайуандар", " Екі дос пен аю", "Шалқан"ертегілері.

Зерттеудің соңында мынандай сұрақтарға жауап алатын боламыз.

-Диалог негізінде оқуға дейінгі және оқудан кейінгі балалардың тілінің дамуындағы айырмашылықтары бар ма?

-Эксперименттік топ және бақылау тобындағы балалардың диалогтық сөйлеуінде өзгерістер байқалдыма?

-Ата-аналар диалогқа негізделген оқуды қалай тәжірибеге алды?

-Ата-аналар диалог негізінде оқудың салдары туралы не ойлайды?

-Электрондық және печатталған кітап оқу барысында кездесілген артықшылықтар және кемшіліктер болды ма?

Зерттеуімнің нәтижелерін талдаған мақалалардың нәтижелеріне сүйене отырып анықтауға болады.

Үй диалогы негізінде ертегі кітаптарын оқыған балалардың балабақшадағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысып ешқандай кітап оқымаған балалардан өзгешеліктері көп болған. Зерттеудің нәтижесінде ата-аналар балаларымен диалог негізінде сүретті ертегі кітаптарын оқудың бала тілін диалогты дамыуна үлкен әсері бар екендігі анықталды. Ата-аналар балаларына кітап оқудың маңызды екенін түсінеді.(Işikoğlu Erdoğan et al., 2017)

Ертегі оқылғаннан кейін балаға сұрақтар қою ертегіні дұрыс түсінуіне сөздік қорының дамуына маңызы көп екендігі анықталады. (Tetİk et al., 2017)

Электрондық түрлі анимацияланған кітаптарды оқыған балалардың қарапайым ертегі кітабын оқыған балалардан тілінің дамуы, ертегіні түсінуі жоғары болған. Мектепке дейінгі ұйымдарда электрондық ертегі кітаптарын пайдалану жақсы нәтижеге жетуді қолдайды. Электрондық кітаптарда баяндауды жандандыруға арналған таңбаларға қозғалыс қосу,камераны масштабтау және жылжыту сияқты камерамен жұмыс жасаудың кейбір әдістері іске асырылған. Камераны масштабтау және жылжыту сияқты әдістер оған

ертегі көрнекі элементтердің белгілі бір бөлігіне көзбен шолу назарын жинауға көмектеседі. (Sari, 2018)

Кітап оқу барысында оқылған кітап туралы балаларға сұрақ қою тіпті балалардың сұрақ қоюы және бұл сұрақтарға дұрыс жауап беру тілдің дамуына жақсы әсерін тигізе алады. Балаларға сұрақ қою, диалогтық қатынас түсініктеме беруге қарағанда балалардың сөйлеу тәжірибесін орнықтыруға және арттыруға мүмкіндік береді. Кітап оқу іс-шараларында ертегі аясында тұжырымдарға негізделген сұрақтар балалардың тілдік дағдыларын жақсарта алады.(Öncesi & Programı, 2018)

Технологияның дамыған кезеңінде қарапайым кітаптардың орнын интерактивті электрондық кітаптар иелене бастады. Бұл кітаптар жарқын реңкі, қимыл-әрекеттерімен, кейіпкерлердің даусын салатын дыбыстық ерекшеліктерімен балалардың әсіресе мектепке дейінгі шақ балаларының қызығушылықтарын тартуда. Әрине бұл кітаптар интернетке қосылу және телефон, планшеттер сатып алу мәселесін туындатады. Бірақ барлық жағынан балаға қолайлы және дамуына тигізетін әсері де жеткілікті екенін айтып өту керек. [Odabaş, H. 2019].

Электрондық ертегілерді пайдаланған ата-аналарға оңай болуы мүмкін. Себебі ертегіні аудиозапис айтады. Ата-ана тек қана үдерісті бақылаушы болып отырады. Печатталған ертегі кітабын оқыған ата-анада мүмкіндіктер көп. Ертегіні өзі қалағанынша интонация эмоциямен оқиды. Ертегі арасында балаға сұрақтар қоя алады. Екі түрдегі ертегілерді пайдаланған ата-аналар мақсатына қол жеткізуі жоғары болуы мүмкін. Бірінші ертегіні тыңдап кейін электрондық аудиозаписті естіген балада көп ойлар қалыптасуы мүмкін.(Öncesi & Programı, 2018)

Зерттеудің нәтижесінде сұрақтарға келесідей жауаптар болады.

-Диалог негізінде оқыған балалардың жетістіктері көп болады.Үлкендермен қарым-қатынасқа түсуі, қойылған сұрақтарға жауап беруі жоғарылайды.

-Эксперименттік және бақылау тобындағы балалардың диалогтық сөйлеуіндегі айырмашылықтары болады.

-Ата-аналар психологтар және тәрбиешілердің берген консультациялық сабақтарында айтылған кеңестер негізінде ертегі оқыды.

-Түрлі кітаптар оқыған ата-аналардың нәтижелері, сезімдері әртүрлі болады. Ертегі кітаптарын оқыған ата-ана оқу барысында баласына сұрақтар қойып отырады. Электрондық ертегі кітабын оқыған ата-ана тек бақылаушы болады.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Үй диалогы негізінде балалардың диалогтық тілін дамыту тақырыбында зерттеуді Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы "Әлия" балабақшасында 3-5 жас аралығындағы ортаңғы топ балаларымен жүргізілді.Зерттеуге "Құлыншақ " тобынан 30 бала қамтылды. Зерттеу барысында бақылау тобына қарағанда эксперименттік топтағы балалардың ертегіні айтып беруі және ересектермен диалогтық қатынасқа түсуі жақсарғаны анықталды. Бұл әдістің ерекшелігі, маңызы- казіргі уақытта ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасқа түсуі көп көрінбейді. Баланың кітапқа деген қызығушылығының дамуына балабақшадағы тәрбиешілерге қарағанда ата-аналардың орны ерекше. Зерттелген мақалаларда әкесіне қарағанда көбірек анасы кітап алып және көбінесе түнде ұйқыдан алдын кітап оқитыны анықталды. Балабақшада балалар өздігінен оқи алмайтыны белгілі, сондықтан текстi оқуға, әңгімелеп айтуға үйрету, көркем сөздермен таныстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық принциптерге негізделеді. Ол принциптер – айналадағы дүниемен, қоғам өмірімен, табиғатпен таныстыру, дүниетанымын, ой-өрісін жетілдіру, зейінін, қабылдауын, бағдарлай білу, қаблеттерін дамыту болып табылады. Шығарма оқу, тіл дамыту жұмысында естиярлар мен ересектер тобында шығарманы тыңдай отырып, оның мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін түсініп, өзінше талдап ойын қорытындылай білуге, кейбір үзінділерді жатқа айтуға, мазмұнға сай әңгіме құрауға, бейнелі сөздерді дәл тауып айтуға, өздігінен салыстыра сипаттай білуге үйренуге тиісті. Ата-аналардан ертегі кітабын оқуды ұсынудағы мақсат ертегі оқып отырып сұрақ жауап арқылы баламен қатынасқа түсу бала үшін диалогтық сөйлеуін дамытуға үлкен көмегін беретіні анықталды.

Балабақша баласы тек қана тыңдаушы кітап балаға өмірді танып қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуге үйретеді. Инновациялық білім беру құралдарына аудио, видео құралдары, компьютер, интерактивты тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар жатады.

Жаңа түсініктерді бала айналасындағы адамдардан алады, бірінші орында ата-анадан және кітаптан. Казіргі кезде барлық үйлерде, ата-анада телефон планшет бар. Балалар үйде уақыттарының көбін телефон ойнап өткізеді. Телефонды біз өзімізге пайдалы жағын қарастыруымыз керек.

Сол мақсатта электрондық ертегілер қимылды аннимациондалған ертегілерді телефон планшетке еңгізіп беріп, ата-аналар балаларына ертегі оқу барысында технологияларды пайдалануды дұрыс деп шештік. Электрондық кітаптарды оқытудың өзіндік жақсы және жаман жақтары бар. Жақсы жақтары балада ертегі тындауға деген қызығушылық артады. Электрондық ертегі кітаптары жақсы егер барлық бейнелері ертегі мазмұнына сәйкес болса.

Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін есінде сақтап қалады. Сөз бен әрекетті бір бірімен байланыстырады. Қолымыздағы бар мүмкіндігімізді дұрыс, жақсы, пайдалы істерге қолдануды үйренуіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
2. Ә.Меңжанова, Г.Исмағұлова, Е.Дайрабаев, Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 1982
3. Işıkoglu Erdoğan, N., Şimşek, Z. C., & Canbeldek, M. (2017). Ev merkezli diyaloğa dayalı okumanın 4-5 yaş çocuklarının dil gelişimine olan etkileri.
4. Tetik, G., & Işıkoğlu Erdoğan, N. (2017). Diyaloğa dayalı okumanın 48-60 aylık çocukların dil gelişimine etkisi. Kastamonu Eğitim Dergisi, 25(2), 1-16.
5. Sarı, B. (2018). Elektronik hikâye kitaplarının farklı sosyo-ekonomik düzeyden gelen 4-6 yaş çocukların anlamlı kelime edinimleri üzerine etkisi.
6. Odabaş, H. (2019). İnteraktif E-Kitapların Okul Öncesi Çocukların Öğrenme Becerilerine Yansımaları.

ГРНТИ 77.01.09

ЕСІРКЕПОВ ЖАНДОС МЕРГЕНБАЙҰЛЫ
п.ғ.к.
қауымдастырылған профессор
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ., Қазақстан

ОМАРОВ БАҚЫТЖАН СҰЛТАНҰЛЫ
PhD , қауымдастырылған профессор
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ., Қазақстан

ЖАСТАРДЫ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫ, ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Түйін. Бұл ғылыми мақалада қазақ ертегілерінде аңшылық өнерде кездесетін дене тәрбиесінің көріністері, батырлар жырларындағы тау тұлғалы алыптардың денесінің жетілгендігі, шыныққан шымыр денесімен қиындықтарды еркін еңсеруі, елін-жерін қорғаудағы ерліктері, Отансүйгіштік қасиеттері және халық мақал-мәтелдерінің жастарды ерлікке, батылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеудегі алатын орны жан-жақты қарастырылады.

Түйінді сөздер: батырлар жыры, қазақ ертегілері, мақалдар, ұлттық ойындар, дене тәрбиесі.

Резюме. В данной научной статье подробно рассмотрены описанные в казахских сказках проявления физического воспитания, встречающиеся в искусстве охоты, совершенство тела огромных великанов в героических поэмах, свободное преодоление ими трудностей закаленным телом, подвиги в защите родной земли, патриотические качества и место народных пословиц и поговорок в воспитании у молодежи мужества, смелости, нравственности.

Ключевые слова: поэма героев, казахские сказки, пословицы, национальные игры, физическая культура.

Summary. This scientific article describes in detail the manifestations of physical education described in Kazakh fairy tales, found in the art of hunting, the perfection of the body of huge giants in heroic poems, their free overcoming of difficulties with a hardened body, feats in protecting their native land, Patriotic qualities and the place of folk Proverbs and sayings in the education of youth courage, courage, morality.

Keywords: poem of heroes, Kazakh fairy tales, Proverbs, national games, physical culture.

КІРІСПЕ

Халық педагогикасының негізгі мақсаты - өзінің бай тарихы мен мәдени мұраларына сүйене отырып, өскелең ұрпақты еңбекке, өнер-білім дағдыларын игеруге, отбасы, ауыл-аймақтың, Отанның ар-намысын қорғауға, т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Ұрпақ тәрбиесі мен білімнің кемелденуіне ғылым қандай қызмет етсе, өнер мен әдебиет, қоғамдық салт-дәстүр, халық ертегілері мен мақал-мәтелдері де айрықша қызмет етеді.

Ф.Энгельс «Немістің халық кітабы» атты еңбегінде форльклорлық шығармалардың халықтық сипатына тоқтала келе, «Күндіз ауыр еңбек істеп, шаршап-шалдығып келген шаруа кешқұрым халық ертегілерін, батырлар жырларын, мақал-мәтелдері мен өлең-жырларын тыңдап өмір сырын түсінуге тырысқан», - десе [*Энгельс Ф.П СС. Т. 41, 11 б.*], В.Г.Белинский «Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс... Бұл істе әдебиет ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралы болып келген», - дейді [Белинский В.Г. полн. Собр.соч. в 13-и том. М., 1949. - 369 б.].

Халық ауыз-шығармаларында халық арманы мен мұң-зары, келешектен күткен үміт-тілегі айқын көрініс тапқан. Әрбір айтушы – өз тыңдаушысына ұстаздық жасап, олардың түйсік-сезімін оятып, келешек өмірдегі мақсатқа жетуіне жетекшілік еткен.

Сондықтан халық ауыз әдебиеті шығармаларын зерттеуші Ш.Уалиханов, Ә.Диваев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Смайлов, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев сынды ғалымдар оны өмірдің айнасы, халық тұрмысының тынысы деп қараумен бірге, оған ұрпақ тәрбиесінің ғасырлар бойғы тәлімдік құралы деп те қарады. Осыдан келіп халық ауыз әдебиетінің тәлімдік мәні, фольклордың халық педагогикасымен тығыз байланысы туындайды. Оған қазақ фольклорының көтерген мәселелері мен тақырыбы да айғақ бола алады. Мысалы, тұрмыс-салт жырлары мен ертегі жанрының көтерген мәселесі көбінесе отбасы, отбасының тіршілігіне, соның бақыты мен қайғысына құрылса, халықтық патриотизм мен ерлікті дәріптейтін эпостық жырлар ел қорғау қызметіне негізделген.

Халықтың ғасырлар бойғы бай қызынасы

ауыз әдебиетінің асыл үлгілері: өлең-жыр, аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, афоризм сөздер мен ән-күй, би музыкасы, зергерлік қол өнері, ұлттық ойын түрлері, т.б. өнер атаулының бәрін ұрпақ тәрбиесінің маңызды құралы ретінде кеңінен пайдаланған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ф.Энгельстің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», - деген еңбегінде азамзат қоғамында аңшылық кәсіптің ерекше рөл атқарғанын, оған алғашқы қауым адамдары бірлесіп қатынасқанын сөз етеді [*Энгельс Ф., Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Байділданов Л.Ә., 5-томды құрастырушы, 2018ж. 126 б.*]. Аңшылықты кәсіп еткен қазақ халқы да жүйрік ат, қыран құс, тазы итті баптап пайдаланғанын, аңшылық ерте кезде халықтың күн көріс кәсібі болғанын ауыз әдебиеті үлгілерінен көреміз. Аңшылықты тұрмысқа қажетті кәсіп деп түсінген халық бұл тақырыпта небір айшықты шығармалар да туғызған. Мысалы, «Жоямерген», «Жерден шыққан Желім батыр», т.б. ертегілерді алсақ, бұларда да басты кейіпкерлер еңбек адамдарының арасынан шыққан аңшы-мергендер, олар өздерінің мергендігімен ел-жұртын асырап-сақтаған адамдар бейнесінде суреттеледі [*Қазақ ертегілері. 1990. I-II том*].

Негізгі идеясы ел қорғау болғанымен, «Қамбар батыр» жырында да алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды аңның, құстың етімен асыраған Қамбар жайлы суреттеледі [https://bilimall.kz/olen/4898-Qambar-batyr]. Қамбардың:

Құс етін беріп бағамын,
Үйдегі екі кәрімді.
Оған да назар саламын,
Қанатыма аламын.
Тоқсан үйлі тобыр мен
Алпыс үйлі арғынды, -

дейтін аңшылықты тіршіліктің нәрі, ата кәсіп екенін көрсетеді. Елін аңшылықпен асырау жолында Қамбар бірсыпыра қиындықтарға кездесіп, жыртқыш аңдармен алысып жеңеді. Жолбарыспен айқасын суреттеу арқылы батырдың ерлік образын жасап отыр. Аңшылық мергендікті, ептілікті, күштілікті, мықты дене дайындығын қажет етеді. Олай болса, елді мергендігімен асырап-сақтаушы Қамбар батыр сияқты ұлдарды сүйсіне суреттеу арқылы халқымыз жастарды мергендікке, ерлікке, батырлыққа, Отанын, елін шынайы сүюге баулуды көздеген.

Қазақ ертегілерінде дене тәрбиесінің алатын орны ерекше. Ер Төстік қазақ ертегілерінің ішіндегі ең қызықтысы болып саналады. Ертегінің кейіпкері Төстік асық ойнап жүріп кемпірдің жалғыз баласын ұрып өлтіріп, (кейбір ертегілерде өрмегінің жібін үзеді), өзінің сегіз ағасының жоғалып кеткендігін естиді. Сонан соң іздеп жолға шығады. Жолдасы да садағы, азығы да садағы, жолда кез-келген аңды атып жеп күнелтеді. Әрине, садақ мың жылдан астам уақыт адамзаттың ең күрделі әрі қаһарлы қаруы болды. Ғалымдар оны сақ, үндіс және зәңгі тұқымдас халықтардың садақтары деп үш түрге бөледі. Кезінде сақ садақтарын Еуропа халықтары, арабтар мен парсылар пайдаланған.

Жалмауыз кемпірдің змиян әрекетімен жер астына түскен Ер Төстік Темірханның еліне бара жатып, өзіне жолдастар табады. Олардың бірі - сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алатын «Епті», екіншісі – «Желаяқ», үшіншісі – «Саққұлақ», төртіншісі – «Таусоғар», бесіншісі – «Көлтауысар», алтыншысы – «Қырағы» [*http: // pushkinlibrary. Kz / exhibitions / bayterek_kaz Er-Tostik.htm*].

Төстік Темірханның еліне жетеді. Оның қызын зорлықпен алайын деп жатқан Кеще ханның әскерінің құрсанып жатқан үстінен түседі. Келісім бойынша екі жақтың адамдары өнер сайысында бақ сынайды. Бәйгеде Шалқұйрық озады, күресте Таусоғар жығады, жаяу жарыста Желаяқ озады, Көлтауысар, Қырағы, Епті мен Саққұлақ та өз міндеттерін мінсіз атқарады. Олардың бойындағы таңғажайып қасиеттер ертегі қаһарманы Ер Төстіктің жеңіске жетуіне жағдай туғызады. Денесі жан-жақты жетілген, шыныққан адамдар ешнәрседен де тайсалмайды, жолдарындағы қиындықтардан қиналмай өтіп отырады.

Жаяу жарыстың ертегіден орын алуы да тегіннен-тегін емес. XI ғасырда өмір сүрген уәзір Низам-әл-Мүліктің ел басқару туралы Сиасетнаме атты кітабында: Белгілі жолдарға жүрдек адамдар қойып, оларға ай сайын жалақы белгілеу жөн. Осылай істегенде 50 фарсант жол жүретін жерде болған оқиғаның хабары бір тәулікте жетіп келеді [*Сиасет-намэ. Книга о правлении везира 11 столетия Низам аль-Мулька, 1949*]. Ежелгі әдет бойынша оларды накибтер басқаруға тиіс, - дейді.

Низам-әл-Мүліктің ежелгі әдет бойынша деп жазуына қарағанда жаяу жарыс ерте заманнан бар болса керек. Тарихи тақырыптарға қалам тартқан халық жазушысы Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында үлкен мерекелерде өтетін спорт ойыны ретінде жаяу жарыстың жанжақты суреттелуі тегін емес [*Есенберлин І., Алмас қылыш, 1971. 151 б.*]. Міне, Ер Төстік ертегісіндей оқиғаның шиеленісетін жері де осы жарыс кезі. Желаяқпен жарысқан мыстан кемпір серігін мас қылып ұйықтатып кетеді. Әлден уақытта оянған Желаяқ өзінің алданғанын біліп, жалма-жан жүгіріп мыстанның жанынан өте беріп көзіне топырақ шашып, өзі қарақшыға бірінші келеді.

Ертегілер мен аңыздарда күшті адам ғана туған еліне бақыт сыйлай алады дегенді меңзейді халық. Мысалы, «Толағай туралы аңыз» атты тамаша ертегі осындай идеяға құрылған. Бір жылы құрғақшылық болып, егін шықпай ел қатты күйзеледі. Бұған бұғанасы қатпаған бала Толағай жолға шығады. Басы бұлтпен таласқан биік шың-

ның жанына келіп, оны жерден жұлып алады да, иығына салады. Сөйтіп, тау көтеріп, құрғақшылыққа ұшырап, егін шөбі күйіп тұрған туған жеріне беттейді. Сан батпан салмақтан жаны қатты қиналса да иығындағы тауды тастамайды. Тер шүмектеп төгіледі, Толағай ел шетіне жете беріп сүрініп, құлайды. Есіл ер осылайша қаза табады. Осы кезде аспанда найзағай ойнап, шың басындағы бұлт жаңбырды төгеді. Қаңсыған даланың мейірі қанады. Белдерде балауса шөп көктеп, егін жайқалады. Аңыз елге, Отанға деген үлкен патриоттық сезімге толы. Халық бақыты жолында жанды пида ету асқан бақыт, абырой саналады.

Халық бақыты үшін күрескендердің бірі Керқұла атты Кендебай ертегісінің қаһарманы алты айда күлген, алпыс күнде жүрген, алты жылда алып жігіт болған. Оны ерлік жасауға құлшындырған халық арманы. Ол туралы ертегіде сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, аң аулап әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан атыпты, құралайды көзге атқан мерген болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды маямая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты, - дейді [*https://bilim-all.kz/article/173*].

Күштілік, мергендік, аңшылық елге қорған болу ретінде суреттеледі. Міне, сол Кендебай бір кездері ел қорғаны болған Мергенбай батырды тұтқыннан құтқарады. Осы сапарында ғажайып ерліктер жасап, жеті басты айдаһарды, жалмауыз кемпірді, ақырған арыстанды өлтіреді. Бұған Кендебайдың өнері, айлакерлігі көмектеседі.

Қазақ халқының көптеген ертегілерінде аңшылық жайлы әңгімеленеді. «Аламан-Жоламан», «Жүсіп мерген», «Асан батыр», «Сиқырлы тас» сынды т.б. ертегілерде бар оқиға аңшылыққа байланысты өрбиді. Сиқырлы тасты не қажет етсең тілегің қабыл болады деп тілегін орындайтын қасиетті тас бергенде хан баласы алдымен құсым мен тазыма жеткізе гөр деп жалбарынады. Адамға қашаннан серік болған құс пен иттің қандай қиыншылықтан да қорғауға септігін тигізетіндігі, иесін ешқашан аш қылмайтындығы осылай дәріптеледі. Ал, адам өз елінде ешкім жара алмаған қара тасты қақ бөледі. Күндестікпен ағалары аяғын кескеннен кейін аңшылықты кәсіп етеді. Ерен күші мен қажыр-қайратының арқасында ғана ол бұрынғы қалпына келеді.

Күн астындағы Күнікей қызда зұлым хан тапсырмасымен шыққан аңшы балаға Ер Төстіктегідей «Таусоғар», «Желаяқ», т.б.-ға жолдас болады.

«Ұшар ханның баласы», «Жандыбатыр», «Жерден шыққан Желім батыр» ертегісінде де күш дәріптеледі. Жандыбатыр ерен балуандық өнері арқылы жанына небір дәулерді жолдас етсе, Желім батыр халыққа зәбір көрсеткен залым дәумен күресіп, жығып өлтіреді.

Кашаннан адамзаттың жан серігі болған жылқы да қазақ ертегілерінде кең суреттелген. Сонымен тоқсан сөздің тобықтай түйініне келсек, халық адамның күшті, епті, шыдамды, айлакер болуын армандаған. Бойына осындай қасиеттерді жинақтаған, қаһармандардың ертегілерінің басты кейіпкерлері етіп жас ұрпақты солардай алып тұлғалы етіп тәрбиелеуді мақсат тұтқан.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері де адамзат тіршілігінің барлық саласын жан-жақты қамтиды. Оған үңіле қарағаң сайын небір кемеңгер ойларды бірнеше сөзбен ғана өте дәл берген ғажайып мұраларымыздың бірі екенін көреміз. Көңілге ерекше қонымды әрі ұтымды мақалмәтелдерде ұлт ойындары адамның бойындағы Отансүйгіштік, күш, ерлік, ептілік сияқты көптеген ізгі қасиеттер кеңінен сөз болады. Ер қанаты - ат дегендей тұлпарлар туралы мақал-мәтелдер бір төбе. Халық қандай табысқа қолың жетпесін, ол талаптың арқасында дейді. Мұны «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес», - деп түсіндіреді.

Күш жайлы айтылған мақал-мәтелдерді сөз еткенде алдымен көп қолданылып жүрген «Күш атасын танымайды», - деген мақалға тоқтар едік. «Етікті нәл сақтайды, жіпті әл сақтайды», - дегенде де әлді, күшті адамның қандай қиыншылық болмасын жеңетіндігі айтылады. «Кайраты бар кісінің берекеті бар ісінің», - деген мақалда күшті адамның еңбекте озат болатындығы өзінен-өзі көрініп тұр. «Шыдамды еңбек алғыр ой - анық досың біліп қой», «Шапқан озар, жатқан қалар», - деген мақалдарда әрқашан әлсіз жалтақ келеді, еңбек ету, алға ұмтылу дәріптеледі. «Әлді шалқақ, қайратсыздың айбаты зая» деген мақалдарда да күшті мадақтау бар.

«Алыспақ бар, атыспақ жоқ», - деген мақалдан спорттық ойындардың ел, рулар арасында татулыққа, достыққа шақырып тұрғандағы белгілі.

Сонымен қатар өнерге ерте бастан машықтануға да халық аса зор мән берген. «Өнерлі өрге жүзеді, балам өсті дегенше, батыр өсті десейші, батыр өнер білмесе, қабыл өсті десейші», - дейді. Батырлық өнерге күш, мергендік, шабандоздық, т.б. жататындығы белгілі.

«Ата көрген оқ жонар», «Қыз - қуыршақ, бала – құлыншақ», - деген мақал-мәтелдерден дене тәрбиесінде шабандоздықтың жас кезінен басталатынын көреміз.

Ептілікке, жігіттің бес қаруын дұрыс қолдана білуіне, әдіс-айлаға да халық жоғары баға берген. «Сойылды соға білмеген өзіне тигізеді», «Жігіттің екі өнері бар, атқанда жыққан, ашқанда оқыған», «Арыстан болсаң жау үшін, түлкідей болсын әдісің», «Ердің аты бұлдырықтай, өзі туырлықтай», «Мылтығыңа емес, мергендігіңе сен», «Қасқыр соғар жігітті қарасынан танимын», «Әуп деген жігітке күш, әйт-шу деген атанға күш», «Қарасын көріп, күшінен түңілме», - деп дәл айтады. Сонымен қатар, епсіздікті «Балуанның жаманы шалдырған соң өкінер, жығылған күреске тоймас»,

- деп санайды. Әрқашан епті, түлкідей айлалы болуға шақырады. Бұл қасиеттердің түрлі спорттық ойындарға да ортақ екендігі белгілі.

Сонымен қатар ұжымшылдық, бірлік те мақал-мәтелдердің ең үлкен өзекті мәселелердің бірі. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Саяқ жүрсең таяқ жерсің», «Жарылғанды жау алады, бөлінгенді бөрі алады», - дейді. Ал, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық спорт түрлері мен ақсүйек, алтыбақан, хан, соқыр теке тәрізді ойындарда ұжымшылдықтың ұтуға, жеңіске жеткізетіндігі белгілі.

Ер-азаматтың ерлігін, елін, Отанын сүю сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін қастерлеу, халыққа хабардар ету, сол арқылы оның өнегелі істерін ағайын-туысқа, аға-ініге, бауырлар мен балаларға, ел-жұртқа үлгі-өнеге етіп ұсынудың тәрбиелік мәні аса зор. Бұл, біріншіден, халықтың «Елі үшін туып, елі үшін өлген ерді» дәріптеуін білдірсе, екіншіден, жастарға, өскелең ұрпаққа оның ерлік ісін үлгі-өнеге етіп ұсыну, сол арқылы «Ат тұяғын тай басар», «Ел қамын ер жоқтар», деп, тағы да халық қамын жейтін «Елі үшін еңіреген» ер тәрбиелеу. Халық мақал-мәтелдерінде осы идея өзекті орын алады.

«Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады», «Ер – елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы», - деп халық үшін жанын қиюға дайын, ел қамын ойлайтын ерлерді дәріптейді. Ерлік елін сүюден, ар-намыстан, тәуекел етуден туады. Осыны сезе білген халық: «Елін сүйген ер болар», «Ерді намыс өлтірер», «Ерлік білекте емес, жүректе», - деп арыстанша ажалға қарсы шаба білетін, елінің ар-намысын қорғай білетін азаматты дәріптейді. Халқымыз: «Жалаңаш бар да жауға шап, ажалың жетпей өлмессің», - деп ерлікке баули отырып, жауды жеңу үшін күшпен бірге айла-амалдың да керек екенін ескертеді. «Сақтықта қорлық жоқ», «Айлалы батыр алдырмас», «Арыстан болсаң жау үшін, түлкідей болсын құлығың», - деп сақтандырады.

Халық намысын аяққа басатын, қоян жүрек қорқақтарды: «Қорқақ көлеңкесінен де қорқады», «Қорықсаң құның болмайды», «Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі», - деп мінеп-сынайды. «Үйде шешен – дауда жоқ, үйде батыр – жауда жоқ», - деп қорқақты келеке етеді.

Халық мақалдарында батырды досқа қайырымды, жауға қатал, мейірімсіз болуға шақырады: «Жауды аяған – жаралы», «Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме», «Қыраны жоқ ерден без», - деген мақал-мәтелдерден осы пікір айқын көрінеді. Ердің уәдеге беріктігін қалаған халық: «Ердің екі сөйлегені – өлгені», «Ер айтпас, айтса қайтпас», - деп ердің алған бетінен қайтпауын, берген уәдесінен таймауын, іс-әрекет пен уәде, мақсаттың бір жерден шығуын талап етеді. Уәдеге беріктік те ерлікпен бірдей бағаланатын қадірлі қасиет.

Халқымыз ерлікті егіз деп ұққан. Ерлік еңбектен басталады. Елінде еңбек ете білген адам, майданда ерлік істей алады. Осы пікірді «Еңбек ер атандырады», «Ер дәулеті – еңбек», «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер», - деген халықтық мақал-мәтелдерден көреміз. Елі үшін жаумен жағасып, жанын пида етуге бел буған Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар сынды батыр ұлдардың ерлік істерінің қайнар көзі Отанын шынайы сүюде, шексіз патриоттықта жатыр. Аяулы ұлдардың елі-жері үшін төккен тері, аққан қаны халық жадында ғасырлар бойы сақталып, оларды өлең-жырлармен мәңгі сүйсіне мақтаған. Кейінгі ұрпақты солардай Отансүйгіш азамат болуға үндеген. Жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің – алтын бесік», «Отан оттан да ыстық», «Туған жерге туың тік», «Басқа жерде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Жеген жерінде көгерер, Ер елінде көгерер», - деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларын, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған. Сондықтан да лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұлқыздары болып келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыз әдебиетінің мақал-мәтел жанры біраз өсіп-өркендегені белгілі. Халық ақыны Қ.Айнабеков пен халық батыры Б.Момышұлы Отан соғысы жылдарында көптеген мақал-мәтелдер шығарып, жастарды ерлікке, еңбекке, Отансүйгіштікке тәрбиелеуде үлгі-өнеге көрсетті: Мысалы: Қ.Айнабековтің «Жұмыссыз жастың жүргені сөлекет, иттен басқаның үргені сөлекет», «Ерінбегеннің еңбегі жанады, іркілмегеннің ерлігі артады», «Ынталының ісі лезде бітеді, енжардың ісі кейін кетеді», «Қарусыз адамның қайраты зая, қайратсыз адамның айбаты зая» атты т.б. жастарды еңбекке, ерлікке баулитын ондаған мақал-мәтелдері бар [*Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ., 2009*].

Ал, Б.Момышұлы: «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік жігіттің қасиеті», «Жауды өлтірсең өлімнен құтыласың, өлтірмесең өлімге тұтыласың», «Әдіссіздік – әлсіздік, ептілік те ерлік», «Қол қашса – қолбасшы боққа да жарамайды», «Батыр батыр емес – бастаған батыр», «Отан үшін отқа түс - күймейсің», т.б. ерлік, адамгершілік қасиеттерді дәріптейтін жүздеген мақал-мәтелдерін келер ұрпаққа насихаттап кетті [*Момышұлы Б., 1959. 229-232 б.*].

Сонымен қатар гигиена мәселесі де мақал-мәтелдерде сөз болады. Халқымыз «Әуелгі байлық - денсаулық, тазалық - саулық, саулық - байлық негізі», - деп бекер айтпаған. Жалпы алғанда

қазақтың мақал-мәтелдерінде дене тәрбиесі әр қырынан, жан-жақты орын алған деп айта аламыз. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі дене тәрбиесі мәселелері туралы сөз ете келе мынадай қорытындылар шығаруға болады:

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Дене тәрбиесі адамзат еңбегінің үдерісінде өмір сүруге көмектесетін саналы әрекет ретінде пайда болған. Күшті, епті, төзімді адамдар қай кезде болмасын, өмір жолында кездескен қиыншылықтарды оңай жеңіп отырған. Міне, осыдан келіп, жаттығу жүйесі, спорттық ойындар қалыптасқан. Спорттық ойындардың басты мақсаты адамның қабілеттері бойынша күнделікті тұрмысқа қажетті қасиеттерді дамыту.

2. Дене тәрбиесі қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес бірте-бірте күрделеніп, өсіп-өрбіп отырған. Оған әр халықтың тұрмыс-дәстүрі, әдет-ғұрпы, айналысатын ісі, салт-дәстүрі, бастан кешкен оқиғалары әсер еткен. Осыдан келіп ұлттық спорт ойындары шыққан. Ұлан байтақ даланы мекендеген қазақ халқы көкпар, бәйге, сайыс, аударыспақ, жамбы ату, қыз қуу, күрес, жаяу жарыс тәрізді ұлт ойындарын дамытқан. Түрі бөлек болғанымен бұл спорт ойындары да жалпы дене тәрбиесінің алдына қойған жауынгерлік тағы басқа өмірге қажетті қасиеттерді дамытуды мақсат еткен.

3. Дене тәрбиесі халыққа эстетикалық тәрбие беріп, адамды жан-жақты дамытуда зор рөл атқарған. Сонымен қатар, жас ұрпақты сұлулыққа, әсемдікке, көркемдікке баулуда да дене тәрбиесінің алар орны зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Энгельс Ф. П СС. Т. 41. - 11 б.
2. Беленский В.Г. полн. Собр.соч. в 13-и том. М., 1949, 369 б.
3. Энгельс Ф. Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Байділданов Л.Ә. 5-томды құрастырушы. - Астана, 2018. - 126 б.
4. Қазақ ертегілері [Электронды ресурсі] / интернет ресурс – Режим доступа:Алматы: Жазушы. 1990. I-II том.
5. Қамбар батыр. https://bilim-all.kz/olen/4898-Qambar-batyr
6. Ертөстік [Электронды ресурсі] / интернет ресурс – Режим доступа: http: // pushkinlibrary. Kz / exhibitions / bayterek_kaz Er-Tostik.htm
7. Сиасет-намэ. Книга о правлении везира 11 столетия Низам аль-Мулька. - Л., 1949.
8. Есенберлин І. Алмас қылыш / - Алматы, 1971. – 151 б.
9. Керқұла атты Кендебай [Электронды ресурсі] / интернет ресурс – Режим доступа:https://bilim-all.kz/article/173
10. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009
11. Момышұлы Б. ҚМКҚБ, Алматы, 1959. 229-232 б.

УДК 37. 377

ЕРХОЖИНА ШАТТЫГҮЛ ЛЕСБЕККЫЗЫ
Педагогика ғылымдарының кандидаты
Сулейман Демирел атындағы университет

ҚОСЫМОВА ГҮЛБАНУ СЕЙІЛБЕККЫЗЫ
Филология ғылымдарының докторы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін. Мақалада педагогикалық үдерістегі дамыта оқыту мәселесі сөз болады. «Даму» ұғымының анықтамасы арқылы жаңару үдерісі екені психологияда жеткілікті дәлелденгені айтыла келе, білім берудегі дамудың мәні ашылады. Ғалымдар теориясына түсініктер беріледі. Білім алушыны шығармашылық әрекет жағдайына енгізу, оқытушы мен студент арасындағы қарым – қатынас, тұжырым жасауға бағыттау мәселелері және дамытуға бағытталған түрлі жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижелілігі қарастырылады. Жұмысты өз бетімен жоспарлауға, қабылданған көзқарастарға сын көзімен қарау, ойдың икемділігі, құбылыстарды тез аңғару, құбылыстарды салыстыру, білуге құмарлық, өзөзіне сыни баға беру т.б. қасиеттердің даму үдерістері талданады.

Түйінді сөздер: даму, рефлексия, талдау, жинақтау, ой қызметі.

Резюме. В статье рассматривается развитие обучения в педогогическом процессе. Определение «Даму» подтверждается тем фактом, что процесс модернизации доказан в психологии, и раскрывается сущность развития в образовании. Даны концепции теории ученых. Рассмотрено внедрение студента в творческую деятельность, взаимоотношения между учителем и студентом, ориентация на выводы и эффективность организации различных мероприятий, направленных на развитие. Самодисциплина, критическое отношение к принятым взглядам, гибкость мыслей, быстрое восприятие явлений, сравнение явлений, страсть к знаниям, самокритичная оценка и т. д. анализируются процессы развития свойств.

Ключевые слова: развитие, рефлексия, анализ, синтез, мысль.

Summary. The article deals with the development of learning in the pedagogical process. The definition of " Development" is confirmed by the fact that the process of modernization is proven in psychology, and the essence of development in education is revealed. Concepts of scientists ' theory are given. The introduction of the student into creative activity, the relationship between the teacher and the student, the focus on conclusions and the effectiveness of organizing various activities aimed at development are considered. Self-discipline, critical attitude to accepted views, flexibility of thoughts, quick perception of phenomena, comparison of phenomena, passion for knowledge, self-critical assessment, etc. the processes of property development are analyzed.

Keywords: development, reflection, analysis, synthesis, thought.

Дамыта оқыту мәселесі сөз болғанда, алдымен, санамызға «дамытушылық» мәселесі оралатыны айқын. Психолог ғалымдар мен әдіскерлердің тұжырымдары бойынша дамытушылық үдерісі кіші жастан басталады. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңару үдерісі, ескінің орнына жаңаның өмірге келуі. Баланың психикасы үнемі диалектикалық жолмен дамып, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп өзгеріп отырады. Осы дамуды оқытумен бірге қарастыру арқылы, екеуінің арасында тығыз байланыстың барын психология жеткілікті дәлелдеп берді.

Л.С.Выготский, В.В. Давыдов, Л.В.Занков, т.б. ғалымдардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейінің көтерілуіне келіп саяды. Осы тұрғыдан қарағанда, баланың қандай да болмасын: танымдық қызығушылығын; ойын; ақылын; шығармашылық қабілетін, құзіреттілігін, т.б. психикалық қызметтерін дамытудың негізгі факторы – оқу үдерісі екендігі айқындалған. Барлық ғалымдар зерттеулерінде кіші жастағы және мектеп жасындағы балалардың даму үдерісі көп қарастырылады.

Дамыта оқыту дегеніміз - бұл оқу үрдісінде білім алушылардың ықтимал мүмкіндігінің толық іске асуына бағдарланған оқыту. Оқу әрекеті арқылы психологиялық жаңа құрылымдар теориялық сана және ойлау қалыптасады. Олармен байланысты рефлекция, талдау, жинақтау, индукция, дедукция, салыстыру, шолу сияқты психикалық қабілеттер дамиды.

Жоғары оқу орнында бұл қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкіндігі мол. Студент дәрістерде және практикалық сабақтарда әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, қарапайым теориялық білімдерді меңгереді. Осылайша оқу әрекетінің мазмұны болып табылатын теория-

лық білім студенттің қажеттілігіне айналады. Ал сабақтың әрекет теориясына сәйкес ұйымдастырылуы – студенттің жеке басын дамытудың басты кепілі.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Оқыта отырып дамыту мәселесіне арналған зерттеулер дәстүрлі оқытуға өзгерістер енгізуге ықпалын тигізеді. Қазір бұл жүйе дәстүрлі оқытумен қатар пайдаланылып келеді. Екі авторлар тобы да өз жүйелері бойынша оқу бағдарламаларын, әдістемелік құралдар дайындап шығарды. Осылайша дамыта оқыту ғылыми теориядан практикалық іс-тәжірибеге батыл ене бастады. В.В.Давыдов: «Для порождения учебной инициативы ребенка необходимы для педагогических условия:

1) Определенные процедуры, с помощью которых учитель в явном виде открывает ученикам свои ожидания неимитационного, нерепродуктивного поведения (система задач, ставящих ребенка перед открытым выбором учебного или неучебного способа взаимодействия с учителем, позволяет связать два пласта учебным материалом и общий для ученика и учителя способ взоимодействия);

2) Определенные процедуры, способствующие порождению самого учебного вопроса-гипотезы о новом понятии или общем способе действия (процедуры связаны с организацией учебного сотрудничества со сверстниками) [*Давыдов В.В., 1996. б.213*]. Ғалым оқыту әрекетіне кірердегі педагогикалық жағдайлардың болуын маңызды санайды. Дамыта оқыту-дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгеруші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта оқытуда білімгердің ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін білімгер өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайда түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы;
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу;

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылай, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады.

Дамыта оқыту білім алушының ойлау қызметімен қатар олардың оқу білігін дамытуды көздейді. Дамыта оқыту технологиясындағы ең басты нәрсе – білім алушыларды шығармашылық әрекет жағдайына енгізу болып табылады. Мұның өзі оқытудың эвристикалық және зерттеу әдістеріне ерекше мән берілетінін көрсетеді. Бұл әдістер оқытушының «дәстүрлі емес тапсырма түрлерін ізденудің обьектісі» ретінде қоюы, «жекеден жалпыны тауып шығару», «құбылысқа синтез жасау», «алдын болжау», «әрекеттің жалпы моделін құру», «жұмысты жоспарлау», «ақпараттық құзыреттілік мүмкіндіктерін пайдалану», «объектінің жаңа қызметін көру», «ой қорытындысын шығару» т. б. сияқты шығармашылық ізденіске жетектейтін іс – әрекетке қосатын, студентті «қорытындының авторы», «іс - әрекет біліктері мен дағдылардың шебері», «белсенді ізденгіш», «бастама көтеруші», «идея авторы», «жаңалық ашушы» ететін әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Студенттерге дамыта оқытуды ұйымдастыру ересек білім алушыға ақыл – ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше жағдай, оқытушы мен студент арасындағы қарым – қатынас. Оқытушы бұл жағдайда дайын біліммен емес, танымдық іс – әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы бола білуі керек. Тек осындай оқытулар студенттің интелектісін ашып, шығармашылығын дамытады. Қазақ тілін оқытуды ұйымдастыруда студенттің тіл үйренушілік қабілетін дамыту мақсатында түрлі әдістер қолданылады. Ең алдымен, диалог құрастыру олардың тілдесім әрекетін дамытудың алғашқы баспалдағы саналады. Ауызша сөйлесу арқылы тіл икемділіктерін қалыптастырады.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында бұл жұмыс түрін күрделендіру негізінде сөйлеу тілін дұрыс меңгеруді, қатысым және жазылым қарым-қатынасын реттеуге болады.

Дамыта оқытуда студенттердің пікір айта білуі және жазып үйренуі үлкен рөл атқарады. Оқыған мәтіндерге, әңгіме, мақала, баяндама, реферат түрлеріне пікір жазуға үйретуде білім алушының қабылдауын, ойлануын, қиялдануын, сөйлеуін дамытуға тікелей бағыттауда жұмыстың бұл түрі үлкен ізденісті, еңбектенуді қажет етеді. Студенттің өз ізденісімен шешімін тапқан жұмыс түрі оның шығармашылығы болып саналады. Жоғары оқу орнында қазақ тілін оқытуда орындалатын шығармашылық және дамытушылық тапсырмалардың бір түрі – аннотация. Бұл – студенттің ойын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, ойды қысқа түрде мазмұндауға, ой қорытындысын жасауға бағытталатын жұмыс түрі. А.А. Леонтьев аннотация жазу түпнұсқа мазмұнын байланыстыра отырып тұжырымды түрде қысқа-

ша мазмұндау, мәтінде берілген ақпаратты, оның бағыттылығы, құндылығы және кімге арналғандығы жөнінде қысқаша мағлұмат беру екендігін ерекше атап көрсетеді. Аннотация жазуда студент оқыған не тыңдаған материалдың негізгі жағын аңғарып, мазмұнын жазуға жаттығады. Түпнұсқаның мазмұнын автор өз сөзімен жазуға мүмкіндік алады. Бұл тапсырманың мақсаты – мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауға үйрету, ойды байланыстырып жазуда тілдік тұлғаларды дұрыс қолдануға, олардың сөйлемдегі орын тәртібін сақтауға, сауатты жазуға дағдыландыру. Басты ойды, мәтіннің идеясын ашатын сөйлемдерді тауып, орынды қолдана алса, студенттің ойы мен тілінде даму үдерісі белгілі бір сатыда көрсеткіш көрсете алады.

Бұлардан басқа оқу үдерісінде білім алушылардың көптеген ақыл – ой қабілеттерін іске қосатын жұмыс түрлері қолданылады. Сабақта қарастырылған белгілі мәтін бойынша сұрақ – жауап әдісімен жағдаяттық сұхбат құруға болады. Мамандығына байланысты алынған мәтін арқылы студенттер кәсіби терминдермен танысып, сөздік қоры артады. Мәтінде кездесетін олар үшін белгісіз сөздерге сөздік жұмыстарын ұйымдастыру – мәтін мазмұнын дұрыс ашудың кепілі. Мәтінді меңгерту кезінде сөйлеу жағдаятын тудырудың маңыздылығы зор. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Тіпті ғалым Л.В.Занковтың жоғары қиындықта оқыту принципін алатын болсақ, бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Л.В. Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді [*ЗанковЛ.В.,1990,б.108*].

Шведтік нейробиолог Холгер Хиден өз зерттеулерінде баланың миындағы клеткалардың бір-бірімен байланыстыратын талшықтар (нейрондар) тек ойлау әрекеті болған жерде ғана молайып, жиілей түсетіндігін, сондықтан өте жас кезде баланың миын жұмыс істеуге ынталандырып отыру керектігіне назар аударады. Белсенді ой қызметінсіз клеткалар бай талшықтар құрай алмайтындығын, содан барып олардың қызметі төмендеп бара-бара жойылатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді.

Дамыта оқыту жүйесінің авторлары бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қайта жетелейді. Бұл принципте жеңіл-желпі тапсырмалар орнына, баланың тапқырлығын зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмалар орындау үлкен нәтиже береді. Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі – теориялық білімнің жетекші ролі принципі. Бұл теорияда оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру. Заттар мен құбылыстардың тек сыртқы қасиеттері ғана емес ішкі байланыстарын заңдылықтарын меңгеру, олардың танымын тереңдететіндігі анықталады.

Дамытуға бағытталған түрлі жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижелілігі – олардың бойында болжам жасауға қабілеттілік, жоспарлауға, ойлаудың шолғыштығы, жалпы қабылданған көзқарастарға сын көзімен қарау, ойдың икемділігі, құбылыстардың байқалуы қиын ұқсастықтарын аңғару, құбылыстарды салыстыру, білуге құмарлық, өз-өзіне сыни баға беру т.б. қасиеттердің дамуы жүреді.

Дамыта оқыту технологиясы сабақта проблема қою әдісін қолданып отыруды көздейді. Проблеманы шешу үдерісіне қатысушының танымдық дербестігі мен шығармашылығы қалыптасып, нәтижеге жетудің жолын да меңгереді. «Проблемалық жағдаяттар тудырудың негізі ерекшелігі –студенттің білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемаларды шешуге міндетті дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация үдей түседі, осыған орай олардың ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі» [*Ахметова Э.Б., Баймағанбетова К.Т.,2016. б.7*].

Проблеманы шешудегі іс-әрекет жағдаяттың пайда болуынан басталып, проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін жете түсінуді қажет етеді. Онан кейін студенттердің болжам жасаулары маңызды. Осы тұста олардың ойлау жүйелері іске қосылып, шешім табудың жолын қарастыру үдерісі жүреді. Болжамдарды дәлелдеу мен проблеманың дұрыстығын дәлелдеу жағдаяттан шығарады. Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді.

Дамыта оқытудың басты бағыты оқыта отырып білім алушыны дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетімен ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, тұлғалыққа бағыттау болғандықтан, ойлаудың екі түрлі категориясын бірлікте қарастырады. Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Дүниені танудың екі жолы: затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау; ұқсату, елестету, сезім арқылы жүзеге асады. Таным

үдерісі көбіне сабақтың негізгі бөлімдерінде іске асырылады. Мысалы,

Сабақта кей кездерде топты сан арқылы да, немесе басқа тәсілдер арқылы кездейсоқ топтарды да ұйымдастырып, студенттердің бір-бірімен жұмыс істеуіне мол мүмкіндік ашып отыру жақсы нәтижеге қол жеткізудің бірден бір жолы. Топтық жұмыста студенттер өздеріне тапсырылған тапсырманы орындауда, алдымен, топтың мүшелеріне тапсырманы орындау үшін, жұмыс түрлерін өзара тең бөліп алу міндеті жүзеге асырылады, содан соң нақты берілген уақыт сыйдырып жұмыстануға машықтанады, әр студент өзіне берілген тапсырманы, алдымен жеке, содан соң топта бірлесіп орындап, постер қорғауға әзірленеді, тақырып бойынша басқа топтарға сұрақтар дайындайды. Барлық топ жұмыстарын қорғап болған соң, өзара басқа топтардың жұмысын мен өз топтарының жұмыстарын, яғни жеке-жеке топ мүшелерінің қатысымын бағалайды, стикерлерге әр топ жұмысының артықшылықтары мен кем тұстары болғанын анықтап, нәтижелерін көрсетеді. Сонымен қатар бірлескен топтық жұмыс барысында тілдің тұтас қарым-қатынастық рөлімен тікелей байланысты белгілі бір ойды тиянақтап жеткізу, оған жауап алу, сөйлеу, мәліметті дұрыс қабылдау, берілген ақпараттың ғылыми негізделуіне мән беру, байыпты экспрессивтік-эмоциональдық күйді таныту т.б. сынды ерекшеліктерді сезінеді.

Топтық жұмысты қорғап болғаннан кейін сабақ соңында кері байланыс жасалады, бұл кезде студенттер сабақ туралы, бүгінгі сабақ барысы мен қандай нәтижелерге қол жеткізгендіктері жөнінде өз пікірлерімен бөліседі. Педагогикалық менеджмент сабағы бойынша да студенттермен үнемі жүргізілген топтық жұмыс пен әр сабақ соңында «Бес саусақ», «4 сөйлем әдісі», «Рефлексия пирамидасы» және т.б. стратегиялар арқылы орнатылған кері байланыс берілген білімнің толық игерілуі мақсатында жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатындығын, сонымен қатар топ мүшелерінің өз жұмыстары мен өзге топ жұмыстарына бағалау жасатудың тиімділігін танытты.

Сабақ соңында бірлескен топтық жұмыстың нәтижелілігі туралы студенттерге төмендегідей сұрақтардың берілуі келесі жұмыстардың жоспарын айқындауға және жүйелі жүргізуге бағыт берді:

- Топ ішінде жұмыс жасау тиімді болды ма?
- Топ қалайша ортақ пікірге келді? Ортақ пікірге келуде қандай қиыншылықтар туындады?
- Сіздің пікірлеріңізді топ қандай дәрежеде ескерді?
- Топтың пікірін жариялаған спикердің көңіл-күйі қандай дәрежеде болды?
- Бірлескен жұмысқа қандай жәйттер кедергі болды?
- Бірлескен жұмысқа қандайжәйттер көмектесті?
- Топ жұмысын басқарған студенттердің пікірлері әрқашан да ұтымды болып отыра ма?
- Топтық жұмыста сіз қандай тәжірибе жинақтадыңыз?
- Топтық жұмысты қалай жақсартуға болады?

Топта жұмыс істеген студенттердің жауаптарын талдау барысында топ мүшелерінің көпшілігі бірлесіп жұмыс істеудің тиімділігін алға тартты, себебі топпен бірлесіп, ой қорыта отырып, ортақ шешім қабылдау арқылы дұрыс нәтижеге ие болатындықтарын ашып көрсеткен. Сұрақтарға жауап беру барысында топта ортақ пікірге келу қиындық тудыратындай жағдайлар да болып отыратындығын айтып және оның себебін нақты көрсеткен, яғни тақырыпқа, оның ауырлығына байланысты туындайтындығынан болады дей келіп, көпшілігі бірлескен жұмыстың нәтижелілігін алға тартады.

Топтағы студенттер жауап дұрыстығына көз жеткізген жағдайда жағымды экспрессивтік-эмоциональдық күйді танытып, ал қателік кеткен тұстарда өздерінің пікірлерін айтып, оны дұрыстауға мүмкін мол мол екендігін атап көрсеткен.

Топтық шешім дұрыс болған жағдайда топ спикерінің көңіл-күйі тамаша болатындығын, қате кеткен тұстарда көңіл-күйі нашарлайтынын айта келе, *бәрі бірі үшін* тиянақты жұмыстануға жауапкершілікті сезінетіндігін ескеріп өткен.

Топ жұмысына жауапкершілікпен қарамайтын білім алушының іс-әрекеттері топтық жұмыстың жоғары нәтижеге ие болуына кедергі келтіретінін және де жұмысты дер кезінде бітіре алмау да кедергі жасайтынын алға тартып, *бірі бәрі үшін* жұмыстануы қажеттігін сезінгендері сөз етілген. Егер топ мүшелері жұмыла бірлесіп жұмыс жасайтын болған жағдайда ғана, топта талқылау арқылы ортақ ойларды тоғыстыра алған жағдайда үнемі дұрыс шешім қабылдауға жол ашылып, жоспарланған топтық жұмыстың оң нәтижесі көрініс табады.

Әрине, топтық жұмыс әрқашан ұтымды болып шыға бермейді, оның ұтымды болуы үшін топ мүшелері бірін-бірі түсініп, бірін-бірі қолдап отырған жағдайда ғана тиімді болатындығын ерекше атаған.

Топтық жұмыстан қандай тәжірибе жинадың деген сұраққа студенттер топ жұмысы ұтымды ұйымдастырылып, студенттердің барлығы жұмыла жұмыс істейтін топтарда ынтымақтастық, бірін-бірі сыйлау, пікірлеріне түсіністікпен қарау, жауапкершілік сияқты қасиеттер орын алатынын, дұрыс шешім, тапсырманы қызыға орындауға үйретететіндігін жөніндегі пікірлері айтылған.

Топтық жұмысты жақсарту мұғалімнің шеберлігіне, тапсырма түрлеріне, сабақтағы әдіс-тәсілдердің қолданылу ерекшелігіне байланысты деген пікірлер көбірек орын алғаны байқалды.

Бірлескен топтық жұмыстың кемшіліктері: топтық жұмыста студенттердің ынтасы болмаса, тиімсіз болуы ықтимал, топтық жұмыс студенттердің уақыт ресурстарын пайдалануда тиімсіз, барлық сабақ түрлеріне пайдалануға келмейді.

Топ арасында бағалау әділ бола бермеуі де ықтимал. Екі жұлдыз, бір тілек тәсілін пайдаланғанда, студенттер тарапынан артық бағалауы, артық сынайтындығы да кездеседі. Дегенмен, пікірлерін тыңдау, талқылау арқылы бағалаудың және сын пікірлер айтудың оң шешімін табуға болатын топ мүшелерінің өздеріне ұғындырған дұрыс.

Топтық жұмыс соңында үнемі сабақты қорытындылау мақсатында қорытынды пікірлерін білдіру, кері байланыс жасау мақсатында «Бес саусақ», «Төрт сөйлем әдісі», «Балық қаңқасы», «Тоғыз сөйлем әдісі», «Пирамида рефлексиясы» және де басқа стратегияларды пайдалану арқылы студенттерге жазбаша түрде жеке, топтық қорытынды жасату жұмысы жүйелі жолға қойылған.

Дейтұрғанмен, топтық жұмыс жүргізу студенттер үшін де, оқытушы үшін тиімді, себебі дәріс мазмұнын меңгертуде де, практикалық сабақ барысында да топтық және жұптық, жеке жұмыс түрлерін жүргізіп отыру әдіскер мамандардың тәжірибесінде елеулі нәтижелерін беруде. Топтық жұмыс барысында барлық студенттерді берілген тапсырманы орындауға жұмылдырып, әрбір тұлғаның назардан тыс қалмауы мақсатында бірлесе жұмыс жасатуға мүмкіндік туады. Бірлесіп әрекет етуде бір-бірімен ынтымақтастықта, достық қарым-қатынаста бола отырып, топ мүшелері барлық тапсырманы өзара тең дәрежеде бөліседі және жұмыс барысында бір-бірін тыңдауға, материалды іздеуде де бір-біріне көмек қолын созуға машықтанады. Топтық жұмыс барысында ұжымдық көзқарас қалыптасады, сыйластық қарым-қатынас арқылы бір-біріне құрмет білдіруге дағдыланады. Уақытты тиімді пайдалануға дағдыланып, келесі топтардан бұрын қорғауға тырысады. Тақырыптарына сай өзге топтарға сұрақтар әзірлеу арқылы талқылау жұмысының әрі қарата өрбіп, жұмыс мазмұнының тереңдей түсуіне жол ашады, жауаптарының ұтымды шығуы үшін жұмыстанады. Келесі топ мүшелерінің пікірлерін мұқият тыңдауға үйренеді, пікір білдіреді. Бірлескен жұмыс мазмұнын және топ мүшелерінің жеке жұмыстарын бағалауға машықтануы, әр тұлғаның қорытынды пікір жасауға дағдылануы мен жоғарыда аталған барлық мүмкіндіктердің маңызыдылығы – сабақ үдерісінде топтық жұмыс жүргізудің тиімділігін аңғартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы/-Алматы, 2013.-448бет.

2. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка/Пер.С фр. И анг.-М.:Педагогика-Пресс, 1999.-528с.

3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.-Алматы: 2002.-180б

4. Студентке арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

УДК 37. 377

ҚОСЫМОВА ГҮЛБАНУ СЕЙІЛБЕККЫЗЫ
Филология ғылымдарының докторы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

ЕРХОЖИНА ШАТТЫГҮЛ ЛЕСБЕККЫЗЫ
Педагогика ғылымдарының кандидаты
Сулейман Демирел атындағы университет

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Мақалада жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісі кезіндегі студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру туралы қарастырылды. Студенттің іс-әрекетін анықтайтын ұғымдарға түсінік берумен қатар, оны жүзе асырудың жолдары көрсетілді. Педагогикалық кейбір еңбектерге сілтеме жасалып, ғалымдар тұжырымдары талданды. Сабақ процесі кезіндегі студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекеттері мен студенттің жеке іс-әрекеттеріне анализ жасалып, оқытушының қолданатын әдістері арқылы іс-әрекетті белсенді ету мәселелері қарастырылды. Өздік жұмыс, топтық жұмыс шарттарына шолу жасалып, кейбір әдістің түрлері жүйеленіп, жұмыстар нәтижесінде көрініс табатын студенттің іс-әрекеті тәсілдері айқындалды.

Түйінді сөздер: іс-әрекет, интеллектуалдық қабілет, сабақ үдерісі, потенциал.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы организации деятельности студентов в процессе обучения в высших учебных заведениях. Наряду с понятиями, определяющими деятельность студента, показаны пути его осуществления. Даны ссылки на некоторые педагогические работы, проанализированы выводы ученых. Подвергнуты анализу взаимодействие студента и преподавателя, индивидуальные действия студента в процессе обучения, рассмотрены вопросы активизации деятельности с использованием методов, применяемых преподавателем. Сделан обзор условий самостоятельной работы, групповой работы, систематизированы некоторые виды методов и определены способы деятельности студента, которые будут отражены в результате работы.

Ключевые слова: деятельность, интеллектуальные способности, учебный процесс, потенциал.

Summary. The article discusses of students' cognitive problem and their competence. From the discovery of the essence of the concept of "cognition", "cognitive activity" and "competence", the relationships between them have been identified. The criteria that determine the cognitive activity of the student, the leading factors that reflect the development effectiveness, the educational and cognitive competence requirements. By distinguishing the scientists 'conclusions, the knowledge, skills and skills that have been created as a result of the formation of students' cognitive competence have been clearly defined.

Keywords: competence, cognitive, integration, reflection, probability.

Жоғары оқу орны білімалушыларын оқыту және оны ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Белгілі курсты меңгеру тұсында студенттердің өзін-өзі басқару жағы басымдылыққа ие болады. Дәрісті, семинар сабақтарын ұйымдастыруда тұлғаны оқу еңбегіне үйретететін үдерістер мол қамтылады. Олар тыңдауға, ұжымдық іс-әрекетте берілген сұрақты талқылауға, өзінің жұмысын ұйымдастыруға, өзінің пікірін айтуға, басқаны тыңдауға, олардың жасаған ой тұжырымы мен дәлелдемелерімен келісетінін немесе оған өздерінің дәйектемелерін дәлелдеп қарсы тұжырым құруға, басқаның ой түйінін толықтыруға арналған іс-әрекет икемділіктерін меңгереді. Шығармашылық тұрғысынан шыңдалып, аргументтелген эсселер жазуға, баяндама мәтіндерін жинақтауға, библиография құрастыруға, білім көздерімен жұмыс істеуге, өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға, ізденімдік тапсырмалар орындауға, жобалар жасауға бағытталған дағдыларды қалыптастырып, істі орындай алу құзыреттілігін алады. Сондай-ақ қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады, іскерлікке, өндірістік және әлеуметтік қарым-қатынасқа, өмірге бейімделеді.

Студенттермен ұйымдастырылған сабақ түрлерінде оқу-тәрбие үрдісінің барлық компоненттері қамтылады. Сабақтың мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастыру мен басқару қызметі, оның дидактикалық элементтері ескеріліп, үдерістің жоспарлы түрде іске асырылуы көзделеді. Сабақтың маңызы мен берілу мәні үрдісте біртұтастық динамикалық жүйеге саяды, студенттің білімді меңгеруі оның икемі мен қабілетіне сәйкестеніп, өзіндік іс-әрекетінде тәжірибеде сұрыпталып, бір жағынан қарым-қатынас мәдениеті дамиды. Екінші жағынан, олардың қабілеттілігі шыңдалады. Нәтижесінде, сабақ түрлері сапасында оқыту үрдісін алға жылжытады, ал екінші жағынан оқытуды ұйымдастыру түрі ретінде рөл атқарады, оқытушының сабақты ұйымдастыруының негізгі талаптарын айқындайды, мұның негізінде оқытудың заңдары мен прицинциптері туындайды. Сабақ үдерісі – әр оқытушының педагогтік шығармашылығына құрылады. Сондықтан да ол біртұтастық

жүйемен және өзіндік ерекшелігімен оқшаулануға тиіс. Оқыту үдерісінің кіші бөліктерінің өзара іштей байланысы бірігіп, студенттер мен оқытушының іс-әрекеті дамуының біртектес логикаға бейімделуіне бағыт жасайды.

Сабақтың талабын орындау мен оны түсінуге байланысты, мұның өзі әлеуметтік сұранымға қатысты анықталып, білімгерлердің жеке басының қажетсінуіне орай құрылады, оқыту мақсаты, міндеттері, заңдары мен принциптері басшылыққа алынып, жоғарыдағы іс-әрекеттің мазмұнын айқындайды. И.П. Подласый жіктемесі бойынша:

- сабақтың ғылым жетістіктерінің жаңа түрі, озық іс тәжірибе, оқу-тәрбие үрдісінің негізгі заңдарына құрылуы;

- сабақты өту үрдісінде, барлық дидактикалық принциптер мен ережелердің сақталуы;

- оқушылардың санасын қалыптастыруға әсер етерлік, пәнаралық байланыстың орнығуы;

- бұрынғы білімнің байланысы, оны меңгеруде икем-қабілетін және оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы тіректік ұғымдарға сілтеме жасау;

- тұлғаны жан-жақты дамытудың белсенді және түрінің қажеттілігі;

- педагог оқу-құралдарын ұтымды қолдануы;

- алған білімнің, өндірістік қызметпен, оқушының жеке іс-тәжірибесімен байланысты жүзеге асыруы;

- білімнің, икемнің, қабілетін тәжірибеде қалыптастыру, оны ойлау – амалы мен іс-әрекетке тиімді қолдануы;

- сабақты диагностикалау, жоспарлау, жобалау, болжай алуы және кері байланыс жасауы өте маңызды саналады.

«Важную роль на основном этапе педагогического процесса играют обратные связи, служащие основой для принятия оперативных управленческих решений. Обратная связь – основа качественного управления процессом, ее развитию и укреплению каждый педагог придает приоритетное значение» [*Подласый И.П., 1999. б. 54*]. Ғалым сабақ үдерісіндегі кері байланыс мәселесіне баса назар аударып, оның мәні мен мазмұнына арнайы тоқталады. Кері байланыс оқытудағы маңызды үдеріс және білімалушылардың мазмұндық білім көздерін игерудегі жиынтық қорының деңгейін анықтау арқылы олардың қабылдауы мен зейінін шоғырландыру және ой генерациясы іс-әрекетіне икемделеді. Бұл үдеріс оқыту заңдылықтарын жүзеге асырады, жаңа сабақты меңгерту логикасын ішкі психологиялық құбылыс ретінде, оқушының өзіндік ойлау іс-әрекетінің заңын, жеке таным қабілеті сапасында алып, мұғалім қызметінің түрін және білімгерді педагогтік үрдістің субъектісі ретінде алады. Сабақ элементтерінің маңызды бөлігі ретінде ойбөліс кезеңдерінде, қорытындылау барысында жүзеге асады. Білімалушылардың жаңа ұғымдық түсініктері жинақталып, пысықталып, ойын қорытуға алып келетінін ғалым басты үдеріс негізінде көрсетеді. Педагогикалық жүйеде бұл оқыту кезеңдерінің негізгісі, қалыс қалдыруға болмайтын, сабақтың дидактикалық құрылымының компоненті сапасында келеді. Міне, осы компоненттер сабаққа қажетті шарттар мен бағдарламалық материалдарды меңгеруге жеткілікті біліктілік пен икем, қабілеттерді және білімгерлердің ойлау әрекетінің белсенділігін өздігінен қалыптастыру, оларды өмірге бейімделуге және интеллектуалдық қабілетін дамытуға бағыттайтын қадам.

Студенттің оқу қызметін ұйымдастыру оқытушының сырттай үйлесімді қызметі, оның өзі белгілі бір пән тәртіп талабынан құрылады. Жоғары оқу орнында ғылыми білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруі, шығармашылық қабілеттерін дамыту, дүниетанымын, адамгершілік, эстетикалық, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру үшін мұғалімнің белсенді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруы және ынталандыру іс-әрекеті болашақ мамандарды мамандыққа даярлау негізінде, арнайы пәндерді оқыту барысында жүргізіледі. Үдеріс кезіндегі іс-әрекетке басшылық ету, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау мен басқару оқытушыдан талап етіледі. Сол себепті сабақтың тиімділігін арттыру үшін жұмыс түрлерін пайдалану керек. Студенттің жеке жұмысы «өздік жұмыс» атауымен белгілі. Жеке жұмысты ұйымдастыруда әр студенттің өзіндік іс-әрекеті ескеріліп, оған арнаулы әзірліктер жасалып, оқу мүмкіндіктері алдын ала есепке алынады: ғылыми еңбектермен, ақпараттармен, анықтамалармен, сөздіктермен, т.б. танысып, жұмыс міндетін шешу негізіне тезистер әзірлеу, аргументтелген эссе жазу, кластер құру, библиографиялық сөздіктер даярлау, жоба жасау, хронологиялық таблица даярлау, т.б. арқылы іс-әрекетке кіреді.

«Мектепте ұйымдастырылатын іс-шаралар әр оқушының дүниетанымын қалыптастыру, өмір жайындағы түсінігін кеңейтуді көздеп, жеке басына тән қасиеті мен қабілетін ескере отырып жүргізілуі керек» [*Қалиев С., Майғаранова Ш., 2001. б.9*]. Ғалымдардың осы пікірі мектеп оқушысының қабілетіне қарай жұмыстардың ауқымы мен жеңіл, күрделілігін ескеруді ұсынады. Ал жоғары мектептің талаптары бірыңғай болып келеді. Студенттердің оқу талаптары мен шарттары арнайы қарастырылған, мамандыққа бағытталған үдерістер.

Іс-әрекетті белсенді ету үшін жұмыстардың формасы түрлендірілуі қажет. Жеке жұмысты ұйымдастыру барысында студенттің барлық потенциалы айқындалады. Арнаулы тапсырма түрін орындауда өзінің танымдық оқу іс-әрекетін мөлшерлейді, атап айтсақ, әр студент өзінің оқу қызметінің режиміне орай жұмыс қарқынын белгілейді. Жеке жұмысты семинарлық сабақтардың барлық кезеңдерінде жүргізу тиімді және оны бекітіп отыру көзделеді, мұның өзі студенттің бұрын меңгерген білімдерін, қабілетін, дағдысын жетілдіріп отыруына ықпалы зор, сол секілді бақылау

үшін зерттеу әдісін меңгеруге жол ашады. Ал уақыт мөлшерлеп берілетін ізденімдік тапсырмалар немесе шағын жобаларды орындауда білімгерлер өзіндік іс-әрекетін тәрбиелейді. Оларды жинақылыққа, ұшқырлыққа, өзінің мақсатын айқындауға, бағытын таба білуге, жауапкершілікке, өзіндік тұжырым шығаруға, шешім қабылдауға, ең басты ізденімдік-зерттеушілікке бағыттайды. Сонымен қатар, сабақта студенттердің бір-бірімен қарым-қатынасын реттейтін, ақпараттар алмасуға мүмкіндік беретін, бірін-бірі оқытуға алып келетін іс-әрекеттер жүзеге асырылатын жұмыс түрі – топтық жұмыс түрі. Топтық жұмысты барлық кезеңде де ұйымдастыруға болады. Барлық студенттің іс-әрекетінің бірлікте болуын басқару, яғни барлық білімгерлер топ құруы арқылы ұқсас тапсырманы орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық студент бірге талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Мұндай оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық және түсіндірмелі иллюстративті мазмұнда және репродуктивті және шығармашылық тапсырмалармен келуі мүмкін. Бұл тәсіл студенттер мен ұстаз арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық сезімді тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы ширайды, басқаның ойын, өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады. Мұғалімге қойылатын басты талап білімалушылар ішінен ең тиімді ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу жағдаяттарын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі, барлық студенттің жауабын ықыласпен тыңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы, мұнымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр студенттің мүмкіндігіне жол ашу. Білімгерлердің топтық жұмыстағы нәтижелері де әртүрлі болып келеді. Көбінесе иллюстративті формада, тірек-сызбалармен, суреттермен түсіндіруге тырысады. Мұнда шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінгендіктен жұмыстың бұл түрі барлық білімалушыларды белсенділікпен іс-әрекетте болуына жағдай туғызады. Көшбастшылар анықталады. Осының арқасында оқытушы жауаптардың мықты тұстары мен әлсіз тұстарын белгілейді де, әлсіз деп табылған тұстар қосымша сұрақтар арқылы толықтырылады. Мұндағы бағыт студенттердің ақпаратты жинақтауы, ой бөлісуі мен оны синтездеуі, тұжырымдарды жүйелеуі мен оны жеткізуі, жалпы білімді жан-жақты игеру іс-әрекетін құрайды.

Топтық жұмыс ғылыми тақырыптардағы практикалық жұмыстарды, сондай-ақ тілдік пәндерді меңгеруде, ауыз екі сөйлеуде тілді дамыту бағытында, проблемалық жағдаяттарды шешуде, оқу және практикалық кейстерді шешуде, т.б. сабақтарда өткізген өте тиімді. Жоғары оқу орны білімгерлері болғандықтан, болашақ маманның көзқарасымен педагогикалық талаптар арқылы үйрету, жаттығу, тапсырма, тәрбиелеушілік ситуацияларды туғызу және қоғамдық пікірлерді сараптаушылық іс-әрекеттер үдерісін нақтылайды.

Педагогикалық талап әдісі әртүрлі іс-әрекеттердің бір түріне тежеу, ал енді бір түрін күшейту мақсатымен студенттердің санасына педагогикалық ықпал жасау екендігі тәрбие әдісінің теориясында айқындалған. Мұнда нақтылы педагогикалық жағдайға байланысты талаптың түрі, мазмұны іріктеледі, білімгердің қатынасы педагогикалық талаптың нәтижелі болуына ықпал жасайды. Тұтас педагогикалық процесс білімалушыға педагогикалық талап қою мен дұрыс іс істеуге мәжбүр етуді сабақтастырып отыру заңдылығын жүзеге асыруды көздейді.

Тапсырма беру әдісі студенттің ішкі мүмкіндігін, күшін, бағытын жан-жақты терең зерттеп, қоғамдық белсенділігін басқару, жалпы адамзаттық, адамгершілік қасиетінің дамуына және оның дұрыс іс-қимылы мен мінез-құлық дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық жағдаят әдісінің өзіндік мәні бар. Кез келген педагогикалық жағдаят ең алдымен шығармашылық әрекет болып есептеледі. Себебі ол көптеген педагогикалық сұрақтарды, шешімдерді таңдап алуды қажет етеді.

Қоғамдық пікір. Жоғары мектеп оқытушысының студентке қоятын талабы ең алдымен ұжымның талабы екендігін түсіндіру керек. Ал ұжымның талабы жалпы қоғамдық пікірдің көрінісі болып табылады. Сондықтан ұжым жағдайында іс-әрекетті ұйымдастыру және мінез-құлықты қалыптастыруда қоғамдық пікірді туғызу негізгі әдістің бірі болып табылады. Жұмыстың бұл түрінде ұжымдық талқылау қолданыла отырып, өзара кеңес беріп, өлшемдік параметрлері күрделеніп, өздік жұмыс тиімділігі жағынан бұрынғыға қарағанда жақсара түседі [*Болдырев Н.И., 1987, б.102*].

Әрбір қарастырылған оқыту қызметін ұйымдастыру түрлері студенттердің курсты немесе белгілі пәнді меңгеру барысындағы өзіне тән оқутәрбиелік міндеттерді жетілдіре түседі. Олар өзара, бірін-бірі толықтырып, дұрыс құрылған сабақтың жақсы нәтижесін көрсетіп, өзінің білім қорын молайтады, мамандығына сәйкес құзыреттіліктер қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Подласый И.П. Педагогика. М.: Гуманит.изд. центр ВЛАДОС, -1999, -576 с.

2. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Қалиев С., Майғаранова Ш. Алматы, 2001, -224 б.

3. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. -А.: Мектеп, 1987, 99-115 бб.

УДК 37.03



LI INNA
PhD Student, Master of Pedagogical Sciences
Kazakh National Pedagogical University named after Abai



KHANINA NADEZHDA
Senior Lecturer, Candidate of Pedagogical Sciences
Zhetysu University named after I. Zhansugurov

DEVELOPMENT OF SENIOR PRESCHOOL CHILDREN LOGICAL THINKING AS A CONDITION FOR COHERENT SPEECH FORMATION

Түйін. Мақалада мектепке дейінгі педагогика саласындағы балалардың логикалық ойлауы мен үйлесімді сөйлеуінің тығыз байланысы көрсетілген. Логикалық ойлауды дамытудың өзектілігі мен маңыздылығы үйлесімді сөйлеуді қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде атап өтіледі. Логикалық ойлау мен үйлесімді сөйлеуді дамыту әдістерін сипаттауға ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: логикалық ойлау, үйлесімді сөйлеу, ересек мектеп жасына дейінгі балалар, даму.

Резюме. В статье раскрывается тесная связь логического мышления и связной речи детей в сфере дошкольной педагогики. Отмечаются актуальность и значимость развития логического мышления как важной составляющей формирования связной речи. Особое внимание уделено описанию методов развития логического мышления и связной речи.

Ключевые слова: логическое мышление, связная речь, старшие дошкольники, развитие.

Summary. The article reveals the strong connection between children's logical thinking and coherent speech in the sphere of preschool pedagogy. Relevance and significance of logical thinking development as an important part of coherent speech formation are noted. Particular attention is given to describing the methods of logical thinking and coherent speech development.

Keywords: logical thinking, coherent speech, senior preschool children, development.

When psychologists began to study the features of a child's thinking, one of the main features was the connection between thinking and speech at the beginning of the XX century. At the same time, the direct connection of children's thinking with practical actions of the child was revealed.

There are extremely complex, variable, and diverse connections between thinking and practical action, thinking and language, and thinking and sensory imagery. These connections change at different stages of children's age development and are directly related to the content of the task that the child is currently solving. These relationships also change depending on the exercises and the methods of teaching the child that the teacher uses.

Indeed, the first means of solving a problem for a small child is its practical action. He can solve a specific problem if it is given to him clearly: get an object that is far from him, make a whole picture out of the pieces, find the reason for the "spoiled" (at the will of the experimenter) toy. The child acts in the process of solving directly with the subject given to him. A. N. Leontiev writes: "In order for these phenomena to be reflected by the child in their specific quality, in their meaning, he must carry out an activity in relation to them that is adequate to the human activity that is "objectified" in them, "embodied" [Leontiev A.N., 1972, 383 p.].

One of the most important features of a young child's thinking, which is already at the stage of visually effective problem solving, is speech. A verbally formulated task can be perceived by a child from an adult (based on the speech that is heard and understood), but it can also be put forward by the child himself. It is important that with the inclusion of language, the process of thinking acquires specifically human character.

In the speech, the task is set, and the adult uses the speech to indicate and explain how to solve it. In words, the child hears approval, reproach, praise, and other evaluation expressed by adults. His mistakes and good luck are recorded in the speech. However, these significant qualitative features do not contradict the General position that, first, the earliest stage in the development of a child's thinking is visual effective thinking. Second, it should be emphasized that this form of "thinking with hands" does not disappear with the development of higher forms of logical (verbal)

thinking.

The greatest significance of practical action is that the child, by directly influencing things, reveals their properties, reveals signs, and, most importantly, reveals previously invisible connections that exist both between things and phenomena, and within each object and phenomenon. These connections become visible from hidden ones. Consequently, the entire cognitive activity of the child, and with it the knowledge acquired by them, become deeper, more coherent and meaningful.

The concept of "gradual formation of mental action" developed by P. Ya. Galperin is based on the understanding of the role of practical action as the initial stage of the development of all higher forms of human thinking [Galperin P. Ya., 1966, 25-26 p.].

At the first stage, the child uses external material actions to solve the problem. At the second stage, these actions are only presented and spoken by the child (first loudly, and then to himself). Only at the last, third stage, the external objective action "collapses" and goes into the internal plan.

With the transition of the child's thinking to the next, higher stage of development, its initial forms, in particular practical thinking, do not disappear, do not "cancel", but their functions in the thought process are rebuilt, changed.

With the development of speech and the accumulation of experience, the child moves to imaginative thinking. At first, this higher type of thinking preserves many of the lower-class traits of the younger schoolchild. This, first of all, is found in the concreteness of the images that the child operates with.

The vivid imagery and concreteness of children's thinking are primarily due to the poverty of children's experience. For each word, the child imagines only the specific object that he once met, but not the group of objects that the adult includes in the generalized representations that he operates with. The child still has nothing to generalize. He uses a visual single image with all the signs and features that are common to all homogeneous objects, as well as those individual features inherent only in this particular object (a mountain, a house, a bear), which was once perceived by him.

The child's verbal and logical thinking, which begins to develop at the end of preschool age, already involves the ability to operate with words and understand the logic of reasoning. The ability to use verbal reasoning in solving problems by a child can be found already in the middle preschool age, but it is most clearly manifested in the phenomenon of egocentric speech, described by J. Piaget [Piaget J., 1994, 580 p.].

Another phenomenon, also discovered by Piaget and related to children of this age, — the illogicality of children's reasoning when comparing, for example, the size and number of objects-indicates that even by the end of preschool childhood, i.e. by the age of about 6 years, many children still do not have any logic.

The development of verbal and logical thinking in children goes through at least two stages. At the first stage, the child learns the meaning of words related to objects and actions, learns to use them when solving problems, and at the second stage, they learn the system of concepts that denote relationships, and learn the rules of logic of reasoning. The latter usually refers to the beginning of school education.

Verbal-logical thinking is found, first of all, in the course of the thought process itself. In contrast to practical, logical thinking is carried out only verbally. A person must reason, analyze and establish the necessary connections mentally, select and apply the appropriate rules, techniques, and actions known to him to this particular task. He or she must compare and establish the desired connections, group different and distinguish similar objects, and do all this only through mental actions.

It is quite natural that before a child learns this most complex form of mental activity, he makes a number of mistakes. They are very typical of the thinking of young children. These features are clearly found in children's reasoning, in their use of concepts, and in the process of mastering certain operations of logical thinking by the child. However, they do not prevent even 4-5-year-old children from expressing sometimes very accurate and sound judgments about what they understand [Markova A. K., 1992, 180 p.].

Let us focus on the question of the formation of the concept. Concepts make up a significant part of the knowledge that everyone is rich in and uses. These can be everyday concepts (rest, family, comfort, comfort, quarrel, joy), grammatical (suffixes, sentences, syntax), arithmetic (number, multiplication, equality), moral (kindness, heroism, courage, patriotism), and many others. Concepts are generalized knowledge about a whole group of phenomena, objects, and qualities that are united by the commonality of their essential features.

The concept as generalized knowledge does not have a figurative form, but exists, is expressed in the word: "plant", "transport", "heroism", etc. At the same time, combining different items into one group, a person should distract (abstract) from all non-essential features. Generalization based on abstraction is a difficult mental work that requires a strictly directed and consistent analysis of the perceived (or imagined) subject.

So, the teacher can't pass on any concept to children in a ready-made form, and children can't just learn it and remember it. The concept is the result of the child's own experience, the result of his personal intellectual work on the analysis of a number of subjects, highlighting in each of them all the essential features known to him and generalizing them on the basis of distraction from all non-essential ones.

Such difficult and complex mental work is not immediately possible for a small child. Preschooler does this job by going a long way and making a number of mistakes. Some of them can be considered

as characteristic. After all, for the formation of the concept, the child must learn to generalize, based on the commonality of essential features of different subjects. But, firstly, child does not know this requirement, secondly, child does not know which features are essential, and thirdly, child does not know how to distinguish them in the whole subject, abstracting at the same time from all other features, often significantly more vivid, visible, and catchy. In addition, the preschooler must know the word for the concept.

Thus, the purpose of this study is to provide theoretical rationale and experimental testing of the game's capabilities in the development of logical thinking and coherent speech in older preschool children.

Research objectives:

- to theoretically substantiate the psychological and pedagogical conditions that determine the formation and development of thinking; to identify the features of logical thinking in older preschool children;

- determine the criteria and levels of development of logical thinking of preschool children;

- to diagnose operations of logical thinking of older preschoolers;

- to improve the level of logical thinking of senior preschool children by means of didactic games aimed at the development of coherent speech.

The research was based on preschool institutions #42, #45 in Taldykorgan. 40 children of senior preschool age took part in the study.

To determine the level of development of logical thinking in older preschoolers, the following methods were used: "Sequence of events" (N. A. Bernstein), "Logical problems" (A. Z. Zak), methods of A. V. Beloshistova and R. N. Nepomnyashchaya.

So, in the framework of the "Sequence of events" method (N. A. Bernstein), children were asked to determine the sequence and compose a story from randomly arranged pictures (from 3 to 6), which depict the stages of an event.

Processing of results.

1. Child was able to find a sequence of events and made a logical story – a high level.

2. Child was able to find a sequence of events, but could not make a good story, or was able to but with the help of leading questions-average level.

3. Child could not find the sequence of events and compose a story-a low level [Gutkina N. I., 1996].

Using the method "Logical problems" (A. Z. Zak), we offered children 10 logical problems. To solve them, it is enough to listen to the condition, think and answer the name of only one person, the one who, in their opinion, will be the most fun, the strongest or the fastest of those mentioned in the problem.

Processing of results.

1. 7 tasks are more - high level.

2. From 3 to 5 tasks - average level.

3. Less than 3 tasks - low level [Zak A. Z., 2003].

Methods of A. V. Beloshistaya and R. N. Nepomnyashchaya. Preschool children were offered 10 tasks on such topics as: lay out a house from sticks, classification of objects, solving riddles, tasks for associations, etc.

Processing of results.

1. 8-10 tasks – high level;

2. 4-7 tasks – average level;

3. 0-3 tasks – low level [Beloshistaya A.V., 2013].

Analyzing the results of diagnostics, we noted both positive and negative aspects. Specifically, during the tasks, it was revealed that sixteen children showed the lowest results in all tasks. In the research group, five preschoolers have a high level of mastery of logical operations, which is 12.5%, nineteen children – with an average level (47.5%) and sixteen children – with a low level (40%). The group of children has a small amount of knowledge. Most children have a low ability to classify and analyze, generalize, understand the connection of events and build consistent conclusions.

After analyzing the results obtained during the ascertaining experiment, a set of didactic games was compiled, in which the main task is to increase the level of logical thinking in the context of the coherent speech development of older preschool children. Game methods and techniques are successfully used in the educational and cognitive process of kindergarten, they evoke positive emotions in children, help them focus on the educational task, increase interest in the lesson, and facilitate the assimilation of knowledge [Bekmagambetova R. K., 2018, 102 p.].

Experience shows the effectiveness of the use of didactic games in the lessons of speech development. To consolidate structured learning activities, extensions ideas about the material acquired in structured learning activities, development of child creativity, the enrichment of linguistic wealth they are chosen in accordance with the theme of the lesson objectives [Mankesh A.E., 2020, 108 p.].

During the training, travel games were widely used. The attractiveness of these games is due to the fact that they are similar to a fairy tale, its development, and miracles. Game journey reflects the real facts or events, but regular reveals using charm, is simple — after a mysterious, difficult — through surmountable needed — through interesting. All this happens in the game, in game actions, becomes close to the child, pleases him.

Travel games using allows to: enhance the impression, give the cognitive content a little fairy-tale unusual, draw children's attention to what is nearby, but is not noticed by them. Travel games sharpen attention, observation, comprehension of game tasks, make it easier to overcome difficulties and achieve success.

Thus, in order for the travel game to develop, we used a technique — reading a fiction. The story "The air journey of Neznaika" from the book by N. N. Nosov "The adventures of Neznaika and his friends" was read to children. After a conversation about the content of the fiction, the children were also invited to go on a trip in a balloon. Stops could be: forest, mountains,

zoo, famous cities, etc. During the game, the teacher used models, toys, paintings, pictures and "travelers" talked about what they saw.

Travel games are always fun. This is what causes interest and active participation in the development of the game's plot, enrichment of game actions, the desire to master the game rules and get results: solve a problem, learn something. The role of a teacher in the game is complex, requires knowledge, readiness to answer children's questions, play with them, and conduct the learning process unnoticed. Travel game — a game of actions, thoughts, feelings of the child, a form of meeting his needs for knowledge. In the travel game, many ways of revealing cognitive content were used in combination with game activities: setting tasks, explaining how to solve them, developing travel routes, step-by-step problem solving, the joy of solving it, and meaningful recreation.

Children were interested in guessing games. The goal of the game: to develop children's coherent speech, imagination, higher forms of thinking-synthesis, forecasting, experimentation.

In order for the game to start, the teacher showed a picture. The didactic content of the game is that children are given a task and a situation is created that requires understanding of the subsequent action. The game task is laid down in the very title "What would be..?" "What would I do...", "Who would I like to be and why?", "Who would you choose as a friend?" and others. Game actions are defined by the task and require children to perform the appropriate intended action in accordance with the set conditions or created circumstances.

The preschool teacher invited children to dream about such topics as:

"If I were a wizard, then ..."

"If I became invisible ..."

"If spring never comes...".

Children made assumptions, stating or generically-evidence. These games developed the ability to relate knowledge to circumstances, establish causal relationships, and develop consistent logical coherent speech.

Riddle games. The origin of riddles goes back to the distant past. Riddles were created by the people themselves, included in rites, rituals, and included in holidays. They were used to test knowledge and resourcefulness. This is the obvious pedagogical orientation and popularity of riddles as a smart entertainment. In our work, we used riddles and guessing as a type of educational game. The main feature of a riddle is an intricate description that needs to be deciphered (guessed and proved). This description is concise and often takes the form of a question or ends with it. The main feature of riddles is a logical problem. The methods of constructing logical tasks are different, but they all activate the child's mental activity.

The kids enjoyed riddle games. The necessity to compare, remember, think, guess brought the joy of mental work. Solving riddles develops the ability to analyze, generalize, and form the ability to reason, draw conclusions, and draw conclusions.

Games-conversations (dialogues) had a great educational and developing effect. The conversation game is based on communication between the teacher and children, children with the teacher, and children with each other. This communication has a special character of game learning and play activities for children. In the conversation game, the teacher used a character close to the children and thus not only kept the game communication, the desire to repeat the game. It was important that the conversation game did not turn into direct training. Educational and training value lies in the content of the plot-theme of the game, in arousing interest in certain aspects of the object of study reflected in the game. The cognitive content of the game does not lie "on the surface": need to find it, get it — make a discovery and learn something as a result. The value of the conversation game lies in the fact that it requires the activation of emotional and mental processes: the unity of words, actions, thoughts and imagination of children. Let's focus on one of these games:

"Good-bad"

Aim: to introduce children to the contradictions of the world around them. Develop coherent speech, imagination, and dexterity.

Material: a ball.

Course of the game:

World is not bad and not good-I will explain, and you will understand.

The pedagogue calls the topic of discussion. The child, passing the ball around, tells what, in his opinion, is good or bad in natural phenomena.

Pedagogue: *rain*.

Child: *rain is good: it washes away the dust from houses and trees, it is good for the land and future crops, but it is bad - it will wet us, it can be cold.*

Pedagogue: *the city*.

Child: *it's good that I live in the city: you can ride the bus, a lot of good shops, bad - you won't see a live cow, a rooster, stuffy, dusty*.

The "Like, don't like" option (about the seasons).

Pedagogue: *winter*.

Child: *I like winter. You can go sledding, very beautiful, you can make a snowman. Winter is fun. I don't like that it's cold in winter and the wind is strong*.

The game-conversations brought up the ability to listen and hear the preschool teacher's questions, children's questions and answers, the ability to focus on the content of the conversation, Supplement what was said, and Express a judgment. All this characterizes the active search for solutions to the problem set by the game. Of great importance is the ability to participate in a conversation, which characterizes the level of education. The main means of the game-conversation is a word, a verbal image, an introductory story about something. The result of the game is the pleasure received by children, coherence, logical sequence of statements.

Proof, reasonableness of the statement was fixed

in the game "Because...".

Aim: to develop children's coherent speech and thinking.

Course of the game:

Argumentation and answers to questions:

"I wash my hands because..."

- Why do you go to sleep? Explain.

An adult gives a task to a child: "*I will say a sentence now, and you will answer my question"*.

Dog goes to the kitchen. She drinks the cat's milk. The cat is not happy.

- Explain why the cat is unhappy?

The child answered the teacher's question with a detailed answer, proof.

Game "Where is the beginning of the story?"

Aim: to teach the correct time and logical sequence of the story to be transmitted using serial images.

Material: A series of plot images.

Game progress:

Children were asked to compose a story based on pictures. The pictures served as a kind of story plan, allowing you to accurately convey the plot, from beginning to end. For each picture, the child makes one sentence and together they are combined into a coherent story.

In the sequel, we used the game "What picture is not needed?"

Aim: to teach the ability to find unnecessary details for this story.

Course of the game: a series of pictures was laid out in the correct sequence in front of the child, but one picture was taken from a different set. The child must find an unnecessary picture, remove it, and then compose a story.

After we conducted a set of didactic games aimed at the development of logical thinking of older preschool children, a control experiment was conducted.

To achieve the goal of the control experiment, the same method was used as in the ascertaining experiment.

During the control experiment, we were able to identify positive dynamics of growth in the level of logical thinking in older preschoolers. Ten children showed a high level, which is 25%, 24 children showed an average level of 60%, and six children showed a low level, which is 15%. Comparison operations were formed in children. Develops the ability to classify and analyze, elementary generalization on certain grounds. Preschoolers are able to understand the connection of events and build consistent stories, demonstrating conclusions and logical connections. A coherent speech is formed, a semantic detailed statement (a series of logically combined sentences) that provides communication and mutual understanding. According to S. L. Rubinstein, connectivity is "the adequacy of the speech design of the speaker's or writer's thought from the point of view of its intelligibility for the listener or reader" [Rubinstein S. L., 1989, 468 p.]. Therefore, the main characteristic of coherent speech is its intelligibility for the interlocutor.

Thus, we can conclude that the purposeful actions of the teacher and a well-chosen set of didactic games create favorable conditions for the development of logical thinking. Moreover, since the development of logical thinking is closely related to the ability to talk and express thoughts, therefore, the level of possession of coherent speech also increases.

REFERENCES:

1. Bekmagambetova R.K. Doshkol'naya pedagogika [Preschool pedagogy]. – Almaty, 2018.
2. Beloshistaya A.V. Razvitie logicheskogo myshleniya u doshkol'nikov [The development of preschoolers logical thinking] Text / Moscow: Vlados, 2013.
3. Galperin P.Ya. K ucheniu ob interiorizacii // Voprosy psikhologii [To the doctrine of interiorization // Questions of psychology] — 1966. — № 6.
4. Gutkina N.I. Psikhologicheskaya gotovnost' k shkole [Psychological readiness to school]. — Moscow: "Obrazovanie", 1996.
5. Leontiev A.N. Problemy razvitiya psikhiki [Problems of mental development]. Moscow, 1972.
6. Markova A.K., Lidere A.G., Yakovleva E.L. Diagnostika i korrekcia umstvennogo razvitiya v shkol'nom I doshkol'nom vozraste [Diagnostics and correction of intellectual development in school and preschool age] Petrozavodsk, 1992.
7. Mankesh A. E. Creative development of preschool children. Methodical manual – Almaty 2020.
8. Piaget J. Izbrannye psikhologicheskie trudy [Selected psychological works]. Moscow: Mezhdunarodnaya pedagogicheskaya akademia, 1994.
9. Rubinshtein S.L. Osnovy obschei psikhologii [The bases of general Psychology] – Moscow, 1989.
10. Zak A.Z. "Kak razvivat' logicheskoe myshlenie" 800 zanimatel'nykh zadach dlya detei 6-15 let ["How to develop logical thinking" 800 entertaining tasks for children from 6 to 15] "Arkti" publishing, Moscow, 2003.

УДК378
ГРНТИ 14.35.07

МАЙГЕЛЬДИЕВА ШАРБАН МУСАБЕКОВНА
доктор педагогических наук, и.о.профессора
Кызылординский университет им.Коркыт Ата

УСЕНОВА ГУЛНУР САГИДУЛЛАЕВНА
докторант специальности «Педагогика и психология»
Кызылординский университет им.Коркыт Ата

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ СТУДЕНТА К ПРИМЕНЕНИЮ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В БУДУЩЕЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Түйін. Мақалада, біріншіден, авторлар білім беруді ақпараттандырудың мәні кең мағынада білім берудің және білім беру мақсаттарын жүзеге асыру үшін инновациялық ақпараттық технологияларды қолдануда жатыр деп тұжырымдайды. Компьютерлік технологияны қолдану жеке тұлғаны тәрбиелеуге және оқушылардың білімді игеруге бағыт-бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, авторлар болашақ педагогтарды дайындауда компьютерлік-ақпараттық технологиялар білімінің маңыздылығын атап өтеді. Осыған байланысты студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың бірқатар педагогикалық шарттарын анықтайды және ғылыми тұрғыдан негіздейді. Авторлар психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасаған, бұл ЖОО-дағы білім беру тиімділігінің маңызды бағыты студенттің белсенді позициясын ұстанатын және оқу іс-әрекетінің толыққанды субъектісі болатын педагогикалық жағдайларды жасау болып табылатындығын, яғни интеллектуалды болып табылатын саналы оқытуға жағдай жасау қажет екендігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: ақпараттандыру, білім беру, құзыреттілік, ақпараттық- технологиялық құзыреттілігі, ақпараттық технологиялар.

"forms of language existence", "language norm", "language situation", "language policy", "bilingualism and diglossia", "borrowing words from another language", "oratory", etc., which are the main problems of Kazakhstan sociolinguistics. In the article, these issues are divided into several areas, in particular, the place of language science in the classification of Sciences, the need to study it as a scientific discipline, the origin and functioning of language, social significance, the place of language in the development of society, the relationship and difference between language and thought, grammar and logic, problems of language relations in both monolingual and multilingual society, the functions of borrowing from another language, its assimilation, normalization of language and oratory.

Keywords: al-Farabi, language science, language (word) society, grammar, thinking, sociolinguistics, linguistic concept.

Кіріспе. Әрбір халықтың ұлт (этнос) ретінде сақталуы мен дамуының өзіндік айқын ерекшелігі, басты белгісі болады. Қазақтың ұлт ретінде ұйысуы мен болашақта дамуының кепілі, негізгі тірегі – оның қасиетті тілі. Сондықтан да ұлы дала ойшылдары Әл-Фараби, М.Қашқарилерден бастап Абай, А.Байтұрсынұлы, Б.Момышұлы, Елбасы - бірінші президент Н.Ә.Назарбаев, бүгінгі президентіміз Қ.Тоқаевқа дейін тілдің ұлтты сақтайтын, біріктіретін бірден бір фактор, қуатты қару әрі басты идеология екенін айтып келеді.

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби – қазіргі қазақ тілінің өз замандағы қолданушыларының бірі, өйткені оның туған топырағы, жастық шағын өткізген жері қыпшақтілді, түркітілді орта Отырар болды. Содан кейін өзге тілді ортаға (Бағдат, Каир, Дамаск т.б.) білім, ғылым іздеп барып, олардың тілін меңгерді. Мысалы, араб тілін жақсы білгені соншалық, ол сол тілдің грамматикалық құрылысы мен сөздік қорын грек және басқа тілдермен салыстыра алды, өзінің ғылыми трактаттарын сол тілде жазды. Ол философиялық, әлеуметтік-эикалық, эстетикалық, азаматтық трактаттарын жазу үшін тілдік орта болмаса да, грек тілін үйренді, философ болу үшін грек тілін білу шарт деп жазды [Аль-Фараби, 1972, б. 420].

«Әл-Фарабидың дүниетаны мен әлемдік ғылым» атты әл-Фарабидың 1150 жылдық мерейтойына байланысты құрастырылған библиографиялық көрсеткіште ұлы дала ойшылының өмірбаяндық деректерінде мынадай мәліметтер берілген: «Бала Мұхаммед қала медреселерінің бірінде сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған тәрізді. Өйткені араб тарихшысы ибн Халиккан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Ғалымдардың бір тобы: «Бұл шындыққа жанаспайды» десе, біраз ғалымдар ибн Халликанның жазғандарын мақұлдап, қайталап та жүр. Яғни бала Мұхаммед өз кезіндегі ұлы ғұламалардың еңбектерін оқу үшін жастайынан тіл үйренуге ден қойғандай».

Осыған ұқсас тағы бір қызықты мәлімет оның ұстаздары жайында айтылған. «Бағдад шаһарында әл-Фараби логиканы Әбу Бишр Матта ибн Юнустан үйреніп, кейін өзі ұстазынан да асып түседі. Лингвистикалық ғылымдарды жетік меңгеруді қалап, грамматика саласының маманы Әбу Бәкір ибн әс Сирадждан грамматикадан дәріс алады» [Әл-Фарабидың дүниетаны мен әлемдік ғылым, 2020, б. 4].

Нәтиже. Шығыс ғылымының жұлдызы Әбу Насыр әл-Фарабидің сан алуан трактаттары ішінде біте қайнасқан лингвистикалық тұжырымдары өз алдына бір төбе. Ол тілді, бір жағынан, философия, логика, математика, музыка т.б. құрамда қарастырды. Ғылымды топтағанда тілді үнемі бірінші орынға қойып отырды. Себебі онда ғылыми ойды беру үшін қолданылатын тілдік оралымдардың заңдары мен әдіс-тәсілдері бекітіледі. Сондай-ақ тіл туралы ғылым адамның пікірін дұрыс жеткізуге, сұрақты дұрыс қойып, оларға дәйекті жауап беруді үйретеді және күллі ғылым атаулы тіл арқылы танылып игеріледі. Сондықтан да тіл оқу мен білім беру жағынан да бұрын тұрады.

Екінші жағынан, ғұлама ғалым тіл мәселелерін, тіл туралы ғылымды, грамматиканы арнайы қарастырып зерттеген. Тілді философиялық жақтан қоғаммен қарым-қатынаста да алып қарастырған. Біздің сөз етпегіміз де әл-Фарабидің осы «тіл және қоғам» мәселесін зерттеуі жөнінде болмақ. Өйткені бұл – әл-Фарабидің алғашқылардың бірі болып қарастырған әлеуметтік мәні зор мәселе.

Қандай да бір тіл және қоғам байланысы, нақты алғанда, «тілдік орта» ұғымымен ұштасады. Әл-Фараби сол тілдік ортаны (қоғамды) сөз етеді, көбінесе оның синонимі ретінде «қала» сөзін қолданады. Оның бір себебі, біздіңше, Қазақстан жерінде 9-10 ғасырларда қалалардың пайда болып, қоғам өміріне ықпал етуі болса керек. Тағы бір елеулі себебі: әл-Фарабидің әртүрлі қалалық тілдік орталарда болып, сол орталардағы бірнеше тілді (араб, парсы, грек, түркі тілдері, т.б.) меңгергендігі болуы тиіс.

Талқылау. Әл-Фараби 160-тай трактат жазыпты, соның біршамасында тіл мәселесі сөз болған. Біз осы мақаламызда жоғарыда айтып өткендей, ғұламаның лингвистикалық, оның ішінде әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге қатысты ой-тұжырымдарын қарастыруға талпыныс жасаймыз.

Әлеуметтік лингвистиканың қарастыратын ең бір өзекті әрі орталық проблемаларына «тіл және қоғам», «тіл және адам», «тілдің мәні мен қоғамдық қызметі», «тіл меңгеру», «тілдің өмір

сүру формалары», «тілдік норма», тілдік ахуал», «тіл саясаты», «билингвизм мен диглоссия», «өзге тілден сөз алу», «әліпби жасау мен таңдау» т.б. адамның тілге саналы түрде әсер етуінің түрлі мәселелері жатады.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыру, оны дамытуы мүмкін емес. Демек қоғамның өмір сүруі үшін, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір алысудың құралы, ойын жарыққа шығару құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Олай болса, қоғам – тілдің өмір сүруінің де шарты, қоғамнан тыс, адамдардың ұжымынан тыс тіл жоқ. Қоғамның өмір сүруі үшін, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін тіл қаншалықты қажет болса, тілдің өмір сүруі үшін қоғам да соншалықты қажет. Міне, осы зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған «тіл» және «қоғам» ұғымы, олардың өзара байланысы туралы мәселе әл-Фараби еңбектерінде қалай қарастырылған, бұл жөнінде ғұламаның қандай тұжырымдар бар, енді осыған жекелей тоқталайық.

1.Әуелі тіл туралы ой-тұжырымдарынан бастайық. Әл-Фарабидің еңбектеріне назар аударсақ, ол тілді ойлаумен қатар қойып, философиялық жақтан талдайды. Әл-Фараби еңбектеріндегі лингвистикалық мәселелерге кең түрде талдау жасаған К.Х.Тәжікова: «Әл-Фарабидің тіл мәселесіне деген көзқарасы көбінесе Аристотель көзқарасымен сәйкес келеді. Бірақ оның Аристотельден айырмашылығы бар, Аристотель тілді өзіндік зерттеу обьектісі ретінде қарастырмай, тіл туралы ілімді поэтика мен риториканың шектеуінде қалдырса, әл-Фараби тілді ғылыми зерттеу пәні ретінде бөліп, зерттелуге міндетті жіктемелік пәнге қосады», – деп дұрыс айтады [Тәжікова К.Х., 2009, б. 274].

Әл-Фараби: «Адамның дүние тануына жағдай жасайтын нәрсені және «парасат» деген нәрсені ежелгі адамдар «**сөз**» деп атаған», – деп тілді «сөз» мағынасында қолданады [Әл-Фараби., 1975, б. 39-40]. Осындағы «сөз» дегенді әл-Фарабидің «Әлеуметтік-этикалық трактаттарын» аударып құрастырушы авторлар: «Нутк – «сөз», грекше - «логос». Араб тіліндегі философияда «нутк» термині сыртқы (яғни дыбыспен айтылған) сөз ретінде және ішкі (ақыл-ой зердесімен айтылған) сөз ретінде де қолданылады. Араб тіліндегі философияда ойдың сыртқы айтылуы болып табылатын сөз бен ойдың арасында үлкен айырмашылық көрмеген», - деген түсініктеме береді [Әл-Фараби, 1975, б. 398]. Сонда бұдан шығатын қорытынды сөз (тіл) бен ойлау теңдікте, бірлікте қаралады.

«Осы екеуін, яғни ақылмен пайымдалатын обьектілер мен оны білдіретін оралым – ой қорытындыларын ертедегілер «сөз» [нутк] және айтылған сөз [кауль] деп атаған», - дей келе - ақылмен пайымдалатын обьектілерді олар «айтылған сөз» [кауль] деп атаса, ал «сөз» [нутк] деп адамның ішіндегіні, жанында барды атады; осы екеуін [ақылдағы және жүркетегіні] білдіретін – «айтылған сөз [кауль], «сөз» [нутк] сыртқа дыбыс арқылы шығарылады. Адам өзі үшін белгілі бір пікірді растағысы келсе, бұл – іштегі, көңілдегі «айтылған сөз», ал [сол пікірді] басқаларға растағысы келсе, ол – сыртқа дауыс арқылы шыққан «айтылған сөз». Қызметі қандай да бір пікірді растау болып табылатын айтылған сөзді, мейлі ол көңілдегі айтылған сөз болсын, мейлі дыбыспен сыртқа шығарылған айтылған сөз болсын, оны ертедегілер силлогизм деп атаған», - деген тұжырым жасайды ұлы ойшыл әл-Фараби [Әл-Фараби, 2009, б. 23].

Одан әрі ол сөзге анықтама беріп, оны былай таратады: «Сөз» деген атау поэзияны да және тіл арқылы пікір айтуды да көрсетеді. Қалың көпшілік арасында «сөз» деген атау дәл осыны көрсетеді және дәл осы мағынасында «сөз» деген атау жалпыға мәлім. Осы іліммен айналысатын ежелгі заманғы [ойшылдар] бұл сөзді екі мағынада бірдей қолданған. Адам туралы ол бірден екі мағынада бірдей «**сөйлеуші»** деп дұрыс айтады: яғни ол өзінің [ойында] барды [тілімен] айтып жеткізеді деген және осы арқылы оның дүние тану құралы бар [деген мағынада] дұрыс айтады. Алайда ежелгі адамдар адам дегеніміз **сөйлеуші [жан**] деп атағанда, олардың айтайын дегені адамда соның өзінің айтып отырғанына және білетініне қолын жеткізетін құрал бар деген мағына. Бұл өнер сөзге ақтық форма беретін болғандықтан, бұл өзі «логика өнері» деп аталады. Адам өзінің [танығысы] келетінін осы арқылы жүзеге асыратын болғандықтан, мұны сондай-ақ «жанның парасатты бөлігі» деп атауға болады» [Әл-Фараби, 1975, б. 40]. Сонда тіл деген күрделі құбылыстың мәнін әл-Фараби «сөз», «ой», «сөйлеуші», «дүниетану құралы», «білетініне қолын жеткізетін құрал», «логика өнері», «жанның парасатты бөлігі» деген ұғымдармен бірлікте қарастырады.

Ұлы ойшыл өзінің «Бақыт жолын сілтеу» трактатында грамматика мен логиканың ұқсастығы мен айырмасын айта келіп мынадай тұжырым жасайды: «Грамматика өнері мен логика өнерінің арасында біраз ұқсастық бар. Бұл ұқсастық [мынада]: грамматика өнері сөзбен айтылатын нәрсенің дұрыстығы туралы білім береді, белгілі бір тіл [сөйлейтін] адамдардың әдет-ғұрпына сай сол дұрыстыққа жетуге қабілет береді. Ал логика өнері болса, ойлаған ойың дұрыстығы жөнінде білім береді және ойлаған ойдың дұрыстығына жетуге қабілет береді. Сонымен белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың әдет-ғұрпына сай тек дұрыс сөйлеу үшін тілді жөндейтін грамматика өнері сияқты логика өнері де барлық нәрсе

туралы адам тек дұрыс ойлау үшін оның ақылын жөндейді [Әл-Фараби, 1975, б. 41].

Әл-Фараби логиканы грамматикаға жақын және грамматиканың сөздерге қатысты заңдары, ақыл арқылы жететін нәрселерді көрсетеді деп санайды. Оның тілге және сөздерге қатынасы, логиканың ақылмен жететін обьектілері мен интеллектіге болған қатынасы сияқты. Адам ежелден сөз және сөйлем деп аталатын ойлау және пайымдау барысында қателіктерден сақтайтын логика заңдарына мұқтаж, сондықтан логика грамматикамен тығыз байланысты. Алайда бұлардың арасында айырмашылықтар бар деген тұжырым айтады.

Әл-Фараби дұрыс және сауатты сөйлеуді қалаған адамдар үшін «синтаксистің мәнін түсінуге» ал дұрыс ойлауды қалаған адамдар үшін «логиканың мәнін түсінуге» кеңес берген. Адам ойын сөз бен сөз тіркестерінен тыс зерттеу мүмкін болмағаны сияқты, логиканы грамматикадан сырт, ал логикалық ойды ауызекі және жазбаша сөздерден тыс зерттеуге болмайды. Әл-Фарабидің логика мен грамматика туралы идеялары ойлау өнеріне, ой жүгірту барысында кемелдікке жету, сөз бен оның мағынасына жауаптылық және дәлдікпен қарауға үйретті [Нсанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сандыбаев Ж., 2009, б. 7].

2.Енді қоғам мәселесіне қатысты тұжырымдарына келейік. Әл-Фараби қоғамды сипаттамас бұрын алдымен «адам» ұғымына тоқталады. «Адам өзінің барлық істерінде тек көптеген адамдардың бір қонысқа біріккенде ғана қажетті нәрсеге қолы жететін және ең жоғарғы дәрежеде жетілетін [жануарлар] түріне жатады». Бұл - адамның адам болуы да оның қоғамымен байланысты деген сөз. Ғұлама ойшыл одан әрі адам қоғамын **ұлы, орташа** және **кішкене** қоғам деп үшке бөліп, әрқайсысына жекелей сипаттама береді.

«Ұлы қоғам дегеніміз – бірімен бірі біріккен және біріне бірі көмек көрсететін көп халықтардың жиынтығы. Орташа қоғам дегеніміз – бір халық. Кішкене [қоғам] дегеніміз – бір қаланың төңірегінде топтасқан қоғам» [Әл-Фараби, 1975, б. 117]. Осы аталған қоғамдарды тағы да «толық қоғам», «толық емес қоғам», «жетілмеген қоғам», «көше қоғамы», «үй ішіндік қоғам», «квартал қоғамы», «қала қоғамы», «село қоғамы», «абсолюттік адамзат қоғамы» деген атаулар береді.

Жоғарыда айтылған ұлы, орташа және кішкене қоғамның бірігуінен толық қоғам болады. «Қала жетілудің ең жоғары сатысында болады. Селолар мен кварталдар, көшелер және үйлер толық емес қоғам болып табылады. «Бұлардың ішінде ең жетілмегені – көше қоғамының құрамды бір бөлігі болып табылатын үй ішіндік қоғам. Қалалық қоғам қайсыбір халықтың бір бөлігі. Халық қалаларға бөлінеді. Абсолюттік адамзат қоғамы халықтарға бөлінеді» [Әл-Фараби, 1975, б. 118].

Осы жерде жоғарыда атап өткен әл-Фарабидің «Бақыт жолын сілтеу» трактатын аударып, құрастырушы авторлардың түсініктемесіне тоқталуды жөн көреміз. *«Джама'а – «қоғам; мадина – «қала».* Плотон сияқты әл-Фараби де қоғамның пайда болу және даму себептері адамдардың өздерінің материалық және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыруда деп біледі. Бұлардың арасындағы бұл жөніндегі айырмашылық сол, Плотонда «қоғам» деген ұғым «мемлекет» деген ұғыммен бірігіп кетеді, ал әл-Фараби бойынша қоғам мемлекеттен бұрын туады, қоғам мемлекетсіз де өмір сүре алады, ал мемлекеттің қоғамсыз өмір сүруі ақылға сиымсыз» [Әл-Фараби, 1975, б. 402].

3.Тіл мәселесін, оның шығу тегі және оның қоғамдағы рөлі мен қызметін әл-Фараби заттардың аталуы контексінде қарастырады. Бұл жөнінде зерттеуші К.Х.Тәжікова: «Тілді зерттеудегі негізгі мәселелердің бірі – оның шығу тегі. Бұл мәселені, белгілі болғандай, әл-Фараби конвенционалистикалық, келісім-шарттық теорияны ұстанған Аристотель сияқты шешеді», - деп түйіндеп, оның мәні мен маңызын ашып, анықтап түсіндіп береді [Тәжікова К.Х., 2009, б. 277]. Сондықтан біз оған мақала көлеміне сай тоқталмаймыз.

4.Әл-Фараби тіл туралы ғылымды екіге бөледі, екі бөлімнен тұрады дейді: «Біріншісі: қандай да бір халықтың тіліндегі сөздерді есте сақтау және олардың әрқайсысының нені біліретінін [мағынасын] білу. Екіншісі: осы сөздердің заңдылықтарын білу» [Әл-Фараби, 2009, б. 16]. Мұның қазір біз Ф.де Соссюрше біріншісін сыртқы лингвистика, екіншісін ішкі лингвистика деп атап жүрміз.

5.Әлеуметтік лингвистиканың тағы бір өзекті проблемаларына тілдер қарым-қатынасының теориясы, оның ішінде диглоссия дәне билингвизм мәселелері жатады.

Диглоссия – дегеніміз бір ұлттық тілдің өз ішіндегі түрлі кіші жүйелерінің (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, диалекті т.б.) әр алуан жағдаят пен қарым-қатынас салаларында алма-кезек қолданылуы. Мысалы, студент алдымен «өз ортасында» өзі сияқтылармен студенттік (жастар) жаргонын қолданса, қалған жағдаяттарда (сабақта) әдеби тілді пайдаланады. Кәсіби жаргондарда сол сияқты: компьютер бағдарламашылары мен операторлар кәсіби тақырыптағы қатынаста компьютерлік жаргонды қолданады. Ал одан тысқары, өзінің кәсіби ортасынан бөлек жерде ауызекі сөйлеу тілін, әдеби тілдің сөздері мен құрылысын пайдаланады. Ал билингвизм дегеннің сөзбе-сөз мағынасы – бір қоғам шегіндегі (мемлекеттегі) екі немесе одан да көп жеке тілдердің өмір сүруі мен қызмет етуі. Қазіргі қоғам көбінесе көптілді. Мысалы, біздің еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесін 128 тіл құрайды. Мұнда билингвизмнің көптеген түрлері кездеседі. Егер индивид бірнеше тілді меңгерсе, ондай адамды билингв деп атайды, ал бұл құбылыстың өзін би-

лингвизм дейді. Билингвизмнің қазақша баламасы – қостілділік [Абасилов А., 2016, б. 146-147].

Қазіргі күнде бір ғана тілден тұратын қоғам кездесе бермейді. Зерттеу нысаны болып отырған әл-Фараби заманының өзінде бұл күн тәртібіндегі мәселелердің бірі болған. Мысалы, бұл жайында әл-Фараби былай деп жазады: «Шөлдік жерлерде, шатырларда не үңгір үйлердің тұрғындары – жасырын болып келеді және олар өздерінде әдет бойынша бекітілген нәрселерді сақтап қалуға мүмкіндіктері көп. Олар үшін өздерінің жандарын басқа халықтардың әріптері мен сөздері, тілі мен дыбысталуынан алшақ ұстау – абройлы іс болып табылады» [Әл-Фараби, 2009, б. 80]. Бұл жерде ғалым **біртілділікті, тіл тазылығы** мәселесін айтып отыр.

Ал ойшылдың «Қала және ауыл тұрғындары, отырықшы орындардың тұрғындары табиғи және ашығырақ келеді, олардың жандары өздеріне әдетті болып келмейтін заттарды түсінуге, елестетуге жақынырақ келеді, олардың тілі бөтен тілді қабылдауға икемді болып келеді» [Әл-Фараби., 2009, б. 80]. Бұл енді **билингвизм – қостілділік** құбылысы.

Ғұлама ғалымның бұл айтқандары жоғарыда сөз еткен екі жеке тілдің қатынасындағы билингвизм проблемасына қарағанда, бір тілдің өз ішіндегі кіші жүйелерінің қарым-қатынасын көрсететін диглоссия мәселесіне келетін сияқты. Олай дейтініміз: мұнда ортақ тіл жасау, тілді әдеби нормаландыру, тіл тазалығы мәселелері сөз болған. Ол: «Егер біз аталған екі топтың адамдарын алар болсақ, онда шөлдік жерлердің тілдерін қабылдау жеңілірек. Алайда бұл жерде осы өңірлердің ортасындағылармен араласу керек, себебі шет жақ тұрғындары көрші халықтармен араласқандары үшін қарым-қатынас құрып, көрші елдер сөйлеу мәнерін алуы мүмкін. Егер олар соңғылармен араласса, онда олар бөтен тілде сөйлеуге мәжбүр болады және көп жағдайда көрші халықтардың әріптері дыбысталуға келмесе, олар сәйкес келетін әріптерді таңдайды, ал қиынға түсетін әріптерден бас тартуға тырысады. Олардың сөздері қиын және дөрекі болып келеді, олардың тіліне өз көршілерінен қабылданған акцент пен сөйлеу мәнері енеді. Егер де көрші халықтың тілінің көп қателіктері болса, ал осы халыққа бұл сөйлеу мәнері дұрыс деп түсіну әдеті болса, онда олардың әдеттері өзгермейді деп айтуға еш негіз жоқ, сондықтан да олардың тілін қабылдаудың қажеті жоқ. Егер шөлдік жерлердің тұрғындары жоқ болса, онда тілді сол өңірдің ортасын кез келген жерінен қабылдауға болады», – деген тұжырым жасайды [Әл-Фараби, 2009, б. 80-81].

Әл-Фараби бабамыз осы ойын таратып, былай сабақтайды: «Сен арабтардың осы заттар жөніне мәселелері жөнінде ойланып қарасаң, саған барлығы түсінікті болады. Олардың арасында шөлдік жерлердің де, қалалық жерлердің де тұрғындары болады. Бұл мәселемен 90-шы 200-ші жылдары көп айналысқан. Осы мәселені шешуге бел буғандар – Ирактағы Куфа және Басраның тұрғындары. Олар қала тұрғындарының емес, шөлдік жерлердегі дұрыс тіл – өздерінің тілін алады, кейін елдің орталығын мекендейтін, көп жағдайда дөрекілік пен қатаңдық тән және жайылу, тарамдаудан алшақ болған және ықпал, жәрдем шет болған тұрғындардың тілін алды. Бұлар – кайс, Тамим, Тай, Хузайль тайпалары. Олар арабтар қабылдаған тілде сөйлейтін халықтардың басым көпшілігін құрады. Ал егер басқаларға келер болсақ, онда олардан ешнәрсе алынған жоқ, себебі олар елдің шет жақтарында тұрады, олар басқа халықтар тілімен араласып, табылғаннан өз тілдерін басқа өздерін қоршаған халықтардың тініне бағындыруға басым болды. Бұл – Эпиопия, Индия, Персия, сонымен қатар – ассириликтер, сириялықтар, египеттіктер» [Әл-Фараби. 2009, б. 81]. Міне, бұл қазіргі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің өзекті мәселесі – **тілдік ахуалды** сипаттаудың тамаша үлгісі.

6.Осы күнгі шешімі табылмай, күрмеуі шешілмей жүрген таза лингвистикалық, сондай-ақ әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық мәселелердің бірі – өзге тілден сөз алу, оны тіл заңдылығына сай игеру мен меңгерту проблемасы. Бұл салада қазақ лингвистикасында емле ереже жасауда, терминологияны жүйелеуде шешілмеген қыруар сұрақтар бар. Бұл мәселені данышпан ғалым мынадай сипатта жеткізіп түсіндіреді: «Егер дін немесе оның бір бөлігі басқа халықтан алынғалы отырса, онда сол дінді енгізуші кейде [басқа халықтың дінінің] кононларының атауынан алынған атаулары сол мағынасында пайдаланады, бірақ сөздің өзінің өзгеруі мүмкін. Сөздің дыбыстары мен олардың құрылымы әлгі халықтың әріптері мен солардың құрылымы арқылы белгіленеді. Ол сөзді айту оңай болу үшін қажет. Ал егер сол халықта диалектика мен софистика пайда болса, әрі оның өкілдері өздері енгізген және бұрындары өздеріне белгісіз болғандықтан, атау болмаған идеяларды [сөз арқылы] белгілеу қажеттігін сезінсе, олар онда сөздер құрастырып шығарады. Ол сөздерді олар өз әріптерінен құрастырады не болмаса, оларға солармен ұқсас дүниелердің атауын бере салады» [Әл-Фараби, 2009, б. 83].

Жалпы дүниеде бір халық екінші халықпен әртүрлі мәдени, экономикалық, саяси байланысқа келіп, бірінен екіншісіне сөз ауысады. Сонда бір тілден екінші тілге сөз ауысу – қашып құтылмайтын заңдылық. Бірақ бір халықтың сөзін екінші халық өз тілінің дыбысымен, өз тілінің заңдылығымен алады не өз тіліндегі баламасын тауып, жаңа сөз етіп жасап алады. Міне, бұл әл-Фараби тұжырымының түйіні.

7.Өмірбаяндық деректерге назар аударсақ, әртүрлі тілдік ортада болған әл-Фараби тіл меңгеру мәселесіне, шешендік өнерге ерекше мән

берген. Әл-Фарабише: адам – сөйлеуші, «сөйлеушінің» түбірі «сөз», ал ол деген тіл арқылы пікір айтуды білдіреді. Адам өзінің ойында барды тілімен айтып жеткізеді және оның дүниетану құралы деп тұжырымдайды.

«Қала жетілудің ең жоғары сатысында болады», - дей келіп, ғұламаның ерекше көңіл бөлген мәселесі – қалаларды қалай басқару керектігі, басқарғанда олардың көркеюіне, ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігі жайында ерте заман (ойшылдары) айтқан көптеген негізгі қағидаларды қамтитын жеке-дара нақыл сөздерден тұратын трактатын арнаған. Демек қоғамды басқарушыға шешендік өнер қажеттігіне әл-Фараби қатты көңіл бөлген [Әл-Фараби, 1975, б. 187].

Айта кету керек, ұлт тарихында қазақтың ел басқарушы билері шетінен шешен болған. Тегінде, халықтар мен қалаларды ерікті түрде оқыту, үйрету үшін пайдаланатын адамдар – бойына ізгі қасиеттер мен шешендік өнер дарыған адамдар қай заманда да керек болған, ал бұл қазіргі Қазақстан Республикасы сияқты көп этносты, көптілді мемлекет үшін тіпті қажет. Өткені өкінішке орай, қазіргі ел басқарушыларға ондай өнер дарымаған. Мемлекеттік тіліміздің мемлекеттік аппаратта қолданылмай, шетқақпай болуының, жергілікті үкімет орындарының күнделікті жұмысында қолданбауының басты себебі әртүрлі деңгейдегі басшы орындарда қызмет ететін адамдардың орысшаға бейім болып, өз ұлтының шешендік өнерінен құр алақан болуынан деп ойлаймыз. Сондықтан әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты бұл трактаты қоғамды басқарушы қайраткерлерге арнап қалдырған аталы сөзі болса керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, әл-Фараби тіл ғылымының ғылымдар жіктелісіндегі орнына, оны ғылыми пән ретінде зерттеудің қажеттілігіне, тілдің шығуы мен қызмет етуі, қоғамдық мәніне, қоғамды дамытудағы тілдің алатын орнына, тіл мен ойдың, грамматика мен логиканың байланысы мен айырмашылығына, бір қоғамдағы тілдер қарым-қатынасы мәселелеріне, өзге тілден сөз алу, оны игеру, тілді нормаландыру мен шешендік өнердің атқарар қызметіне ерекше көңіл бөлген. Бұл мәселелер қазіргі күнде тіл білімінің арнай саласы – әлеуметтік лингвистиканың нысаны ретінде қарастырылып, жан-жақты зерттеліп, теориялық та практикалық жағынан шешімін табуда. Осы бағытта ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидың лингвистикалық, әсіресе әлеуметтік лингвистикалық мұрасын зерттеуің мәні зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Аль-Фараби. Философские трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1972. – 430 с.

2.Әл-Фарабидың дүниетаны мен әлемдік ғылым. Библиографиялық көрсеткіш. – Тараз, 2020.

3.Тәжікова К.Х. Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларындағы тіл және тілдік таңба философиясы // Әбу Насыр әл-Фараби 10 томдық шығармалар жинағы. 10-том. Әл-Фараби мұрасы: қазақстандық философиялық зерттеулер (1991-2008). Биобиблиография. – Астана: ТОО «Лотос–Астана», 2009 . –432 бет.

4.Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 бет.

5.Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. –656 бет.

6.Нсанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сандыбаев Ж. Әл-Фараби ғылымы // Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. –656 бет.

7.Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. Оқу құралы /А.Абасилов. –Алматы: Palitra Press, 2016. –250 бет.

UDC 81’255-057.875



ABRAMOVA GALINA
Candidate of Philological Sciences,
Associated Professor
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent, Kazakhstan



ZHIYENKOZHA ZHANSULU ORYNKOZHAYEVNA
master student
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent, Kazakhstan

NATIONAL AND CULTURAL IDENTITY OF THE LINGUISTIC VIEW OF THE WORLD BASED ON A COMPARATIVE ANALYSIS OF TWO ETHNIC GROUPS – KAZAKHS AND RUSSIANS

Түйін. Бұл мақала қазіргі ғылыми әдебиетте кеңінен түсіндірілген әлемнің тілдік бейнесі құбылысының ерекшелігін зерттеуге арналған. Автор мәселені ашып, тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау сияқты категориялардың байланысын қадағалайды. Зерттеудің мақсаты - әлемнің тілдік бейнесінің сипаттамалық ерекшеліктерін сипаттау, қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істейтін соматикалық фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасын және олардың әлемнің тілдік бейнесін бейнелеу тұрғысынан рөлін анықтау. Сондай – ақ, автор екі этнос-қазақтар мен орыстардың әлемнің тілдік бейнесінің фрагменттерін салыстырмалы талдау арқылы әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің ерекшелігін қарастырады. Жұмыста кейбір ғалымдардың әлемнің тілдік бейнесінің күрделі табиғаты туралы көзқарастары баяндалады, осы тұжырымдаманың түсіндірмелері беріледі, оған сәйкес автор өзінің анықтамасын тұжырымдайды. Зерттеу нәтижелері ұлттық менталитетті терең түсінуге мүмкіндік береді, бұл мәдениетаралық қарым-қатынастың қажетті өлшемі болып табылады.

Түйінді сөздер: әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық тілдің әлемдік бейнесі, тілдік сана, ұлттық-мәдени ерекшелік, фразеологиялық бірліктер.

Резюме. Статья посвящена изучению специфики феномена языковой картины мира, получившего в последнее время широкую интерпретацию в современной научной литературе. Автором освещается проблема и прослеживается связь таких категорий, как язык и культура, язык и мышление. Цель исследования состоит в описании характерных черт языковой картины мира, определении национально-культурной семантики соматических фразеологизмов, функционирующих в казахском и русском языках, и их роли в ракурсе отражения ЯКМ. Автором также рассматривается своеобразие национальной языковой картины мира посредством сопоставительного анализа фрагментов ЯКМ двух этносов – казахов и русских. В работе излагаются взгляды некоторых ученых на сложную природу языковой картины мира, даются толкования данного понятия, с учетом которых автором было сформулировано собственное определение. Результаты проведенного исследования дают возможность глубокого понимания национального менталитета, что является необходимым критерием в межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: картина мира, языковая картина мира, национальная языковая картина мира, языковое сознание, национально-культурная специфика, фразеологизм.

Summary. The article presents a study of the specificity of the linguistic view of the world, which has recently received a wide interpretation in modern scientific literature. The author emphasizes a problem and relationship of such categories as language and culture, language and thinking. The task of the research is to describe the characteristic features of the linguistic view of the world, to define the national and cultural semantics of somatic phraseological units in the Kazakh and Russian languages and their role in linguistic view of the world. The author considers an identity of the national linguistic view of the world by comparative analysis of two ethnic groups – Kazakhs and Russians. The research describes views of some scientists on the complex nature of the linguistic view of the world, gives an interpretation of this concept, taking into account which the author formulated her own definition. The results of the research provide an opportunity for a deep understanding of the national mentality, which is a necessary criterion in intercultural communication.

Keywords: view of the world, linguistic view of the world, national linguistic view of the world, linguistic consciousness, national and cultural identity, phraseology.

In the age of establishing, developing and strengthening large-scale international contacts, linguists pay special attention to the phenomenon of intercultural communication, which is directly related to such processes as the development of languages and the mutual enrichment of cultures. Today, one of the most relevant and discussed topics of modern linguistics and related applied disciplines is the study of the complex nature of the multidimensional phenomenon of the language view of the world. Common knowledge about the world, language, and culture prevents "communication hindrances" and helps build a mutually respectful, flexible, and productive dialogue.

The relevance of this research lies in the fact that, first, the concept of the language view of the world is currently in the process of formation: attempts are made to construct its detailed definition, theoretically discuss the issues of separating the linguistic view of the world from related phenomena and describing its characteristic features. Second, this work responds to the growing interest in the problems of interdisciplinary intersection of the Humanities, including the problems of linguocultural studies and related fields.

In linguistics in recent years, a significant number of works have appeared devoted to the study of linguoculturological features of the language view of the world and served as a methodological basis for this research (Yu. d. Apresyan, N. D. Arutyunova, E. M. Vereshchagin, V. G. Kostomarov, S. G. Ter-Minasova, I. Yu. Markovina, Yu. a. Sorokin, V. A. Maslova, etc.).

The novelty of the research is to identify and analyze the national-cultural semantics of somatic (related to the human body) phraseological units that function in the Kazakh and Russian languages, and to determine the role of these units in the perspective of reflecting the national language view of the world.

The concept of "view of the world" is interdisciplinary and is used in various branches of scientific knowledge: in philosophy (works of V. S. Stepin, M. Heidegger, L. Wittgenstein), psychology (works of A. N. Leontiev and S. D. Smirnov), cultural studies (works of D. S. Likhachev, G. D. Gachev, Yu. m. Lotman), literary studies (works of M. M. Bakhtin, A. K. Zholkovsky, Yu. K. Shcheglov), linguistics and semiotics (works of V. Tsivyan, G. D. Gacheva, V. N. Toporova, E. S. Yakovleva), etc.

A special role in introducing the term " view of the world " to science belongs To L. Wittgenstein [*L.Wittgenstein, 2005*]. To date, there are a large number of interpretations of this term, the meaning of which is as follows: it is a set of knowledge, facts about reality, formed in the public and individual consciousness.

The view of the world is characterized by meaningful and formal properties: a simultaneous combination of cosmology (global image of the world) and anthropomorphism (features of the human worldview), the unity of statics and dynamics, the finite and infinite, the presence of the phenomenon of lacunarity, visibility and imagery, system character and integrity.

In the study of the complex and multidimensional concept of " view of the world", an important place is occupied by the problem of interaction between language and culture.

S. G. Ter-Minasova calls language "a moneybox, a treasury of culture" and specifies that language stores cultural values in vocabulary and phraseology, in fiction and scientific literature [*S.G.Ter-Minasova, 2004, c.74*]. According to the scientist, language forms a person's personality with the help of a view of the world reflected in the language. In addition, along with religion, culture, and philosophy, language is one of the forms of social consciousness.

A person's perception and awareness of the world around them occurs with the help of language, therefore, it is necessary to talk about the specifics of the language view of the world, which forms a certain attitude to reality among native speakers and sets human norms of behavior. The set of knowledge captured in the language form has received an ambiguous name: "language representation of the world", "language model of the world", "language view of the world". The most common term among those listed is the latter.

The language view of the world is not on a par with special views of the world (philosophical, religious, chemical, physical, etc.), it is the original and forms them, due to the fact that a person is able to understand the world through the language in which the socio-historical experience is fixed.

Summarizing the above approaches, we have formulated the following definition: "Language view of the world – is historically conscious of the linguistic and cultural community knowledge and perceptions about the world, embodied through linguistic means".

The national language view of the world (NNCM) (O.A.Kornilov,) is inextricably linked with the language view of the world, which is defined as a way of reflecting the world by the language consciousness of a specific ethnic group [*O.A.Kornilov,2003*]. This category contributes to the consolidation of the collective experience of the entire language community, each representative of which has only a share of the collective national experience. Taking into account the scientific views of Bodu`en de Kurten`e, who wrote that the national language is a system constructed from existing individual languages, any NNCM should be considered as a generalization of all individual national view of the world. The initial formation of an individual national language view of the world is carried out involuntarily in the period of childhood when mastering the native language. "In the semantics of words, a lot of signs are

deposited that register all the knowledge obtained by the ethnos about the corresponding objects. The transfer of this knowledge to each new member of the ethnic group is made in the course of... teaching the emerging language personality the correct understanding and use of units and categories of the native language.... " [*Bodu`en de Kurten`e, 1963, c. 48-49*].

The language view of the world, having a specifically reflected knowledge of the world, as well as its own semantic sound, becomes a source of additional information about the surrounding reality. Since linguistic complementarity is created through national-specific patterns of language, it contributes to the emergence of mismatch of language models of the world in some zones. The reason for the interference is not due to the difference in the language structuring of the same meaning, but to the existence of

one language has national-specific language units and the absence of them in another. These units include, as noted by E. M. Vereshchagin and V. G. Kostomarov [*E.M.Vereshchagin and V.G.Kostomarov, 2005*], lacunae, metaphors, phraseological units, stylistic and word-forming means. Language semantics in this case goes back to the human knowledge system only indirectly, through language imagery.

Speaking about the language view of the world, we can not fail to mention such a concept as "mentality", which in its semantics is correlated with Humboldt's "spirit of the people".

Mentality is a national way of perceiving and understanding reality, determined by a set of cognitive stereotypes of the nation [*Gachev.G. 2003, c.12*]. Russians and Kazakhs, for example, have been known for their hospitality and hospitality since ancient times, but Kazakhs take it for granted to arrive late at the appointed place, unlike Russians, who may be late due to some circumstances that have arisen. If we look at the family traditions of two different ethnic groups, we will also find a difference in the customs of their family life. In accordance with traditional Kazakh upbringing, it is considered a sacred duty of grown-up children to take care of older parents who live together with their children (in most cases, with younger sons) in the same house. According to Russian family customs, children should live separately from their parents in order to be able to independently manage their way of life. One of the interesting traditions in the family Canon of the Kazakh people is the prohibition of the daughter-in-law to call her husband's relatives by name, instead of names, she must come up with affectionate nicknames.

When studying the relationship between the concepts of "mentality" and "language view of the world", it is necessary to place emphasis: the mentality is associated with the cultural aspect, the language view of the world– with the linguocultural aspect.

Thus, in our opinion, the language view of the world can be considered a mental linguistic formation containing information about the world around us, displayed in the mind of the individual and represented by language means.

The specificity of the national language view of the world of a certain ethnic group is reflected, as mentioned above, in the paremiological Fund of language units. Let's consider the national and cultural identity of phraseological units in the Kazakh and Russian languages and determine their role in the structure of the national consciousness of an ethnic group.

V. A. Maslova, V. N. Telia, and A. M. Babkin point to the close connection of phraseological units with the cultural background knowledge of the people, which allows identifying the mentality of the linguistic and cultural community. Hairullina R.H. mentioned: "The system of images fixed in the national phraseology and reflecting the mindset of the people, a native speaker, is connected with the material social and spiritual culture of the language community. Therefore, when talking about the ways of forming phraseological meaning, we should talk about the processes of generating the meaning of phraseological turnover as a microtext and ways to decipher (understand) it" [*Hairullina R.H.,2008, c. 225*].

With the aim describe the national-cultural view of the world specificity of Kazakh and Russian peoples, we have conducted a comparative analysis of somatic phraseological units in the Kazakh and Russian languages.

Kazakh researcher R. E. Valikhanov in his work notes " the factor of generality-differences in psychological associations of native speakers of Kazakh and Russian languages that arise when perceiving certain parts of the body. The same associations can be generated. For example, the somaticisms сердце – жүрек in both languages can denote the focus of emotions, thoughts, and desires of a person.... in Russian, the word liver is monosemantic and only in certain situations and contexts it acquires contextual and associative meanings: "the receptacle of such feelings as annoyance, impotent anger". Somatism бауыр (печень) is perceived by native speakers of the Kazakh language as a designation of the back side of something and the focus of kindred / friendly feelings" [*Ahmetzhanova Z.K., Valihanova R.E. 1999, c. 149-150*].

All these associative and metaphorical connections of language units endowed with a connotative component of meaning are reflected in figurative expressions: in Russian – сидеть в печенках ('get bored, irritate'), всеми печенками ('very much hate'), до самых печенок ('strongly, to the limit'); in Kazakh – бауыр басу ('strongly attached'), бауыр тарту ('pity, sympathize'), бауыр жазу ('long

run' (about a horse)), бауыры қату ('get stronger' (about a baby)), тас бауыр ('about a heartless, ruthless, very cruel person'),, бауырына салу ('adopt') and many others. Kazakhs also use the word bauyrym to refer to a close male person who is similar in meaning to the word brother. It should be emphasized that the number of phraseological units (FE) with the word liver (bauyr) in the Kazakh language significantly exceeds the number of similar FE in Russian.

R.E.Valikhanov writes that " in Russian, the nose is associated with a close distance, the word nose is often associated with the concept of a person; Kazakh somatism қабақ ('eyelid, brow') in the minds of Kazakhs is associated with the mood of a person, i.e. қабақ is perceived as an expression of emotional attitude, disposition / dislike of a person to something or someone" [*Ahmetzhanova Z.K., Valihanova R.E. 1999,c.126*]. In support of Valikhanov's stated idea, we will give an example of Russian phraseological units with the word нос: нос к носу – ' close to each other, face to face'; перед носом– 'do something in close proximity to someone'; на носу – 'in the near future'; выхватить из-под носа '' pick up something nearby, get ahead'; не видеть дальше собственного носа– 'do not notice what is happening due to lack of interest or narrow horizons'; бурчать под нос – 'angrily mutter'.

Except at close range, the phraseological units with the component of the nose are also to refer to human frailties: deception (led by the nose), curiosity (to pry into other people's business), disgust (to turn up your nose), arrogant (perk).

The high frequency of using names of body parts as figurative expressions is due to the fact that when naming a new object, phenomenon, a person has an Association primarily with what he knows well – with himself, with his structure. Somatic phraseological units can be attributed to linguistic universals that allow us to penetrate into the deep layers of the human mental world and see the connection between the world and the anatomy of the human body, thus implementing an anthropocentric approach. All phraseological units contain an evaluation component: positive or negative, approving or disapproving, rational or emotional, etc.

Illustrated examples of somatic phraseological units and their reflection in the minds of the representatives of the Kazakh and Russian ethnic groups allow us to conclude that the data units are one way to open code of culture, help to understand the originality of the language and thinking of other people, contribute to the formation of the language view of the world, reflecting the long history of the nation, its spiritual wealth, stereotypes, etc.

Summing up the above in the work on the properties and features of the concept of the linguistic view of the world, which has recently received wide coverage in the linguistic literature and has become relevant, it is necessary to note its special role in cross-cultural communication. Knowing and understanding not so much the language of the people as the code, but the culture, traditions and customs, and the mentality of the ethnic group allow communicants to avoid disagreements and misunderstandings in a multicultural dialogue, which is an effective means of establishing friendly contacts in a complex and disturbing high-tech age.

Despite the fact that the language view of the world in recent decades is one of the discussed topics of modern linguistics, to this day there is no clear interpretation of this diverse concept, reflecting the relationship of language, culture and thinking of the people. Some researchers approach the study of the language view of the world from the perspective of language and analyze similarities or differences in the language system. For other scientists, the basic concept is the culture, mentality, and language consciousness of the people. In this regard, it seems possible to continue the study of the phenomenon of the language view of the world by identifying and describing the national-specific language units that function in its structure.

REFERENCES:

1) Vitgenshtejn L. Избранные работы. Perevod s nemeckogo i angl. V. Rudneva. Moskva: Izdatel'skij dom «Territoriya buduschego», 2005.
2) Ter–Minasova S. G. Язык и межкультурная коммуникация. Moskva: MGU, 2004.
3) Kornilov O. A. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов Moskva: CheRo, 2003.
4) Bodu`en de Kurten`e I.A. Znachenie yazyka kak predmeta izucheniya. Izbrannye trudy po obschemu yazykoznaniyu. Tom 2. Moskva: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1963.
5) Vereschagin E.M., Kostomarov V.G. Yazyk i kul'tura. Moskva: Indrik, 2005.
6) Gachev G. Mental'nosti narodov mira. Moskva: Algoritm, 2003.
7) Hajrullina R.H. Frazeologicheskaya kartina mira: ot mirovideniya k miroponimaniyu. Ufa: Izd-vo BGPU, 2008.
8) Ahmetzhanova Z.K., Valihanova R.E. Sopostavitel'no-funkcional'noe issledovanie leksiko-frazeologicheskih sistem kazahskogo i russkogo yazykov. Almaty: RGP PKO «Kazsnabobrazovaniya», 1999.

УДК 81.371

ADYKAMOVA DIANA DOSSANOVNA
Master student
Department of Foreign Philology and Translation Studies
Faculty of Philology and World Languages
Al-Farabi Kazakh National University

THE STRUCTURAL CONNECTIONS OF UNITS OF THE LEXICAL AND SEMANTIC FIELD OF "HUMAN" IN THE WORKS OF YUVAL NOOH HARARI

Түйін. Бұл мақалада Юваль Ноа Хараридің еңбектеріндегі адамның лексика-семантикалық өрісі бірліктерінің құрылымдық байланыстары жүйеленген. Талдауға арналған материал – «Sapiens: A Brief History of Humankind» кітабы. «Тұлға» өрісінің өзегі адамның сыртқы, жыныстық-жастық және негізгі әлеуметтік (кәсіп, отбасы, ұлт) ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасады. Өрістің құрылымы сөздерді әртүрлі лексика-семантикалық топтар мен кіші топтарға енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: әлемнің суреті, лексика-семантикалық өріс, топ құрылымы, топшалар, сандық талдау.

Резюме. В данной статье систематизированы структурные связи единиц лексико-семантического поля Человек в произведениях Ювала Ноя Харари. Материалом для анализа является книга «Sapiens: A Brief History of Humankind». Ядро поля «Человек» формируется по внешним, гендерно-возрастным и основным социальным (профессия, семья, национальность) характеристикам человека. Структура поля обеспечивает возможность введения слов в различные лексические и семантические группы и подгруппы.

Ключевые слова: картина мира, лексико-семантическое поле, групповая структура, подгруппы, количественный анализ.

Summary. This article systematizes the structural connections of units of the lexical and semantic field "Human" in the works of Yuval Noah Harari. The material of the analysis is the book "Sapiens a brief history of Humankind". The core of the "Human" field is formed by external, gender-age, and basic social (profession, family and nationality) characteristics of a person. The dynamics potential of the field structure is provided by the possibility of entering words into different lexical and semantic groups and subgroups.

Keywords: picture of the world, lexical and semantic field, group structure, subgroups, quantitative analysis.

INTRODUCTION

One of the priorities of modern linguistics is the study of vocabulary in the form of semantically integrated parts, lexical and semantic fields.

In modern linguistics, there is a variety of theoretical concepts and methodological approaches to the study of the field. The term "semantic field" was first introduced By G. Ipsen "Der Alte Orient und die Indogermanen" in 1924 [Ipsen G., 1924, p. 30-45], where it was defined as a set of words that have a common meaning. When describing the vocabulary of famous foreign scientists, such as Jost Trier, Wilhelm Humboldt, Osthoff, Hermann, used the term "system" and not "field" [Karaulov Y.N., 1972, p. 25].

The lexical and semantic field is a very capacious concept. It crosses the main problems of lexicology-the problems of synonymy, antonymy, polysemy, the problem of the ratio of words and concepts. Solving problems related to semantic fields in the vocabulary will allow you to cover these problems in a new way [Moskovich V.A., 1996, p. 35].

Despite numerous studies of different lexical and semantic fields in typologically different and heterogeneous languages, the lexical and semantic field "Human" has not been sufficiently explored.

The object of study is the analyze the lexical and semantic field "Human".

The subject is the analyze the lexical and semantic field "Human".

The research aim is establishing the peculiarities of building and semantic characteristics of the kernel of the lexical and semantic field Human".

MAIN POINTS

"Human" anatomical names, names of physical characteristics of a person, characteristics of personality, family and social relations, terms of folk medicine, traditions, folk spiritual culture, etc. [Harari Y.N., 2011, p. 59]

For example, in his works, Yuval Noah Harari described a person, thus, a person in various lexical and semantic groups, such as "animal being", "living organism», «intelligence", "emotions"," evaluation", etc. Thus, in those layers of vocabulary that reflect a naive picture of the world, the semantic space associated with a person is studied in sufficient detail. Therefore, the subject of our research was

the semantic field "Human" in the minds of native speakers. We intentionally avoid cognitive terms such as "concept" or " frame" in this article, although we talk about cognitive structures and use the term "semantic field".

My point from of view, concepts and frames can be fixed not only in verbal units, but when we talk about semantic phenomena, we simultaneously indicate their relationship to cognition (any semantic structure is cognitive in nature), and to language (thus, it is fixed by the verbal form). Since it is the semantic structures that are directly related to the internal lexicon. It is no coincidence that V.B. Kasevich actually equates the concepts of "language picture of the world" or "semantic system of language".

An interesting overview of the key problems of our time is an attempt to look at them from a bird's eye view, to collect a mosaic from the sum of accumulated knowledge, to make broad generalizations and forecasts based on fractional information. Biology, anthropology, history, and futurology in one glass. It is the scale of the idea that captivates. The main thing is not to forget that this is a subjective view, and that everyone has always lived in the matrix, and that the matrix is a matryoshka.

"People are afraid of being trapped in the matrix, but they do not realize that they are already locked in the matrix of their consciousness, which, in turn, is locked inside an even larger matrix-human society with its countless fictions" [Harari Y.N., 2011, p. 548].

The author paints the future as a dystopia, but I have already lived in a dystopia – not that it scares, and I'm not afraid, just a familiar picture. And so touching is the desire to warn humanity, to shout that the good old manipulation will increase a thousand-fold with the use of digital and other technologies-save yourself, brothers.

"We need to focus on ensuring people's basic needs, protecting their social status and self-esteem" - in my opinion, everything is in favor [Harari Y.N., 2011, p. 541].

"Even if democracy manages to adapt and survive, people risk becoming victims of new types of oppression and discrimination", – who would doubt it.

"Instead of globalization leading to global unity, we risk getting "speciation": the division of humanity into different biological castes or even species", – well, it's better to be rich, healthy and immortal [Harari Y.N., 2011, p. 458].

Suggesting "getting out of the brainwashing machine", the author advises:

1) carefully check the sources of information,

2) read scientific literature on the topic of interest,

3) to "understand who you are and what you want from life", while "Coca-Cola, Amazon, Baidu and the state compete with each other who will hack you first".

"If you want to maintain at least partial control over your life and the future of the world, you must run faster than algorithms, faster than Amazon and the state, and know yourself before they do. Therefore, do not take extra Luggage with you. Drop all illusions. This is a very heavy load" [Harari Y.N., 2011, p. 328].

And this is where the most interesting thing begins for me as an author of all sorts of stories.

"But what kind of response do people want? In almost all cases, when they ask about the meaning of life, they expect a story. Homo sapiens can be defined as an animal that invents stories, and its thinking is based on stories rather than numbers and graphs. Even the Universe itself is presented as a story full of heroes and villains, conflicts and reconciliations, climaxes and happy endings. When we search for the meaning of life, we want to get a story that will explain what the reality around us is and what our role in the cosmic drama is. This role makes me part of something bigger than myself, gives meaning to my experience and choices" [Harari Y.N., 2011, p. 258].

CONCLUSION

Most of those who try to understand themselves are like children on a treasure hunt. They will only find what their parents have hidden for them in advance.

So, if you really want to understand who you are, don't identify with your Facebook account or your inner self history. You should look at the real flow of feelings and consciousness.

We need to learn to better understand our minds before algorithms start thinking for us.

The lexical and semantic field of Human in the works of *Yuval Noah Harari*

№	Lexical and semantic group	Subgroup
1	Subjective evaluation characteristics of a Human	- emotional evaluation, -abilities and achievements - emotions and feelings
2	Social characteristics of a Human	-family, - nationality, - status, - social role, - religion, - interpersonal relationship

3	Objective physical characteristics of a Human	- appearance, - gender / age, - the body part, - physical health
4	Scope, type of activity	- intellectual, - culture and art - the science
5	Paraphernalia	- food and drinks, - clothing and accessories, - cosmetic,
6	The living space	- Infrastructure, - home and life,

REFERENCES:

1. Agibalov A.K. Probabilistic organization of the internal lexicon of a person: abstract, dissertation / A.K. Agibalov. – St. Petersburg, 1995. – 196 p.

2. Admoni V.G. Grammatical Structure as a system of Construction and General Theory of Grammar / V.G. Admoni. – Leningrad: Nauka, 1988. – 77-79 p.

3. Boldyrev N.N. Concept and meaning of the word / N.N. Boldyrev // Methodological problems of cognitive linguistics / edited by I.A. Sternina. – Voronezh: MION, 2001. – 25-36 p.

4. Duhachek O. Precis de semantique francaise / O. Duhachek. – Brno: Universita J.E. Purkyně, 1967. – 260 p.

5. Harari Y.N. Sapiens brief history of Humankind / Y.N. Harari. – M.: Sindbad, 2016. – 517 p.

6. Ipsen G. Der Alte Orient und die Indogermanen / G. Ipsen. – Heidelberg: Winter, 1924. – 165 p.

7. Karaulov Y.N. Structure of the lexical and semantic field / Y.N. Karaulov // Philological sciences. – 1972. – № 1. – p. 57-68.

8. Moskovich V.A. Statistics and semantics: science / V.A. Moskovich. – M.: Nauka,1996. – 304 p.

9. Meyer R.N. Bedeutungssysteme / R.N. Meyer // Zeitschrift fur vergleichende Sprachforschung auf dem Gebiete der indogermanischen Sprachen. – 1910. – № 43. – P. 255-259.

10. Trier J. Der Deutsche Wortschatz / J. Trier. – Heidelberg: Winter in Sinnbezirk des vestandes, 1931. – 345 p.

УДК 808.5:35.07

АЙТМҰХАМЕТОВА ҚҰРАЛАЙ ӨЗБЕККЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС: ВЕРБАЛДЫ КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОПРОГМАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Түйін. Мақалада мемлекеттік қызметтегі кәсіби қарым-қатынастың вербалды коммуникативтік және лингвопрагматикалық тәсілдері қарастырылды. Мемлекеттік қызмет негізінен қарым-қатынастың ауызша түрімен байланысты болғандықтан, мақалада мемлекеттік қызметшінің кәсіби сөз мәдениеті талданады. Автор мемлекеттік қызметшінің кәсіби сипаттамасы ретінде оның «өз ойын анық және дәл жеткізе білуі», сондай-ақ «ресми хаттарды дұрыс әзірлеп, ресімдеу» сияқты коммуникативтік біліктілігін нақтылайды.

Түйінді сөздер: мемлекеттік қызметшінің сөз мәдениеті, вербалды коммуникация, кәсіби қарым-қатынас, ресми-іскерлік стиль, коммуникативтік сапалар, ресми жазылым.

Резюме. В статье рассмотрены вербально-коммуникативные и лингвопрагматические подходы профессионального общения на государственной службе. Поскольку государственная служба во многом связана с вербальным общением, то в статье рассматривается культура деловой речи государственного служащего. Автор уточняет в системе профессиональных характеристик государственного служащего важным являются такие его коммуникативные компетенции, как «умение ясно и точно излагать свои мысли» также «правильно писать и оформлять деловые письма» и т. д.

Ключевые слова: культура речи государственного служащего, вербальная коммуникация, профессиональное общение, официально-деловой стиль, коммуникативные качества, официальное письмо.

Summary. The article considers verbal-communicative and linguopragmatic approaches to professional communication in the public service. Since the civil service is largely connected with verbal communication, the article examines the culture of business speech of a civil servant. The author specifies that in the system of professional characteristics of a civil servant, such communicative competencies as «the ability to clearly and accurately Express their thoughts», «correctly write and execute business letters», etc. are important.

Keywords: civil servant speech culture, verbal communication, professional communication, official business style, communicative qualities, official letter.

Қазіргі қалыптасқан жағдайда білім берудегі ғылыми парадигманы дамытуға экстралингвистикалық факторлар түрткі болуда: қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың заңдылықтарын зерттеуге деген қызығушылық туындауда. Адам өмірі тілде көрініс табады, ол жүзеге асыратын қатысымды мазмұндық жағынан толтыра, толықтыра отырып, ойын жеткізудің қажетті формаларын табады. Бұл орайда, мемлекеттік қызметшінің кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігін *коммуникативтік құзыреттілік* болып табылады.

Мемлекеттік қызметте ресми-іскерлік стильдің белгілі бір деңгейде қалыптасқан тәртіптерінің сақталуы қызметтік құжаттардың мазмұны мен ресімделуінде қатаң талап етілсе, ауызша сөзде де әдеби тілдің *грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық* нормаларының сақталуы талап етіледі. Сонымен бірге ресми-іскерлік қатынаста бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу қажеттілігі көзделеді. Сөз мәдениеті – бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз – әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі.

Ресми-іскерлік қатынас деп адамдардың кәсібі, мамандығымен байланысты қызмет орындарында, мәдени-көпшілік мекемелерде жүзеге асатын қарым-қатынастың түрін айтамыз. Мұндай орындардағы қарым-қатынастың түрі ресми сипатта болады. Мемлекеттік қызметшілердің сөз қолданысы ресми-іскерлік қарым-қатынасқа жатады.

Іскерлік және қызметтік құжаттарды әзірлеуші оның мазмұны мен ресімделуінің *түсініктілігі* және *дәлдігі* – негізгі талап екендігін үнемі есінде сақтауы керек. Ресми-іскерлік жазылымның түсініктілік пен дәлдік талаптары *тілдік бірізділік* пен *қызметтік құжаттардың стандарттылығына* әкеледі. Тілдің дәлдігі, ең алдымен, құрылған мә-

тін мазмұнының бір мағыналық түсінік беруінде. Мемлекеттік қызметтің барлық кезеңінде іскерлік қарым-қатынас үшін мәтін авторы және оның адресатының қабылдау адекваттылығы өте маңызды. «Сөздің жартысы сөйлеп тұрған адамдікі, ал екінші жартысы тыңдап тұрғандікі» *[Панова М.Н., Ларионова Ж.В., 2010, с. 26]*. Бұл айтылғанды біз өзіміздің жағдаятқа сәйкес: сөздің жартысы қызметтік мәтінді жазған адамдікі, ал екінші жартысы қабылдап алушынікі, яғни қабылдап алушы мәтін мазмұнынан оны жазған адамның не айтқысы келгенін нақты түсінуі қажет, – деп өзімізге бейімдеп өзгертіп айтуымызға болады.

Берілген мазмұнның мағынасы анағұрлым дәл және түсінікті болу үшін қандай тілдік құралдар себепші бола алады? Қазіргі кезде ресми-іскерлік сөздер іріктелген, тексерілген, ұзақ жылдан бері көптеген айналымға енген терминдер мен қалыптасқан сөз орамдары жинақталды. Ресми-іскерлік айналымға енген, қалыптасқан дайын сөз орамдарын стандарттық жағдаяттарда пайдалану ресми жазылымдарды құрастыру кезінде уақыт кетірмейді. Бұған мемлекеттік қызметшілердің барлығына таныс көптеген кеңселік штамптарды мысалға келтіруге болады. Мысалы, ресми құжатта *лауазымдық жалақы белгіленеді/тағайындалады* деп жазылу керек, *беріледі* деп жазылмайды; *қызметтік хат әзірленеді,* оны *жазылады, орындалады* деп қолданбайды.

Ресми-іскерлік қатынастың *жазбаша үлгілеріне* жеке адамдардың құжаттары, түрлі мекемелердің іс қағаздарынан бастап мемлекеттік мәндегі заң актілері, ережелер, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция және т.б. қоғамдық-құқықтық мәні аса зор құжаттар жатады.

Ресми-іскерлік қатынаста қолданылатын жеке басқа тән іс қағаздары күнделікті өмірде жиі кездеседі. Ресми-іскерлік қатынастағы жеке бастық құжаттардың тілдік, тілдік емес, сөз әдебіне қатысты жақтары бар.

Тілдік жақтары. Іскерлік қатынастың тілдік құралдары, негізінен, бейтарап немесе ресми болады. Сезім күйге байланысты сөз, тұрмыстық мазмұндағы сөздер қолданылмайды. Көбінесе *күн тәртібінде, шешім қабылдансын, қаттамасыз етілсін, алғыс жариялансын, сөгіс берілсін, ескерту жасалсын, өзгеріс енгізілсін, орындау міндеттелсін, мекемеге тапсырылсын, жүзеге асырылсын, ұйымдастыру қолға алынсын, баса көңіл бөлінсін, ескеріп отыратын болсын* және т.б. дайын үлгідегі сөздер, әкімшілік терминдер жиі қолданылады. Ойдың логикалық жүйелілігі мен бірізділігі қатаң сақталады. Сөз, сөз тіркестері тілдегі өз мағынасына сай қолданылады. Мысалы, ресми стильде жазушыны сөз зергері, қаламгер демей, жазушы деп атайды. *Тілдік емес жақтары.* Анықтама, қызметтік хаттар, бұйрық, жолдаухат, акт, түсініктеме, өтініш және т.б. құжаттар стандартқа (үлгіге) сай әзірленеді. Тиісті мәліметтер, деректер толық түрде беріледі. Мысалы, өтініш жазған адам адресаттың (мекеменің, мекеме басшысының) аты-жөнін және өзінің аты-жөнін, қызметін толық көрсетуге тиіс және А-4 форматтағы қағаздың оң жағындағы жоғарылау тұсына жазуы керек. Мекеменің, жеке адамның іс қағаздары қалыптасқан стандарт, үлгі бойынша жазылады. Әсіресе, іс қағаздары мәтінін құрастыруда еркіндік бола бермейді, аса қажетті дерек, мәліметпен шектеліп отыруы талап етіледі. *Сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары.* Егер адресаттың құрметті атақтары мен дәрежелері болса, оларды атап көрсету іскерлік қатынастағы этикеттік нормаға сай келеді. Мысалы, *Қазақстан Республикасының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор* және т.б.

Тілдік штамптар ауызша сөзде де кеңінен қолданылады. Бұл ең алдымен, қарым-қатынас этикасының формулалары: сәлемдесу, қоштасу, алғыс айту, құттықтау, көңіл айту, сұхбат беру, келіссөз жүргізу, көпшілік алдында сөйлеу сияқты басқа да стандартты этикетті формулалар стандартты жағдаяттарда қолданылады. Бетпе-бет отырған бір адамға қарата айтылған сөзден бастап, сөйлеушінің көпшілік қауымға қарата айтқан сөзі ресми-іскерлік қатынас тілінің *ауызша түріне* жатады.

Мемлекет, қоғам, өнер, ғылым қайраткерлерінің, саяси партиялар жетекшілерінің шаршытоп алдында сөйлеген сөздері немесе бұқаралық ақпарат құралдары мен телеарналар арқылы қоғамдық-әлеуметтік мазмұнда сөйлеген сөздері, жоғары мектеп оқытушыларының студенттеріне оқыған дәрістері, мектеп мұғалімдерінің оқушыларға сабақ түсіндіруі, сот процесінде адвокаттың сөзі, дін басыларының діни мазмұндағы сөздері және т.б. ресми-іскерлік тілдің ауызша түріне жатады.

Мемлекеттік қызмет сөз қолданысының жауапкершілігі жоғары саласы болғандықтан, мемлекеттік қызметшілерге қазіргі әдеби тіл нормаларын қатаң сақтауды міндеттейді, лексиканы қолдануда аса мұқият болуды талап етеді. Осыған байланысты, сөз мәдениеті ғылымының негізін қалаушылардың бірі, академик М. Балақаев: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, дәл, орынды әрі тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезіледі. Ал мұндай шеберлік тек сөз мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» *[Балақаев М.Б., 2007, б. 103]*, – деп тұжырымдайды.

Шет елдік ғалымдардың зерттеулерінде «мемлекеттік қызметшілердің жақсы кәсіби тілі – сапалы басқарудың (good governance) және

жақсы үкіметтің (good government) көрсеткіші» *[House of Commons. Public Administration Select Committee, 2010, p. 51]* деп жазылған. Мемлекеттік қызметшілердің ана тілін, сонымен қатар шет тілдерін, сөз мәдениетінің ауызша және жазбаша мәдениетін жоғары деңгейде меңгеруі мемлекеттік басқару жүйесін ғана емес, сондай-ақ жалпы қоғамды дамытудың негізгі факторы бола алады.

Әріптестердің жұмыс, қызмет бабымен телефон арқылы сөйлесуі де ресми-іскерлік қатынастың түріне жатады. Іскерлік қатынаста телефонмен сөйлесудің де сөз мәдениетіне қатысты жағы бар. Әдетте, телефон тұтқасын көтерген адам *мен тыңдап тұрмын* демейді. Алдымен өзінің аты-жөнін, одан кейін лауазымын айтады. Кейде телефон соғушы тұтқаның аржағындағы адамға *бұл кім? бұл кім екен өзі?* деу іскерлік қатынастағы сөз әдебін бұзу болып табылады. Қоңырау шалушы адам алдымен аты-жөнін, лауазымын айтып таныстырады, содан кейін сұрағын, іздеген адамының аты-жөнін айтады. Тиісті жерінде *кешіріңіз, өтінемін* деген сөздерді қосып айту да сыпайылық пен әдептілікті білдіреді. Әрі қарайғы байланыстың үзілмей тиімді жалғасуын қамтамасыз етеді. Қоғамдық өмірдің әр саласында қызмет етіп жүрген адамдардың еңбегіне лайық әртүрлі атақ дәрежелері болады. Мәдениетті елдің дәстүрінде ондай атақ, дәрежелерді кісі фамилиясымен қоса атайды.

Сөйлеу мәдениеті адамның ойлау мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Ана тілін ардақтау, тілді құрметтеу, оны талғампаздықпен жұмсау, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде *сөз мәдениетіне* қойылатын аса қажетті шарттар.

Сөз мәдениетіне қатысты негізгі ой-тұжырымдарды бүгінгі заман талаптарымен үндестіріп және сөз мәдениетін арнайы сала ретінде тұжырымдап берген іргелі еңбектер Н. Уәлидің «Сөз мәдениеті» және «Сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері» атты зерттеулері болды. Зерттеушінің пайымдауынша, *сөз мәдениеті* дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсап жүрміз бе деген сұрақпен байланыстырылады. Адамның іс-әрекеті, ойлауы қандай орнықтылықты, ұқыптылықты қажет етсе, оның тілі де соған лайық болу керек *[Уәли Н., 2007, б. 4]*. Бұл сөз мәдениетінің коммуникативтік сапалары мен тілдік нормаларды білгенде ғана іске асады.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып, қалыптасады. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – заңды ерекшеліктерге негізделеді. Сонымен қатар ауызекі сөйлеу тілінде заңдылықтардан ауытқитын, әдеби нормадан тыс жатқан құбылыстар да болады. Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп бірізге түсіреді. Бұл үздіксіз дамып отыратын үрдіс. Мемлекеттік басқару саласындағы тілдік жағдаяттың негізгі компоненттеріне мыналар жатады: Коммуникативтік тілек (Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, жоспарлау, бақылау, насихаттау; Пән (қоғам және оның әр түрлі қызмет салалары, мемлекет және оның қызметтері, мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметі, мемлекеттік қызметшінің жеке тұлғасы; Автор (Мемлекеттік қызметші); Адресат (қоғам, әртүрлі әлеуметтік топтар, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер.

Кәсіби-іскерлік тіл оның мазмұнымен, құрылымымен және қызметімен сипатталады. Мемлекеттік басқару саласындағы кәсіби-іскерлік тілдің мазмұнына қоғам және мемлекеттің барлық салалары (мемлекеттік қызметшінің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, мәдени, білім беру-тәрбиелеу, ғылыми және т.б. қызметтері) кіреді. Оларға басқару шешімдері (нормативтік құжаттарда) ғана емес, жаңа идеялар мен инновациялар (аналитикалық жазбалар, бағдарламалар) да жатады.

Мемлекеттік басқару саласындағы кәсіби-іскерлік тілдің қызметтеріне *жоспарлау, ұйымдастыру-бақылау, насихаттау* жатады. Ондағы кәсіби-іскерлік тілдің құрылымы төмендегі өлшемдер арқылы сипатталады:

– тілдік жанрлар, формалар (Заңдар, Жарғылар, Өкімдер), олар ұйымдастыру, бақылау, жоспарлау және т.б. қызметтерін атқарады;

– бұл жанрлардың құрылымдық-мағыналық компоненттері өтініштер, қорытындылар, айтушының тыңдаушыға қатысын көрсететін тілдік құрылымдар;

– мемлекеттік қызметшінің ауызша және жазбаша, іскери және публицистикалық тілінің стильдік ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің қалыптасуының теориялық-әдіснамалық әдістерінің ішінде басты орын алатын және өзектілігін ғасырлар бойы жоғалтпайтын тарихи-құқықтық әдіс. Тарихты білмей теориялық ережелерді тұжырымдау да қиынға соқтырады. Ғылыми тәсіл ретіндегі тарихи тұрғыдан Қазақстанның мемлекеттік құрылымының тарихын дәстүрлерін, саяси, құқықтық және әкімшілік мәдениетін қарастыру маңызды. Өйткені отандық әкімшілік биліктің ұйымдастырылуы және қызметінің негізінде қазақ халқына тән дәстүрлі ерекшеліктері жатыр *[Балабиев Қ.Р., 2020, б. 53]*. Мұны құжат мәтінін әзірлеуде, яғни ресми-іскерлік стиль жазылымында негізге алынуы тиіс негізгі шарттардың бірі ретінде басты назарда болуы қажет.

Сөз сапасы *тілдік* және *тілдік емес* факторлар болып бөлінеді.

Сөз сапасына әсер ететін *тілдік* факторлар

сөздің қарым-қатынастық сапасының жоғары болуы, сөзді әдеби тілдің нормасына сай қолдану, талғап, саралап қолдану, сөз арасын бөтен сөзбен шұбарламау және т.б. сөз сапасына тән тілдік шарттардың негізгілері. Мұндай талаптар сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым-қатынастың үзілмеуін қамтамасыз етеді. Сөйлеуші сөзі тыңдаушысын, сондай-ақ қағаз бетіне түскен сөз оқырманға ықпал етіп, сөз сапасының жоғары екенін көрсетеді. Кейде өзара әңгімеде сөзін «селт етпей тыңдадық», «ұйып тыңдадық», «бас көтермей оқып шықтық» деп мақтайды. Мұндай пікір – сөз сапасына берілген. Бұл субъективті баға, яғни сезім арқылы берілген баға. Қазіргі кезде сөз мәдениеті ғылымы сөз сапасын ғылыми негізде *дұрыстық, тазалық, байлық, дәлдік, логикалылық, бедерлілік, түсініктілік, әсерлілік* сөздің коммуникативті сапасын көрсететін белгілері.

Сөз сапасының *тілдік емес* факторы жұртты аузына қарата білетін шешен, әрине, сенімді, жаңа деректерге, логикалылыққа сүйенеді. Ол сөзін жұртқа таныс, қарапайым мәселеден бастамайды. Сөйлейтін сөзіне, жазатын мәселесіне немқұрайлы қарамай, сөзін кімге арнап отырғанына мән беру – сөз сапасына тікелей әсер ететін аса маңызды жайттардың бірі. Небір мазмұны жақсы сөздер тыңдаушысын таппаса, сөз далаға кеткендей болып, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында тілдік қарым-қатынас үзіле береді. Сондықтан сөйлеуші әрқашан тыңдаушыларының әлеуметтік бейнесін назарға алып сөйлейді. Қарапайым шаруа адамдары ма, білімді, дайындығы жоғары мамандар ма, ауыл тұрғындары ма, қала тұрғындары ма, ресми орта ма, бейресми орта ма, бастық па, бағынышты ма және т.б. осындай ерекшеліктеріне көңіл бөлуі керек. Яғни тыңдаушыға қарай сөйлеушінің сөз таңдауы, тілдік амал-тәсілдерді талғап қолдануы тілдік қарым-қатынастың үзілмеуінің, ойдағыдай жалғаса беруінің бірден-бір шарты.

Тілдік қарым-қатынастың жоғарыда айтылған кескіндемесі (конфигурация) (сөйлеушілердің кезектесе отырып сөз алмасуы) *интеракт теориясы* пәнін құрайды. Сондықтан вербалды интерактіні ашық (эксплицитті) немесе астарлы (имплицитті) әңгіме негізінде жүргізілетін ұжымдық әрекет аренасы ретінде түсіну керек. Кез келген коммуникативтік процесті талдаудың негізгі мақсаты сөйлеушілердің бір-біріне тіл арқылы, басқа да бейлингвистикалық белгілер көмегімен тигізетін ықпалын сипаттау. Бұл «өзара ықпалдар» шығу тегі жағынан әр алуан болады және интеракт типіне қарай өзгеріп отырады. Коммуникативтік алмасым жүзеге асырылу үшін екі немесе одан көп сөйлеушінің кезектесіп пікір айтуы, сөйлеуі жеткіліксіз. Олар бір-бірімен сөйлесуі керек, яғни интерлокутивтік «танудың» әртүрлі тәсілдеріне жүгіне отырып, коммуникацияға қосылуы тиіс. Сөйлеуші өзі сөйлеп қана қоймай, басқа біреумен сөйлесуге және оны дене қимылы, көзқарасы, сөйлеудің вербалды белгілері арқылы көрсетіп отыруға, сондай-ақ әңгімелесушінің өзін тыңдап отырғанына, коммуникативтік тізбекке «қосылғанына» үнемі көз жеткізіп отыруы керек. *«Тыңдаңызшы», «сіз білесің бе», «көріп тұрсыз ғой», «айтыңызшы», «солай емес пе»* деген сияқты сөздермен оның назарын өзінде ұстап тұруға тиіс. Адресат назары және сөзді қабылдап түсінуі бәсеңдеген жағдайда оны дыбыс қарқындылығын арттыру арқылы, *репризде*р және *реформулировкалар* арқылы күшейтіп отыру керек. Адресат назарын күшейту үшін қолданылатын мұндай тәсілдер фатикалық құралдар *[Малиновский Б., 1997, с. 681]* деп аталады.

Реципиент (қабылдаушы) тарапынан беріліп отыратын белгілер реттеуіштер (регуляторлар) деп аталады. Олардың әр түрлі құралдары болады: бейвербалды (көзқарас, басты көтеру, қасты керу, езу тарту, жылдам жымию, денені жеңіл қозғалту), вокалды (һым, імм, ымм, иә-иә т.б.), вербалды-экклмотивтік (қолдау, мақұлдау мағынасындағы, *«иә», «келістім»* т.б.) сөздер. Бұл тәсілдердің кейбірі қатар қолданылуы мүмкін.

Мұнда вербалды реттеуіштер бейвербалды белгімен бірге орындалады. Бұл құбылыс, реттеуші мінез-құлқынан байқалған бірліктер санымен өлшенетін бөліктенген, салаланған реттелім (градуированная регуляция) деп аталады. Бұл бірліктердің қызметі әртүрлі, бірақ олардың таза реттеуіштік мәні, негізінен, мына үшеуіне саяды: 1. Адресат өзінің интерактіге қатысып отырғанын байқатып, серіктесін сөйлеуші рөлінде танып, оның «жіберіп» отырған ақпараттарының қабылданғандығын хабарлап, білдіріп отырады; 2. Сөзді қайталау немесе нақтылау туралы өтініш білдіру: *қалай? қалайша? және* т.б. Мұндай сөздер коммуникация барысында түсініксіз, бұлыңғыр тұстардың орын алғанын көрсетеді; 3. Әңгімеге құлақ қоймау, тыңдамау. Бұл сөйлесушінің бір нүктеге тоқталмай, көзін тайдырып әкете беруінен, теріс айналуы, қолын сілтеуінен немесе сермеуінен және т.б. көрінеді. Бұлар – *теріс реттеуіштер.* Оларды екінші адамның, тыңдаушының тарапынан ешбір көңіл бөлу белгісі байқалмайтын сәттерден, яғни «антиреттеуіштерден» ажырата білу керек. Интерактанттар өз мінез-құлықтарын үйлестіру, сәйкестендіру жолымен жүзеге асыратын *өзара ықпал* феномені *интерактивтік синхронизация* деп аталады.

Сөздің коммуникативтік сапасы ойлау мәдениетімен де байланысты. Өзгенің сөзін немесе оқығаныңды есте сақтау арқылы ғана сөйлеу, мазмұнын қайталап айтып беру сөз «жұтаңдығын» білдіреді. Ал естіген, оқыған, көрген нәрсеңді терең игеріп, терең сезіне отырып тұжырымдағанда, «өз дүниеңе» айналады. Ойға ой қосылады, ой байлығы сөз байлығына айналады. Сөз мәдениеті ілімінің негізгі теориялық ұғымы

саналатын *сөздің коммуникативтік сапалары* дегеніміз – сөздің, сөйлеудің коммуникативтік жетілгендік дәрежесін анықтайтын белгілері.

Сөздің қызметі – белгілі бір мазмұнды ойды құрастырып, жеткізу. Мазмұн ой дегеніміз – ақиқат, шындық көрінісінің және сана жұмысының нәтижесі. Сөз – жүйелі құбылыс, онда барлық коммуникативтік сапалар өзара байланысты болады. Мысалы, дұрыс сөз тілдік бірліктерді жүйе мен нормаға сай етіп дұрыс құрастырып, жеткізетіндіктен, дәл болады, ал дәл құрастырылған сөз адресат үшін түсінуге жеңіл болады. Бұған қарсы бағытта алсақ – сөз құрылымындағы ауытқулар, яғни дұрыс еместік дәлсіздікке себеп болады. Ал сөз дәлсіздігі адресат үшін түсініксіз, анық болмайды. Сондықтан мәдени ортада қарым-қатынасқа түсетін мемлекеттік қызметші сөз мәдениетінің негізі болып саналатын әдеби тіл нормаларын толық меңгеруі, оның негізгі түрлерін біліп, сөздік қорын үнемі байытып, толықтырып тұруы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 470 б.

2. Балабиев Қ.Р. Мемлекеттік қызмет және оны зерттеудің әдіснамалық ерекшеліктері // «Қазақстанның ғылымы мен өнері – Наука и жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми Журналы. №3/3. 2020. Б. 52-58.

3. Малиновский Б. Функциональный анализ // Антология исследований культуры. – СПб.: Университетская книга, 1997. – С. 681-702.

4. Панова М.Н., Ларионова Ж.В. Культура письменной деловой русской речи: практикум. – М.: Изд-во РАГС, 2010. – 247 с.

5. Уәли Н. Сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері: Фил. ғыл. докторы... дисс.: 10.02.02. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 398 б.

6. House of Commons. Public Administration Select Committee. Bad Language: The Use and Abuse of Official Language. First Report of Session 2009-10, London. 2010. – 132 p.

УДК 82:801.6; 82-1/-9

БАҚЫТБЕК ОЛЖАС
1-ші курс магистранты
Қытай филологиясы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

АҚБАРҚАН ДАУЛЕТӘЛІ
PhD докторы, аға оқытушы
Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

ДАҢҚТЫ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖЫР ПЕРІСІ ЛИ БАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДЕРІМЕН АСТАРЛЫ ҰҚСАСТЫҒЫ

Түйін. Қазіргі жаһандану заманында Қазақстан мен Қытай екі ел арасында интеграциялану процессі үдей түсуде. Нәтижесінде екі ел азаматтары арасында бір – бірінің тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне деген қызығушылық пен сұраныс артып келеді. Бір елдің менталитеті мен мәдениетін танып білу, әуелі сол елдің әдебиет алпауыттарының шығармаларынан бастау алады. Ал Ли Бай қытай әдебиетінің алпауыты болып саналады. Алайда осы уақытқа дейін бізге оның көркем шығармаларын тек орыс ғалымдарының аудармасы мен тұжырымдамалары арқылы ғана қарастырылғандықтан, ендігі кезекте қазақ зерттеушілері тарапынан тың көзқараспен зерттелу қажетті туындап отыр. Сонда ғана осыған дейін Ли Байды өлеңдерінің беймәлім құпиялары ашылуы мүмкін болады.

Түйінді сөздер: Таң дәуірі, Ли Бай, қара өлең ұйқасы, поэтика, философия.

Резюме. В современном мире процесс интеграции между Казахстаном и Китаем усиливается. В результате растет интерес и спрос на язык, культуру и литературу друг друга среди граждан двух стран. Знакомство с менталитетом и культурой страны начинается с произведений литературных гигантов этой страны. А Ли Бо – безусловно гигант китайской литературы. Однако до сих пор мы рассматривали его художественные произведения только через переводы и концепции российских ученых, поэтому теперь необходимо изучить их с новой точки зрения казахстанскими исследователями. Только тогда можно будет раскрыть ранее неизвестные секреты стихов Ли Бо.

Ключевые слова: эпоха Тан, Ли Бо, Рифм, Поэтика, Философия.

Summary. In the modern world, the process of integration between Kazakhstan and China is intensifying. As a result, there is a growing interest and demand for each other's language, culture and literature among the citizens of the two countries. Acquaintance with the mentality and culture of the country begins with the works of the literary giants of this country. And Li Bai is a giant of Chinese literature. However, until now we have considered his works of art only through translations and concepts of Russian scientists, so now it is necessary to study them from a new point of view by Kazakhstani researchers. Only then can the previously unknown secrets of Li Bai's poems be revealed.

Keywords: Tang era, Li Bai, rhyme of Poetry, Poetics, Philosophy.

КІРІСПЕ

Бұл мақала қытай әдебиетінің биігі, қайталанбас тұлғасы, танымал ұлы ақыны Ли Байдың өмірі мен шығармашылығына, және оның еңбектерін қазақ халқының дәстүрлі қара өлеңдерімен салыстыруға, және талдауға, әрқайсының еңбектеріндегі мораль, философия мен өмірге деген көз – қарас, өлең ұйқастарының ұқсастықтары мен құрылымдық жүйелерін салыстыруға арналады. Ли Байдың өмірі мен шығармашылығын алып, бір үлкен картинаны пазлдан құралғаны секілді, екі әдебиет бағыттың, өлең түрлерінің жетіспей тұрған бөлшектерін анықтауға тырысатын боламыз.

Қытай әдебиетін даңқын шығарған көптеген ұлы есімдерде Ли Байдың есімі ең құрметті орындардың бірін алады. Оның поэтикалық шығармасында суреткер сөзінің шындықты қоршаған көп құбылыстары оның бейнелі күшімен шексіз қайшылықтары мен өткір әлеуметтік күресімен ұласады. Ли Бай заманынан бері шамамен он үш ғасыр өткенімен, ғасырлар бойы қытай халқы өзінің ұлы ақынына деген өшпес махаббатты одан сайын артпаса, азайған жоқ. Оның жұмысы адамдардың өмірін өзгертті және Таң дәуірінің рухын ерекше деңгейге көтерді. Ақын қытай әдебиетінің дамуына көп үлес қосып, қытай әдебиеті тарихында қытай халқының жадында мәңгі қалды.

Міне, біз жоғары дәрежелі ақынның, қарапайым нәрселерге, құмарлық пен өмірдің шуағына жоғары көзқараспен қарайтын, күнделікті барлық уайымдарға берілмейтін, адам рухына кедергі жасамайтын, сөздің ең ұлы суретшісінің тұлғалық ерекшеліктерін ашатын боламыз, және ақынның өлең жазуы стилінің қазақ ақындарының әдісіне қаншалықты ұқсас деген сұраққа жауап іздейтін боламыз.

В. Г. Белинский атап өткендей: «қай ақын болсын, өзімен де, өзі арқылы да, өзінің азаптары мен өз бақыттары арқылы да керемет бола алмайды. Әр ақынның ұлылығы оның қайғы-қасіреті мен бақытының тамыры қоғам мен тарихтың терең қойнауынан орын табуында, сондықтан ол сол қоғамның, сол дәуірдің өкілі болып табылады» [Белинский В. Г., 1955, т. VI. стр. 586.]. Сөзсіз, Ли Бай өз заманының ғұламасы болды, және оның өмірінің көп бөлігі оның поэзиясында бейнеленген. Ол көптеген жерлерге сапарларда болған, көреген адамдармен танысып, өз қиялдары, өрілген шаманистік тондар, поэзияның шексіз сәтінде табиғаттан алынған суреттемелер және кескіндер кейінен өзінің жазған өлеңдерінде көптеп мұрындық болды. Сол сияқты жазылған оның мыңға жуық өлеңдер біздің заманымызға дейін сақталды.

Әр халықтың әдебиеті тарихи дамудың ерекшеліктеріне байланысты өзінің ұлттық формаларында дамиды, және белгілі қытай таунышы ғалым Белинскийдің пікірі бойынша: «Өлең мазмұны арқылы ақын халықтың өмірін баяндайды». Әрбір ұлттық әдебиеттің осы ерекшеліктері – оның дүниежүзілік көркем шығарма қазынасына қосқан үлесі. Алайда буржуазиялық ғылым тек Еуропа мен Американың үстемшіл халықтарымен ғана әлемдік әдебиетті шектеуге тырысты. В. Г. Белинский, «әр ақын өзі туылған қоғамға солғұрлым көбірек тиесілі болады, оның талантының дамуы, бағыт-бағдары, және табиғаты қоғамның тарихи дамуымен тығыз байланысты», -дейді [Китай. Ли Бо и Ду Фу., 1987 г., стр. 67-68]. Сондықтан Ли Байдың поэзиясы Таң әулетіне деген терең патриоттық сезіммен бейнеленеді. Сонымен қатар, шығармашылығының оқшаулануы, және даосизм философиясы кей өлеңдерінде бой көрсетіп тұрады. Өмірдің қиын кезеңдерінде ақын кейінгі ұрпаққа көптеген тамаша өлеңдер қалдырды. Ал біз, кейінгі толқын ақынның қалдырған әдеби мұрасынан бұл қазынаның қаншалықты құнды екенін аңғарып отырмыз.

Ли Байдың жаһан жырының жарық жұлдызы екендігі ешқандай талас тудырмайды. Кез келген энциклопедияны, анықтамалықты ақтарып қарасаңыз, Ли Бай жайындағы қысқа қайырым мәліметтерге қанығасыз. Олардың бәрінде дерлік ақынның атына «аса көрнекті», «классик», «данышпан», «ұлы», тіпті «ең ұлы» деген эпитеттер қосып жазылады. Ал Ли Бай поэзиясының жаңашыл сипаты жайында белгілі ғалым, зерттеуші Александр Мещеряков былай дейді: «Қатып қалған поэтикалық қалыптардың заманында Ли Бай жұрттың бәрі жазатын өлем өлшемдерінен бас тартып, басқа әдісте өлең жаза бастады, ал оның мұнысын былайғы жұрт әдеби әдепсіздік деп қабылдаған.» [Китай. Ли Бо., 1957 г., стр. 176.]. Ол замандағы қытай елінде ғалымдармен оқымыстылар тұрмақ, қарапайым халық та өлеңнің құдіреті мен асылын ажырата алатын. Алайда, Ли Байдың потенциалы бәрінің ойламаған жерінен асып түсті. «Ол дәуірде Қытайда әрбір сауатты адам өлең жазатын және өлеңге баға бере білетін», - дейді Б. Панкратов [Россия. Федоренко Н. Т., 1956, с 430.]. Былай қарасаңыз, адам танғысыз дүние. Мәселе мынада: Таң империясы кезінде мемлекеттік қызметкерлердің барлығы сарайға жұмысқа орналасу үшін өлең жазудан емтихан тапсырып, жүздеген жол өлең жырларды жатқа білуі керек екен. Ақындықтан құралақан адамдар халықтың мұң-мұқтажын, қал-жағдайын жанжүрегімен түсініп, сезіне алмайды, өзінің сөзін елге ойдағыдай жеткізе алмайды деп қабылданған. Осы дәстүр үш ғасыр бойы жалғасқанының арқасында Таң империясы қытай поэзиясын ғажайып жырлармен өлшеусіз толықтырды. Соған қарамастан, Ли Бай бәрінен оза шауып, өзіне дейін қолданып келген қатарлас сөздерді қайталау әдісінен бас тартып қана қоймай, тыңнан төрт жолдық және жеті буындық өлең жазу әдісін енгізіп, тіпті Таң дәуірінің әдебиетінде жаңадан серпін әкеліп, таспен қашалағандай өз орнын салып кетті.

Ли Байдың жалпақ қытай елін қайран қалдырған ең ерекше қасиеттерінің бірі – өлеңді суырып салып шығара салуы. Моцарт секілді данышпандар ғажайып музыканы күйсандыққа отыра қалып туындата жөнелетіні сияқты, Ли Бай туралы да, ол қолына қалам ұстай салысымен өлең өзінен өзі туылып, қағаз бетіне жазыла кететіні туралы аңыздар аз емес. Оның бұл қасиеті тура қазақтың айтыскер ақындарын еске түсіреді. Қазақтың суырып-салма ақындарының мәшһүрлігін айтпасақ та бәріне белгілі. Негізінде, Ли Байтанушы Леонид Бежиннің: «Ли Бай өлең бірінші жолынан соңғы жолына дейін қағазға түсе қалатындай болып пісіп-жетілгенде, қиялының ең шарықтаған тұсында, ақындық шабыты қысқан шақта ғана қолына қалам ұстайтын», -дегені шындыққа көбірек саятын сияқты. Не дегенмен де, Ли Байдың суырып-салмалық өнерінде далалық дәстүрдің сабақтастығы жатқаны айдан анық.

Батыс, немесе, Шығыс халықтарының көркем шығармасына кеңес адамдарының қызығушылығы әрқашан жасампаздың өзіне, адамдарға, оның рухани мұраттарына, және, қайталанбас тұлғасына деген қызығушылық болып табылады. Шынында да, әр нәрсенің өзіндік қозғалыс заңдылықтары, адамға, оның ойлары мен сезімдер бөлек әлеміне апаратын жолдары бар. Шынайы

өнер мәңгіге жарқын, қиялға толы. Ли Бай өзінің өлеңдерін құрған дәуірмен шексіз байланысты, сондықтан мәңгілікке әдеби сахнаның төрінде қалады. Оның жұмысы жалпыға бірдей терең ұлттық сипақа ие десем де артық етпейді.

Пейзаж – Ли Байдың шынайы досы, және сезімтал сұхбатшысы. Ол гүлдер мен шөптер, таулар мен өзендер, жел және жаңбырмен сөйлеседі, олар оған жауап береді. Табиғатта ол тыныштық пен күш – қуат, жігер табады. Оның шедеврлері пейзаж лирикасы жанрына жатады. Прозаның классикалық үлгісі «Көктемнің түнінде біз шабдалы мен өрік гүлдейтін бақта тойлаймыз, тыныш түндегі үйірмелер, өлеңдер таза әуенмен өлшенеді, айдың астында жалғыз ән айтамыз»,- деген сияқты сөздермен сипаттап жазады.

Ли Байдың Қытай әдебиетінің жыр жүйесіне енгізген жаңашылықтары негізінде жоғарыда айтылған «Өзіне дейін кең таралған қатарлас сөздерді қайталау әдісінен бас тарта отырып, Ли Бай төрт жолдық, және жеті буындық өлең өрнегіне бөлекше шеберлікке қол жеткізді». Дәстүрлі 4 сөздік құрылымның орнын 5 және 7 сөзден тұратын жаңа өлең құрылымы басты. Бұл құрылым қытай поэзиясында одан кейін мың жылдан астам уақыт бойы басты құрылым болып қалды.

Тағы да бір назар аударатын жайт, Ли Бай өлеңдерінің ең айрықша басқа қытай ақындарына ұқсамайтын бір ерекше қасиеті – ол жазған өлеңдерінің алдыңғы екі жолы өлеңнің мәнін ашпайды да, немесе өлеңнің бағыты өлеңнің алдыңғы екі жолында аса акцент жасалмайды, бірақ өлеңнің бар мағынасы мен бағыты өлеңнің келесі екі жолында бірақ ашылады. Яғни, өлең туған жер туралы болса, өлеңнің туған жер туралы екенін бірінші-екінші жолда емес, оны біз ең соңғы үшінші-төртінші жолдарында ғана бірақ білеміз. Бұндай ерекшелік қазақ ақындарында, көбінесе суырып-салма айтыс ақындарында кеңінен байқалады. Өз кезегінде, Ли Байдың суырып салма ақындық қасиеті бар екендігін жоғарыда айтып өттік. Қытай поэзиясы әлемге және адамға деген қарым-қатынасында өте үйлесімді, және, жан-жақты. Құрылымның алдамшы жеңілдігіне қарамастан, поэтикалық шығармалардың данышпандығы мен толықтығы осы өте қарапайымдылыққа тікелей байланысты; ол үшін өлеңнің бірнеше қарапайым сөздерінің иелігінде болатын күрделі жан-жақты мағыналар мен символдардың күрделі мағынасын ашу керек. Ақын және нағыз шебер әлемнің ғаламын құрайтын аспан мен жердегі барлық жаратылыстарды мұқият таңдалған бірнеше буындарға жинақтайды:

床前明月光，Chuáng qián míng yuè guāng.
疑是地上霜。Yí shì dì shang shuāng.
举头望明月，Jǔ tóu wàng míng yuè.
低头思故乡。Dī tóu sī gù xiāng.

(Төменде Ли Байдың «静夜思» өлеңінің қазақ тіліне аударылған нұсқасы берілген.)

Төсегіме ай нұрын төкті несіне,
Жердің бетін қабат шық басқандай.
Бас көтерсем жарқырап тұр аспанда ай,
Баттым ойға Отан түсіп есіме, - деп жырлаған бұл өлеңінде ақын Отанына, туған жеріне деген ұшы – қиыры жоқ шексіз махаббат пен сағыныш сезімін төрт жолға сидыра білді [ЕЛІБАЙ. Жинақ. – Алматы: «ҚазАқпарат», ISBN 978-601-03-0053 Өмірбек Байгелди., 2009. 528 бет]. Тау мен тасты, өзен мен көлді, тіпті жасыл шөпке қонған бір тамшы шықты парақ бетіне түсіріп, шер тарқатқандай, ақын жарық айға мұңын шағып, шағымын айқандай болады. Жалғыздықтан арылудың жалғыз емін қара сиямен ақпараққа ойын сидырып, ойын сауық-сауық құрып, шарапқа беріліп, ғажайып әлемге бату арқылы табады. Бұл жерде жоғарыдағы айтылған теория бойынша өлеңді талдасақ, Ли Байдың «Тымық кештегі аңсау»（静夜思） өлеңі қара өлең ұйқасымен жазылғандығына көз жеткізуге әбден болады. Қазақшаға аударылған нұсқасында ұйқас түрі қара өлең ұйқасы болмағанымен, қытай тілінде жазылған түп нұсқасына үңілсек, әр өлең жолының, үшінші жолдан басқасы ұйқас сөздермен аяқталған. Мысалы,光 (guāng), 霜 (shuāng), және 乡(xiāng) сөздері бір-біріне ұйқас. Одан әрі, өлеңнің мағынасына қарасақ, оның бағыты мен мән мағынасы үшінші жол мен төртінше жолда нақты айқындалады.

Әрине ақынның шығармасын өз тілдеріне аударған аудармашы-ақындар, өлеңнің мағынасын, табиғатын, философиясы мен характерін өздерінше интерпретация жасайтыны белгілі. Кей жағдайда қытай тілінің спецификасына байланысты белгілі бір сөзді басқа тілдерге аударуға мүмкін болмай жатады. Немесе, мағына жағынан, жеке бір сөздерден бұрмалау болып жатады. Оған біреуді кінәлау да орынсыз. Сондықтан қытай әдебиетімен танысқанда, әуелі өлеңді құрайтын әр таңбаның қандай мағына беретінін бірінші анықтау керек. Сосын барып өлеңнің мағынасына қарағанда, пазлдың жетіспей тұрған кей көрінісі көз алдыңызға бірақ көрінеді.

Ал қазақ ақындары ішінен, қазақ ауыз әдебиетінің негізін салушы Абайдың жазған өлеңдеріне үңіліп, оның ішінен «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», деп басталатын өлеңін алып қарасақ, ондағы ұйқас түрі мен өлеңнің сарыны тура Ли Байдың өлеңдеріне ұқсайтындығын байқауға болады:

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Және де қара өлең ұйқасы мен, сарыны жағынан ақын жүрегіндегі жан-сырын өлеңнің бірінші, немесе екінші жолында емес, үшінші және төртінші жолдарында, яғни кульминациялық сәтте білдіреді. «Махаббат», «ғадауат» деген сөздер арқылы өмірлік ұстанымы мен тағдыр талқысын толғағандай. Бұл жерде махаббат сөзі жалпы жер

ғаламшарындағы адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен асыл ынтызарлықты білдіріп тұрса, ғадауат, керісінше, сол сүйіспеншілікке қарсы жек көрушілік пен қаскүнемдік, және қатігездікті білдіріп тұр.

Төмендегі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» шығармасын Ли Байдың «Тымық кештегі аңсау» өлеңімен салыстырып, анализ, талдап көрейік.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны - терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп, - бірінші Абай атамыздың сөз саптау мәнеріне назар аударсақ, қара өлең ұйқасын байқауға болады. Жарық ай ,және, терең сай бір-бірімен ұштасып тұрған қос ұғым, өлең осы сөзден басталып, дірілдеп, және, күрілдеп сөздеріне ұласып, ұйқас құрады [Өмірбек Байгелди., 2009 ж. 528 бет].

Бұл талдауға қарап отырып, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіне эпитет элементі бар лирикалық поэзия деген сипаттама берсек, «静夜思» өлеңін лирикалық өлең, немесе, эпитет элементі бар баллада деп қарастыруға болады. Екі өлеңнің ұқсастықтары болғанмен, атап айтқанда ритм, ырғақ, поэтикалық өлшемі, көркем сөз құралы жағынан көп ұқсастық болғанымен, мағына жағынан өзгеше сипат алады. Бұл кезекте, керісінше, Ли Байдың эпитет элементі бар лирикалық өлең, немесе Абайдың эпитет элементі бар баллада бағытында жазылған өлеңдері бар екендігін атап өту керек.

Мысалы, Ли Байдың «静夜思» өлеңінде өлеңнің барлық мағынасы мен мәні өлеңнің үшінші, төртінші жолында ашылса, «Желсіз түнде жарық ай» шығармасы табиғаттың сулулығын сипаттау арқылы басталып, бейне бір пейзаж сызғандай, өлең шумақтың соңы да сол қарқынмен аяқталады.

Осылайша Ли Байдың лирикасын зерттеу эстетикалық семантиканың мынандай ерекшеліктерін ашты. Оның поэзиясы: өзгермейтін - тиімділік; шындықты түсіну үшін әлемнен бөлініп, қазақтың сал-серілері сияқты жиһангез өмір сүрді; өмірдің қызықтары мен дүниелерін соңғы орынға қойды, бірақ қайда болмасын өз туған жерін аңсады.

Интеллектуалды зерттеулер мен әлеммен байланыс синтезі қытай эстетикасының негізіне айналды. Ли Бай поэзиясында бұл байланыс атабабалардың рухымен байланыс үшін емес, түсінушілік рухын іздеу үшін орнатылады. Ли Байдың аспанға ұмтылысы, көбінесе жер бетіндегі жетілмеген кемшіліктерден құтылуын, сонымен бірге табиғатқа деген ұмтылыс барын білдіреді. Ли Байдың бұл өлеңін жоғарыдағыдай талдасақ, өлеңнің құрамында эпитет, кейіптесу және метафора бар екендігіне көз жеткізуге болады, және өлеңнің «静夜思» өлеңі сияқты емес, бастан аяқ эпитет, кейіптесу және метафора әдісі кезек-кезек қолданылып, өлең соңында да ымдау, немесе, басқа да бөлек тақырыпқа ұштаспайды. Тура Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі сияқты. Өлеңнің жанры лирикаға қарағанда сипаттауға көп ұқсағанымен құрамы мен құрау тәсілі әбден ұқсайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ли Байдың тұлғасы қазіргі қытай әдебиетінде, прозасында үлкен мағынаға ие, оның өлеңдерін мектеп жасындағы балаларға дейін жатқа біледі, және оны аспан асты елі әрдайым ардақтап, ұлықтайды, өз халқының ең ұлы, талантты перзенті ретінде бүкіл әлемге танымал болған А. Пушкин, В. Шекспир, Сократ пен Аристотель сияқты ұлы тұлғалармен бір орынға қояды. Белгілі болғандай, бір елдің менталитетімен, мәдениет, дәстүрімен танысу үшін бірінші сол елдің әдебиет шеңберіндегі алпауыттармен танысу керек.

Өткен тамырдан, яғни өткен шақтан алынған ойлар мен әдебиеттің ұлттық санамен бірге өзгеруімен ортақ жргізілген анализ бойынша маргиналды мәдениетнегізгі мәдениетке ұштасатынын көрдік. Демек бір – бірінен тәуелсіз өркендеген екі халықтың әдебиетінде ұқсастықтар болғаны таң қаларлық жайт емес. Өйткені қанша сәйкестік болған жерден, ереже бойынша, сонша өзгешелік те көрініс беретінін жоғарыдағы зерттеулер мен салыстырулардан, қос ақынның өлеңдерінен байқадық, әрине кей тарихи фактілерге байланысты, оның бәрін соған жаба салуға болар еді, бірақ қос ақынның өлеңдерінен бұлттартпас айғақтар көрінді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Полное собр. соч. Изд-во АН СССР. Белинский В. Г., 1955, т. VI. стр. 586.
2. Избранная лирика. Китай. Ли Бо и Ду Фу., 1987 г. Стр.67-68
3. Избранная лирика. Китай. Ли Бо., 1957 г. стр 176.
4. Китайская классическая поэзия. Эпоха Тан.Россия. Федоренко Н. Т., 1956, с 430.
5. ЕЛІБАЙ. Жинақ. – Алматы: «ҚазАқпарат», ISBN 978-601-03-0053 Өмірбек Байгелди,-2009,-528бет

ӘОЖ 80/81 (038)

БАҚЫТОВ АЙТҚАЛИ
филология ғылымдарының кандидаты,
аудармашы,
дипломатиялық аударма кафедрасының доценті
халықаралық қатынастар факультеті
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ШАҚЫРҒАН САЯ
2 курс магистранты
дипломатиялық аударма кафедрасы
халықаралық қатынастар факультеті
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АУДАРМАДАҒЫ ЛИНГВОЕЛТАНУ МЕН ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Түйін. Бұл мақалада авторлар көне заманнан бастау алатын аударма саласындағы тәржімешілердің аударма тіл мен аударылатын тілде сөйлейтін ұлттардың мәдени ерекшеліктерін, дүниетанымын жете білуінің маңызын Жил Делөз «Кино 1. Қозғалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінің қазақ тіліне аудармасына талдау жасау арқылы дәлелдейді.

Түйінді сөздер: аударма, дүниенің тілдік бейнесі, мәдениет, тәржімеші, біліктілік.

Резюме. В данной статье авторы доказывают важность знания переводчиками культурных особенностей и мировоззрения народов, говорящих на переводимом языке и на языке перевода путем анализа перевода на казахский язык двухтомного труда французского философа Жиля Делёза «Кино 1. Образ-движение» и «Кино 2. Образ - время».

Ключевые слова: перевод, языковая картина мира, культура, переводчик, компетенция.

Summary. In this article authors prove the importance of translators' knowledge about the cultural peculiarities and world outlook of nations' that speak source language and target language through the works of Gilles Deleuze: "Cinema 1: The Movement Image" and "Cinema 2: The Time Image".

Keywords: translation, linguistic image of the world, culture, translator, competence.

КІРІСПЕ

Бүкіл әлемде қанат жайып, кеңінен таралып жатқан дүние жүзі халықтарын ортақ жүйеге тоғыстыратын жаһандану үдерісі көп ұлтты Қазақстанға да әр саладағы қарым – қатынастың жаңа көкжиектерін ашып, жаңа мүмкіндіктер берді. Кейінгі жылдарда қазіргі технологияның және қарым-қатынас әдіс-тәсілдерінің дамуы мен саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынастың кеңеюіне байланысты мемлекеттер арасындағы қатынастар бүкіл әлемдік сипат алды.

Ынтымақтастық, қарым-қатынастың жоғары деңгейде дамып, жемісті болуы көп жағдайда әр ұлт өкілдерінің бір-бірімен тіл табыса білулеріне байланысты. Ғаламдық мәдениетаралық кеңістікке ену барысында, көптеген тілші ғалымдар атап көрсеткендей, мәдениетаралық қарым-қатынас, тілдердің, ұлттардың және қоғамдардың өзара байланысы мен өзара әсері қарқынды зерттелуде, өйткені, әр түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас жасау барысында сөйлесушілердің әлеуметтік рухани және ұлттық спецификалық болмысы туралы білім мен сол тілде сөйлеушілердің тілде көрініс табатын қайталанбас мәдени ерекшеліктерін білу – тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде толық қолдануды қамтамасыз етеді және мәдени субъектілердің өзара түсінісуінің алғышарты болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, мәдениетаралық қарым-қатынаста табысқа жету үшін ұлттардың тілі мен мәдениетін білумен қатар, осы білімді қарым-қатынас үдерісінде дұрыс қолдана білу қажет. Біздің планетамызда әр түрлі ұлт өкілдері тұрады, сонымен қатар әр алуан мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып бар, басқаша айтқанда жер бетінде қанша ұлт болса, сонша мәдениет бар. Сол мәдениет, әдет-ғұрыпты білмеу, әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерін білмеу халықтар арасындағы қарым-қатынас барысында түсінбеушілік тудыруы мүмкін [*Дүйсекова К.К., Бақытов А.Т., 2018. б.8*]. Себебі аударма - бір тілде бейнеленген мән-мағынаны, мазмұнды ұлттық мәдени реңкті сақтай отырып, автордық айтар ойын екінші бір тілге әрі дәл әрі толық қайталай бейнелеу.

Әр түрлі ел, ұлт арасындағы тәжірибе, ақпарат алмасудың, қарым-қатынастың дәнекері болып табылатын аударма барысында тілде бейнеленетін ұлттық-мәдени құндылықтарды, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеру өте маңызды, бірін-бірі толық қанды түсіну үшін тілдің барлық қыр-сырын жетік білу қажет, сонымен қатар кез-келген ұлттың өзіне тән, сол ұлттың тілінде көрініс табатын

тілдік және сөйлеу әдеттерін меңгеру керек. Өйткені, аудармада кездесетін лингвомәдени мәселелерді зерттей келе, А.Алдашева атап көрсеткендей: «Лингвомәдени ерекшеліктер – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін төл сипат-белгі [*Алдашева А., 2006, б.158*]».

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы негізгі мақсат материалдық және идеялық құндылықтардың мәдениаралық алмасуын, әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Осы мақсатта, тілді жоғары деңгейде меңгерудің рөлі және тілдің мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы аударманы мәдениетаралық қарым-қатынас түрі ретінде қарастыруға ұйытқы болады. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарында мәдениетті, ғылымды, экономиканы, әдебиетті және тағы да басқа салаларды дамытудағы аударманың алатын орны атап өтілген [*Алдашева А., 2006, б.159*].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамасымен жүзеге аса бастаған, ұзақ жылдарға бағдарланған, мақсат-мұраты зор «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарлама шеңберінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру үшін коммерциялық емес құрылған «Ұлттық аударма бюросы» аталмыш жоба аясында тарих, философия, социология, психология, антропология, мәдениеттану, діntану, лингвистика, инновация, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, кинотану, театртану салалары бойынша әлемнің жоғары оқу орындарында оқытылатын үздік оқулықтарды қазақ тіліне аударып, қазақ оқырмандарына, оқу орындарына таратуда. Бұл әлемдік деңгейде бәсекелестікке қабілетті білікті маман қалыптастыруға зор үлесін қосатындығына шүбә жоқ. Сонымен қатар, осы аталмыш жоба аясында қазақ әдебиетінің жауһарлары әлемнің бірнеше тіліне аударылып, көптеген шет елдерге жол тартты. Бұл әрине қазақ мәдениетін әлемге танытуға зор ықпал етеді. Қазақтың ұлттық мәдениетіндегі озық жетістігін әлемдік өркениетке қосып, танытуды көздеген бұл көп қырлы бағдарламаның шеңберінде қазақ әдебиеті мен мәдениеті, музыкасы мен бейнелеу өнерін, кино мен театр саласындағы үздік туындыларды әлемге таныту мүмкіншілігі туындап отыр, сонымен қатар керісінше әлемдегі өзге ұлт өкілдерінің іргелі туындыларын түпнұсқа тілден тікелей қазақ тіліне аударып, қазақ оқырмандарын білім нәрімен сусындату мүмкіндігіне қол жетіп отыр [*Мәліметтер Ұлттық аударма бюросы сайтынан алынған.* https://100kitap.kz/kz/bureau].

2. Жил Делөздің «Кино 1. Қозғалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне» туындысының қазақ тіліндегі аударма нұсқасына талдау

Бұл мақала шеңберінде біз француз философы Жил Делөздің кинодағы бейнелер мен семиотикалық белгілерді философиялық тұрғыда зерделеп, қозғалыс, кеңістік, уақыт және бейне сынды ұғымдарға терең талдау жасаған *«Кино 1. Қозғалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне»* атты екі томдық еңбегінде француз тілінен қазақ тіліне аудару барысында қолданылған аударма тәсілдеріне тоқталып, талдау жасаймыз.

Грамматикалық мағыналар үшін түбірге бірінен соң бірі тіркесе жалғанатын дербес қосымшалар арқылы білдірілетін жалғамалы (агглютинативті) тілдер қатарына жататын қазақ тілі мен типологиялық белгілері бойынша флективті тілдер тобына жататын француз тілінің морфологиялық, синтаксистік құрылымдарында көптеген айырмашылықтар болғандықтан, осы мақаланың зерттеу нысаны болып отырған туындыны аудару барысында лексикалық, грамматикалық трансформациялар (өзгертулер), аударма тілінде түпнұсқа тілдің сөйлем құрылымының өзгеруі, яғни орын алмастыру, түпнұсқа тілдегі элементтердің орналасу тәртібін аударма тілінің грамматикалық ережесіне сәйкес өзгертіп беру кеңінен қолданылған.

Мәселен, келесі мысалдарға назар салайық:

1. **Түпнұсқа мәтін:** *Bergson ne présente pas une seule thèse sur le mouvement, mais trois. La première est la plus célèbre, et risque de nous cacher les deux autres [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.9].*

Аударма мәтін: *Бергсон қозғалыс туралы бір емес, үш тезис жазған. Біріншісі ең танымал тезис болғандықтан, қалған екеуі соның көлеңкесінде қалып қою қаупі бар [Жил Делөз, 2020, б.13].*

2. **Түпнұсқа мәтін:** *Bref, le cinéma ne nous donne pas une image à laquelle il ajouterait du mouvement, il nous donne immédiatement une image-mouvement [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.11].*

Аударма мәтін: *Қысқаша айтқанда, кино бізге өзі қозғалыс қосқан бейнені емес, бірден қозғалыс-бейнені көрсетеді [Жил Делөз, 2020, б.15].*

3. **Түпнұсқа мәтін:** *On appelle cadrage la détermination d'un système clos, relativement clos, qui comprend tout ce qui est présent dans l'image, décors, personnages, accessoires [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.23].*

Аударма мәтін: *Кадрлау дегеніміз – бейнеде болатын нәрсенің бәрін: декорацияны, кейіпкерлерді, аксессуарларды қамтитын тұйық немесе салыстырмалы түрде тұйық жүйені анықтау [Жил Делөз, 2020, б.27].*

4. **Түпнұсқа мәтін:** *Le monde originaire impose donc aux milieux qui se succèdent en lui, non pas exactement une pente, mais une courbure ou un cycle [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.178].*

Аударма мәтін: *Демек, бастапқы әлем өз аясында алмасып отыратын орталарға еңіс жазықтықты емес, әлдебір қисықтықты неме-*

се циклділікті міндеттейді [Жил Делөз, 2020, б.166].

5. **Түпнұсқа мәтін:** *Enroulé dans le monde originaire qui est comme le début et la fin du temps, le temps se déroule dans les milieux dérivés [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.179].*

Аударма мәтін: *Өзінің бастауы және түйіні секілді бастапқы әлеммен толықтай қамтылған уақыт туынды орталарда өрістейді [Жил Делөз, 2020, б.166].*

Аудармашылар бұл сөйлемдерді аударғанда түпнұсқа тілдегі сөздер орын тәртібін өзгертіп, құрмалас сөйлемдер орын ретінен алшақтатып, оның синтаксистік құрылымын өзгертеді, сөйтіп аударма тілінің грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып аударған. Түпнұсқа мәтіндегі сөздердің, құрмалас сөйлемдердің орын тәртіптерінің өзгеруі француз және қазақ тілдері сияқты құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты екі түрлі тілдер тобына (флективті және жалғамалы топтарға) жататын тілдерде заңды құбылыс.

Түпнұсқа мәтіндегі сөз формаларын, сөз таптарын ауыстыру осы зерттеу нысаны болып отырған туындының аудармасында жиі кездеседі.

Жил Делөз «КИНО 1. Қозғалыс-бейне» және «КИНО 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінде кездесетін фильм атауларының қазақ тіліне аудармасына келетін болсақ, фильм атауларын аудару барысында аудармашылар, аудармаға редакция жасаған ғылыми редактор мен әдеби редактор фильмдердің сюжетімен танысып, сонымен қатар кейбір фильмдерді көрген соң ғана аударма жасалынған.

Мәселен, американдық режиссер Эрих фон Штрогеймнің (Erich von Stroheim) француз тілінде «*Les rapaces (Тура аудармасы: Жыртқыштар)*» деп аталатын фильмі қазақ тіліне «*Ашкөздік*» деп аударылған, себебі фильмнің сюжеті бойынша, ақша, байлық үшін ерлі-зайыптының арасындағы қарым-қатынастың бұзылып, ақырында күйеуінің әйелін өлтірумен аяқталады.

Тағы бір мысал: итальяндық опера және драмалық театр мен кино режиссері Лукино Висконти ди Модроненің (Luchino Visconti di Modrone) француз тілінде «*Obsession*» деп аталатын екі ғашықтың махаббаты туралы фильмі қазақ тіліне «*Өкшелеген ой*» деп аударылған. Жалпы *obsession* сөзі «бар ынтасын салушылық; құлай берілу», «жабысқақ ой; қыр соңынан қалмайтын ой», «аздырма, еліктірме» деген мағыналарды білдіреді. Дегенмен, Жил Делөз «КИНО 1. Қозғалыс-бейне» және «КИНО 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінің қазақ тіліндегі басылымына қатысқан шығармашылық топ фильмнің атауын «*Өкшелеген ой*» деп аударуды ұйғарған, себебі «Құлай берілу, немесе аздырма, еліктірме, т.б.» деп аударма барысында бермеген себебі, біріншіден «obsession» сөзі француз тілінде «ойдан шықпайтын, қыр соңынан қалмай мазалайтын ой» деген мағына береді, екіншіден сюжет бойынша, жігіт өзі ұнатқан қызға адал емес, құлай берілген адам олай болмай керек қой деген оймен, және сол қызға деген ойы оған маза бермей, ол қайта қосылады, сонымен қатар қыз өз байлықтан айрылып қалмайын деген оймен өзінің күйеуін тастап кетпейді. Сондықтан да жоғарыдағы аударма нұсқасын қалдырған.

Келесі мысал: **Түпнұсқа мәтін:** *Eustache fera dire au personnage de* ***«La maman et la putain» :*** *« Plus on paraît faux comme ça, plus on va loin, le faux, c'est l 'au-delà. » [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.288].*

Аударма мәтін: *Эсташ «**Көңілдес пен жезөкше**» фильмінің бір кейіпкерінің аузына мынадай сөз салады: «Неғұрлым жасанды көрінсең, соғұрлым алысқа барасың, себебі жасандылық – тылсым нәрсе» [Жил Делөз, 2020, б.266].*

Бұл мысалдағы Жан Эсташтың ***«La maman et la putain»*** фильмінің атауын тікелей аудармасы «Шеше мен жезөкше», бірақ аталмыш фильмнің сюжетімен танысып, фильмді көрген соң, «келісіп піскен тон келте болмайды» демекші, аудармашылар мен редакторлар, кеңесіп, талқылай келе, фильмінің атауын «***Көңілдес пен жезөкше***» деп аударуды ұйғарған.

Түпнұсқа тіл мен аударма тілінің семантикалық ерекшеліктеріне байланысты лексикалық трансформацияларға, атап айтқанда транскрипция, транслитерация тәсілдеріне жүгінуге тура келген тұстар да кездеседі.

Мысалы:

Аударма мәтін: *Кез келген жағдайда, барлық жанрда көрініс табатын мұндай форманы «этикалық» деп атауға болады, өйткені «**этос**» сөзі бірден орынды немесе ортаны, ортада мекендеуді, әдет-ғұрыпты немесе **habitusты**, яғни тіршілік ету тәсілін білдіреді [Жил Делөз, 2020, б.185].*

Аударма мәтін: *Россеннің «Алаяқ» фильміндегі бильярд әлемі, әсіресе **«нуар»** фильмнің (франц. нуар – «қара» деген сөз, XX ғасырдың 40–50-жылдарына тән пессимистік рухтағы американдық криминал фильмдерді сипаттайтын жанрлық атау. – Ред.) үлкен жанрын құрайтын «құрғақ заңға» байланысты қылмыс әлемі [Жил Делөз, 2020, б.187].*

Аударма мәтін: *Китонның ендігі бір әдісін машиналар қатысатын **гаг** (le gag – комедия тәсілі. – Ред.) деп атауға болады [Жил Делөз, 2020, б.222].*

Аударма барысында «аударма тілінің фонемаларының көмегімен бастапқы лексикалық бірлікті формалды фонемалық жасау, бастапқы сөздің фонетикалық имитациясын жасау тәсілі» болып табылатын транскрипция тәсіліде қолданылған.

Мәселен, француз философы Gilles Deleuze атыжөні дыбысталуын сақтай отырып, қазақ тілінде Жил Делөз деп берілген.

С.Құрманов «Аударманың өзекті мәселелері» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей, «Тіл білімінің аударма саласы да кез келген халықтың рухани дүниетанымымен, болмысымен байланысып жатады. Өйткені аударма процесі бір тілдегі тілдік бірліктерді екінші тілге тәржімалап қою ғана емес, сол бірінші аударатын тілді тұтынушы ұлттың тіліндегі «әлем бейнесін» екінші аударылатын тілді қолданатын халықтың тілі арқылы жарыққа шығару болып табылады. Аударманың қай саласы болсын (көркем аударма, ілеспе аударма, ғылыми аударма, жарнама) аталған ұстанымды басшылыққа алғанда ғана таза шығармашылық туынды дүниеге келеді деп ойлаймыз» [*Құлманов С., 2015, б.4*]. Өйткені, қоршаған ортаны, шындық болмысты адам ойлау арқылы танып біледі, ал тіл – дүниені бейнелеудің құралы, ол адамның санасындағы танып-білгендерін бейнелейді.

Әр халықтың қоршаған орта, құбылыстар, іс-әрекеттер, мінез-құлық туралы түсініктері әр түрлі болады. Әркім іс-әрекеттерге, мінез-құлыққа, құбылыстарға өзінің ойлау өресі жеткенше, өз түсінігі, ұлт мәдениеті, дүниетанымы шеңберінде баға береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік. Мәселен, қазақтарда *құралайды көзге атқан мерген* деген тұрақты сөз тіркесі бар, бұл тіркес бағытталып айтылған адамға жағымды баға беріп, мақтау бола алады. Енді француз тіліндегі осы сөз тіркесінің баламасы мынандай: *tireur qui pourrait mettre la balle dans l'œil de l'éléphant* <оқты пілдің көзіне тигізетін мерген>. Қазақ халқында мергендікті құралайдың жылдамдығымен өлшеп, сондай жылдам жануарға дәл тигізген адамды мерген деп есептесе, француздарда мергендіктің өлшемі пілдің көзі; пілдің көзіндей кішкентай нысанаға оғын мүлт жібермей тигізе білген адам нағыз мерген болып есептеледі [*Дүйсекова К.К., Бақытов А.Т., 2018. б.45*].

Кез-келген халықтың дүниетанымының, дүниенің тілдік бейнесінің қалыптасуына өмір сүретін геоортасы, айналысатын шаруашылық түрлері, ұлттық мәдениеті, діні, т.б. зор әсер етеді. Дүниенің тілдік бейнесі ұлттың мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты, ол – белгілі бір мәдениет өкілдеріне ортақ өмірлік мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім мен дүниетанымның жиынтығы. Осыған орай, қазақстандық белгілі философ Д.С.Раевтың қазақ халқының дүниені танып білу әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық дүниетанымы, әдептік және адамгершілік моральдық құндылықтардың қалыптасуы туралы философиялық пайымдауын келтіргенді жөн көрдік: «...дүние жүзіндегі кез келген халықтың ұлттық дүниетанымының, төлтума мінез-құлықтарының, әдептік ұстанымдарының қалыптасуында өзі өмір сүретін геоортасының да әсер – ықпалы айтарлықтай маңызды... әр тайпа-рудың ғасырлар бойғы тіршілік айла-әдісі, өзі өмір сүрген ата-мекені, табиғаты әр түрлі ұлттарды өмірге әкелді. Демек, тек белгілі бір геожүйелілік ортада ғана әр ұлттың өзіне тән спецификалық тұрмысы мен әлеуметтік тарихы қалыптасып, олардың бір-біріне ұқсай бермейтін әлемі, мінез-құлқы, моралдық ұстанымдары орнықты деп айта аламыз» [*Раев Д.С., 2001, б.43*].

Табиғат аясында, онымен етене жақын өмір сүру қазақтардың әдептану ұстанымдарын, этикалық көзқарастарын, дүниетанымын, моральдық нормаларын қалыптастырғандығын көреміз.

Мәселен, қазақ халқында бағалау барысында адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтарын жан-жануарлар мен қазақтар үшін тіршілік көзі болған төрт түлік малдың жақсы-жаман мінездерімен салыстыра отырып сипаттау басым. Осы ретте, С.К. Сатенованың пікіріне тоқталғанды жөн санадық: «...халық малды тек бағып қана қоймай, оған тән мінез-құлықты, ерекшеліктерді байқап, адамдардың бет-пішінін, мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттау кезінде ұтымды пайдаланып отырған: *қойдан [-й-] жуас, жылқыдан торы; жылқы мінезді (жігіт); сиыр мінезді (адам); теке сақал; бұзау тұмсық; қошқар мұрын; бота көз; түйе табан; бұқа мойын; бес биенің сабасындай; сиыр сипағанды білмейді; түйенің танитыны жапырақ;ешкінің асығындай; делбе болған жылқыдай; бөрліккен қойдай; қаңтардағы бурадай; қой аузынан шөп алмайтын; тойған қозыдай; тілге жүйрік; қой көз; тана көз; құланның құлынындай; су төгілмес жорға [су жорға] т.б.* осы тәрізді фразеологиялық тіркестер тобы жоғарыда айтылған сөзіміздің куәсі іспеттес» [*Сатенова С.К., 1997, б.14*].

Француздардың жүзім өсіріп, одан шарап жасаумен айналысатындығы, сонымен қатар теңіз өнімдерін (балық, шаян, ұлу, т.б.) қолданатындығы да белгілі. Аталмыш шаруашылық түрлері француз тілінде көптеген бағалау сөздері мен сөз тіркестеріне арқау болған. Мысалы, *bête comme une carpe [comme une âne, un chou, une cruche, une oie]* <тұқы (балық түрі) сияқты топас [есек секілді, орамжапырақ секілді, қаз секілді топас]>*; ignorant comme une carpe* <тұқы секілді надан>*; baîller comme une carpe [comme une huître, un four]* [тұқы секілді [устрица, ошақ] секілді есіну]*; c'est une carpe pâmée* [бұл долы мінезді адам]*; c'est un panier de crabes* [бұл нағыз ара ұясы]*; plein comme une huître [comme une barrique]* <устрица (бөшке) сияқты толы>*; c'est la vigne à mon oncle* <Бұл менің нағашы ағамның жүзім егісі. (жай сылтау деген мағына береді)>*; moulin à paroles* <сөз диірмені: мылжың> *; rire [se tordre] comme une baleine* <кит секілді күлу (ішек сілесі қата күлу)>*; muet comme un poisson* <балықтай мылқау (жұмған аузын ашпау)>*; nager comme un poisson* <суда балықша

жүзу>; *être comme un poisson dans l'eau* <судағы балықтай өзін-өзі еркін сезіну>;*ce sont les vignes de Courtille, belle montre, peu de rapport* <сырты бүтін, іші түтін>;

Жоғарыда айтылғандардың тоқ етеріне келетін болсақ, әр халық дүниетанымының қалыптасуына табиғат, қоршаған орта, айналысатын шаруашылығы әсер етеді. Әр халықтың тіліне, мәдениетіне байланысты мәселелерге зерттеу жасап, аударма барысында ескеру үшін сол халықтың айналысатын шаруашылығына, қолданатын тұрмыстық заттарына, мәдениет элементтеріне көңіл бөлу қажеттігі аян. Демек, аударма барысында түпнұсқа тілде сөйлейтін ұлттың дүниетанымын, менталитетін, мәдениетін, тілдік мәдени ерекшеліктерін ескеру өте маңызды.

Осы орайда, Жил Делөз «КИНО 1. Қозғалыс-бейне» және «КИНО 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінен мысалдар келтірейік:

Түпнұсқа мәтін: *Ce qui est épié ici avec la sensibilité la plus délicate, ce n'est pas ce qu 'est réellement la pluie, mais la façon dont elle apparaît quand, silencieuse et continue, elle s 'égoutte de feuille en feuille,* ***quand le miroir de l'étang a la chair de poule****, quand une goutte solitaire cherche en hésitant son chemin sur la vitre, quand la vie d 'une grande ville se reflète sur l'asphalte mouillé . . . [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.156].*

Аударма мәтін: *Мұнда жауып тұрған шын жаңбыр емес, тек ол жапырақтан-жапырақ сырғи тамғанда,* ***тоған бетін шымырлатқанда****, жалғыз тамшы терезенің көзінен сырғанай сорғалағанда, үлкен қаланың қалың қарбаласы ылғал асфальтта көрініс тапқанда... үздіксіз сіркіреген үнсіз жаңбырдың сипаты қандай болатыны аса нәзік сезіммен бейнеленеді [Жил Делөз, 2020, б.146].*

Осы берілген мысалдағы қарамен көрсетілген француз тіліндегі ***quand le miroir de l'étang a la chair de poule*** сөйлемдегі ***avoir la chair de poule*** тұрақты сөз тіркесін тура аудармасы: «*тауықтың еті (терісі) болу*». Бұл сөз тіркесі «бойы түршігу, денесі тітіркену» деген мағынаны білдіреді. Қазақ ұлтының концептілер жүйесінде тоған суының бетіндегі толқынға «бойы түршігу, тітіркену» немесе «*тауықтың еті (терісі) тәрізді болу*» секілді теңеулердің жат екендігін ескере отырып, француз тіліндегі бұл тіркестің осы аударылған мәтіндегі контекстуалды, функционалды баламасы берілген.

Түпнұсқа мәтін: *Mais, tandis que les trois autres grands auteurs se servaient*

de la dialectique pour transformer la composition organique des images-mouvement, Vertov y trouvait le moyen de ***rompre*** *avec elle [Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.61].*

Аударма мәтін: *Дегенмен үш ұлы кинорежиссер диалектиканы қозғалыс-бейнелердің органикалық құрылысын түрлендіре өзгерту үшін қолданса да, Вертов оны диалектикадан* ***қол үзудің*** *амалы ретінде қабылдады [Жил Делөз, 2020, б.61].*

Түпнұсқа мәтін: *Ce contentement n'est pas une résignation , mais* ***une grande joie*** *où la pulsion retrouve sa puissance de choix, puisqu'elle est, au plus profond, désir de changer de milieu, de chercher un nouveau milieu à explorer...[Gilles DELEUZE (Жил Делөз), 1983, б.181].*

Аударма мәтін: *Мұндай қанағат – бойсұну емес, серпіннің өз таңдауының құдіретіне ие болған кездегі* ***төбесі көкке жете қуануы****, себебі ол түбінде орта ауыстыруға, зерттеу және бұзу үшін жаңа орта іздеуге деген зор ықыласты білдіреді, жаңа ортаның ұсынғаны соншалық жымысқы, жиіркеніште де жексұрын болса да, ол соған қанағаттанады [Жил Делөз, 2020, б.168].*

Бұл берілген мысалдарда француз тіліндегі «*rompre» (үзу, байланысын үзу)* етістігі және «*une grande joie» (үлкен қуаныш)* тіркесі қазақ тіліне түпнұсқа мәтіндегі мағынаны сақтай отырып, қазақы мәнермен, қазақ оқырмандарына түсінікті болатын *«байланыс жасаспай кету, байланысын үзу»* деген мағынаны білдіретін *«қол үзу»* және *«төбесі көкке жете қуану»* тұрақты сөз тіркестерімен аударылған.

Аударма саласындағы өзекті мәселелердің бірі – аударылатын туындыға қатысты саланың терминдерін түпнұсқа тілден аударма тіліне соған сай сөз тауып, дөп басып аудару. Француз философы Жил Делөздің «КИНО 1. Қозғалыс-бейне» және «КИНО 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінде негізінен екі саланың, атап айтқанда философия мен кинематография салаларының терминдері жиі кездеседі. Аударма терминжасам ісіндегі тиімді, өнімді тәсілдердің бірі деп ойлаймыз. Аударма теориясын зерттеуші ғалым А.Алдашеваның: «*Ұлттық ұғымға бірдейлестіру, ұлттық бітімге сәйкес келтіру бағытынан, тенденциясынан туындайтын тағы бір ерекшелік – белгілі бір заттың, ұғымның, құбылыстың, қасиет-сапаның атауын беретін сөздің, лексеманың осы тілді иеленуші халыққа қатыстылығын, осы халықтың меншігі екендігін, сонымен қатар номинациялық атаудың ұлттық калоритін көрсету...*» [*Алдашева А., 2006, б.96*] деген пікіріне сүйенгенді жөн көрдік. Себебі, терминдерді аудару барысында да жалпы аудармаға қойылатын талаптарды сақтау қажет, яғни аударылған сөз түпнұсқа терминнің мағынасын ашып, ұлттық нақышта өріліп, ана тіліміздің заңдылықтары мен табиғатын, ерекшеліктерін сақтауы, жалпы оқырманға түсінікті болуы шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде айтарымыз, қыр сыры мол аударма саласы да кез келген ұлттың рухани дүниетанымымен, болмысымен, «дүниенің әлемдік бейнесімен» етене байланысып жатады. . Бір тілдің тілдік бірліктерін екінші бір тілге аудару

барысында осы екі тілде сөйлейтін ұлттардың дүниетанымын, мәдениетін ескеру өте маңызды. Когнитивтік ғылымдар тұрғысынан қарастырсақ, екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынаста кездесетін қиындықтар – тілдік ойлаудың әртүрлілігімен түсіндіріледі. Тілде көрініс табатын дүниенің тілдік бейнесі әр халықта әр түрлі, бір-біріне сәйкес келмейді. Бәрімізге белгілі, Э.Сэпир мен Б.Уорфтың тілдің ойлауға ықпалын негізге алған «лингвистикалық ықтималдылық болжамы» бойынша әр адам қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды өзінің ойлау деңгейінде қабылдайды, өзінің ақыл-ой шеңберінде түсінеді [*Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е., 1999, б.107*]. Қоршаған ортаны, шындық болмысты адам ойлау арқылы танып біледі, ал тіл – дүниені бейнелеудің құралы, ол адамның санасындағы танып-білгендерін бейнелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дүйсекова К.К., Бақытов А.Т. Француз және қазақ тілдеріндегі бағалауыштық сөйлесімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері: монография /– Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 192 б.

2. Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер). Оқу құралы/Тіл комитеті; жауап. ред. Р.Сыздық. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.

3. Gilles DELEUZE, CINEMA 1 L'IMAGE-MOUVEMENT. LBS EDITIONS DB MINUIT, 1983. – p. 298

4. Жил Делөз, Кино 1. Қозғалыс-бейне. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.– 304 бет.

5. Аударманың өзекті мәселелері // Құраст: С.Құлманов. –Алматы: «Palitra-Press» - 2015, 296 б.

6. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001.-228 б.

7. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 184 б.

8. Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е. Сопоставительно – функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. – Алматы, 1999. – с.183.

ӘОЖ 81’373

БҰҒЫБАЕВА ЖАННА БҰҒЫБАЙҚЫЗЫ
қауымдастырылған профессоры м.а.
Қазақ Технология және Бизнес университеті

ҚАЗАҚ ТОПОНИМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САН ЕСІМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақ топонимдерінің қалыптасуындағы сандардың рөлі мен маңызы қарастырылады.
Түйінді сөздер: ономастика, топонимдер, сөзжасам, топонимика, сан есім.
Резюме. В этой статье рассматриваются роль и значение числительных в образовании казахских топонимов.
Ключевые слова: ономастика, топонимы, словообразование, топонимообразование, имя числительное.
Summary. This article considers the importance of numerals in formation of Kazakh toponyms.
Keywords: onomastics, toponyms, word-formation, toponymformation, numerals.

Ұлттық ономастика проблемасы Қазақстан Республикасында іске асырылып отырған тілдік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде танылады.

Әлем халықтарының кез келгенінің этнологиялық кеңістігінде ономастикалық атаулар жүйесі әмбебаптық сипатқа ие, күрделі де кешенді мәдени, тілдік категория. Қазіргі кезең адамзат даму тарихында қазақ халқының болмысы, ділі мен тілі, мәдениеті арқылы әлемге қазақ халқының құндылықтар жүйесін таныту, халықтың өзін таныту ісі гуманитарийлерге аса маңызды да айрықша жауапты міндет артып отыр. Ұлт болмысында, оның «ғалам бейнесінде» ономастикалық атаулар халықтың өзімен бірге туындаған, өзі өмірге әкелген және қатар өмір сүріп, халықтың игілігіне үздіксіз қызмет етіп келе жатқан ерекше тілдік, мәдени, тарихи феномен.

Елімізде отандық ономастика ғылымының күн тәртібінде тұрған мәселелер уақыт озған сайын күрделене түсуде. Бүгінгі таңда ономастика тек тілдік проблема аясымен шектелмей, саяси-идеологиялық, мемлекеттік маңызға ие болып отыр. Ономастика, оның ішінде ұлттық топонимия, ұлтымыз бен мемлекетіміздің сәйкесімділігін айқындайтын стратегиялық факторға айналып отыр. Сондықтан елдің саяси-қоғамдық өмірінің барлық салаларында жаһандану үдерісі күшейіп, етек жайған сәтте ұлттық болмысты сақтауға, ұлттық иммунитетімізді арттыра түсуге бағытталған зерттеулердің мәні зор.

Кез келген тілде топонимжасам процесі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылады. Демек, топонимдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, топонимдер қатарында сол тілге тән әр түрлі құрылымдық типтері кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б. Бұларды зерттеу сөзжасамның құзырында.

Көне жазба ескерткіштерден бері келе жатқан сан атаулары сөзжасам жүйесінде сөзжасамдық бірлік ретінде белсенді қызмет атқарып келеді. Ол сандардың өте ерте замандарда пайда болуымен байланысты. Бұл сан есімдердің өзіндік сөзжасам жүйесінің ертеректе қалыптасқандығын көрсетеді.

Сан есімнің сөзжасамдық ерекшелігі – сан атаулары уәждеме сөз қызметін атқарады, ал сөзжасамдық жұрнақтарының қолданысы мен мағынасында өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік – сан есім жұрнақтарының басқа сөз таптарында қолданылмауы. «Сан есім жұрнақтары басқа сөз таптарымен қолданылмайды. Яғни, олардың уәждемелері тек сан есім сөздер ғана болады. Сан есім жұрнақтары уәждеме санның мағынасын өзгертпейді, уәждемеге қосымша мағына қосып, мағынаны түрлендіреді. Олар басқа нақты сандық атау жасамайды. Бұл сан есім жұрнақтарының негізгі ерекшелігіне жатады.

Тіліміздегі сандардың ішінде киелі сан ұғымы кездеседі. Ғалымдардың ішінде киелі сандарды бөліп алып қарастыру үрдісі бар. Олардың еңбектерінде сандардың мағыналары мен шығу тарихтары, ауыз әдебиеті үлгілерінде, фольклордағы қолданыстық, көркемдік ерекшеліктері, этнолингвистикалық, этномәдени мәндері қарастырылған. Ғалымдар Л. Базен, Э.Р. Тенишев, В.И. Чернышев, Э.А. Умаров, Ә. Хасенов, Ә. Қайдар, Н. Оралбаева, Н. Уәлиұлы, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Т. Сайрамбаев, Ж. Байзақов, А. Машанов, А. Елешева, Қ. Ғабитханұлы, Г. Шаһарман, Қ. Тажиев, Қ. Дүсіпбаевалар әр жылдары сандарға байланысты түрлі мақсаттағы лингвистикалық зерттеулер жүргізген.

Ғалымдар киелі сандардың танымдық ерекшеліктерін күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты болған ата-бабамыздың табиғи сандарды меңгеруде халық педагогикасы бойынша салыстыру әдісін жүргізгені туралы 1, 2, 3, 5, 7, 9 сандарының салт-дәстүр, наным-сенімдерге қатысты мағыналық, ұғымдық сипаттарын, қолданыстық ерекшеліктері туралы және басқа да қасиеттерін айтқан.

Сан есімдер – лексика-грамматикалық топ ретінде қалыптасқан, өзіндік сөзжасамдық үлгілері, құрылымы бар сөз табы. Сан есімнің сөзжасамы туралы белгілі ғалымдар Ә. Хасенов [*Хасенов Ә., 1952, б. 87*], Н. Оралбай [*Оралбаева Н., 1986, б. 98*] арнайы зерттеулер жүргізіп, сандық ұғымның түрлілігі, олардың жасалу жолдары, мағынасына қарай есептік сандар, реттік сандар, жинақтық сандар, топтық сандар, болжамдық сандар, бөлшектік сандарға бөлінетіндігі туралы ғылыми тұжырымдар жасаған. Сан есімнің сөзжасамдық ерекшелігі – оларға, туынды сан есімдерге, тек сан ұғымын білдіретін сөздер уәждеме болатындығы. Сан есімдердің мағыналық топтарындағы сөздер тек сан есімнің жұрнақтары арқылы туынды сөзге айналады. Алайда, сан есім сөздерінің қатысуымен көптеген жаңа сөздер пайда болған. Оның ішінде жалқы есімдер – елді мекен, жер-су аттары да бар.

Топонимжасамда сан есімдердің санаулы түрлері ғана қатысады. Есептік сандардан күрделі атаулар құрамында ***бір, үш, төрт, бес, алты, жеті, қырық, мың*** сандары кездесті. Оның ішінде өте жиі қолданылатын сандар: бір, үш, бес, жеті. Кейбір атауларда ***екі, төрт, тоғыз, қырық, мың*** сандары кездеседі. Кей жағдайда **екі** санының орнына **қос** сөзі қолданылады. Мысалы, **Қос**өзен (Алматы облысының Іле ауданындағы ауыл); **Қос**құдық (Қапшағай қалалық әкімдігіне бағынысты ауыл) т.б.

Бір саны уәждеме болған атауларға -лік, -лес, -тік жұрнақтары жалғанып, бірлік, бірлестік туынды түбірлері жасалған. Бірлік сөзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жеті түрлі мағыналық қолданысы көрсетілген. Соның ішінде топонимдік атауға лайықтысы ауыспалы мағынадағы қолданысы. Яғни ынтымақтастық, ауызбіршілік, бірауыздылық мағынасындағы сөз. Мысалы, «**Бірлік** зат. ауыс. – адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі (ҚҰЭ)» [*Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж., 2011, б. 73*]. «**Бірлестік** зат. – Бірнеше саладағы ұйымның немесе өндіріс мүшелерінің, ұжымның бірігіп, ұйымдасқан түрі. Мысалы, *Көшпелі ауыл біртіндеп, отырықшылыққа айналып, шаруалар бірлестігін құрды* (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). Бірнеше мағыналық қолданысы бар сөз. Экономикалық, әскери, биологиялық терминдік атаулары бар» [*Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы., 2002, б. 172*].

Сонда бір сан есімі уәждемесінен жұрнақ тәсілі арқылы жасалған бірлестік, бірлік сөздері мағына тәсілімен аталым мағынасына ауысқан. **Бірлік** – Алматы облысы Талғар ауданына қарасты ауыл; **Бірлестік** – Ақмола облысының Зеренді ауданындағы кент; **Бірлестік** – Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы ауыл.

Бірінші реттік сан есімінің қатысуымен **Бірінші мамыр** – Ақжайық ауданындағы ауыл атауы жасалған. Ол 1 Мамыр ынтымақ күні құрметіне қойылған атау. Реттік сан есімнің жер-су аттарында екі түрлі қолданылуы кездеседі:

1) -**інші,-ыншы жұрнақтары** жалғану арқылы. Мысалы, *Бірінші, Екінші ауыл,* т.б.;

2) сан есімнің елді мекен атауынан кейін келіп, атаудың ретін білдіреді. Мысалы, *Қызылту 1, Қызылту 2, Қызылту 3, Қызылту 4* және т.б.

Бұл қолданыс топонимдік атауларға ғана тән. Сыртқы тұлғасы есептік сан есім формасындағы сөз болса да, мағыналық қолданысында реттік ұғым бар. Қазақ тіл білімінде оны нөлдік морфема деп атайды. Бұл реттік сан есімдердің нөлдік морфема, нөлдік формадағы қолданыстық ерекшелігі деп айтуға болады.

Бір сан есімі күрделі геонысандардың жасалуына да қатысады. Мысалы, **Біршоғыр** (тау), **Бірсуат** – Жарқайың ауданындағы ауыл атаулары жекелік, даралық ұғымын білдіреді. **Бірқазан** – көл атауы, зоотопоним, Қызылорда қаласы әкімшілік аумағында орналаскан.

Бір сан есімінің орнына *бір, жалқы* ұғымын білдіретін **жалғыз** сын есімімен келген топонимдік атаулар да кездеседі. Мысалы, **Жалғызқарағай, Жақсы Жалғызтау** – Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы ауыл; **Екі** сан есімі күрделі құрамда келіп, жер-су аттарын жасауға қатысады. Мысалы, **Екібастұз** (қала), **Екі ағайынды** – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы Дәутау тауының оңтүстігінде 35 км. жердегі тау; **Екіжолқұдық**– Қарағанды облысы, Шет ауданындағы Қатасор тауының оңтүстік-батысындағы құдық.

Екі сан есімінің орнына қос сөзі де қолданылады. **Қос** – көп мағыналы сөз және омоним сөз. Ол зат есім, сан есім, етістік сөз таптарына да көптеген мағына білдіреді. Сан есімдік мағынасында *қос бұрым, қос жанар, қос қанат, қос қолдап, қос өркеш, қос сөз, қос уыс*, т.б. түрінде келеді. Жер-су атауларында **Қос**ағаш (Шығыс Қазақстан облысы); **Қос**ағаш (Павлодар облысы); **Қос**құдық – Қапшағай қалалық әкімдігіне бағынысты ауыл; **Қос**төбе (Байзақ ауданы); **Қос**төбе қаласы; **Қос**төбе (Солтүстік Қостөбе); **Қос**төбе (Оңтүстік Қостөбе); **Қос**төбе ауылдық округі; **Қос**төбе (Жамбыл ауданы) және т.б.

Сонымен бірге **егіз** сөзінің де қолданылуы кездеседі. **Егізбай** (құдық), **Егізқызыл** – тау; Егізқызыл топонимін «Биік қызыл» деп түсінуге әбден болар еді, бірақ олай кесіп айтудың қиындық жағы да бар. Өйткені, қызыл сөзінің түркі атауларында түстен өзге де түрлі мағыналы фонетикалық вариациялары көп: көзәл («әсем, сұлу»), қысыл («тар») т.б.

Үш саны негізінен күрделі аталымдардың құрамында кездеседі. Мысалы, **Үштау, Үштөбе, Үшарал, Үштерек (ауыл), Үшқарасу** – Жарқайың ауданындағы ауыл, **Үшарал** – Алматы облысы Панфилов ауданындағы ауыл, **Үшбұлақ** – Алакөл ауданындағы ауыл, **Үштөбе** – қала, Алматы облысы Қаратал ауданының орталығы, **Үшбас**

(өзен), **Үшбиік** – Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы ауыл. **Үшқатты** – Ақтөбе облысы Әйтеке би аудындағы ауыл. **Үштам** қорымы – діни құрылыс кешені, Үстірттің батыс сілеміндегі көрікті Оғландыда тұрғызылған Бекет ата кешендерінің солтүстік-шығыс жағына қарай орналасқан бейіттер тобы. Оның Үштам қорымы аталуы осы қорымдағы ерекше көзге түсетін күмбезді, тақта тастан тұрғызылған үш кесенеге байланысты шыққан. Үштам қорымындағы кесенелер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тақта тастардан қашалып жасалған ескерткіштер тобын құрайды [*Жартыбаев А., 2000, б. 164*].

Төрт сан есімі қатысуымен жасалған атаулар да топонимдік жүйемізде көптеп кездеседі. Мысалы, **Төрткөл, Төрт сарт, Төртқұдық алтын кені, Төртүй (ауыл), Төрткүл** және т.б. **Төрткүл** – Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Жалғызтөбе ауылдық округіндегі ауыл. Осы ауылдың маңында ертеде IX-X ғасырларда қамал іспеттес қорғандар соғылған. Оның төрт бұрышты кіретін қақпасы және биіктігі 5-6 м. болатын қабырғадуалы болған. Қамалдың маңын мекендеген халық сырттан жау шапқан кезде оның ішіне кіріп қорғанған. Бұл қорғандар солтүстіктен оңтүстік бағытқа қарай әр 4-5 км. сайын орналасқан. Ондай қорғандар бірнеше. Қорғандар төрт бұрышты болғандықтан, қарауыл- сақшылар оның үстіне шығып жердің төрт бұрышын қарауға мүмкіндік болған. Яғни, төрткүл дүниені бақылап отырған. Сондықтан да жергілікті халық бұл қамалдарды *Төрткүл* деп атаған. Ал, осы қамалдың айналасындағы елді мекендерді тұрғылықты халық қамалдың атымен *Төрткүл* деп атап кеткен екен [*Күлімбетов С., 2011, б.107*].

Бес сан есімі де күрделі атаулар құрамында жиі кездесіп, белсенді уәждеме қызметін атқарып, *ағаш, төбе, көл, тоғай, қарағай* және т.б. сөздермен тіркесіп топонимдік жүйе құрамына кіреді. Мысалы, **Бесқайнар** – Алматы облысы, Талғар ауданына жататын ауылдық аумақ; **Бесағаш** – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл; **Бесжылдық** – Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы ауыл; **Бесбидайық** – ауыл; **Бесмойнақ** – ауыл, Дегерес аудандық әкімшілік округіне қарайды, аудан орталығы – Ұзынағаш ауылынан батысқа қарай 70 км жерде; **Бескөл** – ауыл; **Бесоқты** (құдық); **Бестоғай** – Ерейментау ауданындағы ауыл; **Бестөбе** – Ақмола облысындағы кент, **Бестамақ** – Ақтөбе облысының Алға ауданындағы ауыл; **Бесқарағай** – Шығыс Қазақстан облысындағы ауыл; **Бесбойдақ**, **Бесқыз** – және т.б.

Алты сан есімі кездескен топонимдік атаулар күрделі құрамда да жіне түбір негізде де болады мысалы, **Алтыайнұра** – Қалмаққырылған өзенінің сол жағалауындағы қоныс; **Алты** (төбешік); **Алтыбай** (қыстау); **Алтыбай** (өзен); **Алтықұлан** (қыстау).

Топонимдік атауларда өте өнімді **жеті** саны қолданылып, ауыл, тау, құмды алқап атауы және басқа жер-су аттары жасалған. Тілімізде жеті қасиетті, киелі санымен жасалған атауларға: **Жетіген** – Алматы облысының Іле ауданындағы ауыл; **Жетісу** – ауыл, Алматы облысының Ескелді ауданында; **Жетіасар** – б.з.б. 3-1 ғасырлардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны, Жосалы темір жол стансаның (Қызылорда облысы) маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады; **Жетіқара** – Ерейментау тауларының солтүстігінде, Теңіз көлінің солтүстік-батысында орналасқан тау; **Жетібай** – Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы ауыл; **Жетіарал** – Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы ауыл; **Жетіжот** – жота атауы; **Жетіқоңыр** – құмды алқабы, Бетпақдаланың батысында Қарағанды облысы ,Ұлытау ауданы жерінде орналасқан және т.б.

Тоғыз сан есімі күрделі құрамда – **Тоғызқұдық, Тоғызкент** – Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы ауыл, **Тоғызақ** (асу), **Тоғызбұлақ** (қоныс), **Тоғызтүбек** (ферма) және т.б. кездессе, түбір сөз ретінде – **Тоғыз** (бейіт) кездесті. Сөз тіркесі ретінде -інші/-ыншы жұрнағымен – **Тоғызыншы май атындағы канал.**

Қырық сан есімі қос сөзді және күрделі құрамда келуімен ерекшеленеді. **Қырық-Құдық** – Ақмола облысы, Ақкөл ауданы Қырық-Құдық ауылдық округінің орталығы; **Қырықжігіт** – Жіңішке және Сарыбұлақ өзендерінің суайрығындағы тау, Алматы обылысы, Райымбек ауданында орналасқан; **Қырықдала** (төбешік).

Мың сан есімі топонимдік атауларда күрделі құрамда аппелятивтермен және тіркес сөздермен, өзіндік мағыналық топтарға тән жан-жануарлар атауларымен тіркесе жасалады. Мысалы, **Мыңбұлақ** (ауылдық округі) – Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданындағы әкімшілік бірлік; **Мыңтөбе құмы** – Атырау облысының оңтүстік батысын ала орналасқан; **Мыңжасар** (арық), **Мыңжылқы** (асу), **Мыңжылан** (төбешік), **Мыңтеке** (өзен) және т.б..

Күрделі топонимдік атаулар құрамында сан есімдер бағыныңқы сыңарда орналасады. Басыңқы сыңарлары *құдық, төбе, тау, өзен, көл, кент, арал, құм, асар, қайнар, төбе* және т.б. сол сияқты жер бедеріне қатысты географиялық терминдерден тұрады. Кейбір атауларда *ағаш, мойнақ, қоңыр* т.б. сөздер қолданылады.

Сан есімдердің жер-су аттарындағы қолданысы белгілі бір жердің, өзен-көлдің өзіндік ерекшеліктеріне, сол жердегі ағаштың, төбенің, шоқының тағы да басқа заттың белгісінің, қасиеттерінің санына байланысты қойылған. Кейбір атаулардағы сан есімнің қолданысы киелі сан ұғымдарына байланысты қолданылған. Олардың этимологиялық ерекшеліктері туралы ғалымдар еңбектерінде айтылған.

Қорыта айтсақ, қазақ тіліндегі заттардың, нәрселердің нақты санын білдіретін сан есім сөздер жер-су атауларын жасауға белсене қатысады.

Олар туынды түбір атауларға уәждеме бірлік қызметін атқарады. Сонымен бірге, күрделі құрамды топонимдерге бағыныңқы сыңар уәждемесі болады. Сан есімдердің ішінде **бір, екі, үш, төрт, бес, жеті, тоғыз** сандарының қатысуымен жасалған геонысан атаулары өте көп. Реттік сан есімнің топонимдік атау құрамында қолданыстық ерекшелігі бар, ол – атаудың ретін нөлдік тұлғада, нөлдік морфемада келіп білдіруі. Мұндай жағдайда сан есімнің сөз тіркесіндегі орын тәртібінің ауысуы және санмен көрсетілуі әсер еткен. Реттік сан есімдерінің нөлдік тұлғада келуі жиі кездесетін құбылыс. Ол көше бойындағы үйлердің санын атағанда, жазғанда жиі ұшырасады.

Қазақстанның топонимдік атаулары «тіліміздегі жер-су атауларының бейнесін» көрсетеді десек, осы күрделі де, кешенді, әмбебап сипаттағы тілдік категорияға – топонимдік атаулардың жатқызылуы кездейсоқ емес. «Ұлттық ғалам бөлшегі ретінде» топонимдердің өн бойында сан есімдердің кездесуі ұлттық болмысқа тән менталділік, мәдениет, көшпелілік өмір салтымыз және басқа да рухани құндылықтарымыз сақталумен қатар, топонимдердің тілдік қабаттарында этнос тарихы да бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Хасенов Ә. Сан есімнің сөзжасамы. – Алматы, 1952.
2. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы. – Алматы, 1986.
3. Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. Б-Д. – Алматы, 2011. – Т. 4. – 752 б.
4. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы, 2002. – 592 б.
5. Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, 2000. – 164 б.
6. Күлімбетов С. Ақтөбе облысы жер-су атауларының пайда болу тарихы және олардың аталу ерекшеліктері // Ономастикалық хабаршы. – 2011. – №1. – Б. 107-127.

УДК 81'27
ББК Ш 100.63



YESKERMES ARAILYM NURZHANKYZY
Master student
Department of English language
South Kazakhstan State Pedagogical University Shymkent city, Kazakhstan
E-mail: yeskermesss97@mail.ru



DUISENOVA MARZHAN MOLDAKASYMOVNA
PHD, Senior teacher of English
Department of English language
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent city, Kazakhstan
E-mail: abirbek11@mail.ru

OPPORTUNITIES FOR THE EFFECTIVE USE OF NEW INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі қарастырылады. Мақсаты: ағылшын тілін оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесін зерттеу. Қазіргі компьютерлік технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталған. Шет тілін үйрену процесінде заманауи технологияларды қолдану тәжірибесі оқушылардың оны үйренуін жеңілдетеді және оларға таныс орта жасайды. Олар оқушылардың тілдік кедергілері мен психологиялық кешендерін жеңуге көмектеседі. Ақпараттық технологиялар саласындағы соңғы жетістіктер "ағылшын тілі" пәні бойынша неғұрлым ауқымды ақпараттық базаны алуға бірегей мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді, бұл шет тілдерін оқыту процесін интерактивті, көңілді және нәтижелі етеді.

Кілт сөздер: электронды кітаптар, ақпарат, экран, интернет, оқулық.

Аннотация. В данной статье рассматривается актуальность использования современных информационных технологий в практике преподавания английского языка. Цель: изучить опыт использования информационных технологий в процессе обучения английскому языку. Результаты. Охарактеризованы преимущества и недостатки современных компьютерных технологий. Указывается, что опыт использования современных технологий в процессе изучения иностранного языка облегчает его изучение студентами и создает для них привычную среду. Они помогают преодолеть языковой барьер и психологические комплексы учащихся. Новейшие достижения в области информационных технологий дают уникальную возможность получить более обширную информационную базу по предмету "английский язык", а также дают возможность раскрыть творческий потенциал учеников, что делает процесс изучения иностранных языков интерактивным, занимательным и продуктивным.

Ключевые слова: электронные книги, информация, экран, интернет, учебник.

Summary. This article is devoted to the consideration of the educational process, contributing to the formulation and development of communicative competence and motivation to study English using media tools kit. Particular consideration is paid to the use of multimedia toolskit in English classes. Multimedia toolskit will contribute to the formulation and development of inducement for educational activities, communicative competence, as well as improving the quality and layer of learner learning. The article identifies and substantiates the need to use the method of using multimedia toolskit in teaching English to learners of the second stage of education.

Keywords: e-Books, information, download, screen, Internet, textbook.

INTRODUCTION

The widespread use of information technology opens up new opportunities for teachers in teaching their subject, and also greatly facilitates their work, increase the effectiveness of teaching, and improve the quality of teaching. Thus, the best methodologists of the country came to the conclusion that the specificity of the subject of a foreign language determines the active and appropriate use of multimedia toolskit in foreign language lessons.

The leading item of the content of teaching a foreign language is teaching different groups of speech activity: speaking, listening, reading, and writing. The educational computer program is a simulator that organizes the independent work of the learner, manages it and creates the conditions

under which learners independently form their knowledge, which is especially valuable, because the knowledge obtained in the finished form very often passes by their consciousness and does not remain in memory. The use of multimedia toolskit in English classes is the need of the time.

The relevance of this study is determined by a number of contradictions between the need of a comprehensive school to improve the quality and effectiveness of education and the existing system of teaching a foreign language, between the need to develop motivation for learners' learning activities using information technology in English lessons and insufficient theoretical and practical elaboration of the problem of the effective use of information technology to solve this task. Between the growing demands on the motivational and communicative component of the educational process and the low layer of its implementation in most modern English language software. The foregoing is due to the relevance of the chosen topic of experimental work.

The issue of the annex of information technology in the learning process has been discussed and is being discussed by scientists, methodologists and practicing educators. The methodological basis of our study was the work of N.D. Galskova, E.S. Polat, I.A. Winter, S.V. Novikova.

The head of state emphasized that the national project "Intellectual Nation 2020" should consist of three components. The first of them involves the transition to innovative development of the education system. The traditional way of teaching should be to provide learners with as much information and knowledge as possible. When choosing information and knowledge that is updated every hour; it is best to put them into practice and apply them on a professional layer. He also recalled to remember new thinking and needed new teaching methods and techniques [1].[1]

Only a textbook and teacher for the formulation of independent thinking, the ability to reflection (reflection, self-observation, self-esteem) is not enough.

A wide range of information is needed, reflecting different points of view on the same problem, providing learners with food for thought, critical analysis, generalizations, independent conclusions and solutions.

The quality of learner learning depends, on the one hand, on the teacher's ability to teach and effectively use new technologies, and on the other hand, on the technical equipment of the school. It's not enough just for the learner to learn what he or she has learned at school, but not to meet future needs. Recently, our school was equipped with electronic textbooks, interactive whiteboards and multimedia classes.

MAIN PART

Listed below are some of the benefits of introducing eBooks in education:

1. Study Anywhere and Anytime: A eBook is easy to carry around. Instead of carrying a bag full of books, it is easier to carry a mobile system that supports eBooks. Most learners' these days always carry a mobile-based system. It could be a smart phone, a tablet or a laptop. The portcapability of a eBook allows learners to refer to their notes and course materials anytime they want. Instead of carrying multiple books, learners can now have everything in one place.

2. Offline Access to eBooks: Over 50% of the world's population has access to the Internet. We all sometimes have trouble with connectivity and network issues yet. In order to ensure that the Internet connection does not hamper the learning process mobile systems, these days, offer offline services. Learners can now download any content they want and save it on their system and go through them later at their convenience.

3. Multiple Interactive Features: EBooks are not just plain reading materials; they have all the right toolskit to help learners make notes and highlight content. EBook reading systems have a lot of interactive features, like annotations, pen toolskit, page zoom, search option, read aloud etc. The search tool is the most favored tool because of its capability to find words and topics in an minute. The search tool avoids the time-consuming process of turning pages after pages to find a particular topic or phrase. They can bookmark pages and chapters. The online dictionary helps them to quickly find meanings of words. Besides, the user can also change the font size and style and adjust the brightness of the system as per what suits their eyes. An eBook is an all-in-one system which provides a wholesome learning experience to learners.

4. Edutainment Value: The course content doesn't have to be only text. You can include music, animations, videos and audio explanations into the learning module. Videos make the learning process more interesting. Learners can pause and rewind the video and watch it again. Animations are fun and entertaining and have more retention value.

Watching video content aids in retaining information far better than reading the same stuff. Many publishers are now incorporating videos into their eBooks to keep the learner's engaged in the course material. Videos and animations add an entertainment value while being informative at the same time. It helps improve their capability to learn and recollect information.

5. Experiment with Augmented Reality: Augmented Reality is transforming the learning space at an incremental pace. Bringing AR into e-Books provides an immersive learning experience to the learners. AR can transform any normal image into

[1] Address of the Head of State of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan: Strategy "Kazakhstan 2050" December 14, 2012.

an enhanced 3D image, which the learners can view from all angles.


They just need to point their AR app-enabled system at the image or object, and a computer-generated visual pops up on their screen. This 3D image helps provide learner with an immersive and compelling learning experience. Learners would find these enhanced visuals more interesting over flat diagrams. It can also have links to relevant external sites, where they can find more information about the projected image.

6. Save Printing Costs: EBooks do not require paper. Authors can submit their work in a PDF format, which can be converted into electronic books. Paper does not come into the picture. So, it saves all your printing related costs, right from purchasing printing paper, designing the layouts and hardcover etc. It even saves the environment by eliminating the need for printing. Millions of trees are cut down each year to produce paper. Add to that the transportation costs, paper making costs, and the entire carbon footprint it leaves behind. All this can be avoided if you switch to eBooks. This is also the reason why eBooks in education can be the best alternative than its counterpart printed books.

7. Provide Updated Content to Learners: In traditional paperback books, if there's some updated information that needs to be included in the syllabus, you'd probably have to reprint new books. But with eBooks, all the learning material is stored on the cloud. This means, eBooks can be updated anytime you want, and it wills be reflected in all eBooks. So, you can always ensure that your learners have up-to-date information with them at all times. This again saves your reprinting costs.

8. Interactive Assessments: A eBooks include self-assessments for learners to test their knowledge. It does away with the traditional style of giving a quiz at the end of the chapter. EBooks are embedded with quizzes and exercises throughout the chapter and also after the chapter ends, to ensure that learners retain the information that they are reading. It helps measure whether the learner has understood the concepts properly. A eBook assessment can provide minute results, so learners can immediately view the test results. Not just learners, the teacher can also view test results and provide immediate feedback. The introduction of eBooks in education has optimized the learning experience. It has turned learning into a fun and engaging event. Learners no longer dread having to carry a load of books and sit through hours of lectures paying only half attention to what is being taught. An eBooks ensure that learners are proactively interacting with the learning material by way of videos, animations, augmented reality, changing displays, taking notes etc. Digital books provide learners with a completely enriched learning experience and help them improve their academic performance [Duisenova M.M., 2019, p. 126-128].

An electronic textbook is a multimedia textbook, and, of course, the structure of an electronic textbook must be of a qualitatively new layer. E-books also save time for the learner, not only looking for textbooks, but also remembering past and forgotten learners.



Picture 1 – Advantages and Disadvantages of eBooks [Babylon & Ontolog, 2015, http://www.bonynetwork.eu].

The ability to view the textbook multiple times is based on the individuality of the children: for one it is enough to view it for life, while for others it is enough to view the material several times. All this is possible due to the fact that the learner works individually with an electronic textbook.

And as far as the teacher can help, the entire textbook is beautifully illustrated. Teachers do not

need to prepare visual aids. The design is professional. Electronic textbooks are voiced and contain elements of realistic interaction that will not go unnoticed by the learner's response. The learner not only reads the text, but also becomes an active participant in the educational process, completing assignments and answering questions.

We are now at the level of explaining and presenting pedagogy. We can't imagine ourselves without visual aids. If we take time for the learning system, students will only have two minutes to actively teach lesson. Most of the time is spent by a mentor. And learning methods make possible the full development of the educational program using information technology. And new methods give a new impetus to the learning process, increasing the motivation and activity of students. The more effective the student is, the more effective his / her learning. These methods will also help learners discover new opportunities. Students will be given multifaceted assignments with interactive assignments. The best thing is what the student says about the right things when they do their homework.

The use of multimedia toolskit in the lessons allows us to fully implement the basic principles of enhancing cognitive activity: the principle of equality of positions, the principle of trust, the principle of feedback, the principle of occupying a research position. The use of multimedia toolskit arouses interest in the child: animated fragments bring the studied processes closer to the child's life. The range of computer use in the educational process is very large. The computer has greatly expanded the ability to present educational information in my lessons. The use of color, graphics, sound, Innovative video technology allows you to simulate various situations. The use of information computer technologies provides fundamentally innovative opportunities for increasing the effectiveness of the educational process. The main goal is to identify the capabilities of electronic books in increasing the effectiveness of training, developing constructive abilities of learners in English classes, and realizing the potential of each participant in educational activities.

In the process, teachers use non-standard teaching methods:

➢role-playing games, discussions, interactive discussions, "brainstorming", round tables that develop learners' language competence and their socially active position;

➢constructive learning tasks for the development of speaking, reading, listening and writing skills;

➢test tasks that help to control the mastery of skills; project activities, thematic presentations used to develop independent search activities of learners, in the preparation of which learners use tables, posters and other illustrative material;

➢internet.

At the moment, there are a large number of sites dedicated to teachers of foreign languages. On such sites I find ready-made lessons of foreign language teachers, newspaper articles, various thematic texts, exercises, grammar explanations, audio books, presentations and flipcharts that I process and use in my work [Zhetpisbaeva B.A., Kokhanover T.A., Asylbek T.D., 2018, p. 105-107].

The use of multimedia presentations in the lesson created using this program allows teachers to:

• better implement the principles of visibility and accessibility in training;

• more efficient use of time in the lesson;

• create problem situations in the lesson, which activates the cognitive activity of learners.

Currently, it is necessary to uphold students to think, feel, and work with information on their own. With this in mind, the development of English as a language of thought maturity, the expansion of vocabulary and thinking will increase the knowledge, depth and quality of English. To implement this direction, it is necessary to translate textbooks of the new generation into electronic versions.

When developing an e-book, graphic information should be more comprehensive than textual information, since it contributes to the learner's quick and visual perception of information. Therefore, the priority in teaching foreign languages should be for oral exercises. In addition, the specific tasks of the subject "foreign language" include the formation of learners' secondary language personality as an indicator the capability of a person to participate fully in cross-cultural communication. This leads to an obvious conclusion: an electronic textbook on the English language should be prepared by the Union of the author, editor and the programmer so that not only perform common function of educational publication, correspond to its reader's address, special requirements for electronic textbooks, and also to textbooks on this discipline, but also to implement in the full range of features that multimedia offers technologies that are so necessary for the most effective and high-quality foreign language teaching and development of learners secondary language personality. Electronic textbook, the content of which is completely in the Internet may indicate a different educational reality. What should I call it: electronic or remote? Maybe an online textbook? In this case, the electronic textbook in the online version is part of a distance learning system? So, a electronic textbook, an online textbook, or an remote one the course of study is a link in the same chain: distance learning [Keith Johnson, 2001, p. 162].

CONCLUSION

In this work, the topic of the introduction of electronic books in the educational process was considered. Now, when there is a extensive introduction of new information technology toolskit

in educational institutions and the educational process overall, the idea of using readers is relevant and in demand.

As Johann Wolfgang Goethe said: "Every teacher should learn and apply a new innovative educational process know that you need to apply this knowledge, you have little intention and you need to implement it."[1]

The relevance of this question is dictated by the situation in the education system, when there are people who are ready and eager to introduce new forms and methods of practice session in practice, but the imbalance of the Russian software market does no allow utilize the fully rich potential. In English lessons, using an electronic books is not an end in itself, in my opinion, but an effective tool for developing skills. We do not apply information and interaction technologies at every lesson, but when introducing or completing a new topic, repeating the material, preparing didactic materials, using multimedia technologies for educational programs, extracurricular activities.

[1] Johann Wolfgang Goethe (born August 28, 1749,[Germany]—died March 22, 1832), German poet, playwright, novelist, scientist, statesman, theatre director, critic, and amateur artist.

REFERENCES:

1. Address of the Head of State of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan: Strategy "Kazakhstan 2050" December 14, 2012.
2. Duisenova M.M. «Agylshyn tilin karkyndy okytuda kezdesetin maseleler» // Khalykaralyk gylymi zhurnal. «Kazakstannyn gylymy men omiri» - Almaty, 2019. - №12/1.-126-128 b.
3. Babylon & Ontology. (n. d.). Multilingual and cognitive e-Learning Management System via PDA phone (BONy). Retrieved from
4. http://www.bonynetwork.eu
5. Zhetpisbaeva B.A., Kokhanover T.A., Asylbek T.D. Problems of continuity of English language curricula of preschool institutions and elementary schools in Kazakhstan// Nauka i zhizn Kazakhstana. – Astana, 2018-№1 (54). - C.105-107.
6. Keith Johnson, an Introduction to Foreign Language Learning and Teaching. Edinburgh: Pearson Education Limited, 2001, 162 p.

ӘӨЖ 811.512. 122'1



ЖИЛКУБАЕВА АМАНТАЙ ШАЙМАРДАНОВНА
профессор, ф.ғ.д.
қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасы
С.Аманжолов атындағы ШҚУ

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДАҒЫ КОНЦЕПТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨРІСІ

Түйін. Мақалада қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптасып келе жатқан лингвомәдениеттану саласында кең қолданыс тапқан концепт теориясының дамуы туралы айтылады. Концепт ұғымына байланысты ресей және қазахстандық тілшілердің анықтамаларын бір жүйеге келтіре отырып, автор өз ойын да білдіреді.

Түйінді сөздер: лингвомәдениеттану, концепт, теория, жүйе, ұғым, тілші –ғалымдар.

Резюме. В статье автор рассматривает развитие теории концепта в одном из новых направлений казахского языкознания – лингвокультурологии. Анализируя и систематизируя мнения российских и казахстанских ученых - языковедов насчет сущности концепта, автор делает и свои выводы.

Ключевые слова: концепт, лингвокультурология, ученые-языковеды, теория,система, понятие.

Summary. In the article, the author considers the development of the concept theory in one of the new directions of Kazakh linguistics – linguoculturology. Analyzing and systematizing the opinions of Russian and Kazakh linguists about the essence of the concept, the author draws his own conclusions.

Keywords: concept, linguo-cultural studies, scholars -linguists, theory, system, concept.

Еліміз егемендік алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты қоғамда тарихи сана мен ұлттық таным қалыптаса бастады. Осыған байланысты бүгінгі таңда ұлттық-мәдени мұраның тарихи маңызын саралап, қайта бағалау мүмкіндігі туып отыр. Бұл үдерістің, әсіресе, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру" атты мақаласына байланысты өзектілігі артып отыр. Соңғы кезде тіл мен танымды жіктеп қарамай, оларды біртұтас құбылыс ретінде сабақтастыра қарау академик Ә.Қайдаров ұсынған "тіл мен ұлт біртұтас" немесе "адамды тіл әлемі арқылы тану" деген қағидаларға сүйенетін қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттардың қалыптасуына әкелді. Олар: лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика.

Бүгінгі әлемдік кеңістік аясындағы жаһандану үдерісі мен рухани-мәдени сұхбаттастықтың дамуы өнердің, діннің, ғылымның, саясат пен экономиканың өзара байланысын нығайтып отыр. Осы ретте мәдениет ғылымның кез - келген саласында өзінің нақтылығымен, ғасырлар бойы өз бойына жинаған мәдени деректерімен, өзінің қалыптасуы және дамуы барысында өткерген тарихи кезеңдерімен өзіндік мазмұнға ие.

Ұлттық тілдің қызметін тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, оның ғасырлар бойы ұлттың тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, әдеп-ғұрпымен, өнері және әдебиетімен, сол тілді тұтынушы этностың тұрмыс-тіршілігімен, ішкі ділімен тығыз байланыстағы табиғи құбылыс екендігін анықтаудың маңызы зор. Бұл үдеріс түптеп келгенде, тіл этномәдени кеңістіктің ажырамас бір бөлшегі екендігін көрсетеді.

Түркі халықтарының этномәдени кеңістігі этностардың тұтас өркениеттік аясы болып табылады. Ол - тек еуразиялық Ұлы даламен шектелмей, адамдық мәдениеттің озық туындыларын өмірге алып келген өміршең құбылыс. Кеңістік аясындағы мәдениеттің табиғи қалыптасқан тұтастығын сақтайтын факторлардың бірі – түркі халықтарының болмысымен сабақтасқан материалдық мәдениет атаулары.

Ұлттық мәдени кеңістіктің бір көрінісі материалдық және рухани байлық арнасымен біте қайнасқан тағам атауларында тұрақтанған. Сондықтан да түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде тағам жүйесінің алатын орны ерекше

Кез келген қоғамда адам қоршаған ортаны ой қабілеті арқылы танып біледі. Ал тіл - ой қызметін таңбалар арқылы бейнелейді. Яғни, танымтүсінік тіл арқылы емес, ойлаудың, қабылдаудың нәтижесі арқылы жүзеге асады. Тілдің өзі күрделі танымдық үдерістің маңызды бөлшегі болып табылатындықтан, тілшілер әр түрлі тілдік бірліктерді когнитивтік семантика, концептілік талдау, ұлттық таным сияқты ұғымдармен сабақтастыра зерделеп келеді. Бүгінде танымдық қағидалар тарихи мәселелерді шешуде, салыстырмалы, салғастырмалы талдаулар тілдік универсалий негіздерін сұрыптауда және тілдегі уәж себептерін айқындау барысында да маңызды бағыттар басшылыққа алынып, жаңа когнитивтік теориялардың қалыптасуына, болашақта қазақ тіл біліміндегі ғылыми мектептер мен бағыттардың жүйеленуіне ықпал етіп отырғаны сөзсіз. Осы тұста ғалым А.Ислам: «лингвомәдениеттануда концепт жалпы бір ұлт мәдениетінің басты элементі, адамның ментальды әлемінің басты ұяшығы деп танылды», немесе «...этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық

болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым болып табылады» [Ислам А., 2004, б.15] деп көрсетеді.

«Адамзат баласы қашанда өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың мәнін, сыр-сипатын жете білуге тырысқан. Бірте-бірте олардың даму заңдылықтарын ашып, дүние танымын кеңейткен» [Сағындықұлы Б., 2003, б.5], -деп ғалым Б.Сағындықұлы атап көрсеткендей, адам ойының нәтижесінен когнитивтік модель қалыптасады. Белгілі бір мәселені шешу ойлау қарекеті арқылы жүзеге асса, адам соның құрушысы. Мұндайда ол бұрыннан жинақталған білімге сүйенеді: ойлау харекеті арқылы санадағы бұрын алынған білімдер саралана бастайды. Кейде бұрын алынған білімдер мен өмір тәжірибесінде жаңадан алынған білім бір-біріне қайшы келуі де ықтимал. Мұндайда индивид ақыл-кеңес алу сияқты біреудің өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуі мүмкін немесе сол мәселені шешуде алған білімін әрі қарай кеңейту үшін іздене түсуі я болмаса өзге бір индивидпен тәжірибе алмасуы мүмкін. Бұларды индукция, дедукция, ой қорыту, пайымдау, ассоциация тәрізді ойлау процесі барысында және салыстыру, бірегейлендіру, танып білу, категорияға топтастыру, объектілерді классификациялау операциялары арқылы алынатын деректер» деп танимыз [Уәлиев Н., 2007, б.43]. Ассоциация бұрыннан келе жатқан ұғыммен жаңа қабылданған ұғымның арасындағы байланыс негізінде қалыптасады. Мысалы тағам атауларына қатысты: *«ет етке, сорпа бетке»; «шешесін көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш»; «тойдың көркі аспенен»* деген мақалдардың мәні заман ағымына қарай жаңаша мәнге ие болуда. Стереотип қоршаған ортаның нақты шындық көрінісі. Бізге белгілі кез-келген тіркес астарында стереотиптік құбылыс бар. Мысалы: *«аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды», «ақымақ жылынса тон киместей, тойса нан жеместей»және т.б.*

Кез-келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: біріншіден, тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы «әлем бейнесі» жалғасады. Бұл жерде айтпағымыз, ғаламның кез-келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы және өзіндік ерекшелігін айқындайтын деректер – символ сөздер болып табылады. Ал, символ көпқырлылығымен танылатын мәдениеттің тұрақты элементі. Осы құбылыс тілде көрініс табады. Ғалымдар Э.Сепир мен Б.Уорфтың болжамы бойынша, түрлі тіл өкілдері әлемді өз көзқарасы негізінде танып, өзінше пайымдайды. Фразеолог ғалым Р.Авакова «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты» деп көрсетеді [Авакова Р., 2002, с.70]. Мысалы: үйлену салтына байланысты қалыптасқан тағам тарту жүйесін айтар болсақ – құйрық-бауыр асату, саумал ішкізу, бас тарту, төс тарту, шашудың астарында ұлттық символизмдердің жалпы көріністері баяндалған. Ал, жоғарыда көрсетілген когнитивті модельді ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға (ассоциация, стереотип, символ, бейнелер) зер салсақ, олардың адамның ойлауы мен түсінуіне, қабылдауына, елестетуіне ықпалы ерекше екенін тануымызға болады. Сондай-ақ сөз мағынасының қалыптасуында да айналамыздағы заттар мен құбылыстардың мағыналық элементінің қызметі айырықша. Ал сөздің мағынасы таным теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады. Ұлт танымының оның ішінде жеке бір халық, қазақ халқының биік танымы мен талғамын танытатын мәдени құндылықтары болса, осы құндылықтарды жүзеге асыратын ұлттың мәдени көрсеткіші – көркем де бейнелі тілі арқылы беріледі. Тіл құндылықтарының бір шоғырын қазақ тіл білімінде тағам атаулары құрайды.

Ұлттық болмысты танытатын тағам атауларының астарында жалпыұлттық этномәдени мән бар. Қазақтың байлығын, барлығын паш ететін тағамдары: қазы-қарта, жал-жая, шай, бал, секер, ащы қымыз, ақ шұбат т.б. десек, жоғарыда келтірілген тілтанымдағы денотат, референт, сигнификат сынды ұғымдар негізінде жалпы түркі тілдеріне ортақ кейбір тағам атауларының когнитивтік құрылымын былайша ұсынуға болады:

Кесте 1

денотат	сигнификат	референт
НАН		
тағамның бастауы, «нан-тамақтың атасы»	тоқшылықтың негізі, тіршілігі бар «нанын тауып жеп жүр»	түркі халықтарының тамақтану жүйесіндегі міндетті атрибуты
ЕТ		
қазақ халқының ұлттық негізгі асы	сыйлы, қадірменді тағам	ежелден келе жатқан мәртебелі ас
СҮТ		
ақ, сусын	киелі - ақ, емдік сусын	отбасындағы тоқшылықтың арқауы, ақтан жасалатын тағамдардың негізгі бастауы

ҚЫМЫЗ		
ақ, сусын	сән-салтанат құру, масаттану (қымыз ішіп, мас болып), байлық талғам (сары бұйра қымыз, қымыран қымыз т.б.)	қазақтың мамыражай, бейбіт тұрмысы, емдік, шипа, қазақтың өткенін аңсау
ШАЙ		
кірме сусын, барлық, байлық	тоқшылық, мырзалық, сахилық, кісіге қайыр көрсету (Салтанат қонақ түсіріп, Қырмызы-қызыл шәй беріп)	талғам «қырмызы қызыл шай», кедейліктің сипаты (шай бере алмау)

Қазіргі тіл білімінде нақ лингвистикалық формалар, тұтас алынған сөз арқылы ойлау қызметі ғана емес, сонымен бірге жалпы тіл ұстанушының тілдік бірліктер мен категорияларда көрініс тапқан дүниені қабылдауы мен дүниетанымы да зерттелуде. Мұндай зерттеулерде ең тиімді (идеалды) бірлік-концепт болып табылады. Ол – тіл құралдары арқылы репрезенттелген менталды кешен. Бүгінде концепт феноменінің бірнеше ғылымдар контексінде базалық ұғымға айналуы, оны әр саладан тануға және жеке теория ретінде қалыптасуына жол ашты. Бұл теорияның негізінде концепт лингвомәдени ерекшеліктерді бойына жинаған сөздік және тілдік категориялар арқылы көрінетін менталды білім ретінде қаралады.

Концепт адам санасында әмбебап қызмет атқарады. Оның қазіргі тіл білімінде термин ретінде қарастырылуы әр алуан. Концепт термині ғылыми әдебиеттерде XX ғасырдың ортасында қолданысқа енген. Алайда 1928 жылы жарияланған «Концепт и слово» атты мақаласында ғалым С.А.Аскольдов «концепт» терминін - «мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [Аскольдов С.А., 1997, с.267] деп түсіндіреді.

Концепт мәселесі ресейлік ғалымдар тарапынан түрлі анықтамаларға ие. Олардың пікірінше, «концепт» термині «ұғым» сөзінің синонимі («Лингвистический энциклопедический словарь»). Когнитивтік лингвистикада „концепт", „ұғым" және „мағына" сөздерінің ара-жігін ажырату қажеттігі туды.

Бастапқы кезде өзара мағыналас, синонимдес деңгейде қарастырылған бұл терминдер, кейін тек мазмұны жағынан ғана емес, әдіснамалық тұрғыдан да, ғылыми жүйеге қатыстылығы тұрғысынан да бөлшектеніп талданатын болды. Біріншіден, ұғым – объектінің танып білген белгілерінің ғана жиынтығы делінсе, концепт – кез келген ұғым емес, ментальді ұлттық сипаттағы құрылым, белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін күрделі механизм ретінде анықталды; екіншіден, ұғым логика мен пәлсапа терминдері қатарында қабылданса, концепт математикалық логика, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымдарының нысанын құрады; үшіншіден, концепт пен мағына айырмашылығы да екеуінің ұғымдық арақатынасымен дәйектеледі: „концепт шынайы объектінің әлдеқайда тұрақты танымдық көшірмесі іспеттес, өйткені мағынаға қарағанда, ол қоршаған ортамен еркін байланысқа түсе алады, ал сөз бен оның мағынасы, керісінше, сол концепттің бір бөлшегі деп қабылдануы керек. Ғалым В.Н.Телияның көзқарасы бойынша, «концепт – это все то, что мы знаем об объекте во экстенсии этого знания» [Телия В.Н., 1996, с.97], - яғни, белгілі бір заттың жалпы абстракциялы белгілерінің барлығы концептіні құрайды. Автор концептіні белгілі бір зат не құбылыстың әлемдегі типтік образдары мен «прототипін» қалыптастыратын категория екенін ерекше атап өтеді. Концепт ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А.Вежбицкая), концепт, біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы»(В.Н.Телия) «құдайлық ілімді танудың, сол арқылы, соны ұғыну арқылы халықтың рухын, ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (В.Гумбольдт) тәрізді анықтамалармен беріліп жүр.

Кейбір ғалымдар концепт салыстырмалы түрде ақиқат нысанының тұрақты танымдық көшірмесі, өйткені ол мағынаға қарағанда әлеммен тікелей байланысқа түседі, яғни сөз бен оның мағынасы әрқашанда концептінің бір бөлігі ғана деп көрсетеді. Қай қырынан алып қарасақ та, концептіні – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі деумізге болады. Мысалы, когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған: «жадының, ментальді қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [Е.С.Кубряковой., 1996, с.90] деген анықтама берілген. Осыған орай, қазіргі лингвистикада концепт үш түрлі- лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық бағытта талдана қарастырылып келеді. Зерттеушілер С.А.Аскольдов, Д.С.Лихачев, В.В.Колесов, В.Н.Телия концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс, концепт сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп санайды. Концептінің мәнін когнитивті тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер (З.Д.Попова, И.А.Стернин сондай-ақ, «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінің авторлары Е.С.Кубрякова, В.З.Демь-

янков, Ю.Г.Панкрац, Л.Г.Лузиной, Б.Қасым) концептіні менталды ойлаудың бірлігі ретінде қарастырады. З.Д.Попова, И.А.Стернин концептіні «ауқымды ойлаудың бірлігі» («как глобальную мыслительную единицу, представляющую собой «квант структурированного знания») ретінде қарастырады. Зерттеушілер Н.Д.Артуюнова, В.В.Колесов, З.Д.Попова, И.А.Стернин, Ю.С.Степанов, В.Н.Телия, Л.О.Чернейко концепт лингвомәдениеттанымдық аспектіде барынша кең ұғым, оның мазмұнына ұғымдық белгілерден де басқа осы зат-құбылысқа қатысты барлық мәдени-аялық ақпарат енеді, деп көрсетеді. Ғалымдардың ішінде Н.Арутюнова концептіні ұлттық дәстүр, фольклор, дін, идеология, өмірлік тәжірибе, өнердегі бейнелер сезімдік, бағалауыштық жүйе тәрізді факторлардың өзара қарым-қатынасының нәтижесі болып табылатын практикалық (күнделікті қолданыстағы) философияның ұғымы ретінде қарастырады, «мәдени концептілер - бұл ең алдымен философиялық мәдени терминдердің қарапайым сәйкестігі (үйлесімі). Осы ұғымды білдіретін тіл бірліктері ғылыми, философиялық, мәдени ұғымдарды таныта отырып, жалпыға ортақ күнделікті қолданыстағы мағыналардың таңбасы бола алады», - деп көрсетеді [Арутюнова Н.Д., 1988, с.117].

Зерттеуші ғалым А.П.Бабушкин: «Концепт – дискретная содержательная единица коллективного сознания или идеального мира, хронимая в национальной памяти носителя языка в вербально обозначенном виде», [Бабушкин А.П., 1996, с.13]– деп түсіндірсе, ғалым Ю.С.Степанов «концепт» мәдени термин деген анықтама жасайды. оның пікірінше: концепт мәдениетті тудыратын, мәдениеттен туатын, экстралингвистикалық, прагматикалық ақпаратқа ие шағын модель [Степанов Ю.С., 1997, с.40]. В.В.Колесов: концепт «исходная точка семантического накопления слова и конечный предел развития» [Колесов В.В., 1992, с.39] деген тұжырымын ұсынады. Зерттеуші И.В.Карасик те, концептіге «алғашқы мәдени құрылым» деген сипаттама бере отырып, адамның сан алуан болмысынан мағыналы көрініс беретін сөздер тізбегі деп түсіндіреді [Карасик В.И., 2001, с. 98]. З.Д.Попова, И.А.Стернин және т.б. ғалымдар концептіні «ғаламдық ойлау бірлігі» деп есептейді. Олардың көзқарасы бойынша концепт тілде лексемалар, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, сөйлем және мәтіндер арқылы көрініс табады [Попова З.Д., Стернин И.А., 1999, с.107.]. Яғни, концептінің тілдік көріністерін қарастыру арқылы, біз сол тілді иеленуші ұлт санасындағы тілдік көріністердің мазмұнын түсіне аламыз деген пікірге тоқталады. Концепт термині мәнінің күрделілігі оның екі жақты табиғатынан аңғарылады. Осыған сәйкес орыс ғалымы В.А.Маслова концептінің төмендегідей белгілерін атайды: «это минимальная единица человеческого опыта в его идеальном представлении, вербализующая с помощью слова и имеющая полевую структуру; это основные единицы обработки, хранения и передачи знаний; концепт имеет подвижные границы и конкретные функции; концепт социален, а его ассоциативное поле обусловливает его прагматику; это основная ячейка культуры» [Маслова Л.А., 2003, с.46,47],- дей отырып концептінің зерттелу қырын В.А.Маслова үш түрлі деңгейде көрсетеді: 1/ Мәдениеттанымдық аспектіде. 2/ Семантикалық аспектіде. Тілдік таңбаның семантикасы концепт мазмұнының қалыптасуының бірден-бір құралы болып табылады. 3/ Адамның жеке және халықтық тәжірбиесі негізінде жинақтаған білімін зерттеу аспектісінде. Автор концептінің мәдениеттегі құндылығын былайша көрсетеді: олар жалпы адамзаттық немесе әмбебап құндылықтар; адамның тұтынған мәдениет түрлеріне байланысты қалыптасқан ұлттық-мәдени құндылықтар; адамның белгілі бір әлеуметтік қатарға тәуелді болуына байланысты әлеуметтік құндылықтар; тілдік тұлғаның қандай да бір жыныс түріне, жас мөлшеріне жатқызылуына байланысты топтық құндылық түрлері; тұлғаның білімі, тәрбиесі, жеке тәрбиесі, психофизиологиялық ерекшелігі негізінде қалыптасқан индивидуалды-даралық құндылығы [Маслова Л.А.,, с.32].

Осы тұрғыда Е.С.Кубрякова тілдік құрылымдар арқылы айқындалатын концептілер тізбегін 2 түрлі бағытта қарастыруға болады деп атап көрсетеді 1/ дүние туралы мағлұматтарды ұсыну, көрсету бағытында; 2/ адам санасында белгілі бір мазмұнға сәйкес және әр түрлі жағдайларға қатысты деректерді жинақтау бағытында деп көрсетеді. Сондай-ақ, адам ойын тек тілдік құралдар ғана емес, бейвербалды қимыл-әрекеттер де білдіре алады, себебі олар адамның логикалық заңдылықтарға бағынған әрекеттерінің нәтижесі болып табылады деп тұжырымдайды [Кубрякова Е.С., 1991, с.112]. Қазіргі орыс тіл біліміндегі концепт терминіне берілген анықтамаларды саралай келіп, зерттеуші С.А.Юлтемирова оларды үш негізгі бағытқа бөледі: лингвистикалық, когнитивтік және мәдениеттанушылық бағыттар [Юлтемирова С.А., 2006, с.6]. Концепт теориясын ұлттық тіл білімі аясында ғылыми негіздеуде қазақ зерттеушілерінің де өзіндік ой-тұжырымдары бар. Қазақ тіл білімінде «концепт» мәселесіне ерекше тоқталып, оның ұғым, мағына және фреймдік құрылымдарға қатысын, оның теориялық өрісін кеңейте түскен танымал ғалым Н.Уәли. Автор: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремологиялық тб.) құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым» [Уәлиев

Н., 2007, б.336], деп көрсетеді. Концепт туралы теориялық тұжырымдар жасауда көптеген зерттеушілер концептінің белсенді қабаты (яғни әр мәдениет тұтынушыға белгілі негізгі актуальды нышаны) жалпыұлттық концептіге кіреді, ал белсенді емес (қосымша нышан) қабаттары жеке субкультуралар концептосферасына жатса, ішкі форма (күнделікті өмірде сезінілмейтін, тек мамандарға ғана түсінікті) мәдениет тұтынушылардың көбіне концептінің бір бөлшегі емес, тек оның детерминделген мәдени элементерінің бірі ғана болады деген пікірді негізге алады.

Сонымен, қазіргі тіл білімінде концепт табиғатына байланысты бірнеше көзқарастар бар: 1) концепт- бұл құбылыстың лингвокогнитивті түсіндірмесі: 2) концепт-лингвомәдениеттанымдық құбылыс: 3) концепт-жанжақты құбылыс, ол жоғарыда аталған аспектілердің қай-қайсысы арқылы да талданады. Бірінші бағытты ұстанушылар концептіні лексикалық бірліктердің мағыналары арқылы зерттеуді қажет деп санайды. Екінші бағытты ұстанушылар сөз бен тілдің негізінде «дүние бейнесінің ядролық бірлігі» болып табылатын, жеке тілдік тұлғалар үшін, сондай-ақ, лингвомәдениеттанымдық ұжымға бірдей ортақ мәдени концептілерді зерттеуді ұсынады. Үшінші көзқарастағылар мәдени концептілерге практикалық философия тұрғысынан немесе индивидтің,топтың менталды білімін когнитивті талдау тұрғысынан келуді мақсат етіп қояды.

Қазіргі таңда бұл ұғымның аясы кеңейе отырып, анықтама шеңберінде адамның барша психикалық ресурстары, сана қызметі, жинақталған тәжірибені танытар құрылымдар сөз болуда. «Концепт – жадының, концептуалды жүйенің, адам психикасында көрініс тапқан әлемдік бейненің, ментальді қордың оперативті бөлшегі» болғандықтан, оның негізінде тіл біліміне *концептуалды жүйе, концепттік ая* сынды ұғымдар да қалыптасып, кеңінен қолданыс тауып отыр. Тілшілер концептуалды жүйені „адам арқылы меңгерген барша тұжырымдар жиынтығының ментальді деңгейі" деп сипаттаса, концепттік ая- деп белгілі бір тілде сөйлеуші тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын, универсалды немесе жалпыхалықтық ілімдер мен жеке индивидуалды. Концептілік өріс – жеке бір адамның, бүкіл бір топтың тұтас бір халықтың мәдени дәрежесін айқындайтын концептілердің арасындағы байланысты қарастырады. Кез-келген көркем шығармаға концептілік талдау жасау ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру мақсатында іске асады. Осы ретте В.И. Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс – бітімін анықтау» деп түсіндіреді [Постовалова В.И., 1988, с. 80].

Концептінің құрылымын жалпылама түрде қарастырғанда бірқатар зерттеушілер оны шеңбер тәрізді елестетуге болатындығын, оның ортасында концептінің ядросы – негізгі ұғым орналасса, перифериясында мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер мен халықтық және жеке тәжірибе әсерінен қалыптасқан дүниеліктердің барлығы орналасатындығын айтады.

Концептінің ядросына, бірқатар ғалымдардың пайымдауынша, лексеманың лексикографиялық дефинициялары жатады, ал энциклопедиялық, лингвистикалық сөздіктерді қолдана отырып, сол концептінің ұлттық «ғаламның тілдік бейнесі» мен «тілдік санасындағы» орнын анықтауға болады. Бұны ұлттық концептінің пайда болу үрдісі деуге болады. Ұлттық концептілер жайлы М. Күштаева: «мәдениеттің бір элементі, онымен қатар оны түсінудің кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдері арқылы, біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Тірек концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз», – деген пікірге тоқталады. Ал, тілші Г.Исаева «ұлттық мәдени концепт – ұлттың рухани және материалдық мәдени құндылығының қадір-қасиетін санада ақпараттармен жүйеленген тілдік бірліктер арқылы ерекшелеп көрсететін концепт түрі болып табылады» [Исаева Г.С., 2008, б.6] деп көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген еңбектердің түп негізіне көңіл аударар болсақ, ғалым І.Кеңесбаевтың: «Бағзы заманнан халқымызбен қоса жасап, атадан балаға мұра боп селбескен тіл қазынамыз - ел-жұртымыздың, мәдени сана, ой-парасат, ұғым-наным атаулысының тоғысар түйіні, сарқар арнасы есепті» [Кеңесбаев І., 1987, б.110] деген пікірінің бүгінгі қазақ тіл біліміндегі жаңа бір белесі екендігі даусыз.

Қорыта келгенде, аталған ғылыми деректер мен тұжырымдарға сүйене отырып, лингвомәдениеттану саласында концепт мәселесіне қатысты бірегей пікірдің қалыптаспағанын байқадық. Дегенмен, ғылыми тұжырымдар негізінде «концепт - әр этнос үшін әлемдік бейненің сипатын танытатын, ұлттық, мәдени тілдік құбылыстардың ерекшелігін айқындайтын тілдік құрылым, этностың мәдени құндылығын кең шеңберде қарастыратын тілдік бірліктердің жиытығы» деп білеміз **[**Жилкубаева А.Ш., 2019, б.25].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама) //Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 54 б.

2. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 101 б.
3. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007. – 336 б.
4. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы, 2002. -152 б.
5. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология / под ред. Нерознака В.П. – Москва: Академия, 1997. – 300 стр.
6. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва, 1996. – 284 с.
7. Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей редакцией Е.С.Кубряковой. – М., 1996 – 245 с.
8. Арутюнова Н.Д. Образ/опыт концептуального анализа // Референция и проблемы текстоборудования. М., 1988, с.117-119.
9. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – ВГУ, 1996. – 13 б.
10. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. – Москва: Школа «Язык и русской культуры», 1997. – 824 с.
11. Колесов В.В. Концепт культуры: образ – понятие – символ // Вестинк СПбГУ. Сер.2. СП б., 1992. Вып. 3. – №16. – С.39.
12. Карасик В.И. Модельная личность как лингвокультурный концепт // Филология и культура. Мат-лы III международной конференции ч.2 – Тамбов: Из-во ТГУ, 2001.- 101 с.
13. Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж, 1999. –С.107
14. Маслова Л.А. Когнитивная лингвистика. – Москва: Академия, 2003. –287с.
15. Кубрякова Е.С. Особенности речевой деятельности и проблемы внутреннего лексикона // Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. – М., 1991. – С.82-140.
16. Юлтемирова С.А. Различные подходы к трактовке термина «концепт» // – БГПУ, 2006. – С.6
17. Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – Москва: Наука, 1988. – 216 с.
18. Исаева Г.С. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінің материалдары бойынша) // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферaты. Алматы, 2008. -27 б.
19. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. Алма-Ата: Ғылым, 1987. -352 б.
20. Жилкубаева А.Ш. Лингвомәдениеттану негіздері. Монография. Өскемен, 2019. -233б.

УДК: 81:37.013.77

ЖУБАТЫРОВА БОТАГОЗ ТАНЖАРБАЕВНА
6D010500-Дефектология мамандығының докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан

ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Арнайы білім беру дамыған сәттен бастап жоғары оқу орындарының алдында көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сондай-ақ ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтік бейімдеу және оқыту шараларын жетілдіру бойынша түзету шараларын жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау міндеті тұр.

Зерттеулер аномалды балаларды оқытуды ұйымдастыруды және тиімділігін жақсартуға бағытталған. Осы ақауларды зерттеуге бағытталған зерттеулердің өзектілігі тіл мен сөйлеудің әлеуметтік рөлімен анықталады. Арнайы педагогика мен психологияның классиктері өз еңбектерінде тіл адам өмірінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен. Тіл – қарым-қатынас, таным құралы ретінде белгілі, адамның ойлау қабілеті мен тілі тығыз байланысты.

Осы мамандық бойынша оқитын студенттер тіл мен сөйлеуді дамытудың барлық психологиялық-педагогикалық негіздерін білуі қажет. Қазақстанның көпұлтты ел екенін ескере отырып, түлек кәсіби ақпаратты меңгеруі және балаға түсінікті тілде түзету-дамыту қызметтерін көрсетуі тиіс. Бұл жағдайда түлек қарым-қатынаста қиындық көрмеуі керек, қажет болған жағдайда бір тілден екінші тілге ауыса алуы тиіс.

Тілдік құзіреттілікті дамытудың жоғарыда аталған аспектілері осы мақалада қарастырылған.

Түйінді сөздер. Құзырет, құзыреттілік, даму, тілдік қабілет, дайындық, тілдік құзыреттілік, билингвизм.

Резюме. С момента развития специального образования перед ВУЗами стоит задача подготовки специалистов, способных реализовать коррекционные мероприятия по совершенствованию мер социальной адаптации и обучения детей с дефектами зрения, слуха, речи, нарушениями опорно-двигательного аппарата, а также страдаших умственной отсталостью.

Исследования, направленные на улучшение организации и эффективности обучения аномальных детей. Актуальность исследований, направленных на изучение этих дефектов, определяется социальной ролью языка и речи. Классики специальной педагогики и психологии подчеркивали в своих трудах, что язык играет важную роль в жизни человека. Язык – есть орудие общения ладей, как средство коммуникации, инструмента познанная, так как человеческое мышление не существует без языка. Ученые в своих исследованиях утверждали, что мышление связано с языком.

Студенты, обучающиеся по данной специальности должны знать все психолого-педагогические основы развития языка и речи. Учитывая факт, что Казахстан является многонациональной страной, выпускник должен владеть профессиональной информацией и оказывать коррекционно-развивающие услуги ребенку на понятном знакомом ему языке. При этом выпускник не должен испытывать затруднения в общении, при необходимости переходить с одного языка на второй.

Вышеперечисленные аспекты развития языковой компетентности рассмотрены в данной статье.

Цель исследования: научно-теоретическое обоснование необходимости развития языковой компетенции будущих дефектологов в условиях билингвизма, определение особенностей развития.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, развитие, языковая способность, подготовка, языковая компетнтность, билингвизм.

Summary. Since the development of special education, Universities have been faced with the task of training specialists who are able to implement corrective measures to improve social adaptation and education of children with visual, hearing, speech, musculoskeletal disorders, as well as those suffering from mental retardation.

Research aimed at improving the organization and effectiveness of teaching abnormal children. The relevance of research aimed at studying these defects is determined by the social role of language and speech. Classics of special pedagogy and psychology emphasized in their works that language plays an important role in human life. Language is an instrument of communication of rooks, as a means of communication, a tool of knowledge, since human thinking does not exist without language. Scientists have argued in their research that thinking is related to language.

Students studying in this specialty should know all the psychological and pedagogical foundations of language and speech development. Taking into account the fact that Kazakhstan is a multinational country,

the graduate must possess professional information and provide correctional and developmental services to the child in a language that is understandable and familiar to him. At the same time, the graduate should not experience difficulties in communication, if necessary, switch from one language to the second.

The above-mentioned aspects of language competence development are considered in this article.

The purpose of the research: scientific and theoretical substantiation of the need to develop the language competence of future speech pathologists in the conditions of bilingualism, determining the features of development.

Keywords: competence, competence, development, language ability, training, language competence, bilingualism.

КІРІСПЕ

Қазақстандық кәсіптік білім беруде құзыреттілік «бәсекеге қабілеттілік», «мансаптық өсу» ұғымдарымен бірге пайда болды, олардың негізгі талаптары осы салада терең билингвалды білімі бар, кәсіби дағдылары мен біліктері бар, дұрыс шешім таба алатын, айналасындағы адамдармен ортақ тіл табуға, диалог жүргізілетін тілде қарым-қатынас жасауға дайын маман даярлау болып табылады.

Арнайы (түзету) білім беру педагогына арналған тіл кәсіби деңгейдегі әріптестерімен қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға түзету әсерінің құралы болып табылады. Болашақ дефектологтар балалардың сөйлеуіндегі әртүрлі тілдік деңгейлердегі нормалардың бұзылуын зерттеуге бағытталған, сондықтан тілдік құзыреттілік олар үшін ерекше мәнге ие: тілдік жүйенің дамуы мен оның ережелерін білмей, сөйлеу бұзылыстарын түзетумен сауатты айналысу мүмкін емес. Бұл тәсіл университетте тілдерді оқыту үдерісін ерекше ұйымдастыруды көздейді. Лингвистикалық пәндер болашақ дефектолог-мұғалімдерден тіл жүйесін білуді, тілдік құбылыстарды көруді және тануды ғана емес, сонымен қатар оларды сөйлеу тәжірибесінде сауатты қолдануды талап етеді. Арнайы (түзету) білім беру педагогы оқу және болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті терминологиялық ұғымдарды, әдістемелерді меңгеруі тиіс.

Педагогикалық үдерісті бақылау көп жағдайда дефектологтар құжат жазылған тілді жеткілікті білмегендіктен, ерекше балаға қызмет көрсету бойынша психологиялық-педагогикалық хаттамада көрсетілген ұсыныстар, мінездемелер орындалмай жатады; Қазақстанның көпұлтты балаларын тексеру және жүргізілетін түзете-дамытушы жұмыстар барысында бірнеше тілді білуді талап етеді, баламен жұмыс оған түсінікті тілде өтуі қажет; көптеген арнайы мекемелерде бірнеше тіілді меңгерген дефектолог маман жоқ, балаланың ана тілінде түзету жұмыстарын жүргізу үшін әдістемелер әлі де жеткіліксіздіктен мамандар оны аударуға мәжбүр. Бұл мамандар үшін қиындықтар туғызады.

Осы орайда құзыретті маман даярлауға бағытталған жоғары арнайы (түзету) білім беру жүйесін ұйымдастыру және құру қажеттілігі туындап отыр. Мұндай жағдайда университеттің міндеті – арнайы педагогика мен психология саласында пәнаралық білімі бар, болашақта әртүрлі әдістерге сүйене отырып, балалардың дамуындағы әртүрлі ауытқуларды уақтылы анықтауға, қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге, баланың ана тілінде білім беру процесін ұйымдастыруға, өз іс-әрекетін жобалауға, бағалауға және түзетуге, өзінің кәсіби дамуымен жұмыс істеуге қабілетті білікті маман даярлау. Айта кетерлігі, студент – маман емес, университет қабырғасында білім алып, кәсіби дағдылар мен біліктерін қалыптастырып, болашақ кәсіби қызметте қажетті қасиеттерді дамытушы. Бұл үдерісті оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, арнайы шарттарды ұйымдастыру арқылы мүмкін болады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көптеген еңбектер тілдік құзіреттілікті дамыту мәселесіне арналғанын көрсетеді. Алайда, билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзіреттілігін дамыту мәселесі қарастырылған ғылыми еңбектерде толық көрініс тапқан жоқ. Осылайша, біздің зерттеуіміздің өзектілігі айқындалды.

Зерттеу мақсаты: билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзіреттілігін дамыту қажеттілігін ғылыми-теориялық жолмен негіздеу, ерекшеліктерін айқындау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілдік құзіреттіліктің дамуы қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін арнайы педагогика мен психология саласындағы маман тұлғасының әлеуметтік-кәсіби жағын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, бірнеше тілді білу енді жалпы мәдени тілекті емес, қажетті кәсіби компонентті құрайтыны, өз саласында бәсекеге қабілетті маманның қалыптасуына ықпал ететіні даусыз. Оның қалыптасуы мен дамуы аясындағы зерттеушілер түрлі пікірлер айтуда, соларға шолу жасайық.

Зерттеушілер Ева М. Фернандес, Хелен Смит-Кэрнс (Eva M. Fernández, Helen Smith Cairns) адамның тілдік мүмкіндіктерін зерттей отырып, еңбектерінде тілдің дамуын психолингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдаған [Fernández Eva M., 2018, p. 770].

Роберто Г. де Алмейда, Лила Р. (Roberto G. de Almeida, Lila R.) психолингвистикаға үлес қосқан Джерри Фодор,Ноам Хомский, Том Бевер, Меррилл Гаррет, Массимо Пьяттелли-Пальмарини, Зенона Пылышина, Джанет Фодор, К. Рэнди

Галлистел, Эрни Лепор, Мэри К. Поттер, Лилы Р. Глейтман (Jerry Fodor. Contributions by Noam Chomsky, Tom Bever, Merrill Garrett, Massimo Piattelli-Palmarini, Zenon Pylyshyn, Janet Fodor, C. Randy Gallistel, Ernie Lepore, Mary C. Potter, Lila R. Gleitman) еңбектерін тілдің модулдері, тұжырымдамалары аясында зерделейді. Ақыл-ой мен тілдің арасындағы байланыс туралы критикалық көзқарастары қарастырылған [Roberto G. de Almeida, 2018, p.329].

Тілдің дамуын зерттеуші халықаралық мамандар Норберт Шмитт, Майкл П. Х. Роджерс (Norbert Schmitt, Michael P.H. Rodgers) лингвистика саласын зерттей отырып, көптілдіктің психологиялық аспектілеріне, екінші тілді оқыту педагогикасына шолу жасайды, сонымен қатар мәтінді оқу, жетістіктерді бағалау бойынша өз ойларымен бөліседі [Schmitt Norbert, 2020, p. 405].

Тілдің даму теориясы мен нейробиологиясындағы зерттеу технологиялары және әдістері бойынша Б.М. Аннет де Гроот, Питер Хагорт (Annette M.B. de Groot, Peter Hagoort) зерттеушілер тілді меңгеру шеңберінде озат практиктердің еңбектерін жинақтап жүйелейді. Олар дәстүрлі әдістермен қатар нейробиологиялық әдісте қарастырылады. Зерттеушілер еңбектерінде әдістерді практика барысында қолдану нұсқаулықтарын ұсынады. Әр әдістің тиімді тұстарын зерделейді, мысалдарды практикадан келтіреді [Annette M.B. de Groot, 2017, p. 409].

Зерттеуші Зиммерман Ева (Zimmermann Eva) болашақ дефектология мамандығының түлектеріне қажет тілдің морфологиялық тұстарын, просодикалық бұзылымы бар морфемалар жұмыс түрлерін зерттеп, тіл бұзылысы бар балалармен қандай жұмыстар жүргізуге болатыны туралы өз ойларымен бөлеседі [Zimmermann Eva, 2017, p.363].

Зерттеуші Вики А. Рид (Vicki A. Reed) диагностикалық категорияларға, ерекше проблемаларға сәйкес өз жұмысында мамандар тап болатын балалардың әртүрлі топтарына өз көзқарасын ұсынды. Автор тілді қалыпты меңгермеген балаларға жан-жақты ақпарат береді. Балалардың әртүрлі топтарының тілдік қиындықтарына арналған ғылыми-танымдық сұрақтар. Сондай-ақ тілдік араласуды, оның ішінде тілдік бұзылулары бар балаларға арналған балама коммуникацияны, тілді бағалауды, сондай-ақ тілдік бұзылулары бар балалармен араласу кезінде ескерілетін қолданылатын рәсімдер мен факторларды егжей-тегжейлі талқылау ұсынылған [Vicki A. Reed, 2017, p. 577].

Арнайы педагог өз жұмысында психолингвистикалық зерттеулердің деректерін: И.Н. Горелов, В.Н.Овчинников, А.М. Шахнарович, Д. Слобин, В.Н. Овчинников, Н.А. Краевская және т.б. қарастырды.

Ғалымдар тобы Амалия Бар-Он, Дорит Равид, Элицур Даттнер (Amalia Bar-On, Dorit Ravid, Elitzur Dattner) зерттеушілер мен практиктерге қолданбалы лингвистика бойынша өз пікірлерін, сонымен қатар коммуникативті бұзылулардың барлық аспектілері туралы заманауи ақпаратты ұсынды. Болашақ арнайы білім беру мамандары үшін ақпарат әртүрлі әлеуметтік және коммуникативті контексте адам өмірінің барлық кезеңінде мүгедектіктің кең спектрін анықтауға, диагностикалауға, емдеуге және емдеуге қызмет етеді [Bar-On Amalia, 2018, p. 971].

Зерттеушілер Даркуеннес Джероун, Джозеф С. Салмонс, Ванденбуссхе ВИМ (Darquennes Jeroen, Salmons Joseph C., Vandenbussche Wim) ғылыми еңбекте адамдардың тілдік байланысы туралы өз пікірлерін, тұжырымдарынымен бөліседі. Тілдік байланыстардың ерекшеліктерін ашты. Болашақ логопедтерге лексика, морфология, орфография және т.б. оқыту туралы ақпаратпен танысу пайдалы. Зерттеушілер тілдік байланыстың әлеуметтік аспектілері бойынша өз пікірлерін білдіреді [Darquennes Jeroen, 2019, p. 868].

Лин Хинтон, Лина Гус, Джеральд Рош қсынып отырған зерттеу екі бөлімнен тұрады, олардың біріншісі теория мен практикадағы тілдік қызметті жандандыруға арналған, ал екіншісі осы саладағы жаһандану мен деколонизация шеңберіндегі аймақтық перспективаларды қамтиды. Сонымен қатар тілдік қызметті жандандырудың маңызды мәселелерін қарастырады, оның ішінде: тіл құқығы, тіл және әл-ауқат, сондай-ақ тіл саясаты; оқу орындарында және үйде оқытылатын тіл; тіл үйренудің жаңа әдістері мен орындары; сонымен қатар құжаттаманың, әдебиеттің және интернеттің рөлі. Ғалымдардың зерттеуі сөйлеу бұзылыстары, оны қалыптастыру саласында жұмыс істейтін болашақ мамандар үшін танымдық ресурс болып табылады [Hinton Leanne, 2018, p. 552].

Мартин Мулдер 1950 жылдары құзыреттілік тұжырымдамасы енгізілген сәттен бастап құзыреттілікке негізделген кәсіби және кәсіби білім беру туралы қолданыстағы әдебиеттерге жан-жақты шолу жасады. автор құзыреттілікке негізделген білім берудің бірқатар түрлі тәсілдерін ұсынды және құзыреттілікке негізделген білім беру – бұл әр түрлі жолдармен институционализацияланған әлемдік инновация екенін көрсетті [Mulder Martin, 2017, p. 1144].

Эффект «навязывания сценариев и стереотипов» наиболее ярко иллюстрирует тему данной статьи. Просматривая сериалы, скандальные ток-шоу, фильмы различных жанров, особенно криминального или откровенного характера, навязывающие дурные модели поведения, подталкивают человека к повторению этих действий в жизни, маня своей безнаказанностью на экране. Открытые изображения сцен насилия могут повлиять, например, на детей, у которых еще не сформировалось критическое мышление, что повлечет за собой подражание увиденному. Что касается стереотипов: в разных культурах существуют стереотипы или архетипы персонажей, реализующиеся в основном сериалах. Наверное, более половины русских сериалов основаны на архетипе «Золушки», которой в конце достаются хороший муж и лучшая жизнь. Также преобладают все те же гендерные стереотипы, что и раньше, например, что мужчина должен делать первый шаг в отношениях. Как было доказано учеными из университета Мичигана, девушки, которые смотрят телевизор, более консервативны в отношениях ввиду подверженности стереотипам отношений полов.

Закладываются не только сценарии поведения, но и эмоции, которые мы должны испытывать в соответствии с сюжетом: грустное, страшное или веселое звуковое сопровождение, закадровый смех, давящая тишина или слезы актеров. Казалось бы, что в этом такого критичного? Но искусственные эмоции начинают вытеснять реальную жизнь: люди направляют свои переживания на несуществующих героев и иногда забывают о своей жизни, семье и ситуации в стране.

Несмотря на все вышеперечисленное, у телевидения есть и положительные функции.

Телевидение выполняет роль досуга: у людей есть возможность посмотреть места и мероприятия, на которые они не смогли попасть, увидеть фильм, на который мы не смогли сходить в кино, и все это можно осуществить дома, не теряя времени и денег.

Кроме того, телевидение создает иллюзию общения, спасает от чувства одиночества, избавляет от ощущения пустоты и тишины. Особенно это полезно для тех, кто живет один. Иногда просмотр драм и вовсе помогает человеку решить свои собственные проблемы и выполняет терапевтическую функцию.

режде всего, нужно осознавать, что то, что мы смотрим по телевизору, может многое рассказать об интеллекте, идеологии, религиозных убеждениях и чувстве юмора.

И все же, не нужно забывать, что мы – то, что смотрим по телевизору. Любимые для просмотра программы и даже целые телеканалы могут рассказать и об интеллекте, и о чувстве юмора, и об идеологической ангажированности, и о привычках, и иногда о религиозных верованиях. Стоит быть избирательнее по отношению к тому, что мы смотрим. Хотя телевидение и развивает, как утверждают ученые, память и внимание, оно подавляет творческое начало в людях ввиду стереотипизации и ориентированности на средний уровень интеллекта. Телевидение не формирует критического отношения к самому себе, но в наших силах задуматься, какой контент стоит нашего внимания и стоит ли смотреть телевизор в принципе.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Буданова Т.А. Современные тенденции в системе функциональных стилей русского языка / Т.А. Буданова // Социолингвистические проблемы в разных регионах мира. – М., 1996.

2. Доценко Е. Л. «Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита», М., МГУ, 1997

3. О. И. Маховская «Телемания: болезнь или страсть», М., Вильямс, 2007

4. Современный русский язык: социальная и функциональная дифференциация / [А.В. Занадворова, Е.В. Какорина, М.В. Китайгородская и др.]; Рос. акад. наук, Ин-т рус.яз. им. В.В. Виноградова; отв. ред. Л.П. Крысин. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 565 с

5. Харлицкий М.С. Новые явления в лексике современной масс-медиа (язык периодики) / М.С. Харлицкий // Язык и социум. – Ч.1. – Минск, 1998.

82.09.(574)

КЕНЖЕҚОЖАЕВА АЛМА МЕЙІРБЕККЫЗЫ
2–ші курс магистранты
Қайнар Академиясы

МУКТАРОВА ЭНИПА САҒИДУЛЛАЕВНА
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Қайнар академиясы

АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫНЫҢ ҮНДЕСУ СИПАТЫ

Түйін. Мақалада Абай мен Мұқағали поэзиясының лирикалық үндестігі, дәстүр жалғастығының сипаты баяндалады. Зерттеуде Мұқағали жырларынан Абай лирикасына ұқсастық белгілері байқалатыны, екі ақын поэзиясындағы ерекше үйлесімділік, көркемдік пен үндестік аңғарылатыны зерделенеді.Қазақ әдебиетіндегі өзіндік өрнегі бар қос ақынның махаббат, табиғат, саяси, философиялық лирикаларында өзара мәндес, идеялық жағынан ұқсас келетін жырлары салыстырылып талданады. Автор аталмыш мақалада талантты ақындардың кісілік қасиеттерді, сезім-эмоцияны, көңіл иірімдерін, ішкі жан дүние толғаныстарын, сонымен бірге адамзаттың қоршаған ортаға және табиғатқа деген қарым-қатынасы мен гармониялық үндесуін суреттеудегі классикалық шеберліктерін лирикалық туындылары арқылы дәлелдей алған. Ұлы ақын жырларындағы көркемдікті өз поэзиясына арқау еткен Мұқағали Мақатаевтың ақындық дәстүр жалғастығын бүгінгі жыр оқырмандарына ұтымды жеткізуі мақаладағы негізгі нысан ретінде оқырман мотивациясын туғыза алған. Сонымен бірге аталмыш мақала Абай мен Мұқағали шығармашылығының үндесу сыры мен дәстүр жалғастығын зерттеуді қажет ететін өзекті мәселені қозғайтындығымен құнды саналады.

Түйінді сөздер: Абай, Мұқағали, поэзия, лирика, дәстүр жалғастығы, үндестік.

Резюме. В статье рассказывается о лирическом созвучии поэзии Абая и Мукагали, характере продолжения традиций. В исследовании прослеживаются черты сходства стихов Мукагали с лирикой Абая, прослеживается особая гармония, художественность и созвучие в поэзии двух поэтов.В казахской литературе сравниваются и анализируются поэмы двух поэтов, имеющие свое выражение в любви, природе, политической, философской лирике, имеющие взаимное значение, идейное сходство. Автор в данной статье сумел доказать лирическими произведениями мастерство талантливых поэтов в изображении человеческих качеств, чувств-эмоций, душевных переживаний, а также гармонического созвучия и отношения человечества к окружающей среде и природе. Поэзия Мукагали Макатаева, воспевающая поэзию великого поэта, смогла передать поэтическую традицию читателям сегодняшней поэмы как основной объект читательской мотивации. В то же время данная статья представляет собой актуальную проблему, требующую изучения тайны диалога и продолжения традиций творчества Абая и Мукагали.

Ключевые слова: Абай, Мукагали, поэзия, лирика, преемственность традиций, созвучие.

Summary. The article describes the lyrical consonance of Abay and Mukagali poetry, the nature of the continuation of traditions. The study traces the similarities between Mukagali's poems and Abai's lyrics, and traces a special harmony, artistry, and consonance in the poetry of the two poets.Kazakh literature compares and analyzes the poems of two poets that have their expression in love, nature, political, philosophical lyrics, have mutual meaning, and ideological similarity. The author in this article was able to prove the skill of talented poets in depicting human qualities, feelings, emotions, emotional experiences, as well as the harmonious harmony and attitude of humanity to the environment and nature. Mukagali Makatayev's poetry, which celebrates the poetry of the great poet, was able to convey the poetic tradition to the readers of today's poem as the main object of reader motivation. At the same time, this article is an urgent problem that requires studying the mystery of dialogue and continuing the traditions of Abay and Mukagali's creativity.

Keywords: Abay, Mukagali, poetry, lyrics, continuity of traditions, consonance.

КІРІСПЕ

Қазақ поэзиясында шығармаларының өзіндік сипатымен, стильдік ерекшелігімен, дара суретімен, ғажап үйлесімімен орын алатын қос тұлға – Абай және Мұқағали. Абай Құнанбайұлының поэзиясын және өлеңдеріндегі өзіндік дәстүрді бүгінгі күнге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен жалпы шығармашылығынан іздеп келгеніміз анық. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен Абай лирикасының жалғастығын, дәстүрлер үндестігін зерттеу- бүгінгі қазақ әдебиетінде зерттеле қоймаған өзекті

мәселе. Абайдың ақындық талантының ашылып-дамуына жағымды әсер еткен халық ауыз әдебиетінің сарынын біз Мұқағали өлеңдерінен де байқаймыз. Ақын жырларының қайсыбірін оқып отырсақ та, ақынның ұлттық болмыс, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық салт-дәстүрді ұлттық құндылықтың шырқау шыңына шығарып қоятынын байқаймыз. Нағыз ақын үшін ұлттық болмыстың бастау алар көзі – тіл. Ал ақын өлеңдеріндегі тілдік ерекшеліктер, айрықша бояу, өзгеше реңк қазақ халқына тән ұлттық рух пен мінез құлықтың көшірмесіндей, оған сіңіп қалғандай сипатта танылады. Көркем сөздің, поэзияның өзі бастауын ана тілден, таза, асыл, мінсіз сөзден алса, бұл айтылғандардың барлығы Абай поэзиясында да анық аңғарылады. Екі ғасырда өмір сүрген ақындардың өлең-өмірде көтерген тақырыптары да өзара ұқсас болып келеді. Мұқағали өлеңдерінде философияның, ғұламалар ойларының әуендері жиі ұшырасады. Ал осындай өмірлік философия ұлы Абайдың поэмаларында жиі кездеседі. Махаббат, саяси, табиғат лирикасы, ода жанры тұрғысынан алып қарасақ, қос ақын жырларында сыршылдық сарын, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын және қоғамдық құбылыс сипатын танытатын философиялық ой-тұжырымдардың берілуінен де ұқсастық байқауға болады. Екі ақынның стильдік қолтаңбасынан, өлеңдерінің құрылымдық жағы мен көркемдік тәсілдерді сәтті қолдануынан да өзара үйлескен ұқсастықты байқаймыз. Тіпті ұйқас, шумақтар арасындағы үйлесімділік жағынан ұқсастық аңғарылады.

Мұқағали философиясы өз арнасын Абай сынды ұлы бастаулардан алған. Осы ретте Т.Ахметжанның: «Мұқағали – үлкен философ ақын. Мұқағали философиясын түсіну үшін Абай философиясын бойымызға сіңіре білуіміз керек»,- деген сөзін есте ұстаған абзал [Аймұратова Ж., 2008, б. 102].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңінде Абайдың ақындық дәстүрі мектебінен өтпеген, одан үлгі алмаған ақын-жазушы, көркемсөз шеберлері кемдекем.

Сөз басында айтқандай, Абай – өлеңге ебі бар жастарды «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, өнеріне көңілі толғанын ақын етіп тәрбиелеп, сол талаппен ақындық мектеп қалыптастырған ұстаз. Абай жасаған керемет поэзия, тамаша өлең -картиналар – әлі көп замандарға қызмет етерлік, тәлім бererлік құрал, көркемдік үлгі.

ТАЛДАУ

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі, Абай мектебі қалыптасты. Өткенімізге ой жүгіртсек, Абайдан үйренбеген, оны ұстаз санамаған ақын-жазушы жоқ екені анық.

XIX ғасыр ақыны Абай болса, Абайды ұстаз тұтқан Мұқағали XX ғасырда «Ғасыр ақыны» атағына ие болған. «Мен дағы өлең жазбаймын» деген өлеңінде ұлы Абайдың үлгісімен жазуды өзіне мақсат еткенін ашық айтады:

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден, – дейді.

Мұқағалидың қазақ лирикасының Абайдай алыбын үлгі тұтуы өте орынды. Ұлы Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік мектебі бар. Мұқағали осы мектептің бір түлегі ретінде оның Абайша ойлап, Абайша жыр бұлағын төгілдіруі, парасатты тұжырым жасауы заңды [Алпысбаев Қ., 2001, б. 55].

Абай өлеңнің «Бөтен сөзбен былғанбай, тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиюін қаласа, Мұқағали қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, реалистік тұрғыда оның құдіреттілігін танытты. Мұқағалидың «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, онда бір сұмдық бар естілмеген» деп, Абайша поэзия тереңіне бойлай түскісі келгенін байқаумен бірге, Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінің Мұқағалимен үндестігі барлығын таныдық. Әрқайсысы бір-бірінен бөлек екі кезеңде өмір сүрген ақындардың жүрегі бізге ортақ сыр шертіп тұрғандай сезімге бөлейді. Өзімен бірге қайғыртып, ой тұңғиығына сүңгітеді. Бұл ұлы адамдардың рухани үндестігін, жан дүниелерінің іштей бір-бірімен қабысып жатқандығын байқатады.

Ақын М.Мақатаев:
Жалғасы бар,
Жырымның жалғасы бар.
Жырларым, жылдарменен
Жалғасыңдар! – деп жырласа,
Ұлы Абай:
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деп, екеуінің арасындағы рухани үндестікті танытады.

Ал Мұқағали ақын Абай айтқан құнды тұжырымды негізге ала отырып, ойды былай жалғастырады: :

«Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін,
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін».

Пейзажды, табиғаттың сұлу көрінісін танып-суреттеуде Абай:

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп» деп жырласа,,
Мұқағали: « Ұялып барады өтіп бұлақ болса,
Бұйығып үн қатпайды жылан ғана.
Баланың маңдайынан сипалаған
Дірілдеп айдан тамған шуақ қана» деп, адам мен аспандағы айды байланыстыра суреттейді.

Абай: Адамдық міндетті тануда: «Атымды

адам қойған соң, қайтіп надан болайын» десе, Мұқағали: «Хақым жоқ жаман болуға, жұрт мені, жақсыдан қалған көз дейді»

Ал рухани үндестікте ұлы Абай өз сөзін былай жалғастырады :

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» .
Бұл мәселеде Мұқағали жауабы да ұқсас :
«Жақтасаң да, өзің біл даттасаң да,
Соттасаң да, еркің бар, ақтасаң да.
Мен де жұмбақ адаммын оны да ойла,
Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да» деген.

Имандылықты жырлауда Абай толғанысы былай өрнектеледі:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөзі арылмас.
Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер,
Жарлықпен ол сөздерге, сіз де оларға...»

Ал Мұқағали тұжырымы :

« Дін – ғылымның анасы,
Дін – ғылымның әкесі.
Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, гүл де бар.
Адам ата өлмесін,
Қол қусырып Құдайға

Ғылым мен дін бірге бар» сипатында айтылып, адамзатқа өмір тілеп, ғылым мен діннен, алдағы күннен үміт күтіп, болашаққа жол сілтегені баяндалады.

Абайдың махаббат лирикасында қыз бейнесін көркем бейнелеу, әсерлі жеткізу орын алған. Біз үшін Абайдың ғашықтықтың, сезімнің бейнесін суреттеуі махаббат объектісін поэтикалық идеализациялаудың сопылық канондарына толық сәйкес келуі басты мәнге ие. Сонымен бірге Абай идеалды сұлудың абстрактілі бейнесін емес, ұлттық үлгіге сай келетін қазақ қызының портретін жасайтынына назар аударған жөн деп ойлаймыз.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
Аласы аз қара көзді айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей - ақ.
Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,

Шымырлап бу енеді сүйегіңе [Құнанбаев А., 1968, б. 125]. Бұл нағыз қазақ тұлуының портреті мен түр-тұлғасын танытатын ұлттық бояуға толы көркем сурет деп есептейміз.

Ұлттық-поэтикалық және шығыс бейнесінің элементтерінің мұндай үйлесімі Абай шығармаларына өзіндік, қайталанбас рең береді. Ұлттық эстетика мен идеализация қағидаттарына үлкен бейімділікпен «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» поэмасында сұлу бейнесі жасалып,көркем бейненің элементтері, кейіпкер портретінің бейнесі сөз бояуы арқылы сәтті жасалған.

Абай жырларындағы осындай дәстүрді Мұқағали ақын да өз кезеңінде жалғастырды. «Дариға жүрек» атты поэмасындағы қыз бейнесін сипаттау тәсілі, көркемдік шеберлік әдістерін қолдануында Абай қолтаңбасы аңғарылады:

Жолбарыс бақай білегі,
Құлан жон жанның бірі еді.
...Қос уыс бұрым арқада,
Қос жылан болып жүреді.
Егіз шың тұрған кеудеде,
Еңістің жатыр сілемі.
Қос жанар бірден жалт етсе,

Жарқ ете шыққан күн еді, — деп, ару қызды өзгеше қазақы болмыспен суреттеуі ұлы Абайға еліктеуден туған өлең жолдары.

Қарасаздың ақиық ақыны Мұқағалидың көктем мезгілін суреттегенде Абайдың үлгісін қолданғаны аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсастығымен таңғалдырады. Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өзіндік суреткерлік шеберлігі анық байқалып тұрады. Әрине, қос ақынның тақырыптық идеясы ортақ, дегенмен бейнелеу, суреттеу әдістерінің екі түрлі екені көзге анық байқалады. Ақындықтың классикалық үлгісін таныта білген қос ақын көктемді өмір мен тіршіліктің басы деп философиялық тұжырымын танытумен қатар, жыл басы-көктемді бірі күйеу мен қалыңдыққа, екіншісі қыз бен жігітке теңеп, метафоралық қолданысты сәтті пайдалана білгенін байқаймыз.

Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңімен Мұқағалидың «Қырқада, ойда, бөктерде» деп басталатын өлеңдерінің шумақтармен салыстырып көрер болсақ, екі ақынның көктемгі табиғатты көркем образды сипаттамамен бере білген өзара үндестігіне куә бламыз. Ақын Абай:

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду – ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.
Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар,- [Құнанбаев А., 1968, б. 120-121], деп жырласа, Мұқағали:

Бұлақтың көзі ашылып,
Бұлдырап келді жылғаға.
Құнанның жалына асылып,
Қуанып, күліп тұр бала.
Жапанды естен тандырған,

Көктем бе, мынау – той ма бұл?!
Аймақтың бәрі жаңғырған,
Оркестр тартып қойлы ауыл.
Естілмей үні бар маңға,
Құстар да естен танған-ды.
Ұқсайды жаулап алғанға,
Жас төлдер мына жалғанды.
Жан – жақтың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл – [Мақатаев М., 2001, б. 10-11] деп суреттейді.

Қазақтың осындай екі мықты ақынының көктемді жырлауында малдың төлдеуі, әнші құстардың сайрауы, гүл мен ағаштың майысып гүлденгені, ой мен қырдың ерекше құлпыруы, жылғалардан сылдыр қаққан бұлақ суы – бәрі бір-бірімен толық үндесе отырып, табиғаттың тамаша сөз-картинасын көз алдымызхға әкеледі. Зерделей түсер болсақ, көктем мезгілінің көрінісін Мұқағалидың Абайдың үлгісімен суреттегені көзге бірден аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Қанша десек те, Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өз шеберлік, өз суреткерлігімен жырлағаны байқалады. Мұнда Абай мен Мұқағалидың тақырыптық идеясы бір екенін көреміз. Бірақ бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі.

Абайдың «Жазғытұрғы» деген өлеңі мен Мұқағалидың «Жайлауға барар жолда» деген өлең жолдарының ұқсастығын, жайлау суретінің бейнелеу тәсілдеріндегі үндестік жақтарын өлеңдерді салыстыра зерттеу барысында анық аңғарамыз.

Хан тәңірінің ақиығы Мұқағали өз өлеңінде :
Иір – қиыр сайларда,
Ирек – ирек із қалған.
Аққан бұлақ жайлаудан,
Атқылайды құз – жардан.
Самал сүңгіп шалғынға,
Қыр өртеніп, гүл жанған.
Кәрі таудың алдында,
Кәрі жартас сұрланған.
Ойдым – ойдым қырларда,
Орман шашын тараған.
Белде сағым ойнауда,
Лақтырып орамал.
Құлай жаздап құсадан,
Құз – жартастар шаққа тұр.
Таздың басына ұқсаған,
Шыңның басы тап – тақыр.
Айналаңның бәрі өлең,
Бәрі де гүл ашылған.
Тұнжырайды кәрі емен,
Жапырағы шашылған, - [Мақатаев М., 2001, б. 25] деп, табиғаттың әсем картинасын ұсынған. Осы жолдарда жоғарыдағы Абай айтқан ұзарып өсіп толған көкорай шалғын мен бәйшешек, күркіреп жатқан өзенді тағы да көреміз, ақынның суреттеу шеберлігіне еріксіз таңдй қағамыз. Ал Мұқағалидың ой дүниесімен, жүйрік қиялымен берілген ойдым – ойдым қырлар, жапырағын айқара жайған тал – қарағайлар, самал жел, таудың өткір шың-құзы- айнала төңірек жайлауда жүрген жаны сергек, сезімтал жанның көре алатын табиғат тамашалары екенін аңғаруға болады. Бір қызығы- Абайдың өлеңінен Мұқағалидағы табиғат көрінісін көре алмаймыз.Бұл арада екі ақынның өзіндік суреттеу шеберлігінің бөлектігін сезіп-білеміз. Абайдың пейзаждық лирикасында сөзсуреті ашық, жанды, бояуы қанық және алуан түрлі болып келеді. Ал Мұқағали ақынның табиғат лирикасын суреттеуде айналадағы әр құбылыс пен пейзаждық ерекшеліктерге мән беріп, олардың өзіндік келбет-бейнесіне сай жырлағаны байқалады. Мұқағалидың сезімтал жүрегімен суреттелген жаратылыс келбеті оның жүрдек ой-толғанысымен, көркем образды сөздерімен қабысып, гармониялық бірлікте сабақтаса берілгенін байқаймыз.

Оқып көрелікші:
Ас артынан,алдыға шұбат келді,
Біреу татып, біреулер сынап көрді.
«Қызылқұмның» қиылып қыз – келіні,
Шұбат емес, бір шара шуақ берді.
Ақбоз үйдің есігі айқара ашық,
Гулесуде жігіттер тайталасып, - деген өлең жолдары ұлы Абай айтқан жайлаудың төсінде, қазақ үйдің ішіндегі жарасымды жиынның көңілді сәттерін, сұлудың ұсынған шұбатын тамсана жұтқан әсерлі кезді көз алдыңа әкеледі. Жаздың жанға жайлы сәттерін өте әсерлі етіп бере білгені байқалады.

Табиғат лирикасына жазылған Мұқағалидың өлеңдері көп. Ақын туып –өскен қазақтың табиғаты әсем жерлері-Шәлкөде, Айқайтас жайлауы мен Қарасаз- әр адамға шабыт беріп, көкірегіндегі өлең-өмірді оятатын тамаша жайлау, берекелі қоныс қой. Бұндай керемет табиғатты жырламау, оған сыршыл өлең арнамау күнә іспетті. Осындай керемет таңғажайып табиғат баурайында өскен Мұқағалидың сыршыл, жаны нәзік, рухы биік, сезімтал, талантты болмауы неғайбыл еді, себебі «тау баласы тауға қарап өседі».

Мұқағали поэзиясында табиғат пен адамның көңіл-күйі, сезім-толғанысы біртұтас түрде гармониялық бірлікте жырланады. Мұқағали адамдар тіршілігін табиғаттан бөліп алып жырламайды, табиғатпен бірге сабақтастыра сипаттайды.

Мұқағали лирикада жан дүниесін, сезім-толғанысын, ой-тұжырымын танытта білді.Оның лирикасы өз бояуымен, ерекше реңк түсініктерімен қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған көркем құбылыстың кірпішін қалап, өзіндік келбетін танытты. айналады. Оның әрбір жырынан ұлы Абайдың жыр жазу үлгісін байқай отырып, өз әлемін де жасап кеткенін сезіп-танидық. Абай мен Мұқағали поэзиясының сабақтастық дәстүрін ақындардың келесі өлеңдерін салыстыру арқылы дәйектейік.

Мұқағалидың «Сәуірде» деп аталатын өлеңін кешігіп жеткен көктемнің көрінісін Абайдың «Қыс» өлеңі үлгісімен керемет бере білген. Егер Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды [Құнанбаев А., 1968, б. 71], - деп, қысты адам бейнесінде әрі кәрі құдаға ұқсатып суреттесе, Мұқағали қысты қырсық кәрі шалмен байланыстырып, қыскәрі шал мен көктем-жас жігіт бейнесінде алып сипаттайды.

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,
Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.
Төрінен көрі жуық кәрі шалдың,
Қолына су құяды, қиылады [Мақатаев М., 2001, б. 47], - деп жыл мезгілдерін адам келбетінде алып жырлайды.

Абайдың қыс мезгілін суреттеуі, Мұқағалидың қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра жырлауы екі ақынның дәстүр жалғастығы мен суреттеу шеберліктерінің үндесуін де анық аңғартады. Олай болса, Абай мен Мұқағали лирикасында үндестік пен дәстүр жалғастығы бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай мен Мұқағали шығармашылығына үңіліп, жырларының мазмұндық және поэтикалық сипатына мән берсек, олардың ақындық талантының, суреттеу шеберліктерінің, поэтикалық сезім күйлерінің берілу сипатының ұқсастықтарын әдеби тұрғыда салыстыруға мүмкіндік туады. Қос ақынның туындыларын оқып, сөз қоданыстарын, жүректің қылын шертер лирикалық өлеңдерін зерттесек, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақынымыз Абайдың поэтикалық және лирикалық дәстүрі нәзік сезімді жырлаған, ақиық ақынымыз Мұқағали поэзиясынан да орын алғанын бақаймыз. Бұл сан жылдар тарапында ескірмей, өз жігін сетінетпей, берік сақталып келе жатқан дәстүрді тудырушының да қазақ өлеңі үшін орны тым ерекше екендігін дәлелдейді.

Мұқағали – ұлы Абайдың ойшыл, оптимистік және гуманистік көзқарасын жалғастырушы ақиық ақын. «Жасырмай ойымды айттым талай-талай, Қайтейін кетті бәрі қарайламай. Айтарын ашып айтқан абайламай, Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!»-деп жырлап өтіп, өзінен кейінгі күллі қазақ баласы мен өлең даласына ұлы қаламгердің өлең-үнін қалдырған Мұқағалидай ақынның Абайдың өлең-өрнегінде орны бар екенін байқадық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аймұратова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. - Астана ЕҰУ, 2008. -412 б.
2. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. Алматы. Қазақ университеті, 2001.-187 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалар.–Алматы: Жазушы, 1968, т.1, -240 б.
4. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Төрт томдық. –Алматы: Жалын, 2001. -448 б.

УДК 81'373; 001.4

КУМАШКЫЗЫ АЙКЕРИМ
1 курс магистранты
Қытай филологиясы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

АҚБАРҚАН ДАУЛЕТӘЛІ
PhD докторы, аға оқытушы
Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

ҚЫТАЙ ҒАЛАМТОР ТІЛІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ СЛЕНГТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Ғаламтор - ақпараттық қоғамның белгісі, ол ашықтық пен еркіндік сипаттамаларына ие. Бұл сипаттамалар ғаламтор тілінің қалыптасуына жақсы жағдай жасайды. Ғаламтор тілі мен әлеуметтік желідегі сленг сөздердің әсері одан да зор. Осы слентер арқылы қытайлық желі қолданушыларының өмірлік даналығын ғана емес, сонымен қатар қытай қоғамына тигізетін жағымды-жағымсыз әсерін, қытайлық Интернет мәдениеті мен әлеуметтік мәдениетінің бейнесін де айқын көруге болады.

Түйінді сөздер: Ғаламтор тілі, Интернет сленгі, қытай лингвомәдениеті, қытай әлеуметтік желісі, сленгтердің жіктелуі.

Резюме. Интернет - это символ информационного общества, которому свойственны открытость и свобода. Эти характеристики создают хорошие условия для формирования Интернет-языка. Еще больше влияние сленговых слов в Интернете и социальных сетях. В этих сленгах можно ясно увидеть не только жизненную мудрость пользователей китайской сети, но также положительное и отрицательное влияние на китайское общество, а также имидж китайской интернет-культуры и социальной культуры.

Ключевые слова: Интернет-язык; Интернет-сленг, Китайская лингвокультура, Китайская социальная сеть, классификация сленга.

Summary. The Internet is a symbol of the information society, which is characterized by openness and freedom. These characteristics create good conditions for the formation of Internet language. The influence of slang words on the Internet and social networks is even greater. Through these slangs, one can clearly see not only the life wisdom of Chinese Internet users, but also the positive and negative impact on Chinese society, as well as the image of Chinese Internet culture and social culture.

Keywords: Internet language, Internet slang, Chinese linguoculture, Chinese social network, classification of slang.

КІРІСПЕ

Ғаламтор тілі - бұл Интернеттің дамуымен дәстүрлі жазықтық ақпарат құралдарынан ерекшеленетін жаңа тілдік форма. Көптеген желі қолданушылары осы сленгтердің пайда болғанынан бастап олардың ықшам әрі айқын ерекшелігін ұнатып, тез дамыта бастады.

Интернет тілін зерттеу лингвистика ғылымының жаңа өсу нүктесіне айналды. Зерттеулердің тереңдеуімен су жаңа ғылым - желілік лингвистика пайда болды. Қытайда пайда болған бұл құбылысты алғаш рет белгілі қытай ғалымы Чжоу Хайчжун 周海中2000 жылы жариялаған «Жаңа тілдік пән - желілік лингвистика» мақаласында ұсынған және оны қысқаша түсіндірген болатын. Содан кейін Интернет тіліндегі сленгтер - желілік лингвистика ретінде тез дами бастады, осыдан кейін ғылыми ортада жоғары назарға ие болды. 2003 жылы белгілі испан ғалымы, профессор Сантьяго Перстегеро өзінің «Желілік лингвистика: Интернеттегі тіл, дискурс және ой» атты монографиясында Интернет тілі - желілік лингвистика туралы кеңірек зерттеу жасады. [Чжан Ли., 2020 ж. б. 2-3]. 2005 жылы белгілі британдық лингвист профессор Дэвид Кристал «Желілік лингвистиканың аясы» атты мақаласын жариялады, онда Интернеттің және ақпараттық технологиялардың тілге әсері туралы тереңірек зерттеу жасалды. Ғаламтор тілі қазіргі тіл біліміндегі ең динамикалық суб-пәндердің біріне айналды, бірақ оның теориялық жүйесі мен зерттеу әдістері одан әрі жетілдірілуін қажет етеді.

Ғаламтор тілі және әлеуметтік желідегі сленгтер арқылы қытайлық Интернет мәдениеті мен әлеуметтік мәдениетінің ерекшеліктерін де байқауға болады. «We Are Social and Hootsuite» 2019

жылдың қаңтар айында сандық есебін шығарды. Есепте жер шарындағы халық саны 7,676 миллиард адамды құрайды, оның 5,112 миллиарды ұялы телефон пайдаланушылары, 4,388 миллиарды яғни жартысынан көбі интернет қолданушылары, ал 3,484 миллиарды (әлем халқының 45%) әлеуметтік медиада белсенді екендігі көрсетілген. Желі қолданушыларының өсуі бойынша Үндістан бірінші орында, 2018 жылы 97,89 миллион адамға, 21% -ға өсіп, Қытай екінші орында, 2018 жылы 50,67 миллион адамға өсіп, 6,7% -ға артты.[Simon Kemp., 2020. p.14-15]. Ғаламтор және әлеуметтік желі адамзат өмірінің айырылмас бөлігіне айналды**.** Әлеуметтік желілердің төрт түрі бар. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған кәсіби әлеуметтік желілер. Блог желілері. Танысу веб-сайттары мен әлеуметтік бағдарламалық жасақтама. Адамдарды іздеуге арналған сайттар. [Kalykbergen Zh.M, Nurlanbekova E.K., 2019ж., б. 142]. Осы желілердегі қолданылатын сленгтер бастапқы «түсініксіз тілден» қазіргі күнделікті қолданылатын қатынастық тілге айналды.

2010 жылдың 10 қарашасында қытай желісіндегі сленг «给力» (gei li) сөзі Қытай Халық Республикасының үш ресми медиа ұйымының бірі - «人民日报» (ren min ri bao) басылымының басты бетінің тақырыбына айналды (江苏给力 «文化强省»), ал желі қолданушылары «太给力了»(Тым күшті) деп қуанған болатын. Бастапқы адамға түсініксіз «марс планетасының тілі» деп аталып кеткен ғаламтор сленгтері қазір жиі пайдаланылып жүрген интернет тіліне айналды, көпшілік оны қабылдай бастады.

Әрине, барлық мәселенің екі жағы бар, қытай ғаламтор тілі мен әлеуметтік желідегі сленгтері желі қолданушыларына жағымды да кері әсерін де тигізіп жатады. Ондай болса, физикалық және психикалық дамуына оң әсерін айта кетсек.

1) Ақпараттық мәліметті кеңейтеді, құнарлысын сіңіріп алуға көмектеседі.

Осы сленгтердің танымал болуы және әрдайым өзгеріп отыруы желі қолданушылары үшін ақпараттар, гуманистік және технологиялық білімдерді әр түрлі желілерден ізденуге, барлық мәнін сіңіруге, өзін-өзі дамытуға және нығайту үшін жан-жақты біліммен нәрленуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік тәжірибесі жеткіліксіз адамдар ғаламтор және әлеуметтік медиа арқылы моральді тұрғыдан байыды және жетілдірілді: олар осы сленгтерді алғаш кездестіргеннен бастап, оның мағынасы мен шығу тарихын іздестіре бастайды, осылайша қоғамда болып жатқан «жаңа мәдениет», әлеуметтік ошақтар, ұлттық іс-шаралар және халықаралық оқиғалар туралы біле алады; Бұл сленгтердің қамтитын салаларының кеңдігі сонша: саясаттың, экономиканың, мәдениеттің, әскери, философия мен технологияның даму тенденцияларын және тарихи эволюциясын түсінуге болады.

2) Желі сленгтерін қолданушыларының инновациялық санасын белсендіруге ықпал етеді.

Ғаламтор және әлеуметтік желі – білім мен ақпараттың тасымалдаушысы болып табылады, ал жаңа тіл ретінде қарастырылып жүрген желі сленгтері жоғары креативті желі қолданушыларының қызығушылығын оятты, ол - желі сленгтерінің барлық салада кең спектрлі қолданылуы және бұлардың үнемі жетілдірілуі мен жаңартылуына негізделген.

3) Жаңа жұмыс орынның пайда болуы, жұмысқа орналасу аясынның кеңейюі.

Қазіргі кезде қытай кәсіптерінде креативті жарнамалық сөйлемдерді тапқырлайтын мамандар бар, олардың ойлап тапқан сөздер мен сөйлемдері желілік маркетинг арқасында дүркіреп желі сленгтеріне айналып жатады. Бір қызықтысы, кезінде қызықты әйгілі желі сленгтерін ойлап тапқан жас авторлар, жарнамалық маркетингке жұмысқа шақырылып жатыр. Ондай блогерлер де аз емес, өзінің бірегей жаңашыл сөздерімен ғаламтор оқырмандарын баулап алатын сөз жасампаздары, «хит сленгтері» арқылы танымал болып, қызықты әлеуметтік медиа контентке айналып, саудасын дөңгелетіп жатады. Интернет тілінің арқасында желі қолданушыларының білімі біртіндеп элиталық білімнен халықтық білімге ауысуды жүзеге асырды. Сондықтан, көпшілік жоғарғы білім алмаған креативті жастарға тағы бір мүмкіндік ашылды деуге болады.

4) Эмоционалды қарым-қатынас, стрессті жеңілдету

Желінің ең көрнекті артықшылығы - оның интерактивтілігі, ол тек ақпарат тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар адамдар арасындағы біртұтас байланысты жүзеге асыратын медиа-деддал. Түрлі форумдар, чат бөлмелері, виртуалды қауымдастықтар, эмоционалды жазбалар және т.б. қытай желі қолданушыларына өз идеяларын айтуға, өз пікірлерін айтуға, өз ойын толық білдіруге, әртүрлі достар табуға, бір-бірінің тәжірибесімен таныстыруға және бірге алға басуға мүмкіндік береді. Қолынан желі медиасын тастамайтынс қытайлық жастар ауқымды желілік пікірталастар жасау арқылы бір-бірімен сезім-эмоцияларын бөліседі. Сондықтан, қытайлық желі қолданушылары ғаламтор тілі мен әлеуметтік желідегі сленгтерге көңіл бөлу арқылы технология тілімен тәрбиеленіп, желіде эмоциясын бүкпей сыртқа шығаруға, сезімін емін-еркін білдіруге, депрессия алдын алуға, өзін әлеуметтік қоғамның бір мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Барлық мәселелердің оң және теріс жақтары болады. Желідегі жастар психикалық және физикалық тұрғыдан жетілмеген, дамудың өтпелі кезеңінде болғандықтан, кейбір желі қолданушылары «Интернет мәдениет», желілік орта және желілік коммуникация сияқты ақпаратты скринингтеу және сүзу қабілеті жетіспейді, жастардың күрделі виртуалды қоғамға тап болғаны да

кездесіп жатады. Жастардың жақсы мен жаманды айыра білу қабілеті және оның мінез-құлқы өте осал болады. Осыған орай, ғаламтор тілі мен әлеуметтік желідегі сленгтердің жағымсыз жағын қарастыруды жөн көрдік.

1) Ғаламтор сленгтері көбінесе дөрекі және үстірт мазмұнмен болады. Қытайдың бес мың жылдық тарихында көптеген маңызды тілдік сөйлемдер жинақталған, ал қытай тілі кең және терең, оның мағынасы мен әсемдігін салыстыруға келмейді. Дегенмен, желідегі кейбір сленгтер тілді қорлайды және басқалардың психологиясына белгілі бір әсер етеді. Интернеттегі сленгтік тілдегі зорлық-зомбылық тенденциясы - бұл ауызша қарым-қатынас стилінің өзгеруі. Оның типтік өнімділігі: желілік ортада сленгтік тілді белгілі бір объектілерге жала жабу, қорлау және шабуылдау құралы ретінде қолдану, басқалардың психикалық және психологиялық бұзылулар мен жарақаттарға душар етуі. Кәдімгі тілдік қолданумен салыстырғанда, тілдік құбылыстың бұл түрі шарт, шынайылық, бейбітшілік, дәлдік және мәдени сәйкестік қағидаларын бұзып, зорлық-зомбылық білдіруге қатты басымдық беретіндігін көрсетті. Оның зорлық-зомбылық түрленуінің қолдау мотивациясы белгілі бір күрделілікке ие, бұл Интернеттегі арнайы когнитивті жағдаймен және коммуникативті субъектінің психологиялық күйімен тығыз байланысты.

2) Желі сленгтерінің шамадан тыс таралуы, танымал болуы бұрын-соңды болмаған әсерге ие. Мыңдаған жылдар бойына жинақталғаннан кейін қытай ана тілі белгілі бір грамматикалық құрылым қалыптастырды. Бірақ Интернеттегі кейбір сленгтердің тілдік құрылымдары бастапқы грамматикалық құрылымға қайшы келеді, бұл жастардың грамматикалық білімдерді шатастырып, қытай ана тілін үйренуіне әсер етеді.

3) Мағынасы түсініксіз, мыңдаған түсіндірмелер бар. Интерактивті тілдерде гомофон алмастыруларын, шетелдік қысқартуларды, графикалық белгілерді, цифрлық гомофондарды және т.с.с. кездейсоқ әдісімен қолдану иероглифтер жазылуы мен мағынасын дұрыс дәріптеуге кедергі келтіреді.

4) Тым жылдам жаңартылуы және жаңа сленг сөздердің шексіз пайда болуы. Интернеттегі тілдің тез жаңаруы - бұл ғалымдарды таңқаларлық құбылыс. Ғаламтор мен әлеуметтік желіде көбінесе кейінірек пайда болған сленгтер бірден қабылданып, бірнеше күн ғана бұрын пайда болған жаңа сөздерді жойып жатады. Қарапайым адамға оны бірден қабылдау өте қиын.

5) Ұрпақтар арасындағы алшақтық, желідегі тіл мәселесі барлық жерде кездеседі. Қазіргі уақытта жасөспірімдер Интернеттік сленгтерді пайдаланушылардың негізгі тобы болып табылады, және олар жаңа нәрселерге қызығушылық танытады. Сонымен бірге Интернет тілі қарапайым және қызықты әзілге толы, бұл жасөспірімдердің қызығушылықтарына сәйкес келеді. Бірақ, олардың кейбіреулері виртуалды өмірге елігіп, шынайы әлеуметтік қарым-қатынаста болғысы келмейтін болып кетеді. Әсіресе желіде барлық қалауы орындалғандай көрінген жасөспірімдер үлкендермен тілдесуден бас тартады, шынайы мәселесін жасыруы мүмкін, қалыпты өмірде өзінің мінезін жабық күйде ұстай бастайды. Қоғамда, әлеуметтік орында сөйлеу қабілетінің нашарланғаны байқалады. Сонымен қатар желі сленгтердің порнографиялық, зорлық-зомбылық, өсек және шабуылдық мәндік түрлері де кездеседі, оны бастапқыда түсінбеген жастар, сленгтің мағынасын, шығу тарихын іздестіре бастағанда осындай керексіз қауіпті сайттарға жолығуға дұшар болады. Жасөспірімнің дүниетанымы, өмірге көзқарасы мен құндылықтары толығымен қалыптаспаған, сондықтан қараусыз қалған уақытта бұл сленгтер ақпараттық қауіпті деп айтуға болады

Осылайша адамзат өмірінің бір бөлігіне айналған ғаламторда желі пайдаланушылары өзіндік сленг сөздерін тапқырлап, құрастырды.

Бұл интерактивті сленгтердің пайда болу ерекшелігіне байланысты шамамен екіге бөлуге болады:

1) желіде өздігінен пайда болған туындалған сленгтік сөздер, «9494就是就是 - солай солай, 斑竹（版主）форум иесі, 火星帖 - марстық пост» және т.б.;

2) желіде емес оффлайнда жасалатын, содан кейін Интернетте танымал болған «RMB»（人民币） сияқты сленгтік сөздер банктерде бұрыннан қолданыла бастаған, оны пайдаланғаннан кейін ол Интернетте танымал болды.

Формалық ерекшелік бойынша Интернет слегтер төмендегідей бөлінеді:

1) Белгілер: мысалы жартылай ашылған жақша «)))» «微笑» - күлімдеу дегенді білдіреді, осыған әлеуметтік желідегі смайликтер те жатады.

2) Сандар: 520 我爱你- мен сені сүйемін, 9494就是就是- солай солай，5555呜呜呜呜（哭）- жылау，201314爱你一生一世 - сені өмір бойы сүйемін，7456 – 气死我了 - қатты ренжіп тұрмын - деген сияқты түсініктер бар.

3) Әріптер: қысқартылған әріптер, JJ-姐姐 - әпке，GG-哥哥 - аға，JJWW-叽叽歪歪 - шырылдау;

4) Иероглифтар: 杯具-悲剧 - (beiju) трагедия，洗具-喜剧 - (xiju) комедия, 餐具-惨剧 - (canju) қорқынышты оқиға，酱紫-这样子 - (zhe yangzi) осылай екен - деген мағыналар беріліп жатады.

Мазмұндық ерекшесі бойынша:

1) жаңа туылған сөздер, мысалы可爱-可怜没人爱，呕像-呕吐的对象，天才- 天生的蠢材;

2) көне сөзді жаңалаған мысалдар: 恐龙 – 丑女 (динозавр деген түрі әдемі емес бикешті білдіреді)，青蛙 – 丑男 (бақа деген түрі нашар жігітті айтады)

Ресми тұрғыдан алғанда Интернеттегі сленгтік сөздер, негізінен төмендегідей бөлінеді:

1) гомофониялық, дыбыстық ұқсастық арқылы, мысалы «9494» «就是就是» гомофоны;

2) қысқартылған пиньин типі, мысалы «JJ» - 姐姐 - әпке, «GG» - 哥哥 - аға;

3) кірме сөз түрінде GF - girl friend - қыз досы, қалындық,

4) мақал-мәтелді тип, мысалы «有钱人终成眷属 - байлар соңында қосылып, бір-біріне отбасы мүшелеріне айналады» деген сленгтік сөз тіркесі «有情人终成眷属 - ғашықтар қосылады, аяғында отбасы құрады» деген тіркесттен қалыптасқан болып табылады;

5) орфаграфиялық қателіктерден пайда болған: мысалы, «斑竹бамбук» - 版主модераторлардың жазбаша қателігінен шыққан, ол негізінде әлеуметтік желіде форум бөлімдерін басқаруға жауап беретін модератор болатын, Интернеттік тілдің өзіндік ерекше өнімі болып табылады. [吉益民. 2012, P.130-131.]. Әлеуметтік желілерде хабарламаға жауап беру кезінде жазуларды жылдамдықпен теру керек болғандықтан, және де көп желі қолданушылары "ақылды пиньинмен" теретін еді, сонда тікелей "BZ" немесе "banzhu" деп терген кезде ең бірінші бамбум сөзі шығатын еді, желі қолданушылары ол сөзді форум иесі ретінде қолданып, жаңа сленг пайда болды, сондықтан уақыт өте келе ол кәдімгі атауға айналды;

6) сөйлемнің құрылымдық өзгеріске ұшыраған түрінде де танымал бола алады, мысалы «鸟大了，什么林子都有 - Торғай үлкен болса, оған кез-келген ағаштар табылады», бұл «林子大了，什么鸟都有（歇后语）Орман үлкен болса, ол жерде барлық құстар түрі табылады» деген астарлы сөздің жаңашыл қолданылуы, яғни бұл сленгтік сөйлемнің мағынасы: егер адамның қабілеті мен беделі жеткілікті жоғары болса, онда ол өзінің талантын көрсете алатындай жақсы сахна мен кезеңге ие болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, тәжірибе білімді анықтайды, ал білім тәжірибеге бағыт береді. Бұл екі жақты процесс. Адамдардың идеялары мен тұжырымдамаларының әсері де екі жағы бар: бір жағынан, бұл адамдардың ойлауының субъективтілігін, теңдігін, ашықтығы мен таңдамалылығын күшейтеді. Сонымен қатар, адамдардың озбырлығы мен соқыр мойынсұнушылықтарын тудырады және күшейтеді. Біріншісі - дұрыс дүниетанымдық түсінік, ол Интернеттегі сленгтер әлемінің жақсы дамуына ықпал етеді, осылайша адамдардың ізгілікті шеңберін дұрыс түсінуге ықпал етеді; екіншісі – Интернет тілінің ізгілікті дамуына кедергі келтіретін, тіпті тұйық шеңберге әкелетін қате идеологиялық түсінік. Бұл жерде тәжірибе мен білімнің бірлігін талап етіледі. Практикадан түсінуге, содан кейін түсінуден практикаға қарай біртіндеп тереңдетіп, жетілдіруіміз қажет. Интернет тілі мен әлеуметтің желі сленгтерінің үздіксіз дамуы адамдарға әртүрлі жағымды және жағымсыз әсерлер әкелді. Бірақ кез-келген жағдайда тәжірибе мен білімнің бірлігін талап ету және проблемаларды диалектикалық тұрғыдан қарау арқылы адамдардың түсінігі сөзсіз рационалды болып, олардың идеялары да жетілетін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Baidu baike. Wangluo yuyan. 百度百科：网络语言。
https://baike.baidu.com/item/%E7%BD%91%E7%BB%9C%E8%AF%AD%E8%A8%80/867740. Zhang Li. Чжан Ли., 2020 ж. б. 2-3]

2. DIGITAL 2019: GLOBAL INTERNET USE ACCELERATES. We are social.
https://wearesocial.com/blog/2019/01/digital-2019-global-internet-use-accelerates.[Simon Kemp., 2020. P.14-15.

3. Social network as a means of training and interaction of participants in the educational process. // Наука и жизнь Казахстана, № 11/2. Kalykbergen Zh.M, Nurlanbekova E. K., 2019ж., б. 142

4.网络语言非范畴化变异的类型及特点。// 网络变异语言现象的认知研究。吉益民. Джи Й Мин. 2012, P.130-131.

УДК 1751

ҚАЗЫБЕК ГҮЛМИРА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ
к.ф.н., ассоцированный профессор
Кафедра иностранной филологии и переводческого дела
Факультет филологии и мировых языков
Казахский национальный университет имени аль – Фараби
город Алматы, Казахстан

ГО ИН
Магистрантка 2 курса
Кафедра иностранной филологии и переводческого дела
Факультет филологии и мировых языков
Казахский национальный университет имени аль-Фараби

SYNCHRONOUS TRANSLATION OF TECHNICAL TERMS

Түйін. Мақалада аударманың ең қиын түрі синхронды аударма туралы айтылады, ауызша аудармадан негізгі айырмашылықтары анықталады. Мақалада сонымен қатар техникалық терминдерді синхронды аударудың негізгі мәселелері қарастырылып, ілеспе аудармашының жұмысын жеңілдетуге бағытталған әдістер ұсынылады.

Түйінді сөздер: ілеспе аударма, ауызша аударма, техникалық терминдер, аудармашы, аударма түрлері, дәйекті аударма.

Резюме. В статье рассмотрены особенности синхронного перевода как наиболее сложной разновидности перевода, выявлены отличия от устного перевода. Также в статье изучены основные проблемы синхронного перевода технических терминов и предложены инструменты, направленные на облегчение деятельности переводчика синхрониста.

Ключевые слова: синхронный перевод, устные перевод, технические термины, переводчик, виды перевода, последовательный перевод.

Summary. The article discusses the features of simultaneous translation as the most difficult type of translation, identifies the differences from oral translation. The article also examines the main problems of simultaneous translation of technical terms and offers tools aimed at facilitating the work of a simultaneous interpreter.

Keywords: simultaneous translation, oral translation, technical terms, translator, types of translation, consecutive translation.

同传翻译技术术语

前言

在国际活动发展的现阶段，在不同国家之间可能进行最密切互动的条件下，获得特殊关连的不仅是笔译者的活动，而且还有同声传译者的活动。同时，鉴于科学技术的发展速度，翻译的方向变得尤为重要-技术术语的同步翻译。这种解释的方向不仅极其相关，而且高度复杂和混乱，这也取决于现代科学技术进步的特征。

对科学文献的分析表明，只有少量的科学著作致力于研究技术术语的同时翻译问题。 因此，在本文中，作者尝试确定技术术语的同时翻译，关键困难和问题的特征，并确定有效的工具，以便同声传译人员可以尽可能有效地进行技术术语的同时翻译。

因此，首先要定义翻译的本质和类型。 现代意义上的翻译是一种翻译类型，其中源语言被转换为目标语言［巴兹勒夫.，2010年，第260页］。 如今，由于语法以及不同民族的单词和文化数量上的巨大差异，无法进行准确的翻译。

主要部分


翻译有几种类型，即口译翻译和书面翻译。口译以口头形式进行，这涉及翻译者对源语言的口头语言的单一理解，以及随后对目标语言的解释。同时，翻译者在其发音之后没有后续比较或改变翻译的可能性。

反过来，口译又分为交传的和同传。交传是一种翻译类型，在这种翻译中，翻译者跟随说话者将所说的内容翻译成目标语言。同传是指与演讲者讲话同时进行的翻译。

实际上，同声传译代表了最高水平的翻译技能，因为它非常困难并且涉及某些技能的发展，甚至有人会说独特的技能。并非每个翻译员都能达到这一水平。

同传的最大延迟为几秒钟，这意味着该级别的翻译人员没有足够的时间来参考字典以阐明特定单词。在这方面，同声传译员必须为每个单独的事件做好准备［沙拉沃娃.，扎雅.，2013年，第50页］。

如图所示，共有三种同声传译。每种类型的即时翻译彼此之间都有显着差异，因此需要特殊培训，特定知识和丰富的经验来实施各种类型的翻译。



图片1-多种同声传译 [吧里石娜.,2016年，第60页]

为了使同声翻译成功，有必要事先对材料进行足够的详细研究，并且所有可以用于演讲者讲话的可用信息都应尽量减少，因为同声传译员几乎没有时间来进行同声翻译，考虑已经说过的话，也没有办法澄清或重复所听到的信息。这是同时解释和连续解释之间的主要区别。

在以下活动中可以使用即时翻译：各种会议，研讨会，论坛，演讲。显而易见的简单性背后是漫长而困难的准备过程，其使用来自不同知识领域的专家的知识和技能，包括工程师，数学家以及导演，编剧等。同声传译准备过程中的任何疏忽都会对最终结果产生重大影响。

因此，在处理同声翻译的本质之后，让我们分析技术术语的本质和特征。技术术语是表示特定技术领域中特定概念的词或某些短语 [吧里石娜.,2016年，第60页]。

技术术语是最困难的术语之一，因为它既包括技术术语，又包括科学术语，而这些术语则尽可能具体，这通常会使翻译变得复杂。鉴于技术术语极其难以理解的事实，技术术语的同声翻译通常是同声翻译中最困难的领域之一。

同声传译者使用技术术语的工作的复杂性取决于许多因素，即 [谢礼盖夫妮娜.,2011年，第624-627页]：

•批量术语。这意味着翻译者和技术专家都无法理解所有术语。

•科学技术发展。技术术语不断出现，并随着新技术的出现而得到补充，而词典的更新则要慢得多，这通常会导致同声翻译的困难，因为翻译人员不知道该术语或该术语的出现；

•术语统一的问题。 狭窄的专业领域的术语只有一小部分翻译人员才能理解；

•在技术上存在可变性的问题。

•俄语和外语的术语完全不同；

•非标准术语的存在，只有母语使用者才能理解。

使同声传译员的工作复杂化的规定因素并不详尽，而只是主要因素。实际上，还有更多因素实际上使技术术语的同时翻译成为翻译中最困难的领域。

在同时翻译技术术语的过程中，所有考虑的因素以及许多其他因素都会导致许多错误。

为了成功实施技术术语的同声翻译，作者透露，同声传译人员必须区分技术术语的类型。因此，研究员B.N.Klysmo在他的《技术翻译的技巧》一书中。在英语，科学技术文献的翻译和翻译中，术语有三种主要类型，它们在图中得到反映。




图2-各种技术术语 [阿维勒布哈.,2004,第252页]

因此，基于基于该术语或该术语属于哪种类型的术语翻译的特征的知识将使翻译者避免与术语的不正确解释相关的问题。

此外，作为进行分析的结果，似乎可以得出结论，对于同声传译员的成功工作，不仅研究包括术语的词典，而且在外国期刊上发表有关科学和技术的最新创新的出版物以及阅读有关该信息的信息也极为重要。在其互联网资源上发布创新和数字技术领域的领先公司。实际上，这些公司分别是新术语的创造者，不断研究他们发布的信息将使同声传译人员与科学技术的发展同步发展。

总结

因此，总结起来，似乎可以得出许多结论。分析表明，同声翻译是最困难的翻译类型。同时，确定技术术语是任何翻译人员，尤其是同声传译人员最困难的词汇。由于不同语言的差异，技术术语极为多样且复杂。同时，科学和技术的发展速度导致出现了新名词，而这些新名词尚未包含在词典中。在这方面，作为分析的结果，作者提出了两种工具，使用它们将有助于同声翻译的过程：

了解技术术语的类型，这将揭示其翻译的特殊性；

不只研究词典，而且研究进行不断研究和开发新技术的领先创新公司的出版物和文章。

参考文献

1 Bazylev V.N. 技术翻译。 翻译研究的基本概念（俄语经验）.术语词典参考 / Ed.语言学;分别编辑 cand. 菲尔科学 Rarenko M.B.-M. – 2010. - 第260页.

2 Parshina. T.V. 关于技术术语的知识/T.V. Parshina. -文字：直接//年轻的科学家。 -2016.-第15号（119）. -第 60 页.

3 Sergevnina V. M. 根据为非语言大学学生编写教育术语词典的经验。下诺夫哥罗德大学公告。 洛巴切夫斯基 (N.I. Lobachevsky)，2011年，第6（2）号。-第624-627。

4 Sharavara A.A., Zayats T.S. 同声传译：历史，理论与实践//语言和文化（新西伯利亚）。 2013年第9号.-第50页。

5 Averbukh，K. Ya 。术语的一般理论/ K. Ya。Averleva m：Science 1989 Bukh。伊万诺沃（Ivanovo），2004年。

REFERENCES:

1. Averbukh, K. YA. Obshchaya teoriya termina [General theory of the term.] K. YA. Aver- l'yeva m : Nauka 1989 bukh. Ivanovo, 2004.

2. Bazylev V. N. Tekhnicheskiy perevod. Osnovnyye ponyatiya perevodovedeniya (Otechestvennyy opyt). Terminologicheskiy slovar'-spravochnik [Technical translation. Basic concepts of translation studies (Russian experience). Terminological dictionary-reference.] Otd. yazykoznaniya; Otv. redaktor kand. filol. nauk Rarenko M. B. — M., 2010. — 260 s. (In Russian)

3. Parshina, T. V. O znanii tekhnicheskoy terminologii, T. V. Parshina. — Tekst: neposredstvennyy [About knowledge of technical terminology - Text: direct] Molodoy uchenyy. — 2016. — № 15 (119). — S. 60. (In Russian)

4. Sergevnina V. M. Iz opyta sostavleniya uchebnykh terminologicheskikh slovarey dlya studentov neyazykovykh VUZov [From the experience of compiling educational terminological dictionaries for students of non-linguistic universities.] Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N. I. Lobachevskogo, 2011, № 6 (2). — s. 624–627. (In Russian)

5. Sharavara A. A., Zayats T. S. Sinkhronnyy perevod: istoriya, teoriya i praktika. [Simultaneous translation: history, theory and practice.] YAzyk i kul'tura (Novosibirsk). 2013. №9. C.50 (In Russian)

УДК 81'1-027.21

ҚҰСАЙЫН ӘЛИЯ ӘЛІМЖАНҚЫЗЫ
Магистр
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр – Сұлтан қ.

ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ БЕККОЖА
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр – Сұлтан қ.

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Берілген мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі мақал – мәтелдердің лингвомәдениет тұрғысынан ерекшеліктері қарастырылады. Бүгінгі таңда тіл ғылымында мақал – мәтелдерге жалпыға ортақ қабылданған көзқарас әлі қалыптаспағандықтан зерттелетін тақырып лингвистика саласында өзекті болып табылады. Мақалада қытай және қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің ерекшеліктері бөлек зерттеліп, олардың құрылымы мен түрлерін анықталып, өзара салыстырылған.

Түйінді сөздер: тіл, паремия, мақал, мәтел, лингвомәдениет, ұйқас.

Резюме. В данной статье рассматриваются особенности пословиц и поговорок в китайском и казахском языках в лингвокультурном аспекте. Сегодня тема исследования актуальна в области лингвистики, так как общепринятый подход к пословицам и поговоркам в лингвистике еще не сформирован. В статье отдельно изучаются особенности пословиц и поговорок в китайском и казахском языках, определяется и сравнивается их структура и типы.

Ключевые слова: язык, паремия, пословицы, поговорки, лингвокультура, рифма.

Summary. This article discusses the linguistic and cultural features of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages. Today, the topic of research is relevant in the field of linguistics, as the generally accepted approach to proverbs and sayings in linguistics has not yet been formed. In the article the features of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages are studied separately, their structure and types are defined and compared.

Keywords: language, paremia, proverbs, sayings, linguoculture, rhyme.

КІРІСПЕ

Мақал – мәтелдер ғасырлар бойы әлем халықтарының, оның өмір салты, дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары туралы халықтың бақылаулары, тұжырымдары мен идеяларды сақтайтын тіл жүйесінің ең бай экспрессивті қабатын білдіреді. Мақал – мәтелдер, сондай-ақ, халықтың тәжірибесі бейнеленген шаруашылық, рухани – адамгершілік құндылықтардың, адамдардың қоғамда және отбасында қарым – қатынасының әдеп нормалары. "Бізге жеткен мақал – мәтелдердің басым бөлігі күнкөріс шаруашылығының үстемдігі мен патриархалды өмір салты дәуірінде қалыптасты" [Алефиренко Н.Ф., 2011, 25 б.]. Бұл әлемдегі тілдердегі паремиологиялық бейненің лингвистикалық – мәдени кеңістігін тудырды.

Паремия (грек. тілінен — мәтел, мақал, астарлы сөз) – дидактикалық мазмұндағы тұтас сөйлем болып табылатын тұрақты фразеологиялық бірлік.

Паремияға тұтас сөйлемдерді білдіретін мақалдар, және сөйлемдердің үзінділері болып табылатын сөздер – мәтелдер кіреді. Паремиялар – бейнелі және афористік қанатты сөздерге жақын сөйлеу формалары, алайда соңғылардан айырмашылығы – олар анонимді сөздер болып келеді.

Адамның танымдық іс – әрекетін тілде бейнелеу механизмдеріне ерекше назар аударатын қазіргі антропоцентрлік лингвистика аясында паремиялар ауызша халық шығармашылығының жанры ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың, ана тілінің әлеуметтік – тарихи және күнделікті тәжірибесін ұсынатын ерекше тілдік бірліктер ретінде қарастырылады. Әрбір халық шындықты әр түрлі қабылдайды, сәйкесінше әлем бейнесін әр түрлі жасайды, объективті шындықты тілдік санада әр түрлі ажыратады. Әлемнің тілдік бейнесі жалпы мәдени концептуалды суреттің бөлігі болып табылады. Тілдің паремиясы әлемнің біртұтас тілдік бейнесінің ерекше сегментін немесе қазіргі терминологияға сәйкес әлемнің паремиологиялық бейнесін құрайды [Тер-Минасова С.Г., 2000, 56 б.]

Паремиялардың объективті лексикографиясын қиындататын негізгі қасиеттерінің бірі – бұл вариативтілік, атап айтқанда мақал – мәтелдердің өзара әрекеттесуі. Тілдік бірліктерді осы екі топқа бөлудің практикалық қиындықтарымен, ең алдымен, мақал – мәтел сөздіктерін жинақта-

ған авторлары кездеседі. Қазіргі уақытта белгілі бірде – бір паремиологиялық жинақ тілдік материалды мақал – мәтелдерге нақты жанрлық бөлуді қамтамасыз ете алмайды немесе құрылымы мен семантикасы жағынан паремио – логикалық күй бар басқа тілдік бірліктерді жоққа шығара алмайды.

"Мақал" және "мәтел" ұғымдарының анықтамасына жүгінсек, қазіргі тіл білімінде "мақал" және "мәтел" терминдерінің әртүрлі анықтамалары бар, олар зерттеушілердің паремия мен мақал – мәтел мәртебесінің тәуелсіздігі туралы әртүрлі көзқарастарын көрсетеді.

Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады. Ұйқасқа ("Қайраңы жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без"), аллитерацияға ("Етігін шешпей ер шыңаймас"), ассонансқа ("Қатты жерге қақ тұрар, Қайратты ерге бақ тұрар") құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді ("Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар"), ("Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер"), ("Ел — ырыстың орманы, ер — ырыстың қорғаны"), ("Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді").

Мәтел — өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір – бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді [Мақал-мәтелдер — Қазақстан Энциклопедиясы (encyclopedia.kz)].

Лингвомәдени талдау мақал – мәтелдердің ішкі формасына (бейнелі негізге) жүгінуді болжайды, ол бастапқы жағдайда – прототип, соның негізінде пайда болып, содан кейін осы немесе басқа мақал – мәтелдер фольклоризацияланады. Ішкі форма – бұл мақалдың сөзбе – сөз мағынасы, оның құрамдас бөліктерінің мәндерінен және олардың арасындағы байланыстардан тікелей алынады. Паремиялардың бейнелі негізі белгілі бір лингвомәдени қоғамдастықтың қоршаған әлемді түсіну тәсілі туралы құнды ақпарат береді – аретиптік, мифологиялық және прототиптік сана тілде қалай көрініс табатыны туралы сөз етеді. Бейнені түсіндіру халықтың дүниетанымымен тікелей байланысты және мәдени коннотацияны анықтауға мүмкіндік береді. Мақал – мәтелдердің бір ерекшелігін атап өткен жөн болады – бұл форманың ырғақты – фонетикалық жетілуі. Кейбір мақал – мәтелдерде ұйқас бар, ал басқаларында жоқ. Ұйқастық мақал – мәтелдер оңай есте сақталады және жағымды естіледі. Осыған байланысты олар ұрпақтан – ұрпаққа оңай беріледі [Яковлева Е.А., 2016, 19-20 б.]. Мысалы: "Қайраңы жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без", "Ел ырыстың орамы, ер ырыстың қорғаны".

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қытай лингвистері көбінесе халықтық сөйлеуді "俗语súyǔ" деген жалпы термин (халық даналығы, халық сөзі) арқылы атайды. Әйгілі қытай фразеологы Вэн Дуанчжэн "俗语súyǔ" санатына үш түрлі халық сөздерін жатқызады, атап айтқанда 1) мақал – мәтелдер – тілдің экспрессивті құралдарына кіретін нұсқаулық сипаттағы ойды білдіретін сөздер; 2) "тұрақты сөз орамы" – тілдің бейнелеу құралдарын білдіретін тұрақты фразеологиялық тіркестер; 3) астарлы сөз – екі бөліктен тұратын аллегориялық сөздер: аллегория және оның ашылуы, тілдің мәнерлі – бейнелеу құралдары. Ғылыми айналымда осыған байланысты тағы бір көзқарас бар, оған сәйкес "俗语súyǔ" термині тек мәтелдерді білдіру үшін қолданылады [Войцехович И. В., 2007, 77-79]. Алайда, бұл жерде мақал мен мәтелдерді ажырату туралы көптеген қиындық бар.

Бүгінгі таңда тіл ғылымында мақал – мәтелдерге жалпы қабылданған көзқарас әлі қалыптасқан жоқ. Фразеологтардың мәтелдердің семантикалық – грамматикалық құрылымы туралы көзқарастарының бір біріне сәйкес еместігін, сонымен қатар сөйлемнің құрылымымен мәтелдер мен сол құрылымдағы қанатты сөздерден, тұрақты сөз тіркесінің құрылымымен қанатты сөздерден және басқа фразеологиялық бірліктерден ажыратылмайтындығын атап өткен жөн. Мақал мен мәтелдердің арасының бөлінуі шартты, сондықтан олар әдетте бір сөздікте біріктіріліп қолданылады [Жуков В.П., 2000, 12 б.]. Айтылғанның бәрі қытай мақал – мәтелдеріне де қатысты. Халықтық сөйлеудің аталып кеткен осы екі түрін белгілеу үшін "谚语yànyǔ" терминін де қолданады. "谚语yànyǔ" – бұл басқа халықтық сөйлеулерден ерекшеленетін мақал – мәтелдер, атап айтқанда, құрылымдық жағынан және мазмұны жағынан астарлы сөз және "тұрақты сөз орамы". Негізгі айырмашылық мақал – мәтелдердің мазмұнды, нұсқаулық, дидактикалық сипаты [Войцехович И. В., 2007, 77-79].

Қытай мақалдары, басқа тілдердегі мақалдар сияқты, халық даналығының көрінісі, халықтың өмірлік тәжірибесін бейнелейді. Қысқа бейнелі мақалдар әртүрлі құбылыстардың мәні мен тереңдігін, олардың ерекшелігін білдіреді. Бұл тарихи оқиғаларға, ежелгі өмірге, қоғамдық және отбасылық өмір салтына, сенімдерге, ғибрат өсиетке, адамның қарым – қатынасына және

адамның табиғатпен қарым – қатынасына және т. б. қатысты ақпарат тасымалдаушылары.

Қытай мақал – мәтелдерінің ұлттық – мәдени ерекшелігі көбінесе екі жолмен көрінеді. Біріншіден, оларға қытай әлемінің материалдық және рухани болмысы қатыса алады, оларға ұлттық дәстүрлі тұрмыстың құбылыстары мен заттары (茶 шай, 筷子тамақтануға арналған таяқшалар稻 егістік күріш, 米饭 пісірілген күріш, 葫芦 асқабақ, 扇子 желпуіш), оның ішінде шаруалардың тұрмысы (ауыл шаруашылығы мәдениеті – 谷类作物 дәнді дақылдар, 经济作物 техникалық мәдениет, 饲料作物 азықтық дақылдар, 玉蜀黍, 玉米, 苞米 жүгері, 小麦 бидай, 稻 күріш, 甜菜 қызылша, 马铃薯, 土豆, 洋芋 картоп). Екіншіден, Қытай географиялық ортасы аталуы мүмкін (ландшафт, өзен, қала, таулар, жануарлар және өсімдіктер әлемі – 竹 бамбук, 竹笋бамбуктың жас өркендер, 桃 шабдалы, 鸳鸯 үйректер, 虎 тигр), және ойдан шығарылған мифологиялық тіршілік иелері – 龙 (龍) айдahap, 凤凰 құс. Мысалы, “上有天堂，下有苏杭。/ Аспанда жұмақ бар, жерде Сучжоу мен Ханчжоу бар”. Яғни, осы мысалда қытайлар Қытайдың Сучжоу және Ханчжоу қалаларының табиғаты аспандағы жұмақпен бірдеу әдемі, көркем екенін салыстырып тұр; “百米细面, 土中提炼。/ Күріштің ақтығы, кеспенің жұқалығы жердің еңбегі” – адам тұрған, тамақтандырып отырған жерін күту керек, риза болуы керек; “牡丹是百花之王, 谚语是智慧的闪光。/ Пион немесе сәлдегүл – гүл патшасы, мақал – даналықтың көрінісі” – Қытайда пион гүлінің орны ерекше, гүл патшасы болып келеді, сондықтан пион гүлі гүлдердің патшасы болса, мақал қолданып сөйлейтін адам даналардың озығы деп теңеу жасап отыр; “学到老, 活到老。/ Түстік өмірің болса, кештік білім жый” – түске дейін жалғасатын өмірің бар болса да, кешке дейін уақытың бар болғандай білім жина, білім ал деген мағынаны білдіріп тұр, білім алу ешқашан да кеш емес; “一日之计在于晨 。/ Батар күннің атар таңы бар” – жаңа таң, күн жаңа ой, шешім береді; “千朵桃花一树儿生 。/Алма ағашынан алыс түспейді” – адамның тұлға ретінде қалыптасуына отбасы берген тәлім – тәрбиесінің әсері; “百闻不如一见。/ Жүз рет естігеннен гөрі, бір рет көрген артық” – көзбен көрген, естігеннен жақсы қабылданады, есте сақталады.

Паремиологиялық қордың сюжеттік және бейнелі арқауы Қытай халық республикасының бай тарихинан бастау алады, сондықтан мақал – мәтелдерде Қытай аумағында өмір сүрген және оның дамуына баға жетпес үлес қосқан көптеген тарихи тұлғаларды кейіпкерлер ретінде ұсынатыны жиі кездеседі. Бұл философтар, шенеуніктер, алғашқы Қытай халқының сұлулары Мақал – мәтелдерде Қытайдың мерекелері мен дәстүрлеріне қатысты болмыстарың ақиқаты жиі кездеседі, олар Қытай әлемінің ұлттық бейнесін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі Қытай халқы әлемінің фразеологиялық бейнесінде ұлттық бейнесінің пайда болу көзі болып табылады.

Ұйқас көбінесе құрылымы екі немесе одан да көп бөліктен тұратын мақал – мәтелдерде қолданылады. Ұйқас әр бөліктің соңғы сөздерінде, мысалы, 吃好睡好，长生不老。/ Егер жақсы тамақтанып жақсы ұйықтасаң, онда сен ұзақ өмір сүресің. Бірінші және екінші бөліктердің соңғы сөздері 好, 老 “хао”, ” лао” дыбыстары бір – бірімен ұйқас жасайды. 吃得慌， 咽的忙， 伤了胃口害了肠。 / Егер асығыс тамақтанып, тамақты жұтып қойсаң, онда бұл асқазан мен ішекке зиян тигізеді. Осында әр бөліктің соңғы сөздері 慌, 忙, 肠 "хуан", "ман", "чан" деп айтылады және ұйқас бірліктері болып табылады [Чжан Мянь, Саяхова Д.К., 2017, 193-194 б.].

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тіліндегі астарлы мағынасы бар мақал – мәтелдердің мол болуы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің терең болғандығын көрсетеді. Мақал – мәтелдер халық танымында кездесетін ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың болмысты танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады.

Мақал – үлкен толғау, бейне арқылы берілген логикалық ой қорытындысы. Оны адам өмірі-не, тұрмыс – тіршілігіне, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданады. Мақалдың басты ерекшелігі бірінде ойын ашық айтса, енді бірінде ойды астарласа да, анық қылып жеткізген. Тағы басты ерекшелігі жай сөйлеммен терең мағынаны бере білген. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы мазмұнында. Мақал – өмірде болған елеулі оқиғаға берілген даналық қорытынды. Ал мәтелде сөз айшықты, көркем теңеу қолданылады. Мәтелдің мақалдан айырмашылығы, мәтел тікелей сөйлеуді ойды жасырып сөйлеумен алмастырылуында, кейде затты, құбылысты нақты атамайды, бірақ шартты түрде оны айқындайды [Әубәкірова Л., 2019, Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны. Оларды қалай айыруға болады - Informburo.kz]. Қазақ тілінде мақал мен мәтелге бөлек анықтама берілсе де, кітап, жинақ, сөздік және тағы басқа қандай да болмасын дерек көздерінде сызықша арқылы бөлініп мақал – мәтел деп ара жігі бөлінбей біріктіріліп жазылады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі – мақал-мәтелдер. Ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келе жатқан еңбек тәжірибесінің жиыны, ой – пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршіліктің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы [Қазақтың мақалдары мен мәтелдері, 1959, 3 б.].

Қазақтың мақал – мәтелдерін поэтикалық

құрылысына қарай: қара сөзді және өлең сөзді деп екі жікке бөлуге болады. Қара сөзді мақал мәтелдер әдетте кемі екі сөзден тұрады, ішкі ұйқасты, үндестікті негізге алады. Сөйлемдер бірыңғай көркем сөзден құралады. Мысалы: Жақсы ат жанға серік; Шыдағанға шыдағаң; Сезікті секіреді; Ел құлағы елу» т.б. Мақал – мәтелдердің көбі өлең сөзге құралған, себебі жоғарыдағы мақал-мәтелдердің өзін (қара сөзді) бір тармақ деп қарауға болар еді. Алайда, өлең деп аталу үшін кемі екі тармақ болуы шарт. Мысалы, қос тармақты мақалдар:

Еттің бәрі қазы емес, Жаңылмас жақ болмайды,
Иттің бәрі тазы емес. Сүрінбес тұяқ болмайды.

Мақал – мәтелдер өлең тектес болғандықтан да олар белгілі бір ұйқасқа құралады. Ұйқас өлең сөзді мақалдардың негізгі қасиеті. Мына бір мақал – мәтел тектес шешендік сөздер алғаш шалыс ұйқасқа, сонан соң кезекті ұйқасқа, соңында қара өлең ұйқасына құрылған [Бұлдыбай А., 2011, 153-157 б.]. Мақал адам өмірінің барлық саласын қамтыған. Алайда заман талабына сай өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, еңбек туралы айтылған мақалдардан халықтың оған деген көзқарасын білуге болады. "Еңбегі бардың – өнбегі бар", "Еңбек түбі – мереке", "Бейнет түбі – зейнет", "Бейнетсіз рахат жоқ", "Еріншекке ошақтың екі бұты айшылық жер". Сонымен қатар мал сырын жақсы білетін қазақ төрт түліктің өзіне тән қасиетін де атап өткен.

XIX ғасырда туындаған мақал – мәтелдердің негізгі тақырыбы – егіншілік, адал еңбек, бірлік, ынтымақ туралы болып келеді. "Жер-ырыстың кіндігі", "Егін еккеннің есесі көп", "Астығы бар аш болмайды", "Бірлік болмай, тірлік болмас", "Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ", "Ырыс алды – ынтымақ", "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді", "Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ" деген мақалдар осының дәлелі.

Сонымен қатар ел мен жерді қорғау, ерлік тақырыбындағы мақалдардан халықтың ой – тілегін, арман – мүддесін патриоттық сезімін аңғаруға болады. Мысалы, "Ел іші – алтын бесік", "Туған жердің тауы ыстық", "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол".

Халық – қоғамдағы барлық материалдық, рухани байлықтарды жасаушы, салт – дәстүр, әдет – ғұрып, тұрмысты қалыптастырушы, алға қарай дамытушы негізгі күш иесі болғандықтан, "Көпке топырақ шашпа", "Көп қорқытады, терең батырады" деген мақалдарымен көппен санасу керектігін аңғартады. Қазақтың би – шешендері даулы істе тапқырлығымен қатар шешендік танытқан. Барша жұртты аузына қаратып сөйлей білмеген шешеннің беделі болмаған. Өйткені кез келген даулы істе жүйелі сөйлеп, тапқырлық танытпаса, оны тыңдайтын құлақ болмаған. Ал мақал – мәтел – сөздің тұздығы. Хан – төрелердің әділетсіздігіне тап болып, жауыздық іс – әрекетіне куә болған халық "Биің қылаң болса, жұртың ылаң болар", "Қансоқта жеп ит семіреді", "Төреге ерген ер тоқымын арқалар".

Қазақ мақал – мәтелдерінің кеңінен тарауына би – шешендер маңызды рөл атқарған. Олардың айтқан сөздерін бір – біріне үлгі етіп, өсиет ретінде таратқан. Ағайын арасындағы татулық, өнеге туралы ойларын алға тартып, тәрбие құралының бірі ретінде пайдаланған. "Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін". "Абысын татау болса, ас көп", "Ағайынның азары болса да, безері болмайды" деп бірлік, ынтымаққа шақырған. "Өткен іске өкінбе", "Ойнап сөйлесеңде, ойлап сөйле", "Сыртынан көріп, ішінен түңілме, қарасын көріп, күшінен түңілме", "Ауру астан", "Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, тамағыңды тый", "Жасыңда салақ болсаң, бара – бара былық болармысың", "Өнерлінің өрісі ұзақ" деп өсиет қалдырған [Әубәкірова Л., 2019, Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны. Оларды қалай айыруға болады - Informburo.kz].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда қытай және қазақ тілдеріндегі мақал мен мәтелдер мәселесі көп зерттеліп, зерттеу бағыты тіл және әдебиет болып табылатын ғалымдар арасында осы екі ұғымның арасын бөлуде көзқарастары бір ортақ тұжырымға келмеген. Қытай тілін зерттейтін ғалымдар мақал мен мәтел ұғымдарын түрге ажырату барысында үш түрлі көзқарасқа сүйенеді: 1) мақал мен мәтелді ортақ бір "俗语súyǔ" ұғымы қамтиді; 2) халықтық сөйлеуге кіретін осы екі терминді "谚语 yànyǔ" ұғымы қамтиді; 3) "谚语yànyǔ" ұғымы аударған кезде мағыналық жағынан "мақал" сөзіне сейкес, ал "俗语súyǔ" ұғымы "мәтел" сөзінің мағынасына сәйкес келеді. Зерттеу барысында біз үшінші көзкарасқа сүйінеміз деп шештік. Бірақ қытай тілінің фразеологиялық бірліктердің классификациясы тағы бір "歇后语 xiēhòuyǔ" ұғымын қамтиды. Қазақ тілінде аударған кезде "астарлы сөз" деген фразеологиялық бірліктің мағыналық қатарына сәйкес келеді. Қазақ тілінде мақал мен мәтелге бөлек анықтама берілсе де, кітап, жинақ, сөздік және тағы басқа қандай да болмасын дерек көздерінде сызықша арқылы бөлініп мақал – мәтел деп ара жігі бөлінбей біріктіріліп жазылады. Сондықтан екі тілде де мақал, мәтел, астарлы сөз ұғымдарын ажырату өте маңызды.

Қазақ тілінде мақал мен мәтелдің мағыналық айырмашылығы өте нәзік болғандықтан, әлі күнге дейін сөздік, жинақтарда бірге "мақал – мәтел" деген термин ретінде қолданып , мақал мен мәтелдердің мысалдары бір тізім болып жазылады. Ал кейбір сөздік пен жинақ кітаптарында мақалдың мысалдары бөлек бөлім ретінде, мәтелдер де бөлек бөлімде тізіліп жазылған. Мақал мен мәтелдің өзіндік ерекшелігін білмеген адам бұл жинақта мақалдардың тізімі арасында мәтел, ас-

тарлы сөз, фразеологиялық тұрақты тіркес жазылып немесе мәтелдер қатарына керісінше мақал, астарлы сөз, фразеология тұрақты тіркес қате шатастырылып жазылғаны туралы білмей, ары қарай басқа да адамдарға, ұрпағына қате түсініктерді таратады. Жоғарыда айтылғандай, мақал мен мәтел бабаларымыздан қалған ұрпақтан ұрпаққа беріліп жатқан халқымыздың болмасының тарихи көрінісі, ғасырлар бойы жиналған даналығы. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде фольклор жанрына жататын, қолданған кезде халқымыдың даналығын, тіл байлығын, мәдени сөйлеу формасын бейнелейтін мақал мен мәтелдердің ара жігін білу, қолдана білу, саналы және білімді ұрпақты тәрбиелеуге зор үлесін қосып, тарихымызды, салт – дәстүр, әдет – ғұрыпты, дініміздің, наным – сенімдерімізді сақтап ұмытпай ұстану біздің өз алдымыздағы, бабалар алдымыздағы парызымыз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алефиренко Н.Ф. Введение в когнитивную фразеологию/Н.Ф. Алефиренко. – LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011. – 152 с.
2. Әубәкірова Л. Мақал – мәтелдердің қазақ өміріндегі орны. Оларды қалай айыруға болады. [Электрондық ресурс] URL: Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны. Оларды қалай айыруға болады - Informburo.kz (Өтініш берген күні 16.03.2019).
3. Бұлдыбай А. Шешендік мақал – мәтел, шешендік жұмбақ//ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2011. №3(133). – 153-157 б.
4. Войцехович И. В. Практическая фразеология современного китайского языка – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. — 509 с. — ISBN 978-5-17-045764-9
5. Жуков В. П. Словарь русских пословиц и поговорок. 7-е изд. – М.: Русский язык, 2000. – 544 с.
6. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VI том. [Электрондық ресурс] URL: Мақал-мәтелдер — Қазақстан Энциклопедиясы (encyclopedia.kz)
7. Қазақтың мақалдар мен мәтелдері. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 232 б.
8. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.: Слово, 2000. –624 с.
9. Чжан Мянь., Саяхова Дилара Камилевна. Этнокультурное своеобразие пословиц и поговорок в китайском языке// Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017. № 12. Ч. 3. С. 192-194. ISSN 1997-2911.
10. Яковлева, Е.К. Интеграция китайских паремий в американское коммуникативное пространство.: дисс. канд.фил.наук: 10.02.20/Яковлева Екатерина Алексеевна. – М.: Владивосток, 2016. – 186 с.

ҒМРНТ 81’1 – 027.21

МАГЗЫМОВА ЖАНАТ САЛАУАТОВНА
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ТАЖИГУЛОВА АЙГУЛ КАЙРАТОВНА
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Түйін. Осы аталған мақалада түс атауларының тарихы мен олардың фразеологиялық бірліктерде әр түрлі тілдерде қолданысы қарастырылады. Табиғатпен біте қайнасып, оның табиғи реңкін санасына сіңіріп өскен халқымыздың ұшы-қиырсыз тіл байлығы бір сөз астарындағы сан тұспалмен, сана-сезіммен де білдіріліп жататынын ескерсек, тілдегі бір құбылыстың өзін қанша зерттесе де артық болмайтыны күмәнсіз. Ендеше жаратылғаннан бері тіршілік бояуын қажетіне жаратып, табиғат сырын өмірі мен өнеріне өріп келе жатқан қазақ үшін түс әлемі өз әлемін қалай танытар екен деген сауал әрқашан да өзекті.

Түйінді сөздер: түстер, түс атаулары, фразеологизм, фразеологиялық бірліктер, этимология.

Резюме. В данной статье рассматривается история названий цветов и их использование во фразеологизмах на разных языках. Если учесть, что богатство языка нашего народа, проникнутого природой и впитавшего в себя ее естественный оттенок, выражено в одном слове, в сознании, то, несомненно, не будет лишним, сколько бы ни изучалось само явление в языке. Поэтому для казахов, которые с момента своего создания создают краски жизни, вкладывают в жизнь и искусство тайны природы, всегда актуален вопрос о том, как они представляют свой мир.

Ключевые слова: цвет, цветообозначения, фразеологизм, фразеологические единицы, этимология.

Summary. This article discusses the history of color designations and their use in phraseological units in different languages. The richness of the language of our people, who grew up in harmony with nature and absorbed its natural hue, is expressed in a single word by a number of hints, consciousness, no matter how much one phenomenon in the language itself is studied, there is no doubt. Therefore, the question of how the world of color will represent its world is always relevant for Kazakh who has been creating life colors in need and weaving the secrets of nature into his life and art since his creation.

Keywords: color, color designations, phraseology, phraseological units, etymology.

КІРІСПЕ

Жалпы тілдегі секілді түр-түстің де тілдік танымына жүйесіздік, кездейсоқтық тән емес. *Түс атаулары* деп айдар тағып қарастырылғанмен, оның шын болмысы тұтас тілмен, тілдік жүйемен біртұтастықта ғана айқындалады, басқаша айтқанда, бүтін тілдің дербестене алатын бөлшегі емес, бүтіннің мүшеленуі ғана іспетті. Егер дәстүрлі зерттеулердегідей түс табиғатын жеке алып қарастырсақ, кейбір жағдайлардың, әсіресе, түс сыңарлы қолданыстардың көпшілігінің сөзжасамдық уәжі көмескі күйінде қалып қояды. Этимологиялық принциптерге сүйеніп жеке болжамдар жасау әрқашан шындық болмауы да ғажап емес. Сондықтан тілді адаммен, оның табиғатымен, қоршаған әлеуметтік ортасымен, сана-сезімімен қабылданған ритуалдарымен, мифопоэтикалық ойлауымен байланысты қарастыру қажет. Тек осы мүддені орындағанда ғана біз түстің тілдік болмысын индивидтің/этностың ғаламды түсінуінің көрсеткіші ретінде көрсетуге құқылымыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркітанушы ғалымдардың пікіріне жүгінсек, *«ақ, қызыл, сары, қара»* түр-түс сын есімдері етістік түбірлерден семантикалық-функционалдық трансформация, конверсия тәсілі арқылы пайда болғанын дәлелдейді. Демек, бұл сын есімдердің бастапқы қимыл, қозғалыс мәндері негізінде заттың сындық мағыналары пайда болған.

Ақ – сын есім ретінде қараға-қарама қарсы (жарықтың екі шегінде) реңкті белгілейтін сөз. *Ақ* сөзінің этимологиясы жөнінде түрлі пікірлер бар. Э.В.Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген деген пікір айтады. Егер «ақ» түбірінің көне түркі тілінде шынымен «қартаю, жан ұлғаю) синкретикалық мағынасы болса, онда «қосағыңмен қоса ағар» деген тілек мәнді тіркестегі «ағар» сөзі де жоғарыдағы «ақ» түбірімен төркіндес болуы ықтимал.

Бұл болжам негізсіз емес. Себебі қазақ тіліндегі *ақсақал, шашы ағару, ақ кірсе де, ақылы кірмеген, ақ жаулықты ана* т.с.с. тіркестерде де

қартаю, жасы жету мағынасы меңзеледі. Жоғарыда келтірілген «Қосағыңмен қоса ағар» деген алғыс сөздегі «Қосақ» (қосығ) - әйел, «жар» мағынасын береді. Ал сүт тағамдарының **«ақ»** аталуы сын есім «ақ-пен» байланысты қарастырылатыны белгілі. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Бұл сөздің негізгі мағынасы – түсті көрсететін түрі» деп көрсетеді. Түркі тілдерінде (сондай-ақ өзге тілдерде де) «ақ» сөзі **қара** сөзіне қарама-қарсы қазақ тіліндегі *ақ көңіл, ақ бата, ақ жол, ақ неке, ақ тілек* т.б. дегендер дәлел бола алады. Біздіңше, Қадырғали тарихшының «Ақ Орда», «ақ патша» дегендеріндегі «ақ» эпитеті қазақ тілінен келтірілген мысалдардағы «ақ» сөзімен қызметтес, мәндес түседі»,- деп келтіреді зерттеушілер Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев.

А.А.Потебня *ақ (белый)* пен қою *қызыл (багровый)* байланысын көрсетеді. «Белка» (тиін) Сібір аймақтарда оның түсінің *аққа* жақындығымен емес, *ақ пен жирен (рыжый)* ұғымдарының теңдігіне қатысты аталғанын дәлелдейді. «Күн» **қызыл** және **ақ** арқылы халық мәдениетінде орын алған. «Ақ» та, «қызыл» да сұлулықты, махаббатты білдіреді. Қызыл әдемі ғана емес, ашық, түп мәні отпен байланысты.

Сары сөзі де жиі қолданыста болатын түсті білдіретін лексема. Ғалым Е.Қойшыбаевтың көрсетуінше **сар** сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағыналарда жұмсалатынын айтқан. Р.Сыздықова «Сары алтын» дегендегі «сары» сөзінің мағынасы қоспасыз, таза, ал «сары уайым» дегендегі «сары» – парсы тілінде «уайым, қайғы» екендігін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағынадағы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болған бала-шаға (шаға да «бала» деген сөз), бекер-босқа сөздері сияқты бір сыңары парсыша –уайым (сар), екіншісі – қазақша уайым сөздерінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», - дейді. Е.Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын, анық көрінген, басты» деуі де қисынды пікір. Бұлай болғанда *сары уайым – негізгі, анық уайым, ал сарыла күту төзіммен, ұзақ шыдаммен шын күту* дегенге де келеді.

Қара – қазақ тіліндегі ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары көп түстің бірі. Жалпы түркі тілдерінде бұл сөзге қатысты тұрақты тіркестер көп, уақыт өтуімен байланысты олар жаңғырып үстемелеп отырғандығы да байқалады. Түркі тілдерінде *қара* сөзінің бір мағынасы *үлкен, зор, көп* екенін зерттеушілер айтып жүр. Мысалы, **қара қыпшақ** дегендегі *қара* қыпшақтардың түр-түсін таныту үшін емес, қалың қыпшақ, көп ру дегенді білдіретін перифраз. Осы секілді *қара сөз – үлкен сөз. Қара шаңырақ – үлкен, қасиетті шаңырақ, Қара күш – жойқын күш, Қара зіл – аса ауыр* т.с.с. Қазақтағы **қара боран**, **қара дауыл, қара құйын** да осы Қашқаридағыдай ұшқан (ұйтқыған) боран, дауыл, құйын болуы мүмкін. Сонда **қара**ның бір мағынасы ұшу, ұшыру, ұйтқу болмақ.

Көк сөзі де түркі тектес халықтарға ортақ. Заттық ұғымдағы көк (аспан) пен сын есім *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан ұғымындағы «көк» сөзімен онымен түстес нәрселердің салыстырылуы нәтижесінде көк аталуы әбден мүмкін. Негізінде бұл екі ұғымның қайсысы бірінші қалыптасқанын ешкім де дәл айырып бере алмайды.

Түркі тектес халықтардың ішінде қазақта **көк** күшейту мағынасында «көкпеңбек» болып қолданылады. Бұл «көк пен көк», яғни көкпен бірдей деген ұғымға келеді. Әрі сөздің екі рет қайталануы оның реңдік мәнін әсірелеп, үдетіп жіберген.

Үнді европа тілінде **bhel** – жану, ал неміс тілінде **blau** – көк, ағылшын тілінде «**blue»** – көк. Қазақта **бал-бұл жану** – жарқырау, қызару, арайлану, жүзінен нұры төгілу [Томанов М., 1992]

Қоңыр сөзі де бүгінде алуан семантикалық даму процесін өткерген. **Қоңырмен** түпкі негізі бір **күңгірт, күрең, қошқыл, кер** сөздері бүгінде жеке дара мағыналы сөздер. Тура түстік мағынасында бұлардың бәрі қызыл мен қара аралығындағы реңді білдіреді. «Қоңыр» сөзінің қазіргі қолданыстағы *биік, жай, бос, салқын, бірқалыпты, баяу, жұтаң, кем т.б.* мағыналары ертедегі мәндерімен сыбайласатыны даусыз. Түрік сөздігінде «қоңыр үн» көмейден шығатын үн» деп түсіндірілген [Севортян Э.В., 1974]. «**Оғлан үні қоңрады – Баланың дауысы қоңырланды»** Бала балиғатқа жеткенде дауысы өзгерді, дауысы қоңырланды [Севортян Э.В., 1974]. Көріп отырғанымыздай, **қоңыр үн, қоңыр дауыс** ер адамға тән, ер баланың белгілі бір даму кезеңіне сай пайда болатын, ән салғанда кәсіби әншілікті қажет етпейтін (қоңырлатып ән салды) дауыс, үн. **Қоңыр**, сондай-ақ, жердің түсі. Жер – халықтың тіршілік орны. Осымен байланысты қазақ елінің танымында ерекше жағымды мәнге ие. Оның да түпкі тегі **кер, қызыл, қара** секілді **от** культіне тікелей қатысы бар.

Қызыл сөзіндегі *ыл* жұрнақ, **қыз** – өлі түбір Н.Баскаковтың да пікірінше, қыз түркі тілінде «от» мағынасында жұмсалған. XI ғасыр түркі тілдерінде *«қыз»* сөзінің – *қызыл* түс мағынасында қолданылған айтылады. Сонымен *қыз* түбірі ерте замандарда синкретизм ретінде бірде етістік, бірде сын есім мағынасында қолданылған [Севортян Э.В., 1974]. М.Томановтың пікірінше, **қызыл**, **жасыл** сөздері түбірдің және қосымшаның көнеруі арқылы субъективтенген сөздер [Томанов М., 1992].

Үнді европа тілінде **gher** – *жану* (гореть), сондай-ақ *жасыл* (зеленый); Неміс тілінде grun – *жасыл* (зеленый); Орыс тілінде **зеленый** – *жасыл*, **жечь** – *жағу*, **зелень –** *көкөніс.*

Сонымен, бұл тармақта негізгі жеті түстің *(ақ, сары, қара, көк, қоңыр, қызыл, жасыл*) шығу негізіне қатысты деректер бойынша мәлімет берілді. Біздің негізгі мақсатымыз – адамның жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжі-

рибесі арқылы тіл танытатын болмысты, ғалам бейнесін анықтау. Бұған алғашқы қадам ғана жасалды. Түр-түс атаулары белгілері адамға тәуелсіз объективті өмір сүреді, бірақ олардың уәжі санаға тәуелді болады. Дүниеде, тілде кездейсоқ байланыс болмайды, оның өзі адамзат санасының өзін қоршаған әлеміне тәуелділігіне тікелей қатысты. Түр-түсті когнитивтік зерттеуде тіл тарихына жүгінуіміздің себебі жаңа мен ескі мәліметтер арасындағы байланысты айқындау, ал ол соған сәйкес когнитивтік құрылымды анықтау үшін қажет [Фрумкина Р.М., 1974] .

Түр-түс ғылымының дүниеге келіп, жан-жақты зерттелу нысанына айналғанын екі ғасырға жуық уақыт болды. Алғашқыда түс табиғаты олардың практикалық қажеттілігіне орай көбірек зерттелінді. Түр-түстің лингвистикалық тұрғыдан зерделенуі жалпы тіл білімінде – Л.Уорф, А.Мэтьюз, Р.Фрумкина т.б., түркі тілдері әлемінде – А.Н.Кононов, Э.В. Севортян, А.М.Щербак т.б. есімдерімен байланысты. Қазақ тілінде түр-түс атауларының арнайы зерттелуіне Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков авторлығымен жарық көрген «Сырға толы түр мен түс» (1986ж.), «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» (1992ж.) еңбектері арналған. Мұның біріншісінде түсті физикалық табиғаты тұрғысынан қарастырса, екіншісі түр-түске жүйелік құрылымдық сипатта тілдік талдау жасауға бағытталған.

«Фразеологизмы с компонентами цветообозначения в казахском языке» атты Ж.Қалымованың кандидаттық диссертациясы да түстік фразеологизмдерге құрылымдық жағынан талдау жасайды, семантикалық, құрылымдық типтеріне сипаттама береді, көркем әдебиеттегі осы типті фразеологиялық бірліктердің стилистикалық қасиеттерін сипаттайды. Соңғы уақыттарда да түр-түс сыңарлы фразеологизмдерді әр қырынан қарастырған ғылыми жұмыстар аз емес: Серікбаева Ұ., Нұржігітова М., Ахметжанова Ф. т.б.. Әсіресе, түр-түс топонимикалық атаулар құрамында және атау ретінде қалыптасуының этимологиялық жағынан зерттелуі Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, А.Махмутов еңбектерінде үлкен жетістіктерге жеткен. Халық әдеби тілінің зерттелуінде де түс сыңарлы күрделі атаулар мен сөз тіркестері құрамында жан-жақты қарастырлады (Р.Сыздықова, Е.Жұбанов, т.б.), ақын-жазушылар шығармаларының тіліне қатысты жұмыстардан (Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, т.б.), лингвистикалық, этимологиялық, лингомәдени тұрғыдан талдау жасалған еңбектерден де (І.Кеңесбаев, Т.Қоңыров, Н.Нұрмағамбетов, т.б.) түр-түске қатысты құнды пікірлерді көптеп келтіруге болады. Ш.Жарқынбекованың «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты докторлық диссертациясы екі тілдегі түстік феномендерді салыстыра отырып әмбебап және мәдени мәні бар нышандарының, лингвомәдени түсініктемесін анықтауға арналған.

Негізгі түс атаулары (*ақ, көк, қызыл, сары, жасыл, қара, қоңыр*) бұрынғы зерттеулерде этимологиялық табиғаты анықталғанмен, тілдік қолданысында түрлі мазмұн алуы қайтадан сол түстердің ауыс мағыналары ретінде түсіндіріледі. Ал бұл тұлғаларды қабылданатын ақпарат ретінде когнитивтік модельдерде кодталуы тұрғысынан қарастырғанда уәжділігіне қарай әр қайсысы өз ядросына, орталық прототипіне, тірек негізіне (базисная основа) шоғырланатыны анықталады. Осыған орай, осы *түстік* деп танып жүрген көптеген тіркес жасайтын компоненттер шын мәнінде түр-түсті білдіруден ауысқан мағына ма дегенге жауап іздеген дұрыс секілді. Сондай-ақ, күрделі сөздер құрамындағы түр-түс атаулары да өз орнын номинативтік тұрғыдан табатын уақыты жетті. Әлі күнге дейін бұлардың кейбірі (*ақ қайың, ақсақал, сары май*) күрделі сөз деп танылғанда, кейбірі екі ұшты деңгейде қалып қойған (*көк айыл, қара ағаш, сары қарын, сары су, қара жер*), олардың жазылу емлесі де бір текті емес. Күрделі сөздер теориясында бұл мәселелер айтылып та жүр. «Күрделі сөздердің құрамындағы сыңарларының бірге жазылуы шарт бола алмаса да» олардың уәжділік деңгейін, құрамдық компоненттері сәйкестігін ескере отырып, лексикалық жасалым принциптері негізінде емлесін ретке келтіру мүмкіндігі де жоқ емес [Манкеева Ж.А., 2001, бб.39-44].

Зат атаулары құрамында *«қара, көк, сары, қызыл»* сөздерімен келетін күрделі сөздерді зерттеген Б.Қ.Қасым бұларды сапалық сындар деп таниды және олар күрделі зат атауы құрамында сындық белгіні білдірмейді, заттың түстік белгісін ала отырып, уәжділіктің түрлі деңгейінде аталым процесіне қатысып, күрделі лексикалық жасалымдар жасаған, - деп келтіреді. Мұнысы шындық, бірақ барлық жағдайда емес. Мысалы: *«қарабидай, қара өрік, көкжиек, сарымай»* дегенде түстік қасиетке уәжделгенмен, *«көкбазар, қара шаңырақ, қара күш, ақ көз»* түстік белгі бола алмаса керек. Жалпы *қара күш, қара найза, қара сүңгі, көк долы, қызыл тер, ақ ниет* құрамындағы *қара, көк, қызыл, ақ* сөздерін түр-түс деп атаудың өзі дұрыс па? Ауыс мағыналардың (метафора, метонимия секілді) жасалу тәсілі айқын, оған тірек негіз болудың да өз өлшемі бар, ал ұзақ-сонар тарихынан бері өзінше анық ұғымды белгілеп келетін **– «көк»** – аспан; таспа; өсімдік, жеміс-жидек; **«ақ»** – тағам; **«қара»** – нысана, белгі; үлкен, ірі т.с.с. мәндері түстің ауыс мәні деу зорлық болмай ма? **Қара**–с.е. – көмірдің түсіндей қап-қара түс, аққа (жарықтың жоқтығы жөнінен) қарама-қарсы деген тура мағынадан *«қара күш», «қара сөз», «қара шаңырақ»* т.б. мағына ауысуы негізінде жасалғанын, не өзге тәсілмен ауысқанын қандай уәж негізінде кім келешек ұрпаққа түсіндіріп бере алады? Шын мәнісінде олар уәжді, тіпті эндоцентрлі (айқын) уәжді дүниелер. Көп жағдайда тілдің нәзік қырлары назардан таса қа-

лып жатады. Мысалы: **ақ** пен **таз**а ұғымын теңестіріп, оны әр уақытта бірдей деңгейде қолдана беруге болмайды. *Ақ қағазға* жазу бір басқа,«-*таза қағазға* жазу бір басқа, ақ қағаздың таза болуы шарт емес, таза қағаздың ақ болуы да міндетті емес. Ал *таза ақ қағазға* жазу үшінші мәселе. **«Көк шөп»** дегенде, қазақ түсін емес, шөптің жас, жаңа көктегендігін ойына алғандықтан атаса да, *көк шөптің* өзі барлық шөп түрінің жас, жаңа көктеп келе жатқандығына қатысты қолданылмайды. *Жусан, бетеге, ала бота* да шөп түрлері, бірақ оларды өз атауларымен атай береді. Ал *«көк шөп»* деп қияқты, не қырда, сайда өсетін жұмсақ, майда шөп түрлерін атайды. Сонда ол белгілі нәрсеге тағылған атау түрі. Ал ***көк алма*** **–** жасыл алма емес, дұрыс жетілмеген алма, оны *көк қауын, көк қарбызбен* салыстырып та анықтауға болады. ***Жасыл алма*** көк, шикі емес, піскен, жеуге дайын алма сұрпының бір түрі, оны ***көк алма*** деп те айта беруінің себебі, жасыл түсті алма өзге сұрыпты сары, қызыл алмаларға қарағанда қаттылау және сулы болады. Жалпы *«көктің»* өсімдік, көкөністерге қатысты қолданылуы негізінен сулы, нәрлілігіне байланысты. Оған тағы бір дәлел *«көк шөп»* үнемі суармалы жердегі, гүлзарлардағы, орман ішіндегі шөптің атауы, ал қырда өскен шөп жазда шау тартып, өңі өзгергеннен-ақ ол *көк шөп* емес, *шөп* боп аталатыны осы ойға жетелейді. Адамзат дамуымен бірге өзгеретін және өрістейтін түсті ажыратып көру емес, түс атаулары. Ескі грек тілінде *көк* пен өзге *көкшіл* түстер ажыратылмаған. Тілдегі түртүс атауларының аз-көптігімен түстаным деңгейін шектеуге болмайды [Қасым Б.Қ., 2000, б.154].

Ағылшын тілін байытып отырған фразеологизмдердің сандарына қарай Шекспирдің шығармалары ерекше орын алады. Олардың саны 100-ден асады. Мұндай фрзеологизмдер шексперизм деп аталады. Олардың түрлері нақты анықталған кезде, фразеолгизмдердің түрлері драма шығармаларында кездесетіндігі байқалды. «Отелло» атты трагедиялы драмадан түс атауына қатысты фразеологиялық единицалар: *the green-eyed monster (книжн.) – жасыл көзді құбыжық, қызғаныш («чудовище с зелеными глазами», ревность).*

Қазіргі ағылшын тілінде шекспир фразеологизмдеріне бірнеше өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұны келесідегідей фразеологиялық единица мысалы дәлелдей алады: *Buy golden opinions – өзі туралы жақсы ой туғызу, озін жақсы жағынан көрсету, сыйлауға тұру (заслужить благоприятное, лестное мнение о себе, вызвать восхищение или уважение).* Кейде *buy* етістігінің орнына *win* етістігі қолданылады.

Ночью все кошки серы (рус.) — all cats are grey in the dark (англ.). A black sheep – «паршивая овца», позор семьи (по старому поверью считалось, что черная овца отмечена печатью дьявола). Фразеологизм : *There is a black sheep in every flock, орыс тілінде «В семье не без урода». A\the thin red line- өз позициясынан қайтпайтын, өз қағидасын ұстанатын мықты адамдардың шағын тобы (небольшая группа отважных людей, защищающих местность или принципы, не уступающие своих позиций).* Бұл фразеологизм алғаш рет 1877 қолданылды. Қызыл форма киінген қырымдық соғыс кезіндегі британдық күрес туралы сөз болады. A whited sepulchre - гроб повапленный. Бұл фразеологизм қазіргі тілде *екі жүзді адам («лицемер, двуличный человек»)* деген мағынаны білдіреді.

The golden rule- тамаша ереже («золотое правило», мудрое правило, помогающее всегда и всем). «Аспен ұрғанды таспен ұр», (Как хотите, чтоб с вами поступали, так поступайте и вы с ними), Black ingratitude – қарғыс, (черная неблагодарность), Red as blood- қан қызыл, (красный как кровь), Red Cross- Красный Крест (медицинская служба, организованная согласно женевской конвенции 1864 года), Like a red rag to a bull- как красная тряпка на быка, Blue blood- көк қан, (голубая кровь), Yellow press- желтая пресса

Look at smth through rose- көзінің астымен қарау, (coloured glasses смотреть на что- либо сквозь розовые очки), green with envy — қызғаныштан өртену, (перен. позеленевший от зависти), white flag – ақ жалау, (белый флаг, флаг парламентера) (сигнал о капитуляции), Paint a black picture- қара түс, (в черном цвете), To be in a black book – қара тізім, (черная книга/ черные списки), Yellow belly- желторотый птенец, Golden opportunity- тамаша мүмкіншілік, (блестящая возможность), Kill the goose that laid/ lays golden eggs- тыныш жатқан жыланның құйрығын басу, (убить курицу, несущую золотые яйца), Grey cells/ matter- «серое вещество», мозговые извилины.

white lie- қауіпсіз жалған, (невинная ложь, ложь во спасение), put down in black and white — аққа қарамен жазу, (написано черным по белому), A black eye- көз астындағы ісік, «синяк под глазом», Be in the black- табысты болу, «быть в прибыли», Be in the red- табыстан айырылу, «быть в убытке», Be in the pink- денсаулығы мықты болу, «выглядеть здоровым», Have a yellow streak-қоян жүрек, «быть трусливым, робким человеком», Blue chips- жоғары дивидентке ие компания акциялары, (акции компании, выплачивающей высокие дивиденды) [Saunders B., Van Brakel J., 1997].

Қазіргі ағылшын тілінде фразеологиялық единицалар метафоралық мағыналарға ие [Berlin B., Kay P., 1969].

Шекспирдан басқа көптеген данышпан жазушылар ағылшын тілін, соның ішінде, фразеологияны байыта түсті, олардың арасында, атап айтсақ, Джефри Чосер, Джон Мильтон, Джонатан Свифт, Чарльз Диккенс, Вальтер Скотт және басқалары.

Мысалы, келесі фразеологизм В. Скоттың «Айвенго» романында кездеседі: *Catch/ take smb red-handed – біреуді қылмыс үстінде ұстау (застать кого- либо на месте преступления, захватить с поличным).*

Ағылшын тілі фразеолгиялық единицаларының көбісі антикалық тарих және мәдениетпен байланысты. Олардың көбісі халықаралық сипатқа ие және тілдер қатарында кездесетіндігі таң қаларлық жайт емес. Мысалы, антикалық мифологияда мынандай фразеологизм кездеседі, мысалы: *The golden age – алтын ғасыр (золотой век).*

Мұндай тіркес алғаш рет Гесиоданың «Труды и дни» деген поэмасында кездесті. Автор ол кездегі адамдардың еш қайғысыз, соғыссыз және қиын еңбексіз құдаймен өмір сүрген кезегі Сатурн ғасырын сипаттаған.

Қазіргі таңдағы тілде фразеологизм мәдениет пен өнердің даму кезеңін білдіреді. Ағылшын тарихында алтын ғасырды 18 ғасыр, өнердегі классикалық бағыттың бағыну кезеңі болып аталады.

Мұндай тіркестер Эзопа баснясына және ертегрек ертегілеріне кіреді. Мұндай тіркеске төмендегідей фразеологизм мысал бола алады.

Мысалы: *Kill the goose that laid/ lays the golden eggs – тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа (убить курицу, несущую золотые яйца).*

Кейбір фразеологизмдер біріншіден ертеримдік жазушылардың шығармаларында кездеседі.

Француз тілінен алынған фразеолгизмдердің саны айтарлықтай көп. Олар ағылшын тіліне тіркестердің калькирование жолымен келді. Француз тілінен алынған көптеген ағылшын фразеологиясының калькасы латын прототипіне кіреді. Ал егерде француз обороты латын вариантының толық калькасы болып табылса, кейде фразеологиялық единицалардың ағылшын тіліндегі калькасы тікелей латын тілінен немесе француз тілі арқылы келді ме деп айту қиынға соғады.

Неміс тілінен келген фразеологиялық кірме сөздерге келетін болсақ, олар көп емес деп айтуға болады. Мысал ретінде Томаса Карлейлдің еңбегінде кездесетін мақалды беруге болады: *Speech is silvern, silence is golden – сабыр түбі сары алтын («слово- серебро, молчание- золото»)* [Kay P., Berlin B., Maffi L., Merrifield W. R., 2003].

Ағылшын тілінде басқада тілдерден енген кірме сөздер бар. Мұндай мәліметтерді мұқияттылықпен қарағаң жөн, себебі мағынасы мен түрі жағынан әр түрлі тілдерде кірме сөздерге қатысыда болмауы мүмкін. Бұл тек осы тілдерде сөйлейтін халықтың дәстүрі мен салтының, өмірлерінің саяси шарттарымен түсіндірілуі мүмкін.

Фразеологиялық паралелдер басқа тілден енген кірме сөзсіз бір тілмен түсіндіріледі. Мынадай мәліметке көңіл аударған жөн, мысалы, антикалық түсініктер әр түрлі тілдерде түрліше бейнеленген. Көп жағдайда, ағылшын, француз және испан тілдерінде сөз тіркестер деп есептелсе, неміс тілінде тек күрделі сөзбен беріледі. Берілген мысалдардан мынадай қорытынды шығаруға болады, фразеологизмдердің құрамына, көбінесе, ерте кезден алынған түс атауларының терминдері, яғни спектрдің 11 базалық түстерінен тұратын топтың түс атаулары кіреді.

Көптеген фразеологиялық единицалар Англияға АҚШ-тан келді. Мұндай кірме сөздер тіларалықтыққа жатады. Мұндай фразеологизмдердің кейбіреулері ассимиляцияға ұшырады. Ағылшын сөздіктерінде америка тілінен енгендігі айтылмайды. Мұндай «американизмге», мысалы, a/ the green light – бостандық әрекет (зеленая улица, свобода действий;)

Paint the town red – шаттыққа бөлену (предаваться веселью, кутить). Жоғарыда көрсетілген мысалдардан американдық тектен шыққан фразеологизмдердің ішінде таза американдық сөз жоқ. Мұндай айналымдарды ағылшын тілі деп қабылдау жеңіл болады. Олардың американдық шығу тегі лексикографиялық мәліметтер негізінде және соларды талдау негізінде құрылған.

Фразеологиялық бірліктердің кейбір басқа топтарына американдық сөздер енетіндігі анық. Мысалы, *a red cent - медный грош.*

Американдық фразеологиялық кірме сөздердің ағылшын тілді формасы британдық вариантта толығымен аударманы қажет етпейді. Американдық фразеологиялық кірме сөздер, әсіресе, сленгтер анық бейнесі және жоғарғы экспрессивтілікпен ерекшеленеді.

Қорытынды

Тілдегі түс атауы бар фразеологизмдердің нақты семантикалық болмысы жалпы адамның дүние танымы ұстанымына сай анықталды. Тілдегі түс атауы бар фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктері сөз тіркестерінде, фразеологизмдерде және мақал-мәтелдерде көрініс тапты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.Алматы, 1992.
2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974.
3. Фрумкина Р.М. «Цвет, смысл, сходство. – М, 1984. М., 1974.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. №4. 2001. 39-44б.
5. Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. Алматы, 2000. – 154б.
6. Saunders, B. & Van Brakel, J. Are there non-trivial constraints on color categorization? Behavioral and Brain Sciences 20, 1997.

7. Berlin, B & Kay, P. Basic Color Terms: their Universality and Evolution, University of California Press, Berkeley, 1969.
8. Kay, p., Berlin, B., Maffi, L. & Merrifield, W. R. The World Color Survey. Centre for the Study of Language and Information. 2003.
9. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологизмнің сөздігі. Алматы, 1977.
10. Кеңесбаев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1986.
11. Hornby A. S. Oxford Students's Dictionary of Current English. – Moscow: Oxford University Press 1983, 769p.
12. The Oxford Russian Dictionary. English-Russian. 180000 words and phrases. Oxford-Moscow, 1999. 735p.

УДК 81

MADIYEVA GULMIRA BAYANZHANOVNA
Professor
Kazakh National University named after Al-Farabi

ANUARBEKOVA ZHANSAYA MARATOVNA
Master student
Specialty: two foreign languages
Kazakh National University named after Al-Farabi
Almaty, Kazakhstan

INTERCULTURAL COMMUNICATION BETWEEN INTERNATIONAL ACADEMIC STAFF AND LOCAL STUDENTS IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Түйін. Қазақстан көпұлтты мемлекеттердің бірі болып саналады, елімізде халықаралық оқу мекемелері көп, шетелден келген ұстаздар мен профессорлардың саны жылдан жылға өсуде. Олардың ағылшын тілін оқыту әдістері жергілікті мұғалімдердің әдістерінен ерекшеленеді. Екі немесе одан да көп ұлттың арасында пайда болатын қарым-қатынас мәдениетаралық коммуникация деп аталады. Қазіргі уақытта мәдениетаралық коммуникация лингвистика, методология, философия және психологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Бұл зерттеу мақаласында жергілікті студенттер мен олардың шетелдік оқытушылары арасындағы мәдениетаралық қарым-қатынастарында туындауы мүмкін жалпы мәселелері көрсетілген. Автор студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасты мәдениаралық контекстте зерттейді. Бұл зерттеудің мақсаты жоғары білім беруде осы тұрғыдағы мәселелерді анықтау болып табылады.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық коммуникация, мәдениетаралық контекст, тіл мұғалімдері, оқу орындары.

Резюме. Казахстан является многокультурной и многоязычной страной, которая имеет большое количество международных образовательных учреждений, преподавателей из разных культур. Их методы преподавания английского языка отличаются от методик местных преподавателей и имеют свои особенности, проблемы. Одним из примеров является общение со своими учениками. Общение, возникающее между двумя и более культурами, называется межкультурной коммуникацией. Межкультурная коммуникация в настоящее время является предметом изучения лингвистики, методики, философии и психологии.

Это исследование показывает общие проблемы, которые могут возникнуть в межкультурной коммуникации между местными студентами и их иностранными преподавателями английского языка. Автор исследует общение студентов и преподавателей в межкультурном контексте. Целью данного исследования является выявление возможных проблем, которые могут возникнуть в этом контексте в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: межкультурное общение, межкультурный контекст, преподаватели языка, образовательные учреждения.

Summary. Kazakhstan is a multicultural and multilingual country that has many international educational institutions. The instructors come from different cultural backgrounds. Their ways of teaching English varies from local instructors and has its own characteristics and overall issues. One of the examples is the communication with their students. The communication that arises between two and more cultures is called intercultural communication. The intercultural communication is now the subject of study of linguists, methodologists, philosophers and psychologists.

This research shows common problems that may occur in cross cultural communication between local students and their foreign English language instructors inside and outside the classroom. The author explores student-teacher communication in intercultural context. The aim of this study is to identify possible challenges that may arise in that context in higher educational institutions.

Keywords: intercultural communication, intercultural context, language instructors, educational institutions.

INTRODUCTION

Because of the globalization Kazakhstan has become a multicultural country with different international schools, companies, institutions, and industrial factories. That's why nowadays we should develop our cultural competence into intercultural competence. Byram offers a comprehensive definition of the competent intercultural speaker: 'An

intercultural speaker is someone who can operate their linguistic competence and their sociolinguistic awareness of the relationship between language and the context in which it is used, in order to manage interaction across cultural boundaries, to anticipate misunderstandings caused by difference in values, meanings and beliefs, and thirdly, to cope with the affective as well as cognitive demands of engagement with otherness' (Byram, 1995, p.98). The cross cultural communication can't always be perfect. Because of that people come from different backgrounds they have different culture, that means they have different values, beliefs, knowledge and attitudes. Thus, apparently, there might be some misunderstandings during the interaction. To prevent them instructors and students must be aware of intercultural competence. Acquiring intercultural competence requires interlocutors to be able to recognize how communication takes place so that they can quietly negotiate a mutually acceptable mode of communication. This can only be achieved in a climate of multiculturalism where diverse cultures are recognized and valued.

PURPOSE

This research is mainly focused on understanding the intercultural communication between foreign teachers and local students. The aim is to identify the problems that occur during the communication of non-local instructors and local learners.

The research questions:

1. What can be the problems of cross cultural misunderstandings between international academic staff and local students?

2. Does it affect the teaching and learning process? And how?

3. Is communication in the classroom different from the outside class communication?

4. What can be done to solve those problems?

Hypotheses

Keywords: value, spiritual world, national knowledge, time, space, psychological parallelism, psychological sense, psychological method.

КІРІСПЕ

Қашанда өз түнегінің тұңғиығынан бір жарық сәуле тауып соған ұмтылған адам әлемі, жазушы әлемі жаңалыққа құмар келеді. Дәл осы жаңалық қана нағыз әдебиетті, өмірді қалыптастырмақ. Қазақ әдебиетіне жаңалық болып келіп, өз жолын, дара сүрлеуін қалыптастырған біршама жазушыларымыз бар. Солардың бірі де бірегейі оқырмандарға заманымыздың сан қилы сипатын танытуда, суреттеген кейіпкерлердің болмыс-бітімін айтып, мысал келтірудің маңызы зор аса көркемдікпен көрсете алған жазушы Төлен Әбдікұлы еді. Қазіргі жаһандану үрдісіне бет бұрған қоғамда өмірдің қым-қиғаш құбылыстарын тану үшін Төлен Әбдіковтің шығармаларына бойлап, ерекшеліктерін зерделеудің маңызы зор. Өйткені, қаламгердің қай туындысын алсақ та, адам жанына терең үңілуді көздеп, рухани-моральдық тұрғыдағы ізгіліктерді санаға сораптап құйып, сол арқылы адамдықты сақтауға көп күш салғанын анық аңғарамыз.

Ғалым С.Асылбекұлының зерттеулеріне сүйенсек, Т.Әбдікұлы тұстарының жазған шығармаларының тақырыптарын шартты түрде болса да, төрт салаға бөліп қарастырғанын көреміз. 1) ауыл, 2) қала, 3) тарих, 4) шет ел тақырыбы. Осы тақырыптардың ішінде алғашқы, әсіресе, соңғы салада өндіре жазып, сонысымен де қазақ әдебиетіне

соны бір мазмұн, ерекше түр жаңалығын ендірген шығармаларына ерекше тоқталамыз. Олай болса, бірінші сөз - ауыл өмірі жайлы. С. Асылбекұлы: «Біріншіден, олардың барлығы дерлік қазақтың байтақ даласының түкпіріндегі ауылдарынан шыққан кешегі қыр балалары еді. Сондықтан олар бұл өмірді, осы қоғамдық ортаның тіршілігін басқа тақырыптарға қарағанда жетік білетін. Қазақтың басым көпшілігі әлі де болса ауылдарда, немесе тіршілігі, өмір сүру салты, әлеуметтік жіктелуі жағынан ауылдардан пәлендей айырмашылығы жоқ шағын қалаларда, кенттерде тұратын. Екіншіден, ауыл туған халқымыздың әдеп-ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологияның, ана тілі мен халықтық төл философиясының бастауы, алтын бесігі, осы қадір-қасиеттердің бәрін қоймаған бұзбай ғасырдан ғасырларға сақтап келген алып рухани қазынасы секілді еді [Асылбекұлы С., 1997, 28 - б.]» - деп, негізгі себептерін атап көрсетеді.

Шынында да ұлттық көркем әдебиеттің осыншама құнды қазынасына қызықпау, ынтықпау мүмкін емес еді, әсіресе қатары жылдан жылға сиреп бара жатқан, енді бір он-жиырма жылдан соң мүлде жер бетінде қалмауы мүмкін абзал қарттардың образдарын бір-бірімен таласа айрықша сүйіспеншілікпен айтып та, ақ қағазға түсіріп те жатты. Себебі, егер ауылды қазақ халқының ұлттық қадір-қасиеттерінің баға жетпес қоймасы десек, күннен-күнге, жылдан-жылға қатарлары сиреп бара жатқан қазақ қарттарының алдыңғы қатарлы өкілдері - сол қадір-қасиеттердің мәйегі.

Атап өтетін болсақ, Д. Исабековтің «Дерменесіндегі» Тоқсанбай, «Сүйекшідегі» Тұңғыш, «Тіршіліктегі» Қыжымкүл, Ж.Түйменбаевтың «Ауыл шетіндегі үй» Омарғали т.б. секілді қарттар.

Т.Әбдіқұлының «Әкесі» мен «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» атты повестерінде негізгі көтерген проблемасы осы болатын. Мәселен, «Әкедегі» Сейсен, «Қыз Бәтіш пен Ерсейіттегі» Қожабектер адамгершілік пен имандықтың ғана емес, күннен-күнге, жылдан-жылға деформацияға ұшырап, қоғамдық белсенді өмірден шеттетіліп, өндіріс орындары мен үлкен қалаларда мүлдем қолданудан қалып бара жатқан ана тіліміздің де әлі көзі бітелмеген мөлдір қайнарлары еді.

Т.Әбдіқұлының «Әкесі» - кезінде оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген көркем туындысы. Мұнда да алғашқы әңгімелерінде көтерілген мәселелер тереңінен ашылады. Мәселен, жоғарыда сөз еткен «Қонақтар» әңгімесінің желісі осы әңгімесінде кейіпкердің жан толқыныстары арқылы ашады. Кейіпкерді өткен күндерге, шырғалаңды өмір жолдарына қиял көзімен қарату жазушының негізгі баяндау амалы болған. Осы орайда, белгілі ғалым С. Қирабаевтың мына бір пікірін айта кетсек. Ғалым: «Т.Әбдіков «Әке» повесінде біздің қоғамымыздың өсу, есею жолының қиыншылықтарын жеке адам тағдырлары арқылы көрсеткен. Бұл – күрес қиыншылығын тағдыр тартысы арқылы бейнелеуге, күрестің философиялық маңызы мен сырын суреттеуге ұмтылудан туған үлгі. Повесте балажан әке – шеше мінезі де тәп – тәуір суреттеледі. Шығарма оқушыларына әке-шеше қарызы туралы ой да салады [Қирабаев С., 2001, 376-б.]» - дейді.

Бас кейіпкер Сайлаудың әкесі Сейсенді соңғы, ақырет сапарына шығарып салар сәттегі жан тебіренісі, әке өмірінің өткеніне ой көзімен қарап, сол арқылы өзегін өртеген ащы шындықты мойындауы, сізді де талай ойға жетелейді. Лирикалық шегініс арқылы берілген Сейсеннің өмірінің бел-белестерінде талай өмірдің ащы шындығы жатыр. Өмірдің мағынасын ылғи алыстан іздейміз. Әлдебір ұлы оқиғаны, ұлы әрекетті алыстан бастағымыз келеді. Дәл жанымыздағы негізгі мақсатқа уақытымыз жоқ. Оған алдағы жаз, алдағы күз немесе алдағы жыл бар деп тебіренетін кейіпкермен бірге сіздің де көзіңізге жас үйіріледі. Әлдеқайда бір ұмыт қалған сағыныш пен мұң сезіміңізге әсер етіп, өзегіңізді өкініш өртейді. Жанында отырып әкесіне қатысты өткен күндерін есіне алып, ұят пен өкініштен азап шеккен, тіпті мойнындағы қарызын өтемек түгілі, әкесіне қиянат жасағандай сезінетін. Негізінен алғанда бас қаһарман жаман адам емес. Өзіндік алға қойған мақсаты, сол мақсатқа жетуге деген табандылығы да жоқ емес. Ата салты мен әдет-ғұрып нормаларын да жақсы біледі. Ғылым кандидаты деген атағы бар. Жан-жақты білім алған интелигенция өкілі. Осы орайда айта кететін болсақ, белгілі ғалым С.Қирабаевтың мына бір пікірін айта кетсек: «Т.Әбдіков «Әке» повесінде біздің қоғамымыздың өсу, есею жолының қиыншылықтарын жеке адам тағдырлары арқылы көрсеткен. Жармағамбеттің бес баласының төртеуі Азамат соғысынан бастап, жаңа қоғам үшін күрестің әр дәуірінде белсенді көрініп барып, мерт болып отырады. Бұл – күрес қиыншылығын тағдыр тартысы арқылы бейнелеуге, күрестің философиялық маңызы мен сырын суреттеуге ұмтылудан туған үлгі. Шегініспен берілетін «Әке» әңгімесі арқылы автор сол дәуірлер шындығын, адамдар еңбегін еске түсіреді. Повесте балажан әке-шеше мінезі де тәп-тәуір суреттеледі. Шығарма оқушыларына әке-шеше қарызы туралы ой да салады [Қирабаев С., 1991, – 376 б.]» - дейді. Оқиға желісіне қайта оралсақ, жазушы үлкен ауқымдағы оқиғаларды әсірелеп, әспеттемей-ақ бір сарынмен жеткізе білген. Шындығында бұл шығармадағы әрбір оқиға бір-бір тақырып, бірнеше повестің сюжетіне жүк болғандай. Кейіпкерлері де соншалық көп емес. Қайсыбір кейіпкердің жан дүниесіне, тіпті андасанда бір көрінер образдардың характерлеріне дейін өз бітім-болмысымен ерекшеленіп тұр. Жазушының оқиға желісін баяндауда ретроспекция (шегініс) әдісін шебер пайдаланғанын көреміз. Осы бір тәсілдің өзі жазушының көркемдік стилі деп аталатын қасиеттерді анықтайтын көп компоненттердің біріне айналғандай. Төленнің бұл тәсілге үйренгені сондай, тіпті оны жиі әрі сәтімен қолданатыны байқалады.

Белгілі ғалым Т.Есенбеков: Оқиға барысында өткенге қайта оралудың қажеті болады. Оны әдебиеттануда ретроспекция (шегініс) деп атайды. Ол баяндауды үнемі және шымыр ете алады, сол себепті творчествалық ізденісте жиі қолданылады (оқиғаның тарихы, кейіпкерлер естелігі, түсі, ойлары, автордың өткен оқиғаларға оралуы). Ретордация (бәсеңдету) – көркем уақыттың ағымын баяулату. Табиғатты тамсана суреттеу, кейіпкер ойы мен қиялының шартараптарын кезіп өту уақытты тоқтата тұру үшін пайдаланылады. Ендеше, осы екі тәсілді де Төлен Әбдікұлының повестерінде шығарманың сюжеттік желісін ширатар компоненттердің бірі ретінде шебер пайдаланатынын байқау қиын емес. Бұл әдіс-тәсілдің тағы бір мысалы ретінде жазушының «Оралу» атты повесін атауға болады. Шығарманың осылай аталуының өзінде үлкен астар жатыр. Балалық шағын сағына, есіне алмайтын адам жоқ та шығар. Ерекше бір мұңлы-сағынышпен, құштарлықпен есіне алатын осы бір балалықтың базарында біздің ес-біліп, қыз-жігіт атанып ғашық болған сезімдеріміздің іздері сайрап жатыр. Ал, қулық-сұмдық , өтірік айту сияқты жағымсыз қасиеттер - жүре-келе, қоғамдық ортаның әсерінен пайда болатын мінездер. Оған отбасының атқаратын қызметі де, қосар үлесі де аз емес. Ендеше таза адами пендешіліктерін ой көзінен өткізіп, өмірінің соншалықты мән-мағынасыз өтіп келе жатқанына енді ғана көзі жеткендей болған Әбдікерімнің психологиялық жан толқыныстары сөз етіледі.

Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелерін терең зерттеп жүрген көрнекті ғалым, ф.ғ.д. Майтанов: Қазіргі қазақ әдебиетінде, әсіресе, лирикалық прозада кездесетін бір мәнде белгі – қаһарманның туған жер, ұшқан ұя туралы аса ықыласты жан тебіренісін бейнелейді, сюжеттік жүйеде кейіпкердің елге келу эпизодтары мен ой әлеміндегі бұрынғы көріністердің қабаттас орналасуы, кешегі күн мен бүгінгі таңның салыстырмалы сипат алуы. Бұл сәтті адамның рухани өміріне бастау-бұлақ болған әлеуметтік-ұждандық өлшемдерге нормалармен баға беруі, болашақ адамгершілік ізденістеріне күнәсіз балалық шақтағы жарқын мұраттар сәулесінен нұр алуы десе де болады. Кейіпкер іштей ар, парыз, мақсат талқысына түседі. Содан тазарып, алдағы күндердегі тіршілік күресіне жаңа қуат, соны ынтамен аттанады [Майтанов Б.,1982, 129 - б.], - дей келіп, шығарма сюжеті мен кейіпкер характерін психологиялық тұрғыдан талдауға жасаған көркемдік ізденістеріне терең үңіледі.

Т.Әбдікұлының суреткерлік стилін, іргелі ізденістерін танытар, көркемдік сапасы кемел туындысы - «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» повесі. Аталған повестің желісі бойынша «Өтелмеген парыз» атты көркем суретті фильм де түсірді. Шығарманың мазмұны Ә.Кекілбайұлының сөзімен айтқанда: Арзымсыз заманға еріп, ақ ниетті әке мен ақ пейіл аруларға опық жегізген опасыз ұл хақында. Қазақ ұғымында қара шаңырақтың, сол қара шаңыраққа ие боп қалар қара баланың орны ерекше. Егер ол бір атадан қалған жалғыз болса, онда оған деген ынта –ықылас, сүйіспеншілік тіптен бөлек. Олай болса, сол баланың мезгілсіз қазасы қай шаңыраққа да оңай тимес еді. Осы тұрғыдан келгенде, жалғыз жарығынан айрылған Қожабек қарияның қайғысы тым ауыр. Мұны түсінуге болады. Ал, сол қайғының үстіне бақилыққа аттанған ұлдың бұл дүниеде жасаған қиянаты қосылса, оған кімді кінәлауға болады. Жалғыз ұлынан айрылып шер көкірек болған шерменде шалды ма, жоқ әлде бұл жалғанның баршы қызығын ойнап-күлу деп білетін, көк етектіні көлденең жібермейтін, сол тірлігіне арланудың орнына оны өзінше серілік көріп, талай арудың көз жасына қалған Болатты ма? Батпандап кірер арудың мысқылдап шығарын ескерсек, бұл арудың мысқылдап шықпақ түгілі батпандап кіріп, асқынғаны сонша, тіпті оны елемейтін де болдық. Етіміздің өліп кеткені сондай, тастанды бала тағдыры, баласынан безінген көкек аналардың жеңіл жүрісі, жезөкшелік, адам өлтіріп, қыз зорлау тағысын тағыларға көзімізді жұмып қарайтын күйге жеттік. Шығарманың сюжеті өте шымыр құрылған. Махаббат атты мәңгілік тақырыпты «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» деп атап, екі жастың адал да, ақ махаббатына құрылған аңыздың желісін символ ретінде алуы шығарманың маңызын арттыра түскен. Бұл орайда М. Әуезов, Ш.Айтматов шығармаларында пайдаланылған аңыздың желілерді жіпке түзбей-ақ, кейінгі толқын Ә.Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры», О. Бөкейдің «Қар қызы» сияқты роман-повестерін атасақ та болады. Оқиға желісін салған жерден Болаттың жұмбақтау өлімінен басталуында да үлкен философиялық астар жатыр.

Бақыт Кәрібаева жазушы Төлен Әбдіктің кейіпкерді таңдау қабілеті мен образ жасау шеберлігін аса жоғары бағалап былай дейді: «Жазушы үшін тақырыптың үлкен-кішісі болмайтыны секілді, образдың да үлкен-кішісі болмайды. Әңгіме – талант қазанында қайнап, жетілуінде. Қанша кесек күрделі тұлғалар тілге тиек етілгенімен, жазушы деңгейінен шыға алмай, мүмкіндігін толық аша алмай аласарып қалатынын туған әдебиетіміздің де, басқа әдебиеттерден де білеміз» [Кәрібаева Б., 2001, 225-б.].

С. Асылбекұлы: біріншіден, өздері де күні кеше қоғамның ең төменгі әлеуметтік иерархиясынан, жетім-жесір ортадан шыққан бұл авторлар осы жандардың көзіндегі мұң мен үмітті қаршадайынан оқып өсті. Сондықтан да олардың күнделікті қам-қаракетін әлеуметтік, психологиялық жайкүйін бес саусақтарындай жете білді, екіншіден, олар көркем әдебиет қара халықтың мұң-мұқтажын жоқтаушы, сондықтан да сол мұң-мұқтажды халықтың қалың ортасында жүрген қарапайым қоғам мүшелерінен артық ешкім білмейді деп түсінді [Асылбекұлы С., 1997, 11 - б.]. Осы айтқан пікіріне сүйенсек, көркем әдебиетті халық өмірі-

не жақындата түсу ниеті оларды тек ауыл өмірін суреттейтін шығармаларында ғана кездеспейді. Мысалы, әйгілі хандар мен ханшалар, мәртебелі сұлтандар өмірінен, яғни тарихи тақырыпта жазылған шығармаларында да айқын аңғарылады. Мысалы Ә. Кекілбайұлының «Аңыздың ақырындағы» Ақсақ Темірі мен «Ханшадария хикаясындағы» Шыңғыс ханы, Қ.Мұқанбетқалиевтің «Ежелгі дұшпанындағы» Баймағанбет сұлтанын атауға болады.

Ал, Т.Әбдікұлының тарихи тақырыпта жазылған шығармасынан «Өліара» романын атауға болады. Әзірге жазушының роман жанрындағы жалғыз шығармасы. Әзірге біреу дегеніміз бен бірегей туынды екенін дәлелдеп жатуды да артық көріп отырмыз. Кейіпкер жан-дүниесіне психологиялық тұрғыдан үңілу, образ психикасандағы арпалыстар мен жан толқыныстары, әсіресе, Т.Әбдікұлының шетел тақырыбында жазылған «Ақиқат», «Тозақ оттары жымыңдайды» атты шығармаларында тереңдеп, жан-жақты ашылған. С.Асылбекұлы «Егер ауыл мен қала, тарих тақырыптарына арналған шығармалар 1970 - 1980 жылдардағы қазақ повестерінде молынан ұшырасатын болса, бұл жанрдың шетел өміріне арналған үлгілері тек Т.Әбдіковтің шығармашылық өмірбаянынан ғана табылады. Бұның басты себебі осы тақырыпқа қалам тартудың қиындығында жатса керек [Асылбекұлы С., 1997, 22 - б.]», - дейді.

Ал, Г. Пірәлиева «Ақиқат» повесін Т. Әбдікұлының үздік шығармаларының бірі ретінде атап өтеді. Алайда туындының жанрлық анықтамасына, яғни повеске фантастика деп айдар тағылуы көңілге күдік туратындығын айтады: себебі, көріпкелдік қасиеті бар телепат Роберттің кез-келген адамның ішкі сырын, өзге түгілі өзіне де айта алмайтын арамза пиғылдарын және қай жерде, қандай қылмыстың әрекеттер жасалып, олар кімнің қанды қолымен жүзеге асырылып жатқандығын үйде отырып-ақ болжап білуі фантастикаға жата ма? [Әшімбаев С., 1993, 168 - б.]» дей келіп, оның солай аталуы тек жамылғы ғана екенін, ал шын мәнінде өмірдің нақ өзінен ойып алған шындық еді деді. Тағы бір жазушы Қ.Құрманғалиұлының бір пікіріне сүйенсек: «жазушының араку тайпасынан шыққан «медицинаға» тұтас бір дәуір әкелген данышпан доктор Эдуард Бейкер мен әйгілі көріпкел, жындыханада жатып, ғылыми тәжірибе жасауға зорлықпен белгіленген Роберт сияқты шетелдік кейіпкерлердің шығарма желісіне арқау болуы бекер ме? Өз ортамыздан лайықты оқиға, сюжет таппаған соң алынған деуге ауыз бармайды. Бұл екі повесть - біздің елде өмір шындығының өңін айналдырып, социалистік реализм қалпына салып қана жазадан қашқақтаудан туған туындылар. Жазушының ақиқатты айту үшін тапқан тәсілі. Бұл повестердегі оқиға өз елімізде – қазақ жерінде болды десе жарық көруі мүмкін болмайтын. «Капиталистік дүниені әшкерелеуге арналған» деген желеумен елеусіз шығып кеткен бұл туындылар тура шындықты өз ортамыздағы шындықты айтуға арналғандығын енді ашық айтуымызға болар [Әшімбаев С., 1993, 178 - б.]».

Ал өз ортасының тірлігіне таяныш болар ештеңе таппаған Роберт: «Ең үлкен бақытсыздық – бақыт атаулының болмайтынын сезіну [Әбдіков Т., 2008, 259 - б.]» - деп бұл өмірден түңілу, күңірену сарынына түседі. Ең соңғы үміті - әйелінің адалдығына қылау түскенін көрген кейіпкер өлімге саналы түрде бас тігеді. Өз ортасына, қоғам өмірінің қайшылықтарына төзбеген Роберт өмірінің соңы, міне, осылай трагедиямен бітеді. Бас кейіпкер характері жөнінде көрнекті ғалым Б. Майтанов: «Роберт характері повесте қаһарманның өз пікірлері арасындағы кереғар диалогтар немесе оның аурухана бас дәрігерімен, «қырынан қарағанда сұп – сұлу» священикпен айтыс – дауы үстіндегі көзқарас, дүниетаным қайшылықтарын көрсету арқылы ашылған [Майтанов Б., 1982, 194 - б.]», - дейді. Тіршілікке деген үміті сөніп, қажып талған Роберт өзін-өзі өлтірер алдында бала кезінде анасы айтатын осынау бір ертегіні есіне алады. Сонда, ашуға болмайтын есік ақиқат болғаны ғой. Роберт ол есікті ашысымен қоғам шеңберінен аттап өтті. Әрине, алдамшы, жалған ортада ол жеңілуге тиіс. Сондықтан да кейіпкердің қайғылы қазасы повесте тек психологиялық себептермен емес, әлеуметтік алғы шарттармен де дәлелденген. Ал жоғарыдағы үзіндінің екі дүркін қайталануы шығармаға композициялық тұтастық берумен бірге, идеялық салмақ, көркемдік құрал ретінде де үлкен роль атқарады. Жазушы капиталистік қоғамда рухани азғындықты, адамдардың машинаға айналуын бәрін ақша мен ептілік билейтін жүйелі логикалық дәлелдер арқылы сенімді әшкерелей білген.

Т.Әбдікұлын үлкен эстет, биік интелектуалды суреткер екенін танытатын психо-философиялық туындысы - «Тозақ оттары жымыңдайды» атты повесі. Ендігі бір ескеретін нәрсе, психологиялық талдау шығармадағы лиризмді пара-пар деп, бір-біріне балап бағалауы болмайды. Біз көбінде психологиялық лиризм деген терминге үйірміз, шындығында бұл атауда дәлдік жете бермейді. Лиризм деген сөз адам жанындағы бір сәттегі көңіл-күйді білдірсе керек. Ал адам жаны қашанда осылай болып тұрмайтындығы белгілі. Психологиялық талдау арқылы адамға тән барша сезімдер ашылады, онда лиризм де, драма да, трагедия да аралас-құралас айтылады. Шығармадағы лиризм деп оқиғаны, іс-әрекетті, сезім күйін жазушының баяндауы мен суреттеуіндегі стилистикалық нәзіктік, ырғақтылық, эмоциялық айтылса керек. Яғни, лиризм шығарманың техникалық орындалуы мен жазылу жарастығын білдіреді. «Қазақ прозасында шетел тақырыбына қалам тартып, әлемдік цивилизация, қоғамдық прогресс сипаттарын, ғылыми- техникалық революцияның адам санасына әсерін интелектуалдық биіктен топшылай білетін жазушылардың бірі – Т.Әбдіков творчествасында дүниетаным, білім тереңдігі мен көркемдік ше-

берлік өрнектері жарасымды бірлік табатынына автордың «Тозақ оттары жымыңдайды» повесі де дәлел еді [Майтанов Б., 1996, 285 - б.]». Осы тұрғыда әйгілі жазушы Ә. Кекілбайұлы: "арғы түбі әлгіндей пенде аралық кикілжіңдерден өрбитін өштестік өртінің тұтас бір ұлттар мен халықтардың көзін тұздай қып құртатын қорқынышты індеттерге ұласатындығы «Ақиқат» пен «Тозақ оттары жымыңдайды» хикаяттарында үлкен философиялық түйінге ие болды. Нақты адам тағдыры, нақты кісілік мінез-қылық арқылы ашылған бұндай шындық сырт көзге мұхиттың ар жағында болып жатқан сияқты қылып бейнеленгенмен, өзімнің күнде көріп, күнде сезіп жүргендерімді еріксіз есіңе түретіндей қылып шебер шешкен дүниелер еді",- дейді. Повесть туралы белгілі ғалым Ш. Елеукенов: « жазушы Т.Әбдіковтің жаңа шығармасы соңғы жылдары өнер атаулыны жайлап алған постмодернистік деп аталатын ағыммен айтысқа түсіп отыр. Айтыс болғанда, бұл философиялық айтыс. Постмодернизм адамгершілік, әділет туралы түсініктерді қайта қарауға шақырады. [Ш. Елеукенов., 2006, 177-б.]»- деп жазады. Яғни, ғалым повестің негізгі темірқазығы- адамгершілік идеал, ізігілік, рухани құндылықтар екенін атап көрсетеді.

С.Асылбеков: «Бір кездері өзі де соғыстан кейінгі қазақ ауылының жоқ-жітік тіршілігі мен меторполияның қарамағындағы бодан жұртқа көрсеткен кейбір жосықсыз әлімжеттіктерін көкірегіне түйіп өскен естияр қыр баласы американдық үндістер өмірінің аянышты тағдырлары мен өз жұртының басындағы халдерден біраз ұқсастықтарды көрді. Сондықтан да үндістер өмірінен жазылған шетелдік авторлардың шығармалары оның осы бағыттағы шығармашылық ізденістерінің шоғын қозғап, оны қазақ әдебиеті үшін көтерілмеген тың болып келген жаңа өрістерге қарай жетелеген. Т. Әбдіков сол ізденіс жолында араку тайпасы мен қазақ жұртының арасына абсолюттік теңдік белгісін қоюға болмайтынын ұқса да, олардың тіршілігі мен тағдырынан шынайы көркем шығармаға азық болардай көптеген параллельдерді тапты [Асылбекұлы С., 1997, 14 - б.]», - дейді.

Әдебиеттің ежелден сөз етіп келе жатқан тақырыбы адам тағдырына, адам өмірінің шындығына келіп саяйтыны, сондай-ақ оның адам мен қоғам, адам мен табиғаттың арасындағы сан-салалы нәзік байланыстарына негізделетіні ақиқат. Бұл тұрғыда Зейнолла Қабдолов: «Шын мәніндегі шынайы, көркем шығарманың дүниеге келуі – көркем қоғамның рухани өміріндегі, әлеуметтік ортаның парасат дүниесіндегі бүтін бір оқиға» [Қабдолов З., 2002, 26 - б.], дейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өнер атаулының басты пәні – адам. Софокл айтқандай, жарық дүниенің ғажайып жаратылысы. Мейлі табиғатты, мейлі жан-жануарлар дүниесін жазсын, қаламгер атаулының ойына түйін болар мәселе – адам тағдыры. Төлен Әбдік те адам тағдыры хақында толғанады. В.Конторофич айтқандай: «Кез келген жазушы психолог бола білу керек. Ол кейіпкерлердің типтік қарекеттердін суреттеп қана қоймай, сол қареттердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотировкасын көрсете білгені жөн».

Өз концепциясы болмаған, әр шығармасында оқырманына ірі ой болжатпаған жазушы – жалаң фразашы. Төлен Әбдік те – өзіндік концепциясы белгілі, шығармашылық мұраты айқын қаламын сапасыздыққа емес, саналылыққа суарып, көркемдікке ұмтылып келе жатқан қарымды қаламгер.

Кез келген шығармашылық тұлға туған әдебиетінің өрістеуіне, қалыптасуына теңіздің тамшысындай болса да өз үлесін қосып, әдебиет көшіне араласуы қажет. Яғни, рухани мұраттың қажетсізі, ұсақ-түйегі болмайтыны баршамызға мәлім.

Әдебиеттің қоғамдық күші – оның адам жанының тылсым сырларынажыратқыштығында. Адам жанының қалтарыс-қуыстарында бықсып жанған кертартпа сезімдердің, сенімдердің шоғына су бүркіп, адамды қоғамға қайтарғыштығында. Қаламгердің басты мақсаты – сол адам жаны мен жүрегіндегі терең иірімдердің күрделі сырын ашу, күнделікті болып жатқан өмір оқиғаларына адам жанының қатысын анықтау, оқиғаға адамды емес, оқиғаның сырын адамның болмысы арқылы ашу. Реті келгенде айта кететін мәселе, жазушы Төлен Әбдікұлы өзінің «Ақиқат» пен «Тозақ оттары жымыңдайды» хикаяттарында оқырмандарына философиялық ой салып, бүгінде сол американдық үндістердің бір кездегі түркі тайпаларының шашырап кеткен бір бұтағы екендігі туралы жеткізгісі келгендей. Десе де, бұл пікір бүгінде ғылыми дәлелденген шындыққа айналып отыр. Оны зерттеу сонау XIX ғасырдың өзінде қолға алына бастаған. Т.Әбдікұлының қазақ халқының тілінен, дінінен, ата-баба салт-дәстүрлері, айрылып бара жатқан қасіретін көрсеткені анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы (1970-1989 жылдар): филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 1997. – 30 б.
2. Әбдіков Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы, 2008. – 140 б.
3. Қирабаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, - 1991. – 2 т. – 576 б.
4. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
5. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996, - 336 б.
6. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 210 б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.- 290 б.
8. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары: Зерттеу. – Астана: Елорда, 2001. – 312 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы, 2006. 10 т. 230 б.
10. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.

УДК 070

СЕЙТЖАНОВА ЖАНАТ ДОҚТЫРБЕККЫЗЫ
ассистент профессор, ф.ғ.к.
Қазақстан тарихы және медиакоммуникациялар кафедрасы
Халықаралық Ақпараттық технологиялар университеті
Алматы қаласы

СҰЛТАНОВА ЖАНАТ БЕРІККЫЗЫ
1 курс магистранты
Журналистика факультеті
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қаласы

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ДЕЗИНФОРМАЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: FACTCHECK.KZ ЖӘНЕ STOPFAKE.KZ САЙТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Түйін. Мақалада Factcheck.kz және Stopfake.kz сайттарының жұмыстары негізінде ғаламтордағы дезинформацияға қарсы күрестің өзектілігін көрсетуге, халықтың медиасауаттылығын арттыру мәселесінің маңыздылығын саралауға талпыныс жасалған. Жалған ақпаратты шынайы ақпараттан ажырату қажеттілігінің заман талабы екендігіне назар аударылған.

Түйінді сөздер: жалған ақпарат, үкім, жарияланым, фейк, манипуляция, ақпарат нарығы, ресурстар.

Резюме. В статье предпринята попытка показать актуальность борьбы с дезинформацией в интернете на основе работы сайтов Factcheck.kz и Stopfake.kz, дифференцировать значимость проблемы повышения медиаграмотности населения. Обращено внимание на то, что необходимость отличать ложную информацию от достоверной является требованием времени.

Ключевые слова: дезинформация, приговор, публикация, фейк, манипуляция, информационный рынок, ресурсы.

Summary. The article attempts to show the relevance of the fight against disinformation on the Internet based on the work of the sites Factcheck.kz and Stopfake.kz, to differentiate the significance of the problem of increasing the media literacy of the population. Attention is drawn to the fact that the need to distinguish false information from reliable is a requirement of the time.

Keywords: disinformation, sentence, publication, fake, manipulation, information market, resources.

Жаңа медианың дамуы кез келген адамға өз көзқарасын жариялауға, оны көпшілікпен бөлісуге мүмкіндік берді. Яғни әркім әлеуметтік желілерде өз пікірін ашық білдіріп, оны өз шындығы етіп ұсына алады. Алайда, таяқтың екі ұшы болатыны іспеттес, бір жағынан, бұл пікір білдіру бостандығын тудырса, екінші жағынан жалған немесе жартылай өтірік ақпараттың көбеюіне алып келді.

КІРІСПЕ

Медиакеңістіктің дамуының негізгі талаптарының бірі- ақпараттың қолжетімділігі, ал мұндай қолжетімділік массмедиа нарығының арқасында қамтамасыз етіледі. Ақпаратқа деген қолжетімділік өз кезегінде шынайы, адамның өмір сүруін оңтайландыратын ақпаратпен қатар жалған ақпараттың да қоса кеңінен таралуына әкеп соғып отыр.

Мүмкін, медиасауаттылықтың төмендігінен болар. "Ақпарат тұтынушылардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмайды. Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көптеп тарайды. Қазақстан заңнамасына сәйкес, фейк ақпарат таратқандар жазаға тартылады. Десе де, көп адам мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығынан бейхабар. Жалған ақпарат таратушылар қандай жазаға тартылады? Қазақстанда жалған ақпарат таратқаны үшін **20 АЕК сомасындағы** айыппұл төлеуден бастап, **7 жылға бас бостандығынан** айыруға дейінгі жаза көзделген [https://informburo.kz/kaz/zhalan-aparat-taratushylar-alay-zhazalanady-ylmysty-zhne-kmshlk-kodeks-baptary.html Электронды ресурс].

Неліктен жалған ақпарат бүгінгі таңда ғаламтордың ең үлкен жауына айналып отыр. Жалған ақпарат таратуға ұмтылыс неден туындайды? Фейк екендігін біле тұра, бір көзге ұсақ, деп танылғанмен, жалпы қоғамды елең еткізерлік жағымсыз жалған , "шынайы" делінген ақпараттың әлеуметтік желіге салынуына қалай тосқауыл қоюға болады. Бұл жәйт әсіресе Covid-19-бен байланысты пандемия кезінде аса өзек-

ті бола түсті. Бұл туралы Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылатындығы туралы республикалық телеарналар арқылы елімізде қалыптасқан ахуалға байланысты үндеу жасаған президент Қасым-Жомарт Тоқаев та айтқан болатын [https://nurmedia.kz/ru/news/725-tokaev-zhalgan-akparat-taratkan-adam-zhauapka-tartylady.html. Электронды ресурс].

Дегенмен, фейк хабарлардың адамның жан дүниесіне тигізер кері әсері әлі де жеткілікті дәрежеде бағаланбай отыр.

Қазақстанның ақпарт және қоғамдық даму министрі А.Балаева да сұхбатында осы мәселеге қатысты өзінің пікірін білдірген . "Фейкпен қалай күресуге болады", деген сауалға министр "Жалған ақпарат-бұл қоғамдық пікір мен көңіл-күйді манипуляциялау деген сөз. Оны ЮНЕСКО XXI ғасырдағы ең үлкен қауіптердің бірі деп танып отыр. Онымен күрестегі кемшіліктер күтпеген жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін-бүгінде бүкіл әлем осындай тығырыққа тіреліп отыр. Пандемия кезінде біз бұған нақты көз жеткізе алдық. Адамдар вирустың табиғатын, қауіптің ауқымын түсінбеді және әлеуметтік медиа мен мессенджерлерде жалған ақпарат пайда бола бастағанда, халық арасында дүрбелең басталды. Мысалы, шаң шашыратқан әсер қалдыратын ұшақтар туралы роликтер қайталанып беріліп жатты, олар вирус шашып жатыр деп айтылды, бірқатар адамдар кенеттен вирус мүлдем жоқ, деп мәлімдей бастады. Біздер, әсіресе блогерлер мен қоғамдық пікір жетекшілері жазған дүниеміз үшін жауапты болуымыз керек. Әр адам үшін ең бастысы-өзінің және жақындарының қауіпсіз екенін сезіну", деп жауап берген болатын [https://tengrinews.kz/article/smi-i-feyki-intervyu-ministra-aidyi-balaevoy-1503/ Электронды ресурс].

Демек, 21 ғасырдың өзекті проблемасының біріне айналған бұл мәселені қылмыс деп қарастыруға болады ма, әлде мұны көбірек қаралым жинау мақсатында өзіне назар аудартуға бағытталған түсініксіз манипуляциялық іс-қимылдар жиынтығы ретінде ғана қарастырып қоямыз ба? Заңгер мамандардың пікірлеріне жүгініп көрелік, "....қылмыс экономикалық, идеологиялық, психологиялық, құқықтық және т. б.секілді бірқатар жағымсыз әлеуметтік құбылыстар жиынтығының салдары ретінде қарастырылуы керек. Қылмыскердің жеке басы әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық, мәдени, білім беру, адамгершілік және психологиялық қасиеттер жиынтығы тұрғысынан қаралуы шарт" [https://mybook.ru/author/esbergen-alauhanov/kriminologiya-1/read/?page=4/ Электронды ресурс].

Иә, әлеуметтік желіні терроризм, экстремизмге уағыздау, мемлекеттік құрылымды құлатуға үндеу жасау үшін пайдалану жағдайында заң алдында жауапкершілік көзделген. Бірақ пандемия кезінде байқағанымыздай, жәй қатардағы азаматшалар мен азаматтар дәріге, вирусқа қатысты басқа да елді елең еткізерлік жалған ақпаратты қиыстырып әлеуметтік желіге жәй "ерігіп" салған сыңайлы. Қоғамды әлеуметтік желілер арқылы танымдық, тәрбиелеуші, рухани жағынан байытушы сапалы дүниелерді қарауға, оқуға ынталандыру арқылы ғана біз мұндай келеңсіздіктерді тоқтата аламыз. Өйткені дезинформациялық хабарламаларды таратуға итермелеуші факторлар тұлғаның жалпы өркениеттілігі мен рухани дамуының дәрежесіне тікелей байланысты болмақ.

Мақалада бүгінгі таңда ғаламтордағы жалған ақпаратпен күресу мәселесінің өзектілігі қарастырылған, барынша объективті анализ жасау мақсатында әр түрлі қаржы көздерінен қаржыландырылатын Factcheck.kz және Stopfake.kz сайттарының жұмыстары негізге алынған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Мақалада қарастырылып отырған екі сайттың екеуі де ғаламтор, әлеуметтік желі арқылы таралып отырған жалған ақпараттарды әшкерелеуге бағытталған.

Ғаламтор үшін қазіргі кезеңде шекараның жоқтығы белгілі. Миллиондаған адам мен жүздеген елдерді біріктіре алған, жеке тұлғаларды өзара байланыстырып, іскерлік қатынастағы барлық кедергілерді жойып, географиялық қашықтықты мүлдем елемеуге үйреткен ғаламтор бүгінгі таңда ғаламдық процестердің маңызды катализаторына айналып отыр.

Жалпы, ғаламдану терминін ғылыми айналымға енгізген социолог, Лидс және Варшава университеттерінің профессоры Зигмунд Бауман [Б.Я.Мисонжников, А.Н. Тепляшина, 2014, 208 б]. Ғаламдану бүгінгі таңда өміріміздің барлық салаларына мықтап кірігіп алған. Тіпті ғалымдар ғаламторды ақпараттық күрестің алаңына айналуда, деген пікірлер де білдіруде. Өйткені кезкелген азамат қоршаған ортаны танып-білуі үшін үнемі ақпаратпен жұмыс істейді. Ақпарат адамға өмірде болып отырған құбылыстарға дұрыс баға беруге, қандай да болмасын бір шешімге келуге, жол табуға бағыт-бағдар сілтейді. Ғаламтордағы мәлімет пен деректердің көптігінен бүгінгі таңда жалған немесе шын ақпаратты анықтап алу қиынға соғады. Қазір ақпарат дайындап, тарату әркімнің қолынан келеді, хат танитын кез-келген адамға әлеуметтік желіге ойдан қиыстырылған дүниесін салып жіберуге бөгет жоқ десе де болады. Оның авторы кім екендігін, ол ақпаратқа сенуге болады ма, оны бір сәтте білу қою оңай емес. Әсіресе бұл қысымға әлеуметтік желіде уақытын көп өткізетін жас ұрпақтың жиірек ұшырауы өкінішті-ақ. Жас ұрпақтың дұрыс танымдық тәрбие алуына , рухани жағынан дамуына журналистердің қосар үлесінің зор екендігін атап өтпеуге болмайды.

Осы орайда, соңғы кезде болашақ журналистерге шынайы және жалған ақпаратты анықтауға

көмек бере алатын оқулықтардың, жарияланымдардың көптеп шыға бастағаны қуантарлық. Соның бір үлгісі "Іскерлік журналистика" кітабында көрініс тапқан. Автор 2017 жылы 15 маусымда Астанада өткен NewSilk Way бизнес-форумында сол кездегі премьер-министрдің бірінші орынбасары Асқар Маминнің келтірген дерегін толықтай саралап шығады. Ол үшін экономикалық мәліметке фактчек жасаудың үлгісі арқылы белгіленген деректің рас-өтірігін анықтау мақсатында әлемдік экономика форумының сайтынан деректер келтіріледі. Автор "Асқар Маминнің аузынан шыққан дерек өте күмәнді. Өкінішке орай, саясаткерлердің осындай мәліметтеріне алданып, ақпарат тарататын журналистер көп. Сондықтан дереккөздің төркініне үңілу дағдысын қалыптастыру-аса өзекті" *[А.Еркімбай*, 2019, 151]. Автор осылайша өз ойын түйіндей келе, сандарға фактчек жасаудың жолын көрсетіп береді. Яғни, 1.Бұл сан туралы ең бірінші хабарлаған кім? 2. Ол адам бұл санның қайдан шыққанын қалай түсіндіріп берді? 3. Бұл санды жинақтау үшін қандай әдіс қолданылды? 4. Бұл әдіс көпшілікке түсінікті ме? деген сұрақтарды тізбектеп қою арқылы ақпараттың шындыққа қаншалықты жанасатындығын саралауға болатындай бағдар ұсынады.

Мақаланың тақырыбы шынайы және жалған ақпаратты ажыратуға көмектесуге бағытталған екі сайттың жұмысы туралы, деп белгілеген болатынбыз. Қазақстанда Factcheck.kz сайтының жұмысының басталғандығы туралы ақпарат "В КАЗАХСТАНЕ НАЧАЛ РАБОТУ ФАКТЧЕКИНГОВЫЙ ПОРТАЛ". В Центральной Азии аналогов проекта нет, делінген Маргарита Бочарованың материалында берілген. 2017 жылы 5 мамырда жария етілген мақала дерегіне сүйенсек, бұл сайттың жұмыс істеп жатқандығына небары үш жарым жылдай ғана уақыт екен [https://vlast.kz/novosti/22873-v-kazahstane-nacal-rabotu-faktcekingovyj-portal.html Электронды ресурс].

Сайттағы компанияның таныстырылымына қарағанда, Factcheck.kz сайты мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды, команда құрамында әлеумет, экономика, мәдениет, саясат және тағы да басқа салалар бойынша тәжірибесі бар мамандар, сарапшылар жұмыс істейді, елдегі тұңғыш фактчек ресурсын ашу жөнінде шешім қабылдаған да осы кәсіби журналистер тобы. Жобаның негізгі міндеті – ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттың, әлеуметтік желідегі жазбалардың және лауазымды қызмет атқарушы тұлғалардың мәлімдемелерінің рас-өтірігін тексеру. Сайттағы мақалалар қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Қазақстандағы алғашқы фактчек ресурсты ұйымдастырушылар оқырманға сенімді дереккөзден тексерілген және тәуелсіз ақпарат алуға мүмкіндік беріп отырғандарына баса назар аударады. Редакция таныстырылым жарияланымында заңға қайшы ақпараттарды таратпайтындығын, насихат немесе жарнама түріндегі материалдарды жариялamайтындығын еске салып өтеді. Редакция өзінің барынша тәуелсіз екендігін дәлелдеу мақсатында мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектормен және коммерциялық ұйымдармен арада бұл жоба бойынша ешқандай келісімшарттың немесе ауызша міндеттемелердің жоқ екендігін мәлім етеді. Сайт дерегіне қарағанда, жобаға бастапқыда «Сорос-Қазақстан Қоры» КҚ қолдау көрсеткен, бірақ болашақта редакция біртіндеп бюджетті диверсификацияламақ. Ол үшін редакция оқырманнан шамасы келгенше редакция бюджетіне ақша аударуды ұсынады.

"Обьективтілікті сақтау үшін Factcheck.kz редакциясы жарнамадан бас тартып, мемлекеттен, ірі компаниялар мен саяси топтардан алшақ болу принципін ұстанып, тәуелсіздігін сақтап келеді. Қазір Factcheck.kz сіздердің қолдауларыңызға мұқтаж. Оқырмандарымыздың біздің шотқа аударған қаржысы – фактчекер-журналистер, аудармашылар мен ұжымның басқа мүшелеріне еңбекақы, қаламақы төлеу үшін қажет. Олар ары қарай да тоқтамай еңбек етіп, шындықты, жалған мен манипуляциядан ажырата бермек. Біз сенімді дереккөзден тексерілген тәуелсіз ақпарат алуға әркімнің құқы бар екеніне сенеміз. Өтінеміз, кез келген сомманы таңдаңыз... немесе өзіңіздің біздің есепке аударғыңыз келген соманы жазыңыз", делінген онда [https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fakchek-kazakstan-sottalgandar-sany-bojynsha-rejtingte-100-orynda-tur/ Электронды ресурс].

Демек, сайт болашақта ақ пен қараны ажыратуға көмектескі келетін азаматтардың сайт жұмысына қолдау білдіретіндігіне сенім білдіреді.

Сараптама жасалған материалдардың соңында "Фактчекингке кім қатыса алады? Кез келген оқырман, журналист, блогер, эксперт «Кері байланыс»» түймешесін басу арқылы бізге өз ұсынысын, ескертпелерін және комментарийлерін жібере алады. Диалогқа, әріптестікке және өзөзімізді жетілдіруге әрдайым дайынбыз. Қандай принциптерді басшылыққа аламыз? Жұмыс барысында біз International Fact-Checking Network (IFCN) – Халықаралық фактчекинг желісінің принциптеріне сүйенеміз, деген ескертпелер бар. Редакцияның ұстанатын принциптері келесідей. Әділдік және туралық. Әр фактіні бірегей стандартқа сай жан-жақты тексеру. Тараптардың біріне бұра тартпау, дәлелдемелерді түйінді келтіруге тырысу, тексеретін мәселелер бойынша ешкімді қорғамау және белгілі бір саясатты ұстанбау. Ашық дереккөздерге сүйену. Нәтижелерін оқырман өздігінен тексере алады. Қаржы көздері және ұйым туралы ашықтық принципі. Редакция қаржыландыру көзін ашық айтатындығын мәлімдейді, инвесторлардың қорытындыларға ешқандай ықпалы болмайтынына кепілдік береді. Тексерілуі тиіс фактілер көрсетілген хаттарды оқырманнан күтетіндігі жазылған, яғни ре-

дакция жұмысында кері байланыс ролінің үлкен екендігі атап өтіледі [https://factcheck.kz/kaz/bizturaly/ Электронды ресурс].

Сайттың материалды таразылау, былайша айтқанда сүзгіден өткізу форматына тоқталсақ.

Сайтта алдымен БАҚ-да, баспасөз мәслихаттарында жария етілген ақпарат беріледі де, сосын оған редакция тарапынан талдау жүргізіледі. Тексеруге лауазымды тұлғалардың да келтірген деректері ілініп кетуі әбден мүмкін. Мәселен, Қазақстан сотталғандар саны бойынша рейтингте 100-орында тұр, деген тақырыппен берілген материалды саралап көрелік. Автор Думан Ерлікбаев 19 қазан күні өткен брифингте қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы Жанат Ешмағамбетовтың түрмедегі адамдар саны туралы біраз дерек келтіріп, олардың саны бойынша Қазақстан әлем рейтингісінде 100-орында тұрғанын айтқандығы туралы ақпаратты жариялайды. "Сотталғандар саны бойынша әлем рейтингісінде" Қазақстан 100-орында тұр. 18 жыл бұрын біз АҚШ пен Ресейден кейін алғашқы үштікке кіретін едік", дейді Жанат Ешмағамбетов.

Редакция бұл ақпаратты әлемдік статистикаға сүйене отырып тексереді. Редакция тарапынан зерттеу жұмыстарынан кейін шығарылған үкімдерге назар аударалық.

Үкім: Техникалық қате. Әлемдегі түрме жүйелері туралы деректердің онлайн базасы "The World Prison Brief"-тегі ақпаратқа сай, түрмедегі адам саны бойынша Қазақстан 54-орында. Рейтингте елімізде 29 403 адам түрмеде отыр деп көрсетілген. Онлайн базаның дерегінде 100 мың адамға шаққандағы түрмеде отырғандар саны 157-ге тең, тиісінше 223 елдің ішінде Қазақстан 100-орында тұр. Ж. Ешмағамбетов соны айтқысы келсе керек. Дәл осы дерек бойынша 18 жыл бұрын алғашқы үштікке кіргеніміз туралы ақпарат біраз даулы. Себебі, 100 мың адамға шаққандағы түрмеде отырған адамдар саны Қазақстанда алғашқылардың қатарында болса да, үштікке кірді деу қате. 2002 жылы АҚШ-та бұл көрсеткіш 703, Ресейде 675 болған, Мальдив Республикасында 667 адам. Сол жылы Қазақстанда түрмеде отырғандар саны жүз мың адамға шаққанда 566-ға тең-ді.

Автор егжей-тегжейлі тексеру жүргізу арқылы, дәйекті дәлелдерді келтіру нәтижесінде оқырман көзін жарияланған ақпараттың дұрыс-бұрыстығына көзін жеткізеді.

Ендігі бір ақпаратқа тоқталсақ. "Соңғы он жылда Қазақстанда жазасын өтеп жатқандардың саны 2 есеге дейін азайған" , Жанат Ешмағамбетов.

Редакция тарапынан бұл дерек тексеріліп, мынадай үкім шығарылады: Шындық. "The World Prison Brief"-те бар дерекке сай, осыдан он жыл бұрын елімізде түрмеде 63 643 адам болса, қазір 29 403 адам отыр. Түрмедегі адам санының азаюы заңның ізгілендірілуімен түсіндіріледі. Жоғарғы соттың судьясы Аслан Түкиев мұның 2010 жылы басталғанын айтады. 2014 жылы Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстері қабылданды. Олар қылмыстық заңның репрессивтілігін төмендетті. Жаңа Қылмыстық кодексте (ҚК) ескі ҚК-дегі 784 композицияның 226-сына салынған санкциялар жеңілдетілді. Яғни, әрбір үшінші құрам үшін онша ауыр емес жазалар бас бостандығынан айырмай-ақ балама санкциялармен қарастырылған [https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fakchek-kazakstan-sottalgandar-sany-bojynsha-rejtingte-100-orynda-tur/Электронды ресурс].

Демек автор әр цифрге қатысты дереккөздерді аша отырып, оқырманға барынша шынайы ақпарат жеткізуге тырысады.

Сайт жұмысын кеңірек аша түсу мақсатында бүгінігі таңда өзекті болып отырған мәселенің бірі- Covid-19 пандемиясына қатысты бір материалды зерделеп көрсек.

Кавасаки синдромына ересектер де шалдығып жатыр ма? 4 қазанда Stan.kz сайты Кавасаки синдромының ересектер үшін де қауіп төндіретіні туралы ақпарат таратты. Мақалада CDC-ге сілтеме жасай отырып, бұл синдромның арты өлімге алып келуі мүмкін екені айтылады. Біз ақпараттың қаншалықты шындыққа жанасатынын тексеріп көрдік, деп жазады Думан Терлікбаев. Редакция тарапынан бұл материалға келесідей вердикт шығарылады.

Үкім: Манипуляция. Бұл материалдан бірнеше манипуляция байқауға болады. Біріншіден, "РИА Новостиге" қойылған гиперсілтеме дұрыс емес. Екіншіден, CDC мұндай сараптау еңбегін жазғаны рас болса да, ол жерде бұл мәселеге жан-жақты баға беруге тырысқан. Ал Stan.kz материалдың біраз бөлігін ғана алып, негізгі ескертулерді елемеген, тиісінше CDC мақаласын бұрмалау байқалады. Сөзіне дәлелді ету үшін автор осы мәселеге қатысты толығырақ материалды келтіреді. Ол АҚШ-тағы "Аурудың алдын алу және бақылау" (CDC) орталығы қазанның екісі күні "SARS-CoV-2 инфекциясымен байланысты ересектер арасындағы көпжүйелі қабыну синдромы" атты материалы. Бұл синдром негізінен балалар арасында жиі таралады (MIS-C), бірақ биылғы жылдың маусым айынан бастап дерттің ересектер арасында да (MIS-A) байқала бастағаны туралы есеп берулер арагідік бой көрсетіп тұрды. Осыған байланысты, CDC бұған дейін жарияланған есептерді жинастыра келіп, барлығы 355 жарияланым тапқан. Бар ақпарат тек сол материалдардан алынған.....деп бұл мәселеге қатысты дәлелдерге толы бірқатар мәліметтерді келтіреді де. .... Айта кететін жайт, Кавасаки синдромы ересектер арасында бұрыннан-ақ кездеседі. Мысалы, "Биотехнологиялық ақпараттың ұлттық орталығында" 2004 жылы осыған қатысты материал жарияланған. Тек, ол кезде бұл көбіне симптомсыз өтетін", деген деректерге баса назар аударады [https://

factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kavasaki-sindromyna-eresekter-de-shaldygyp-zhatyr-ma/.Электронды ресурс].

Автор толық материалды келтіру арқылы барынша шынайы ақпаратты ашуға тырысады. Әрине, фактілерді іздеу, саралау, дәлелдеу тыңғылықты әрі ұзақ уақытты қажет ететін еңбек. Дегенмен, осындай сайттардың жұмыс істей бастауының өзі журналист қауымды, лауазымды тұлғаларды, жалпы ғаламторға материал дайындаушы кез-келген тұлғаны деректерді аса ұқыптылықпен жария етуге бағыттайтындығы сөзсіз.

Ал енді осы тақылеттес ендігі бір сайттың жұмысына зер салсақ.

Жоғарыда қарастырылған сайт кәсіби журналистердің бастамасымен құрылса, бұл сайт тікелей Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен құрылған. Түрлі жалған ақпараттарға жылдам әрекет ету үшін құрылған Stopfake.kz. сайтының мақсаты-фейктердің пайда болуын оперативті түрде елеу, өкілетті органдардан жауап алу және ақпаратты не жария түрде теріске шығару не растау. Ақпаратқа қарағанда, жұмыс істеген небары екі айдан астам уақыт ішінде портал жүзге жуық жалған мәліметті жоққа шығарыпты [https://tengrinews.kz/article/smi-i-feyki-intervyu-ministra-aidyi-balaevoy-1503/ Электронды ресурс].

Бұл жобаның таныстырылым жарияланымына сүйнер болсақ, онда "Әлеуметтік желілердің ленталары, WhatsApp-тағы хабарламалар, телеграм-арналардағы посттар, YouTube пен Tik-Токтағы видеолар – ақпарат өте көп, ал оған сенуге бола ма, жоқ па, оны тексеру үшін уақыт тым аз. Жалпы, ақпараттық ортада нақты орын алған жағдайларды ойдан шығарылғандардан ажырату оңай емес", делінген. Сонымен, Stopfake.kz не үшін қажет. "Биыл фейктер, манипуляциялар мен қастандық теориялары көп екендігін байқадық. Stopfake.kz жобасы желіде жалған ақпараттың таралуын тоқтату және жалпы адамдарды адастыру мен шатастыруды азайту, сондай-ақ оқырмандарға сыни ойлаудың маңыздылығын жеткізу мен фейктердің қалай және неге жасалатынын түсіндіру үшін қолға алынды. Интернетте миссиясы осындай ұқсас сайттар көп. Фейкпен күресетін және оқырмандарды өтірікті тануға үйретететін ресурстар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы болады. Бәрінен хабардар болу артық етпейді. Stopfake.kz қалай жұмыс істейді. Біз дұрыс емес немесе жалған болып көрінетін хабарламаларды тауып, тексереміз. Оларды растауға, түсіндіруге немесе жоққа шығаруға болатынын анықтаймыз. Дереккөздерді – интернеттегі және оффлайн БАҚтағы жарияланымдарды, мәлімдемелерді немесе хабарламаларда есімі аталған адамдарды табамыз. Олардың қандай резонанс тудырғанын және оқырмандардың мұны қалай қабылдағанын анықтаймыз. Даулы дәлелдерді қарастырамыз, әртүрлі теорияларды салыстырамыз және растауларды зерттейміз. Пайдаланушылар бөліскен суреттерді, фотосуреттерді және видеоларды талдаймыз. Сараптамалық бағалауларға жүгінеміз және ресми түсініктемелер аламыз. Деректерді жариялаймыз. Біз деректерді тез тексеру фейкпен күресудің ең тиімді жолы екеніне сенімдіміз.

Біздің құндылықтарымыз: әр адам шынайы ақпарат алуға, әділдікке, объективтілікке, парасаттылыққа құқығы бар. Бізге қалай қосылуға болады. Егер мессенджерде күмәнді болып көрінген хабарламаны көрсеңіз немесе оның рас-өтірігіне көз жеткізгіңіз келсе – Stopfake.kz редакциясына жіберіңіз. Біз жаңалықтың шынайылығын тексеріп, нәтижесімен бөлісеміз", делінген редакцияның басты парақшасында [https://stopfake.kz/ru/add/ Электронды ресурс].

Редакцияның халықтың медиасауаттылығын арттыруға бағытталған материалдарды жариялауға ден қойғандығын сайтты қарап отырып бірден аңғаруға болады. 2020 жылы 29 қыркүйек айында жария етілген "Фейк аккаунттар: неге қауіпті және оларды қалай тануға болады, деген танымдық материалда оқырманға біраз пайдалы кеңестер қамтылған .

Мәселен, фейк аккаунттар не үшін жасалады? деген сауалға қарапайым да түсінікті тілмен берілген жауаптардың сөз жоқ, оқырманға тигізер пайдасы елеулі. "Әлеуметтік желілердегі жалған парақшалар көбінесе зиянсыз болады. Кәсіп иелері жеке парақшасын жұмыс парақшасымен араластырмас үшін клиенттермен қарым-қатынас жасау мақсатында бөлек парақша ашады. Қарапайым тұрғындардың да жасырын пікірлер қалдыру, ұтыстарға қатысу немесе бұрынғы ғашықтарының өмірін бақылау үшін бір әлеуметтік желіде бірнеше парақшасы болуы мүмкін.

Олар неге қауіпті болуы мүмкін? Қаскүнемдер сізден қарызға ақша сұрау үшін достарыңыз бен жақындарыңыздың парақшаларының нақты көшірмелерін жасай алады. Сондай-ақ, пайдаланушылар жалған интернет-дүкендер ашып, жоқ тауарларды ұсынып, 100% алдын ала төлем жасауды талап етеді. Боттар ашқан аккаунттар жазылушылардың жеке мәліметтерін жүктей алады. Алаяқтар мемлекеттік органдардың өкілдері ретінде тіркеліп, адамдардың ақшасын иемдену үшін белгілі бір қызметтер ұсынады. Көп жағдайда фейк парақшаларды педофилдер тіркейді. Олар жасөспірімдер ретінде танысып, адамдардың сеніміне кіреді, «досы» болуға тырысады, деп түсіндіре келе, маңызды сауал "Фейк акаунттарды қалай тануға болады?", деген сұраққа жауап беріледі. Ең алдымен профильдегі фотосуретке назар аударған жөн. Шын аккаунттардан селфи, достарының және айналасындағы адамдардың суреттерін көруге болады. Фейк аккаунттарда интернет кеңістігінен табылған кездейсоқ суреттер жиі кездеседі. Фотосуреттің

бірегейлігін Google-дан «суретті іздеу» функциясының көмегімен тексеруге болады. Қажетті суретті камераның белгісін басу арқылы іздеу жолына жүктеу керек. Егер аккаунттағы суреттердің көбі басқа ресурстардан немесе пайдаланушылардың парақшаларынан табылса – онда бұл фейк. Хабарламалардың жүйелілігін тексеріңіз. Адамдарды көптеп қамтуды көздеген блогерлер болмаса, көп жағдайда адамдар жаңа фотосуреттерді бірнеше күн бойы, тіпті апталап жариялamайды. Фейк парақшаларда фотосуреттердің көбі бір күнде шығады немесе бір-екі күн аралықпен жарияланады. Жеке ақпаратты қараңыз. Фейк аккаунттарда көбінесе ақпарат болмайды немесе қисынсыз болады. Мысалы, туған жылы 1953 жыл, ал мектепті бітірген жылы – 1998 болуы мүмкін. Парақшаның жасалған күніне назар аударыңыз – әдетте фейк акаунттар ұзақ жүргізілмейді, сондықтан пайдаланушы жақында ғана тіркелген болады.

– Растайтын белгілерді табыңыз. Кейбір әлеуметтік желілерде пайдаланушының атына қарама-қарсы тұратын арнайы «құсбелгі» болады, бұл оның атақты тұлғаның, саясаткердің, мемлекеттік органның немесе бұқаралық ақпарат құралдарының шын парақшасы екенін растайды. Мұндай белгінің болмауы алаңдатарлық жайт" /https://stopfake.kz/kk/archives/1675Электронды ресурс].

Осындай біраз деректерге тоқтала келе редакция келеңсіз жағдайлардан қорғану жолдарын көрсетуге тырысады. Мұндай кеңестер әсіресе әрнәрсеге алданғыш келетін жастар мен қарт адамдарға өте пайдалы. Редакцияның аз ғана уақыттың ішінде бірталай іздесін жұмыс атқарғандығын байқауға болады. Сайттың дизайны, инфографикасы, материалдардың қарапайым әрі түсінікті тілмен берілуі редакцияның аудиториясы үшін лайықты жұмыс істеп отырғандығын көрсетіп отыр. Сайт қызметкерлері дәстүрлі мынау бұрыс, мынай дұрыс, деген жалпы тоқтамдарды келтіріп қана қоймай, жаңашыл ізденіс жолдарын да табуға әрекеттенгендері байқалады. Жалған ақпаратты шынайы ақпараттан ажыратудың тағы бір жолын қарастырсақ. Оны сайттың ендігі бір рубрикасынан бағдарлауға болады.

2020 жылы 10 тамызда жария етілген Stopfake.kz «Зиянды кеңестер» береді, деген айдар туралы редакция түсініктеме беріп өтеді. "Бұл ресурс адамдарға жалған ақпарат пен шынайы ақпараттың қайсы екенін анықтауға, өтірікті әшкерелеп, фейк таратылыммен күресуге арналған. Біз смартфон, ноутбук немесе компьютері бар, жаһандық ғаламторға қосылған адамдардың барлығы сандық ақпарат кеңістігінде еш қиындықсыз әрекет еткенін қалаймыз.

Алаяқтың құрбаны болмау, сыбыстарды таратпау туралы кеңестерді күнде естиміз, фейк ақпаратты қалай анықтауға болатыны туралы мақалалар мен топтамаларды оқимыз. Өкінішке орай, жалған ақпараттар легі толастар емес. Сондықтан біз керісінше әрекет етіп, пайдалы емес, зиянды кеңесімізді ұсынғанды жөн көрдік. Осы жанрдың негізін қалаған жазушы Григорий Остер айтқандай, «Бәрімізге де кейде ақылсыздыққа қарсы екпе қажет» [https://stopfake.kz/kk/archives/442 Электронды ресурс]. "Зиянды кеңестер" деген айдар сәтті инфографикамен, ұйқастырылған сөз тіркестерімен толықтырылған, авторлар өз ойларын өлең жолдары, памфлет түріндегі сөздер арқылы беруге талпыныс жасағандарын да жаңашылдық деп бағалауға болады. Бұл сайттың ендігі бір материалына назар аударсақ."Ауруларды бақылау орталығы COVID-19 ауа тамшыларымен таралмайды деп мәлімдеген жоқ", делінген 2020 жылғы 05 қазан күнгі санында редакция соңғы кездегі өзекті тақырып коронавирусқа қатысты деректі талқылайды. "Желіде Ауруларды бақылау орталығы COVID-19 ауа-тамшы жолымен таралатыны туралы зерттеулерді жоққа шығарды деген қауесет айтылуда. Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды. 21 қыркүйекте Ауруларды бақылау орталығы SARS-CoV-2 бөлшектері ауада қалып, 6 фут (1,8 метр) қашықтықта таралуы мүмкін деп жазылған зерттеулер қолжазбасын қателесіп жариялаған. Бірақ қолжазбада да, одан кейін де Ауруларды бақылау орталығы вирус бөлшектері ауа арқылы емес, басқа жолдармен таралатыны туралы ешқандай мәлімдеме жасамаған. Зерттеулер мен жаңа деректер вирустың ашық ауада сақталатын уақытына және оның таралуы ықтимал қашықтыққа байланысты. Кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері ауруларды бақылау орталығына хабарласты. ДДСҰ Денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар жөніндегі атқарушы директоры Майкл Райан SARS-CoV-2 ауа арқылы таралмайтынына жаңа дәлелдер таппағанын мәлімдеді. Сондай-ақ, оның айтуынша, COVID-19 жөтелу, түшкіру немесе тыныс алу кезінде ең кішкентай ауа бөлшектерімен жұғады. Бұл зертханада көп рет расталғандықтан, Райан «агенттіктің ұстанымы өзгеріссіз қалатынын» жеткізді /https://stopfake.kz/kk/archives/1802 Электронды ресурс].

Автор материалдарда келтірілген деректерді саралау, тексеру, дәлелдеу арқылы оқырманға шынайы және жалған ақпараттың ара-жігін ұғынуға көмектеседі. Әрине, жұмыстарын бастағанына аз ғана уақыт болған бұл сайттарға әлі де болса сарапшылар, ғалымдар тарапынан көп көмектің керек болатындығы анық. Оқырман талабына икемделіп, материалдардың көлемі бұдан да шағын, әрі жеңіл қабылданатындай дәрежеге жеткізіліп жатса, әрине, аудиториясының қатары, түптеп келгенде медиасауаттылығы арта түсетін оқырмандардың қатары көбейе түсер еді.

Қорытынды.

Мақаланың өзектілігі, қарастырылған екі сайт

жұмысының бүгінгі таңда халыққа өте қажетті жұмыс атқарып отырғандығын көрсетуінде. Журналистердің халықтың дүниетанымын дұрыс бағытта жақсартуға осындай жолмен ықпал етуі-орынды. Ақпарат нарығында әркелкі, оның ішінде осындай сайттар көбірек болса, қоғамның медиасауаттылығы арта түсер еді. Өйткені, " журналист әрине, аудитория пікірі мен талғамын қалыптастыруға ықпал етеді, бірақ қандай материалды оқу-оқымау тұтынушының өз еркінде" /К.Қамзин,. 2012, 34 б]. Демократиялық қоғамда барынша плюралистік пікірлер болуы шарт. Әрдайым бұрыс ақпаратқа шынайы ақпарат төтеп бере алатын дәрежеге жеткізу-бүгінігі таңдағы журналистік қауымның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Дәлдеп келгенде, халыққа шынайы ақпаратты іздеу жолдарын әрдайым көрсетіп, ескертіп отырудың артық болмайтындығын ескергеніміз жөн. Ал ғаламторда ондай ресурстар баршылық. Соның бірін ғана келтіре кетсек. "...Ақпаратты Google-ден іздеу және оны қайта іздеу ресурстары арқылы тексеру. Google-дің іздеу қызметінің негізгі ресурс екені анық. Сонымен қатар Google тек іздестіру жүйесін ұсынып қана қоймайды, сіз іздеген фактінің қашан, қайда жарық көргені де қарастыра алады. Іздеген фактіңізді бір немесе екі ресурстан ғана қарастырып қоя салмаңыз. Көптеген ресурстарды салыстырыңыз [Е.Кәпқызы,. 2019, 120 б].

Қорыта айтқанда, біріншіден, қаржыландыру көздеріне қарамастан, екі сайттың атқарып отырған міндеті бір-халыққа жалған ақпараттын шынайы ақпараттан ажыратуға көмектесу. Екіншіден, екі сайт та шынайы ақпаратты жалған ақпараттан ажырату үшін көптеген ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Үшіншіден, екі редакция та заман талабына сай туындап отырған қажеттіліктерді орындауда тың, заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланып отыр, оның ішінде дизайнға көбірек көңіл бөлетіндігі байқалады, суреттер, инфографика әр материалда дерлік пайдаланылған. Төртіншіден, екі редакцияның бірінің жұмысқа кіріскеніне небары 3,5 жыл, екіншісіне тіпті жарты жылға жетер-жетпес уақыт болса да, қазақстандық ақпараттық кеңістікте өзіндік орнын ала алған, сұранысқа сай қалыптасқан құрылымдар болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.https://informburo.kz/kaz/zhalan-aparat-taratushylar-alay-zhazalanady-ylmysty-zhne-kmshlk-kodeks-baptary.html Электронды ресурс.

2.https://nurmedia.kz/ru/news/725-tokaev-zhalgan-akparat-taratkan-adam-zhauapka-tartylady.html. Электронды ресурс.

3.https://tengrinews.kz/article/smi-i-feyki-intervyu-ministra-aidyi-balaevoy-1503/Электронды ресурс.

4.https://mybook.ru/author/esbergen-alauhanov/kriminologiya-1/read/?page=4/Электронды ресурс.

5.Журналистика: Введение в профессию/ Б.Я.Мисонжников., А.Н. Тепляшина. СПб -Питер: 2014 -265 бет.

6.Іскерлік журналистика:Іскерлік тақырыптағы датаны мультимедиаландыру жолдары/ А.Еркімбай, "Minber" журналистерді қолдау орталығы - Алматы: 2019- 208 бет.

7.https://vlast.kz/novosti/22873-v-kazahstane-nacal-rabotu-faktcekingovyj-portal.html Электронды ресурс.

8.https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fakchek-kazakstan-sottalgandar-sany-bojynsha-rejtingte-100-orynda-tur/Электронды ресурс.

9.https://factcheck.kz/kaz/biz-turaly/ Электронды ресурс.

10.https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fakchek-kazakstan-sottalgandar-sany-bojynsha-rejtingte-100-orynda-tur/Электронды ресурс.

11.https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kavasaki-sindromyna-eresekter-de-shaldygyp-zhatyr-ma/. Электронды ресурс

12.https://tengrinews.kz/article/smi-i-feyki-intervyu-ministra-aidyi-balaevoy-1503/ Электронды ресурс.

13.https://stopfake.kz/ru/add/ Электронды ресурс.

14. https://stopfake.kz/kk/archives/1675 Электронды ресурс.

15. https://stopfake.kz/kk/archives/442 Электронды ресурс

16. https://stopfake.kz/kk/archives/1802 Электронды ресурс.

17. Оқу құралы/ К.Қамзин. Қазақ университеті-Алматы: 2012- 312 бет

18. Іскерлік журналистика: Іскерлік журналистикадағы этика, стандарт және фактчекинг/ Е.Кәпқызы, "Minber" журналистерді қолдау орталығы - Алматы: 2019- 208 бет.

УДК 811.581.11

ТАХАНОВА АЙНУР КУАТОВНА
1 курс магистранты
Қытай филологиясы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

АХМЕТБЕК ГУЛЖАН
т.ғ.к., PhD
қытай филологиясы кафедрасының доценті
филология факультеті
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қазіргі қытай тіліндегі етістіктердің грамматикалық категориялары мен формалары сипатталып, жиі кездесетін етістіктерге жеке-жеке талдау жасалып, қолданылу мысалдары келтірілген. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы қазіргі қытай тілі етістіктерінің өзіндік қолдану ерекшеліктерін, грамматикалық қасиеттерін жүйелеп және мазмұн-мәнін ашып түсіндіруге, анықтауға, айқындауға бағытталады.

Түйінді сөздер: қазіргі қытай тілі, грамматика, етістік, етістіктің грамматикалық ерекшеліктері.

Резюме. В этой статье рассматриваются грамматические категории и формы глаголов в современном китайском языке, проанализированы наиболее распространенные глаголые и приведены примеры их использования. Кроме того, данная исследовательская работа направлена на обобщение, систематизацию, объяснение, и определение содержания особенностей употребления глаголов и грамматических особенностей современного китайского языка.

Ключевые слова: современный китайский язык, грамматика, глаголы, грамматические особенности глаголов.

Summary. This article describes grammatical categories and forms of verbs in modern Chinese, analyzes the most common verbs and provides examples of their use. In addition, this research work is aimed at generalizing, systematizing, explaining, and determining the content of features of the use of verbs and grammatical features in the modern Chinese language.

Keywords: modern Chinese, grammar, verbs, grammatical features of verbs.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда әлемдегі ең ірі ұлт өкілдерінің бірі ретінде қарастырылатын Қытай тілінің түп-тамыры өте тереңде жатыр. Кез келген ұлттың ұмытылмас таңбалары бүгінгі халықтардың жадында, санасында, салт-дәстүрі мен рухани мәдениетінде тілі арқылы сақталуда. Қытай мәдениеті әлемдік цивилизацияның дамуына орасан зор үлес қосқан ежелгі елдердің бірі болып табылады, сол мәдениетінің бір бөлшегі ретінде саналатын қытай тілі сөздік қоры мол, дүние жүзіндегі бай тілдердің біріне жатады. Қытай тілінің мүмкіншілігі тек оның сөз қорындағы жеке-дара лексемалар мен сөз тіркестерінің санымен ғана өлшенбесе керек. Бұл арада сол тілдің құрамындағы лексикалық бірліктердің сапасы мен мазмұны, сан алуан ұғым-түсініктердің мағынасы ерекше роль атқарады. Тілдегі сөз санынан мағына санының әлдеқайда көп болуы тіл байлығын сөз санымен ғана емес, мағына санымен, оның ғажайып ішкі мүмкіншілігімен өлшеп, анықтауды талап етеді. Мәселен, сөз таптарының ішіндегі етістіктердің жіктеліп, тіл мүмкіншілігін кеңейтуі – тіл табиғатындағы аса зор фактор екендігін көрсетеді.

Грамматикалық тұрғыдан алғанда, етістіктер көбінесе сөйлемдерде предикат немесе предикат қызметін атқарады және сөйлемдердің негізгі бөлігі болып табылады. Тақырыптар белгілі бір контекстте болуы мүмкін, предикатты тастап кетуге болмайды, және сөйлемдегі көптеген элементтер предикаттың айналасында сол немесе басқа дәрежеде айналады. Риторика мен идеология тұрғысынан предикат - бұл сөйлемнің көрінісі мен мағынасы жағынан, сондай-ақ әр түрлі мінез-құлықтары, әрекеттері, қасиеттері мен субъектінің атаулары жағынан көз болып табылады.

Қытай тілі оқшауланған тілдердің бірі екені белгілі. Оқшауланған типтегі тілдердің негізгі белгілері: туынды морфемалардың болмауы, сөздердің орналасуының маңыздылығы, қосымшаларға қарағанда қызметші сөздердің басымдығы. Осыған байланысты қазіргі қытай тіліндегі сөйлеу бөліктерін анықтайтын негізгі критерий, ол грамматикалық болып табылады.

А.А. Драгуновтың теориясына сүйенсек, қытай тіліндегі сөздерді сөйлеу бөліктері бойынша жіктеуге болады. Ол сөйлеу мүшелерінің екі тобын - есім категориясын және предикативті сөздерді анықтады. Есім категориясына зат есімдер мен сандар кіреді, тағы бір топ сын есім мен етістіктен тұрады. Біріккенде есім мен предикатив категорияларын үстеу категориясымен байланыстыруға болады. Атау және предикат категориясындағы сөздер сөйлемде әр түрлі қызмет атқара алады. Үстеулер болса көпфункционалды болып келеді.

Тілде сөз таптарының, оның ішінде адамдардың әрекеті мен ойлау қабілеттерін білдіретін - етістік. Етістіктің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктерін мысалдар арқылы жеке-жеке қарастырайық:

1. Қос буынды етістіктіктер қазіргі қытай тіліндегі айрықша грамматикалық ерекшеліктерінің бірі, сонымен қатар олар қытай тілін шет тілі ретінде оқыту барысындағы өте маңызды грамматикалық құбылыс болып табылады.

Бір буынды етістіктіктердің қайталану формасы төрт түрлі болады: АА, А—А, А了А, А了—А, оның ішіндегі екінші буын ақырын оқылады. Мысалы: 看看、听听、画画。—көру, қарау, есту, сурет салу.

Қос буынды етістіктіктердің қайталану формасы келесідей: АВАВ. Мысалы: 休息休息，打扫打扫，商量商量，复习复习。— демалу, жинау, ақылдасу, қайталау.

Бөлінетін сөздердің қайталану формасы келесідей: ААВ. Мысалы: 游游泳、 散散步、帮帮忙、见见面。—жүзу, көмектесу, кездесу. [Ян Юулин, Ин Чэнзин, 2011, б. 56]

2. Қытай тілінде бағыт-бағдарды білдіретін етістіктер бір буынды және қос буынды болады. Мысалы: 来、去、上、下、进、出、上来、上去、下来、下去、进来、进去。— келу, бару, жоғары, төмен, кіру, шығу, жоғарыға келу, жоғарыға бару, төменге келу, төменге бару, ішке келу, ішке бару.

Бағыт-бағдар етістіктері өзі жеке тұрғыда предикат немесе предикаттың түйіні ретінде қолданыла алады. Мысалы: 月亮下去了，太阳还没有出来 —ай кіріп кетті, күн әлі шықпады. Бірақ көбінесе басқа етістіктерден немесе сын есімдерден кейін бағыт-бағдарды білдіріп, толықтырушы болып тұрады. Мысалы: 拿（出）一本书、拿（出来）一本书、拿（出）一本书（来）。 — Кітапты (шығарып) алу, кітапты (шығарып) алып келу. [Хуан Божун, Ляо Сюйдун, 1991, б.12]

3. Сын есімдерден айырмашылығы, барлық етістіктер дәрежелік үстеулермен тіркесе бермейді: 很走路 «өте жаяу жүру» деп айта алмаймыз, дегенмен 很爱 —өте жақсы көру, 很想— өте қатты қалау деп грамматикалық тұрғыдан айтуға болады. [Курдюмов В.А., 2005, б. 257]

4. Қытай тілінде етістіктер сөздің жақтық, шақтық, сандық, жекеше, көпше өзгерісіне ұшырамайды. Қай жақпен айтылсада етістік сол қалпында қолданылады. Мысалы:

是— 我是学生, 你是学生, 我们是学生, 他们是学生;

看—正在看, 明天看, т.б. 是，看 етістіктері ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.

5. Қытай тілінде етістік пен есімдік сөйлемдегі орны қалай болсада, өз мағынасын, өз ерекшелігін жоғалтпайды. Мысалы:

研究— 研究语言, 注重研究, 研究的方向,

我—我吃饭, 他来看我, 我朋友 т.б. Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш болса да研究，我алғашқы сөз табы қалпында сақталады. [Нұрхалық Абдырақын, 2010, б. 7]

6. Етістіктер тура және жанама объектілердің қызметін атқара алады.

Мысалы:

我想吃饭， 我不想喝汤 。– Мен күріш жегім келеді, сорпа ішкім келмейді.

我把法文教科书借给他。 – Мен оған француз оқулығын қолдануға бердім.

Тікелей объект, өз кезегінде, етістіктен кейін ғана емес, оның алдында 把 ba көсемшесімен де тұра алады және пассивті құрылымдағы тақырыпқа сәйкес келеді.

а) Бастауыш (субъект) + Баяндауыш + Тура толықтауыш (объект). Мысалы:

我打他 。– Мен оны ұрдым.

б) Бастауыш (субъект) + 把 Жанама толықтауыш + Баяндауыш. Мысалы:

我把他打了 。– Мен оны ұрдым.

в) Бастауыш (объект) + 被 / 让 / 叫 Толықтауыш (субъект) + Баяндауыш. Мысалы:

他被我打了。– Оны мен ұрдым / мен оны ұрдым.

Етістік сөз таптары ішіндегі ең күрделі бөлігі, сондықтан қазіргі қытай тілінің сөйлеу бөліктері жүйесінде ең маңызды орынды алады, грамматикалық категориялар мен формалардың алуан түрлілігіне ие. Қытай етістіктері іс-әрекетті немесе күйді дербес білдіреді. Етістіктің түрі мен шақтары арнайы жұрнақтарды қосу арқылы жасалады. Қытай тіліндегі етістіктердің соңына жұрнақпен модификаторды жалғау арқылы келесідей ерекшеліктерді байқауға болады:

1. Етістіктер түр категориясына ие және 了, 过, 着 жұрнақтарын қоса алады:

了 le жұрнағы етістіктердің соңына жалғанса сөйлемнің мағынасы әр түрлі болып өзгереді, келесі мысалдарды қарастырайық:

а) өткен іс-әрекеттің орындалғанын білдіреді. Мысалы: 她买了一张去北京的飞机票。- Ол Бейжинге баратын ұшаққа билет сатып алды.

б) іс-әрекеттің аяқталуы күтілуде. Мысалы: 明天晚上吃了饭我们去看电影。 - Ертең кешкі ас ішіп болғаннан кейін, біз кино көруге барамыз.

с) іс-әрекеттің аяқталуының болжамы. Мысалы: 累了就休息一会儿。–Шаршап қалсаңыз, демалып алыңыз.

过 guò жұрнағы етістіктермен қосылып, іс-ә-

рекеттің өткен шақта әр түрлі мағынасын білдіреді. Қолдану мысалдарын қарастырайық:

а) өткен тәжірибені немесе іс-әрекеттің бұрын және белгісіз уақытта болғандығын білдіреді. Мысалы: 我吃过北京烤鸭。– Мен Бейжің үйрегін жеп көрдім.

她来过我家。– Ол менім уйімде болған.

б) іс-әрекеттің бұрын болып кеткенін білдіреді. Мысалы: 我喜欢过你。– Мен сені бұрын ұнатқам.

с) өткендегі іс-әрекеттің бірнеше рет орындалғанын (орындалмағанын) айқандайды. Мысалы: 他去过上海很多次 。– Ол Шанхайда бірнеше рет болған.

г) жоғарыда айтылған了le жұрнағы сияқты өткен іс-әрекеттің орындалғанын білдіреді. Мысалы: 我已经吃过饭了。– Мен тамағымды ішіп болғанмын.

着 zhe жұрнағы етістіктен кейін жалғанып сөйлемнің келесі мағыналарын білдіреді:

а) іс-әрекеттің ұзақ уақытқа созылатындығын көрсетеді. Мысалы: 会议室里的灯一直亮着，可能会议还没结束。– Жиналыс бөлмесіндегі шам үнемі жанып тұр, мүмкін кездесу әлі аяқталмаған шығар.

б) іс-әрекеттің дәл қазіргі уақытта болып жатқанын білдіреді. Мысалы: 妈妈站在窗口，向我挥着手。– Анам терезенің жанында тұрып, маған қолын сілтеп тұр.

с) бір іс-әрекеттің орындалып жатқан кезде тағы бір әрекет қайталанатындығын көрсетеді. Мысалы: 小孩说着说着哭了起来。– Бала сөйлеп тұрып жылап жіберді.

2. Сын есім мен зат есімге 化 жұрнағын қосылу арқылы етістік жасалады. Мысалы: 机械化、美化、绿化、现代化、净化。—механикаландыру, безендіру, көгалдандыру, модернизациялау, тазалау.

3. Жұрнақтар көбінесе нәтижелі етістіктерге жалғанады. Олар доминант рөлін ойнайды. Келесі жұрнақтармен қосыла отырып нәтижелі етістіктер жасалады: 到 dào, 着 zháo, 住 zhù, 见 jiàn, 好 hǎo, 成 chéng, 完 wán, 了 liǎo, 掉 diào, 得 de. Мысалы: 等到 děngdào «күту», 睡 着 shuìzháo «ұйықтап қалу», 站 住 zhànzhù «тоқтап қалу», 听见 tīngjiàn «естіп алу», 做好 zuòhǎo «жинап, дайындап қою», 变 成 biànchéng « айналып кету», 写 完 xiěwán «жазып болу», 做了 zuòliǎo «істеп біту», 吃掉 chīdiào «1.жеп болу; 2. құрту» және басқалары. [Карпека.Д.А., 2017, б. 22-23]

4. Іс-әрекеттің дәрежесін сипаттайтын модификатор得 (de) қытай тілінде етістікке әсер ету дәрежесін білдіретін бөлшек ретінде қарастырылады. Ол етістіктің немесе сын есімнің модификаторы деп те аталады, өйткені ол қатаң түрде етістіктен немесе сын есімнен кейін қойылады. Осы модификатор арқылы етістіктің немесе сын есімнің орындалу дәрежесін, іс-әрекеттің қаншалықты күшті немесе әлсіз орындалғанын білуге болады. Мысалы: 我英语说得不好。—Мен ағылшын тілінде жақсы сөйлей алмаймын. 这里风大得很。— Мына жерде жел қатты екен.

5. Нәтижені білдіретін модификатор немесе жұрнақ 起来етістікпен қосылмаған жағдайда жеке-дара «тұру, көтеру» мағынасын білдіреді. Ал етістіктен кейін жалғанса, қозғалыс бағытын немесе әрекеттің нәтижесін көрсететін қосымшаға айналады. Мысалы: 这个字怎么写，我终于想起来了 。– Мен бұл иероглифтың қалай жазылатынын соңында есіме түсіре алдым.

6. Етістіктердің өзіндік сандық жүйесі бар:

а) 次 cì қайталанатын іс-әрекетке келгенде қолданылады, ал іс-әрекеттің толықтығы ескерілмейді. Мысалы:

今天我在学校遇见小明两次 。– Бүгін біз мектепте Сяо Минмен бірнеше рет кездестік.

б) 遍 biàn басынан аяғына дейін орындалған, аяқталған әрекетті белгілеу үшін қолданылады. Мысалы:

她又想了一遍 。– Ол мұны басынан аяғына дейін қайта ойлады.

с) 下xià қысқа уақыттағы әрекетті, әрекетті белгілеу үшін қолданылады және ешқандай күш жұмсамайды. Мысалы:

你得帮帮我， 帮 一下! – Маған сіздің көмегіңіз керек, аздап көмектесіңіз!

г) 趟 tàng қимыл-қозғалыс етістігінің бағытында қолданылады. Мысалы:

小王今天来了三趟都没有看到你。– Сяо Ван бүгін үш рет келіп, сені бір рет те көрмеді.

д) 顿 dùn тамақ қабылдауды көрсету үшін қолданылады, бірақ 尝 cháng - «дәмін тату» үшін қолданылмайды; жекпе-жектің, қиянаттың, сынның, жанжалдың әртүрлі көріністерін білдіретін етістіктермен кездеседі. Мысалы:

小龙气呼呼地诉说了一顿。 – Сяо Лонг ашуын әрең ұстап, мән жайды түсіндірді.

е) 阵 zhèn іс-әрекет өте ұзаққа созылмаған кезде немесе кенеттен әрекеттер пайда болған кезде (табиғи құбылыстар) қолданылады. Мысалы:

他左思右想，琢磨了一阵，还是去了。– Ол мұны әрлі берлі мұқият ойластырып, бәрібір кетіп қалды.

ж) 番fān уақыттың белгілі бір уақытында күш жұмсап жасалған әрекеттің қайталануын белгілеу үшін қолданылады. Мысалы:

他 研究了一番 。– Ол тағы да зерттеп шықты.

Сондай-ақ, қимылдар жасалатын зат есімдер етістіктерге арналған сандық жүйе ретінде қызмет ете алады. Мысалы:

打了一拳dǎle yī quán «бір жұдырықпен ұрды», 咬了一口 yǎole yīkǒu «бір тістеп алды», 看了一眼 kànle yīyǎn « бір көзбен қарады», 画了一笔

huàle yī bǐ – «бір қылқаламмен бояды».

Көптеген етістіктерде бұл функциялардың тек бір бөлігі бар екенін есте ұстаған жөн, бірақ олар әлі де етістік болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жұмыстан біз келесідей қорытынды жасай аламыз: Тіл - бұл мәдениеттің ажырамас бөлігі және оның құралы, адамдардың менталитетін, яғни әлем көрінісін бейнелейді. Қытай тілінде жіктеу, септеу, тектерінің айырмашылығы айқын көрсетілмейді. Сондықтан сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі өте маңызды. Егер біз сөйлемдегі сөздердің ретін өзгертсек, онда сөйлемнің мағынасын мүлде түсінбеуіміз мүмкін.

Қытай тіліндегі етістіктердің грамматикалық ерекшеліктерін зерттеу және білу өте маңызды, өйткені олар предикаттар тобының шекараларын дәл анықтауға және сөйлемге грамматикалық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін өзіндік «маркерлер» түрі, бұл өз кезегінде толық және дұрыс аударманың кепілі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ян Юулин, Ин Чэнзин (杨玉玲，应晨锦). Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (现代汉语语法答案（上册）) Сұрақтар мен жауаптар. I том. – Пекин: Пекин университеті баспасы, 2011. - 277 б.
2. Хуан Божун, Ляо Сюйдун (黄伯荣，廖序东). II том. Қазіргі қытай тілі (现代汉语). – Пекин: Жоғары білім баспасы, 2017. - 245 б.
3. В.А.Курдюмов. Курс китайского языка. Теоритическая грамматика. 2005. - 576 с.
4. Нұрхалық Абдырақын. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 286 б.
5. Карпека.Д.А. Глагол и грамматические категории предикатов в современном китайском языке. – Санкт-Петербург.: Восточный экспресс, 2017. -385 с.

УДК 81’27
ББКШ 100.63



TILLABEK SYMBAT NUGMANKYZY
2nd year master's student,
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent



DUYSENOVA MARZHAN MOLDAKASYMOVNA
Academic Supervisor: PhD

SEMANTIC FEATURES OF TIME PHRASES IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

Түйін. Осы мақала ағылшын және қазақ тілдеріндегі уақытқа байланысты сөздердің семантикалық ерекшеліктерін ұсынады. Ағылшын тіліндегі осы шақ,өткен шақ, келер шақ категориясындағы уақытқа байланысты фразалардың сөйлемдерде қолдану аясын көрестеді және қазақ тіліндегі уақытты білдіретін сөздердің семантикалық ерекшеліктерімен қолдану аясын ұсынады.

Түйінді сөздер: ағылшын тілі,қазақ тілі, семантика, фраза,уақыт

Резюме. В статье представлены семантические особенности слов в английском и казахском языках во времени. Настоящее время, прошедшее время, будущее время в английском языке демонстрирует использование связанных со временем словосочетаний в категории в предложениях и предлагает сферу использования семантических признаков слов в казахском языке, обозначающих время.

Ключевые слова: английский, казахский, семантика, фраза, время.

Summary. The article presents the semantic features of words in English and Kazakh languages over time. Present tense, past tense, future tense in English. Demonstrates the use of time-related phrases in categories in sentences and offers the scope of using the semantic features of words in the Kazakh language denoting time.

Keywords: English, Kazakh, semantics, phrase, time.

The meaning of a word is a linguistic unit that is an integral part of the overall language system and is distinguished by its independence. It has its own semantic properties. A word is a linguistic unit consisting of the integrity of sound form and meaning. The image of words, objects and phenomena in the human mind, consisting of a combination of meanings and sounds. "The word is a generalized image of the main features of the object (phenomenon)" [N.Orazov p. 12] - say the authors of textbooks for teaching the meaning of words. It is known that the semantic structure of a word consists of various semantic components, large-time semantic parts. In modern linguistics, the structural parts of meaning are called by many names, such as semantic sign, semantic component (synonym), sema, concept symbols, element of meaning, part of meaning. Each of these semantic features, which is the smallest semantic part of the meaning of the word, provides information about the different properties of the signifier. If we begin to analyze the semantic structure of the word, we begin to see that each semant is a separate part of the general information about the concept through the word.

Sema is the smallest unit of meaning (translated from the Greek - meaning "sign"). And semantics - (gr. Semantikos - determiner)

1) meaning, message conveyed through the language or its unit (word, grammatical person of the word, phrase, sentence);

2) the field of linguistics that studies this meaning, the message;

3) one of the main chapters of semiotics. In the first sense, semantics is a semantic word (for example, noun, adjective, noun, adverb, etc.), which forms a semantic triangle.

"Sema is a microcomponent, a particle that represents the specific features of the word, marking the phenomenon," says IA Sternin, one of the scientists who studied the structure of word meaning [I. A. Sternin, p. 44], noting that the microcomponents that mark the specific features of the word are related to information. There are also correspondent scientists. For example, M. Orazov writes: "If semantics is associated with information

received by the senses from the objective world, the semantics is associated with the ability to receive that information and generalize, abstraction in human thought" [M. Orazov p. 178]. According to the scientist, through these microcomponents, which make up the meaning of a word, we get information about the object, phenomenon or action in which the word is marked. Each semantic sign is a part of the whole information conveyed by the meaning of the word. There are two main reasons for the change in meaning, the expansion or contraction of meaning. The first is that the development of meaning is purposeful on the basis of the conscious actions of language consumers, and the second is that it is associated with various extralinguistic reasons beyond their control. The latter, ie non-linguistic factors, can be significant changes in the life of society, changes in attitudes to the concept or the emergence of new features of the concept on the basis of the development of science, and so on. In this thesis we consider the semantic features of phrases related to time. We look at the phrases related to time as much as possible and identify their features and differences linguistically.

Names and phrases denoting time in the Kazakh language were not the subject of a separate study. These tokens are reflected in the works of journalists and scientists in general or in the form of examples. Phrases about time are not a deep, well-studied issue. The periods of the day over time have been extensively studied. N. Ualiyev devoted 2 articles to this topic. A.Bolganbayev, M.Tomanov, N.Ualiyev, G.Smagulova, K.Aronov, who listed the names of the periods of the day in different order, I.Kenesbayev, A.Kaidarov, T.Sairambayev, B.Rysbay, who commented in dictionaries, gave an example of motivation. N.Sauranbayev (day and night), A.Kaidar (analysis of the behavior of individual words and phrases, seven dark nights), E.Zhanpeisov (second, fifth), R.Syzdyk (evening, day, sunset), A.Kuryshzhanov (yellow, morning), L.Rustemov (five), A.Nurmagambetov (morning), A.Salkynbay (noon, sun), mixed with other time measures E.Zhanpeisov, Zh. Akhmedova, R. Avakova, S. Smat, A. Aldasheva (night) in terms of linguocultural studies and translation studies, I. Kenesbayev (morning), A. Bolganbayev, M. Sergaliev, G. Smagulova (synonymous with morning and evening). phraseology), B. Sagyndykuly (day and night), A. Zhumabekova (ten antonyms).

Scientists M. Sergaliev, A. Aigabilov,According to the O. Kulkenovas, indirect complements in the sense of bed mean the physical, relational, chair, objects of movement, quality to another object, "Who?" why? The meanings of the phrases from the objective relation mean that the process of movement is on which object or with which object, and who has the object, "- said M. Balakayev and T. Kordabaev. And the scientist R. Amirov points out that indirect complements in the form of conjunctions represent objects as a constant in action, quality.

Nouns and pronouns are used in subordinate clauses of phrases used in object relations. The fact that the phrases used in such a relationship are semantically different is due, firstly, to what the auxiliary words mean, and secondly, to the fact that the verbs that require such words are semantically diverse. Based on this, phrases of this type are used in different senses.

In his extensive work on phraseology, I. Kenesbayev cites the names of time periods in a number of places in order to identify their features. "The replacement of one phraseological turnover by another could not occur as a result of the approximate semantic convergence of turnover within a certain range. Synonymous series of such phraseological rotations, as, for example, at dawn - at dawn - at dawn - at dawn - at dawn - in Siberia - at dawn - at dawn - »[I. Kenesbayev p 167]. I. Kenesbayev, noting that phraseology can sometimes become a double word, sometimes a compound word, believes that one of the reasons for this is the desemantization of complete components.

Language is a phenomenon based on a hierarchical relationship of homogeneous and homogeneous parts. At its stage of development, it experiences two types of systematic relationships.

One of the main types of paradigmatic communication in the lexical-semantic system of any language is a hyper-hyponymic relationship in a "single-species" relationship. In linguistics, the term taxonomic connection is sometimes used instead.

The complex structure of the "single-species" relationship reflects the nature of philosophical categories in the system of thinking and cognition of the members of the speaking collective, such as generality, integrity, detail, individuality, individuality. Because any object or phenomenon in the world, in some connection with another phenomenon, objects, the words labeled as the name of that object, have a logical, causal, synonymous, antonymous part of the whole, as well as the whole of the part.

Let's pay attention to the opinion of A. Bolganbayev, who classifies the names of the periods of the day as phraseological units. He divides the channels of origin of phraseology into four parts, including examples of phraseologies formed on the basis of dimensional concepts. The scientist divides these examples into three groups: time-period dimensions, volume measurements and length, thickness, depth measurements. The names related to time are the first in the group "Dimensions of time" in the following order: sunrise, sunset, willow, thunderstorm, noon, sunset, sunset, country sitting, blindfolded, dark, twilight closed, in the red twilight, in the twilight darkness, the country lies down, in the middle of the night, near dawn, when

the horses are galloping, when the chickens are calling, at dawn, at dawn, at dawn [A. Bolganbayev p. 119]. The author notes that lexical variants are very common among phraseological units, as evidenced by the addition of the phrase "ala keuim - ala shadow" to many examples. Analyzing the origins of synonyms, A. Bolganbayev cites the fact that they are multiplied by euphemisms, among other examples, the synonyms "the sun is rich - the sun sets, the evening."

In the 2nd chapter of zh.Akhmedova's candidate dissertation "Kazakh people's names based on differences", which was defended in 1975, "lexico-semantic sequence of ways to determine the time in the Kazakh language", he gives phrases related to time criteria. The phrases "бие байлар кез", "бие ағытар мезгіл", which are not specified by other authors, are registered in the dictionary. Zh.Akhmedova notes in a brief note that words related to the day are limited in terms of time. Words and expressions taken by this author for example: азанда, Шолпан туғанда, елең-алаңда, тауық шақырғанда, сақарда, құлан иектегенде, сәске, кіші сәске, таң сәрі, таң сібірлей, таң сыз бере, түс, тал түс, шаңқай түс, зауал, зауал ауа, бесін, ұлы бесін, кіші бесін, екінді, екінді мен ақшам арасы, намаздыгер, іңір, қызыл іңір, іңір қараңғысы, ымырт, күн батқанша, көз байлана, қас қарая, ел теріс орынға жата, ел жата and all of this phrases have similar meanings in the morning.

Academician R. Syzdyk expresses the following opinion: "from the point of view of the general language norm, the word has a" lexical meaning", which is the main meaning that the word expresses, the nominative meaning. For example, the main lexical meaning of the word sun (in science it is called denotative meaning) is "a planet that gives light, heat to the world". The meaning of the word "time between sunrise and Sunset, day" and "time equal to 24 hours, day" and "time equal to 24 hours, day" can also be called "lexical meaning" or "auxiliary lexical meaning", derived from the lexical meaning, in short, from the most final meaning. Let's say the word "time, time" (as in the case when I survived this day) or "life" (as in the case of the previous day? when used in meanings such as" weather, natural phenomena "(when the sun is hot today), we use variable meanings of the word "sun". And although the word sun is used in the sense of "planet", this phrase has no meaning at all, first, when the planet of the sun rotates around the sun, there is a moment when the sun is not visible, and secondly, we are talking not even about the planet of the sun, the transition from one period of the day to another, so in this phrase the meaning of the word sun is only added to each other.

In English we can show these categories:

1. The Category of time is fundamental for the existence of the world and man in it. In the course of the development of philosophical thought, various views on the nature of time are revealed. The most important aspect for this research is the objectivity and subjectivity of time, man and time. People's attitude to time is expressed in their cultural heritage: in traditions, customs, and literature. With the development of scientific thought and society, views on the concept of time change. More and more attention are paid to social and personal aspects in understanding the concept of time.

2. From the point of view of the history of the English language, in the ancient language and consciousness in the sequence of times "past-present-future" the past was given the greatest importance. In the temporal fragment of the Anglo-Saxon paradigm, compared to the Latin-Christian one, there were no such lexemes as minut, moment. Modern man is characterized by a focus on the future, an understanding of time as a valuable resource.

3. Being an intangible entity, time is expressed through material metaphors. Etymologically, the words of time in the main Indo-European languages are associated with the concepts of measure, beginning and end of existence. The main models for representing the Indo-European time category are: 1) time as space, or external time; 2) time as life force, or internal time; 3) time as desire, thought, or subjective time.

4. Features of the perception of time by a person, from the point of view of psychology, depend on the physiological state or on the emotional state (interest, lack of interest, stressful situations, tension). These States of a person determine the nature and accuracy of time perception. The ability to correctly assess the length of time develops with age, and can also improve in certain areas of activity and indicate the level of professional skill. Features of human perception of time can be expressed in language units. Phraseological units of the English language also Express this aspect of time perception.

5. In the modern language consciousness of representatives of Western culture, there is a "linearity" in the perception of time. Time first of all evokes associations that reflect the speed, swiftness of the passage of time, its compression, deficit, absence, insufficiency. A person takes an active position in relation to time.

The structural and semantic characteristics of English phraseological units with the meaning of time are presented within the phraseomacropolis of time. It has 8 phraseomicropolises: repeatability(repetition), duration (duration), time interval (period of time), measurement of time (measurement of time), time point (point of time), time relations (time relations), time scale (scale of time), estimated time (estimated time).

The composition of each proteomically allocates differential semes. Phraseomicropole repeatability (repetition) is characterized by such differential semes as" constantly"," often","sometimes". The

phraseomicropole duration includes the differential semes "long"," very long"," short","instant". Other phraseomicropolis: time interval ("period", "morning", "night"); time measurement ("correct", "incorrect"); time point ("favorable moment", " unfavorable moment»); temporal relations ("start/ end of validity", "concurrent", "precedence", "consistency", "timeliness",

"timeliness", "untimely"); time scale ("present", "future", "past"); evaluate time ("long", "short time" "a nice time", "bad time").

A significant amount of the phraseomacropolis of time is occupied by the phraseomicropolis scale of time, which reflects the category "present-past-future"("present - past - future"). The phraseomicropole "time measurement" is the smallest in terms of volume, which can be explained by the absence of the need to convey this concept by means of phraseology. The largest number of differential semes contains the phraseomicropole time relations, which indicates the complexity and variety of relationships within this category. Of particular interest is the phraseomicropole estimated time, whose phraseological units Express the subjective characteristic of time.

From the point of view of stylistic affiliation, the discussed phraseological units are characterized by the stylistic marks coll., spoken, informal, noi fml (colloquial). In total, 52 FE are distinguished, characterized as colloquial. Other stylistic markings are few.

Adverbial and verbal FE are dominant IN the material under study. Significantly fewer are FE of other classes.

In accordance with the systematic nature of the semantic relations between the components of the phrasemacropolis, phraseological units enter into synonymic - antonymic relations.

In Conclusion, the Semas "time" is a large lexical-semantic, thematic group. This work, defining its distinctive, generalizing, and other semantics, we have separately focused and written down. During the writing of the work, articles and research works of N. Ualiev, I. Kenesbayev, A. Bolanbayev, A. Kaidar, M. Tomanov, zh.Akhmedova, R. Syzdyk, R. Zhaysakova, G. Smagulova, T. Sairambayev, A. Salkynbay, etc.were used.

We analyzed it in paradigmatic, syntagmatic relationships in the field of "time". The field includes words, phraseology, word variants, and metaphors. The components of the semantic field fall into mutual synonymous, antonyms, and hypo-hyperonymic relationships. The field can consist of micro-resources. For example, the twilight microenvironment is part of the time field. And in the composition of the microenvironment "Ымырт" there are many other phrases, such as ымырт түсті, ымырт үйірілді, ымырт қараңғысы, ымырт жамырады, ымырт жабылды .

Another feature of our work is that we consider the cycle in relation to time. That is, it was shown that the cycle is directly dependent on time, closely related to time. Examples of how the cycle is reflected in the Customs, Customs and consciousness of the Kazakh people are given.

"A word is a generalized set of images, images of the main features inherent in a thing (phenomenon)" [L.O. Askar p. 12] – emphasize scientists who have written manuals for teaching the meaning of a word. It is known that the semantic structure of a word consists of various semantic components, large-scale semantic parts. In modern linguistics, the structural parts of a meaning are called by many names, such as a semantic sign, a semantic component(sine), a Sema, a concept sign, an element of meaning, and a particle of meaning. Each of these semantic features, which is the smallest semantic detail of the meaning of a word, provides information about the various properties of the signifier.

"SEMA is a microcomponent, a particle that represents the real signs of a word by marking a phenomenon," says I. A. Sternin, one of the scientists who specifically studied the structure of the meaning of the word [I. A. Sternin p. 44], and there are Correspondent scientists who note that micro components that denote the real signs of this word are related to information.

For example, the concepts of morning, color, evening, night, and the word time were given to time-related phrases. The concept consists of many layers. In the process of describing it, it is necessary to take the text as a basis, refer to dictionaries and, if necessary, pay attention to etymology. Then it is necessary to consider within the framework of philosophical, poetic or scientific contexts. After analyzing the connotative connections, we can say that these concepts are reflected in art forms.

The core of the concepts of morning, color, evening, and night are the meanings of these lexemes in the dictionary. And the peripheral structures – connotations, associations, pragmatic components. The four seasons of the day can be compared with the life path of a person. In the national language picture of the world, it is a natural phenomenon that morning becomes the beginning of good, and night is the equivalent of evil.

The Kazakh people, who experience the dawn and Sunset day every day, have left their mark on the national language image of the world. The environment had a direct impact on life. "Time" occupies a special place in it. The purpose of this thesis was to determine what phrases and phrases related to time were in ancient times and how they are reflected in the language today. That is," semantic features of phrases related to time", the semantic features of phrases related to time are determined.

From the point of view of cognitive characteristics, the concept of TIME is reflected in the phraseological

structure of the English language. The sources of origin of a number of phraseological units United by the meaning of time reflect the most diverse spheres of human activity and language functioning. The extraction of national and cultural information is facilitated by such areas of origin of the studied phraseological units as literature, politics, legal science, military Affairs, sports, entertainment, and some others. Proverbs and sayings about time are also a source of interpretation of the peculiarities of English culture.

There are certain differences in the English and American versions of phraseological units, which indicates differences in national and cultural nature.

Many aspects of the material under study are based on certain conceptual metaphors that explain the concept of time in terms from other areas. TIME is thought of as a changing force, a container, a landscape, a moving object, a resource (a limited resource, a valuable resource). The presence of these conceptual metaphors is natural and is explained by the peculiarities of human thinking. The conceptual metaphors underlying English FE with components denoting time show the features of the reflection of the TIME category in English culture. From a narrow linguistic point of view, conceptual metaphors help to explain such aspects as the internal form, the figurative component of phraseological units.

REFERENCES:

1.Explanatory Dictionary of the Kazakh language. "I Don't Know," I Said. Almaty: Daik-Press, 2008. – 968p.

2. Kaliev B. Zhylkybayeva A. fundamentals of word meanings. Almaty, 2002. - 110 P.

3. Sternin I. A. lexical significance of words in speech. Voronezh Publ., 1985. C44.

4. Orazov M. semantics of the Kazakh language.- Almaty, 1991. – 216p.

5. Askar Layla Orazakynovna. Names of periods of the day in the Kazakh language. Philol.science.Kand. dis. Almaty 2005

6. Kenesbayev I. research on Kazakh linguistics. - Almaty: Nauka publ., 1987-322p.

7. Tomanov M. verb phrases in periodic relations / / Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Philology and art studies series. "I don't know," he said. A series of philology and art. - 1959. - VIP.№ 1(11)

8. Smagulova G. N. Dictionary of Semantic phraseology. - Almaty: Publishing House" Dictionary", 2001. – 192p

9. Arestova O. N. Operational aspects of the time perspective of the individual// Question of psychology. - 2000. - No. 4. - P.

61-72 12. Arnold I. V. Lexicology of modern English. - Moscow: publishing house of literature in foreign languages, 1959.

10. Artemova O. G. Semantic correlation of images of characters of the surrounding world and time as a conceptually significant aspect of a literary text (based on the texts of R. Bradbury and their translations into Russian): author's abstract. sciences'. - Voronezh, 1999.

11. Arutyunova N. D. Time: models and metaphors//Language and the world of man. - Moscow: Languages of Russian culture, 1999. - P. 687-695

12. Arutyunova N. D. Types of language meanings: Assessment. Event. Fact. - M., 1988.

УДК 81(091)

ТОЙБОЛ ҚАРАҚАТ
аға оқытушысы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр–Сұлтан қ.

АҚБАРҚАН ДАУЛЕТӘЛІ
PhD докторы
Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан

ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ

Түйін. Жазудың тарихы өте ерте заманнан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің теориялық және практикалық мәні бар. Көне жазу нұсқаларын талдап оқи білу ерте заманда өмір сүріп, қазірде өлі тілдерге айналған тілдермен танысуға немесе қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға және оны білуге мүмкіндік береді. Мұның тіл тарихын зерттеуде орасан зор маңызы бар.

Түйінді сөздер: көне жазу, Қытай жазуы, иероглифтік, Пиктограмма, Идеофонограмма.

Резюме. История письменности восходит к античности. Изучение древней и современной письменности имеет теоретическое и практическое значение. Умение анализировать древние варианты письменности позволяет вам познакомиться с языками, которые жили в древности и ныне вымерли, или познакомиться с древним состоянием современных языков и узнать его. Это имеет большое значение при изучении истории языка.

Ключевые слова: древняя письменность, китайская письменность, иероглифия, пиктограмма, идеофонограмма**.**

Summary. The history of writing dates back to antiquity. The study of ancient and modern writing is of theoretical and practical importance. The ability to analyze ancient versions of writing allows you to get acquainted with the languages that lived in antiquity and are now extinct, or get acquainted with the ancient state of modern languages and get to know it. This is of great importance when studying the history of the language.

Keywords: ancient writing, Chinese writing, hieroglyphics, pictogram, ideophonogram.

КІРІСПЕ

Қытай жазуы - әлемдегі тарихы аса ұзақ жазу болып табылады. Ол египеттік және шумер жазулары сияқты ертеде пайда болған. Қытай жазуының пайда болу уақыты дәл анықталмағанына қарамастан, ғалымдар ол уақытты көптеген тарихи деректерге сүйеніп, болжап айтады.

Ең көне жазу ескерткішдерінің бірі - бұл қытайдағы ежелгі жануарлар бейнесі. Бұл жануарлар көбінесе тасбақа, арыстан, сондай-ақ қола және күміс ыдыстары. Олардың барлығы XIX ғасырдың соңында Хуанхэ өзенінің маңында, қазіргі аньян қаласының қасында табылады. Бұл жазулар өте әр алуан: бірде құмарлық ашулардың нәтижелері, бірде аспан пайда болуы туралы бейнеленген. Қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келген тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында, рухани құндылықтарды олар өз жазуларының көмегімен хаттап, дәріптеп, зерттеп бүгінге жеткізіп отырғаны белгілі.

Қытай жазуы, қытай қоғамының дамуынан бастап, қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келгені тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында рухани құндылықтардың аса мол түрлерін өмірге әкелгені ақиқат. Олар осы бай құндылықтарды өз жазуларының көмегімен бүгінге жеткізіп отыр. Демек қытай жазуы бүгінде қытай халқының ғана емес әлем халықтарының да баға жетпес қазынасына айналып отыр. Қытай жазуын бұрын соңды тек қытайлар ғана емес, маңайындағы туыстар мен көршілер Корея, Вьетнам, Жапония секілді елдер де қолданылған. Бұл тұрғыдан келгенде қытай жазуы ел мен елдің арасындағы мәдени алмастыруды тереңдетті.

Алғашқыда қоғам кездерінде пайда болып, бүгінге жетіп отырған адамзаттың жазу мәдениеті кем де кем. Ал қытай жазуы ұзына тарих бойына нешеленген мәрте өзгеріске, өңдеуге ұшырағанымен, бүгіге аман жеткен өте бағзы жазулардың бірі есептеледі. Оның тарихының тереңдігі соншалық, қытай жазуының алғашқы пайда болған кезеңі мифтік аңызға айналып кеткен. Қытай жазуының дамуының ілгерлеуіне қарай қатты заттарға қашаудың орнына жұмсақ материяға жазудың талабы пайда болады. ол көбінесе тері, жібек, ал бертінгі уақытта қағаздың

бастапқы түрі қолданыла бастады. Осы тәсілдің нәтижесінде жазу оңайлана түсті. Осының нәтижесінде жазу белгілерінің жазылуы оңайлана бастады, өйткені жазу белгілері оқшауланды.

Қытай жазуы-иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамыған түрі есептеледі. Қазіргі қытай жазуында бір иероглиф белгілі мағынасы бар бір сөзді немесе сол сөздің маңызды бөлшегін таңбалау үшін қолданылады. Фонетикалық заңдылықтар бойынша бір қытай иероглифі бір буынға тең. [Нұрхалық Абдырақын., 2014 ж. б.286]. Ал буын қытай тілінде морфологиялық мағынаға ие. Демек, әрбір буын бір сөздің немесе бір морфеманың дыбыстық қаңқасы болып табылады. Сондай-ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмафтындықтан, тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба (әріп) жасапшығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тіліндегі сөздерді бейнелейтін мағыналық таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылып отыр. Мысалы, қазіргі кейбір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғанын айтсақ та жеткілікті. Бұның өзі әріп тұрінің күрделілене әкеліп соғып отыр. Әрі көп, әрі күрделі жазу үйрену мен пайналануға шексіз қиындықтар әкелуде.

Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамығаны болып есептелінеді. Бір иероглиф белгілі мағынаны білдіріп, бір фонетикалық заңдылықтар бойынша бір фонема болып есептеледі. Сондай ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмайтындықтан тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба жасап шығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тілі сөздерінің мағынасы бейнелейтін таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылады. Мысалы, қазіргі кей бір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғаны айтпасақ та түсінікті. Қытай көп ұлтты мемлекет, hanzu ұлтынан басқа 55 аз санды ұлттар бар. Әр бір ұлттың яғни көпшілігінің өз тілдері бар [Аханов К., 1993 ж., б.496]. Тұрғындардың басым көпшілігі қытай тілін қолданғандықтан қытай тілі мемлекеттегі, әр бір ұлттың арасындағы қарым-қатынас тіліне айналды. Қытай жазуы - адамдардың заттар мен құбылыстарға ұқсата еліктеуі нәтижесінде, дүниелік құбылыстарды сызбамен бейнелеп, түсіну мақсатына жетті. Олар алғашқы жазуды сүйектерге ойып жазды, сондықтан зерттеушілер осы әдепкі жазуларды сауыт-сүйек жазуы деп атады. Қытайдың негізгі ресми тілі – қытай тілі. Қытай тілі Қытай-Тибет тобына жатады.

Қытай иероглифінің құрылымы: Бір қытай иероглифін бірнеше бөлікке бөлуге болады. Әр біреуінің өзіндік конструкциясы бар. Өз тәртібі бойынша жазылған қытай иероглифтері дұрыс әрі көркем болып шығады.

1. Дара тұлғалы иероглифтер. Мысалы: 日 大

2. Сол және оң бөліктен құралған иероглифтер. Мысалы: 的 林

3. Оң сол және ортаңғы бөліктерден құралған иероглифтер. 谢 谁

4. Жоғарғы және төменгі бөліктерден құралған иероглифтер. 爸 色

5. Жоғары, орта және төменгі бөліктерден құралған иероглифтер. 念 黄

6. Екі жағы қоршалған иероглифтер. 听 可

7. Үш жағы қоршалған иероглифтер. 区 同

8. Төрт жағы қоршалған иероглифтер. 园 因

Қытай иеороглифтерінің көбісі бірнеше үлкен бөліктен тұрады яғни иероглифтерінің бір жағындағы кілт мағынасын білдірсе, екінші бөлігі дыбысталуын білдіреді. Мысалы, «妈(ma)» иероглифінің сол жағы «女» кілті, бұл берілген қытай иероглифінің әйел адаммен қатысы бар екенін білдіреді. Ал оң жағындағы «马», дыбысталуын білдіреді.

Дей тұрғанмен, «суретті жазу» тілдегі сөздерге емес, өмірдегі заттардың суретіне негізделгендіктен, онда грамматикалық рет-тәртіп деген атымен болған жоқ. Демек ол тілдің орнына жүре алатын толлыққанды жазу емес еді. Алайда ол нағыз жазудың пайда болуына түрткі болды, жетекші рөл атқарды.

Қысқасы мейлі қандай тілдің жазуы болмасын, жазу дегеніміз тіл дыбыстарын таңбалайтын белгі. Сондай-ақ тілді басқа бір тәсілмен кітаби үлгіде бейнелеуші, әрі адамзаттың аса маңызды қарым-қатынас құралы. Міне бұл жазудың мәндік сипаты болып табылады. Демек жазу, тілді таңбалау, ауызекі тілді кітабиландыру мақсатымен өмірге келіп, қоғамдық құбылыс ретінде орнығып отыр. Ал бұл болса жазудың басты қызметі. Жазудың осы қызметі оның өзіндік ерекшелігін қалыптастырып отырған негізгі фактор болып есептеледі. Тілдің өзге сипаттарымен салыстыра қарағанда, жазу таңбаларының «кескін», «дыбыс», «мағына» секілді үш фактордан құрам табатындығын аңғаруға болады. Осындағы қаріп «кескіні» - жазудың аса маңызды факторы. Себебі, ол таңбаға айналған тіл мен ауызекі тілдің мәндік айырмашылығын тудырушы басты шарт. Жазудың бұл қызметін, тіпті радио, магнитофон секілді техникалық құралдар да атқара алмайды. Себебі жазудан информация алу-сауатты адамның көзбен көруін талап етсе, ал әлгінде аталған техникалар құлақтың қызметі арқылы жүзеге асады.Ал «қаріп дыбысына» келер болсақ, ол жазудың қажетті факторы болып табылады. Белгілі бір тілді таңбалайтын жазу сол тілдің тілдік дыбыстарының таңбасы болғандықтан, әрбір таңба белгілі бір дыбысқа тұрақты түрде өкілдік етеді. Енді «қаріп мағынасына» келер болсақ, ол кейде маңызды, кейде қосымша фактор болып келеді. [Гуан Си,.1996 ж., б.107-108]. Демек ол қандай тілдің нендей жазуы екендігіне көбірек қатысты болмақ.

Қытай жазуы дыбыстық алфавит емес, буындық-мағналық жазу болғандықтан, оның өзіне ғана тән жасалу жолдары бар. Оларды мына төрт

түрге жіктеуге болады:

Пиктограммалы иероглифтер (象形字).

Бұл түрдегі иероглиф жасау тәсілі-негізінен заттар мен құбылыстардың кескін-пішінін сызу арқылы жүзеге асырылады. Міне осы тәсілмен жасалған әріптерді пиктограммалы иероглифтер деп атайды. Мысалы, қазіргі қытай тіліндегі күн, ай, бала, бұғы, құдық, тор（日,井）дегендерді білдіретін иероглифтер кезінде () деген секілді суреттерден өзгертілген.

Пиктограммикалық иероглифтердің кейбірі өзі бейнелемек болған заттың жалпы нобайын (мысалы «ауыз» деген сөз 口 делініп) білдіреді. Әрине, қанша дегенмен жазудың аты жазу. Ол мың жерден «сурет» болғанымен, заттың дәл өз бейнесін ұқсатып салуға міндетті емес.

Дегенмен пиктограммалы иероглифтердің арғы тегі сурет екені шын. Оны теріске шығару мүмкін емес. Алайда бүгінгі күні екеуінің арасында жер мен көктей мәндік айырмашылық бар екені хақ. Яғни пиктограммалы иероглиф бейнелі таңба ретінде тілдік сөздерге өкілдік етеді. Сөз ретінде дербес оқылуы болады. Ал сурет болса, тілдегі жеке сөзді емес, белгілі бір ойды білдіреді. Өнер туындысы ретінде бағаланады. Мысалы, Қытай елінде айдаһар мифтік аңыз жануары. [Фань Вэнь - лань., 1958 г. с.297]. Ол Қытайдың нышаны болып табылады. Ерте заманда айдаһар патша билігінің белгісі болып саналды, ал қазір ол – бақыттың белгісі. Дәстүрлі қытай бейнелеу өнерінде оны қанатты айдаһар кейпінде кескіндеу басым. Дамыған мифологиядалунның бес түрі бар: хуанлун – орталықтың сары айдаһары, цинлун – шығыстың жасыл айдаһары, чилун – оңтүстіктің қызыл айдаһары, байлун – батыстың ақ айдаһары, сюань-лун – терістіктің қара айдаһары. Сондай-ақ олар сыртқы келбетіне қарай да ажыратыла береді, мәселен, цзяо – балық қабыршақты, ин – қанатты, цю – мүйізді, чи – мүйізсіз және де ат басты, жылан құйрықты лун бейнесі кездеседі.

Нұсқамалы иероглифтер *(指事字)*

Белгілі бір сөздің беретін мағнасын нұсқалап келтіріп, таңба (әріп) ретінде пайдаланудан туындаған жазу түрін нұсқамалы иероглифтер дейді. Мысалы, қытай тілінде «1» деген цифр жазбаша түрде «一» деп, «2»-ні «二», 3-ті «三» деп бейнелейтінін білеміз. Ал бұдан басқа күрделілеу деген ойларды да осы тәсілмен жасап, білдірген. Айталық, «пышақтың жүзі дегенді қытайша «ren» дейді де, жазғанда «刃» деп (яғни пышақтың суретін салып, жүз жағына бір нүкте қояды) жазады. Ал енді асты, үсті деген сөздерді ертеде «  ,  » (қазіргі上，下 сөздері де солай) деп бейнелеген екен. [Лю Чже Чэн., 1995 г. с.76-77].

Нұсқамалы иероглифтер кейбір абстрактық ойларды білдіре алғанымен, көп жағдайда шектемеге ұшырап отырады. Себебі символдық таңбалармен сөз мағнасын білдірудің мүмкіндігі шектеулі болғандықтан нұсқамалы иероглифтерді көптеп жасай беру мүмкін емес. Қытай жазуларының ішінде нұсқамалы иероглифтерді көптеп жасай беру мүмкін емес. Қытай жазуларының ішінде нұсқамалы иероглифтердің аз болатын себебі де міне осыдан.

Пиктограммалы және нұсқамалы иероглифтерді негізінен бүтін бір тұлға болып келеді де, әрі қарай екі-үш иероглиф болып бөлшектенбейді.Сондықтан да бұларды «дербес иероглифтер» деп атайды.

Идеографиялық иероглифтер*(会意字.)*

Мағынасы басқа-басқа екі немесе одан да көп иероглифтерді қосып, жаңа мағна білдіретін иероглиф жасау тәсілін-идеографиялық тәсіл деп атайды. Идеографиялық иероглифтердің бәрі қосынды иероглиф болып келеді. Мысалы, қытай тіліндегі «демалу» деген сөзді білдіретін иероглиф (休) екі иероглифтен құралған. Яғни адам (人) ағашқа (木) сүйеніп тұрса, «демалады» деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты қолына таяқ алып (攵) сиырды (牛) айдаса, «мал бағуды» (牧) білдіреді. Ал «теру, жинау» деген сөз ағаштың (木) үстінде тұрған қол (爪) дегеннен туындаған. «Жарық» деген сөзді ауызекі тілден хатқа түсіргенде күн (日) мен айды (月) біріктірсе салған (明). Иероглиф жасаудың бұл тәсілі қытай тіліне жаңа таңбалар енгізу аясын кеңейте түсті. Дәлірек айтар болсақ, қытай жазуларының ішіндегі бір иероглифті қосарлау арқылы да біраз жаңа иероглифтер жасағаны белгілі. Мысалы, ағашты (木) қабаттау арқылы орманды (林), оны үш қабаттау арқылы «ну орманды» (森) бейнелейтін таңба жасады.

Идеофонограммалық иероглифтер *(形声字)*

Бір бөлігі дыбыстық оқылуын, екінші бөлігі мағналық жағын білдіретін қосынды иероглифтер-идеофонограммалық таңба (әріп) жасау әдісі деп аталады. Осы әдіспен жасалған қытай әріптері идеограммалық иероглифтерге жатады. Мысалы, қытай халқында 芋 деп аталатын, бамбуктан жасалған сөз аспабы бар. Осы «yú» деген сөз "竹" және 于 деген екі иероглифтен құрам тапқан. Демек, идеофонограммалық иероглифтер де қосынды таңбаларға жатады.

Идеофонограммалық иероглиф жасау тәсілі өмірге келгесін, қытай тілінің жаңа таңбалар жасау мүмкіндігі тіптен арта түсті [Чоу По Чжан Мэн. 1995 ж. б.41-43]. Мысалы, (木) арқылы неше ондаған, (心) арқылы неше ондаған, (火) арқылы неше оңдаған таңбалар өмірге келді.

Идеофонограммалық иероглиф жасау тәсілі-сөздің дыбыстық-мағналық жағын толық қамтуды мақсұттанды. Бұның өзі қытай жазуының мағналық таңбаларды қуалаудан дыбыстық таңбаларға ойысып бара жатқандығының айқын дәлелі. Алайда, бұл түрдегі жазу жасау тәсілі дамып бүгінге жеткенде кейбір кереғарлықтарға да кез болып отырған жайы бар. Мәселен, идеофонограммалық иероглифтердің мағналық бөлігі көптеген иероглифтердің жасалуына ұйтқы болып

кеткедіктен, жаңа мағынасының не екенін бірден ажырату қиын. Екіншіден, аталған тәсілмен жасалатын иероглифтердің дыбыстық бөлігі де көп сөздің оқылуына пайдаланылып кеткендіктен, сондай-ақ кейбіреулері өзгеше оқылумен енгендіктен (мысалы, 盲) бірден дұрыс оқи жөнелудің өзі де қиынға соғып отыр.

Ал қытай жазуының жасалу жолдарын ескі қытай жазбалары алты түрге бөлетін. Бұл жіктеу тәсілінің алғашқы төртеуі жоғарыда біз баяндап өткен төрт әдіспен ұқсас. Ал қалған екеуі «бұрмаланған иероглифтер» және «мағна үстемеленген иероглифтер» деп аталады. Біздің бұл екеуін «қытай жазуының жасалу жолдарына» қоспағанымыздың өзіндік себебі жоқ емес, Ол себептерді айқынырақ көрсету үшін біз, «бұрмаланған иероглифтер» мен «мағна үстемеленген иероглифтерге» қысқаша болса да, жеке-жеке тоқталып көрелік: «Бұрмаланған иероглифтер» (转注) деп жүргені-ұқсас кілттегі, бірдей немесе жақын оқылатын, мағналық жағынан да өзіндік туыстығы бар таңбалар еді. Бұған олар мысал ретінде 老 мен 考-ды, т.б. иероглифтерді айтады. Алайда老пиктограммалы иероглифке, 考идеофонограммалық иероглифке жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда баяндаған қытай жазуы жасалуының түрлі жолдарынан аталмыш жазудың бірте-бірте мағналық таңбадан дыбыстық таңбаға бетбұрып бара жатқанын аңғаруға болады. Бұның өзі қытай жазуының дамып, кемелденіп бара жатқандығының белгісі. Себебі, күн санап дамып отыратын тілдің қажетінен шығу үшін жазудың алфавиттік үлгіге жақындай түскені дұрыс, Идеофонограммалық иероглифтер міне осындай қажеттілік салдарынан күн өткен сайын молаюда. Мәселен, Ин-Щаң дәуірінде, қытай тіліндегі идеофонограммалық иероглифтер жалпы қытай жазуының 20 пайызын құраса, соңғы кезде 80 пайызынан астамын құрайтын жағдайға жетті. Демек қытай жазуының дыбыстық таңбалауға ойыса бастауы негізгі ағымға айналып қалғандай, тағы бір айта кетер жағдай, қазір қытай елінің жазуға реформа енгізу саласындағылары күрделі иероглифтерді оңайлату үшін де осы идеофонограммалық тәсілді қолдануда. Бұның өзі де аталған жайға оң әсерін тигізуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы», оқу құралы, Алматы: «Қазақ университеті» [Нұрхалық Абдырақын., 2014 ж. б.286].
2. «Тіл білімінің негіздері», Оқулық, 3 бас. – Алматы: «Санат», [Аханов К., 1993 ж., б.496].
3. «Қытай иероглиф мәдениетін түсіну», Бейжиң Білім беру баспасы, [Гуан Си,.1996 ж., б.107-108].
4. «Древняя история Китая», Москва. Издательство: Академии Наук СССР, [Фань Вэнь - лань., 1958 г. с.297].
5. «қытай және қытай мәдениеті», Бейжиң Білім беру баспасы, [Лю Чже Чэн., 1995 г. с.76-77].
6. «қытай мәдениеті» бейжін университет баспасы. [Чоу По Чжан Мэн. 1995 ж. б.41-43].

УДК 81'373

ТҰРЫСБЕК АЖАР
Магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Алматы қ.

АҚБАРҚАН ДАУЛЕТӘЛІ
PhD докторы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Түйін. Қытай тіліндегі сөз тіркестері қытай тілі грамматикасында өте маңызды орын алады. Сөздер мен сөз тіркестері сөйлемде синтаксистік қызмет атқаратыны белгілі. Сөз тіркестері екі немесе екіден артық сөздердің белгілі бір грамматикалық тәсілдері бойынша сөз тәртібі мен функционалды сөздердің бірігуінен құралған тілдік бірлік. Сөз тіркесі болып табылатын осы бір тілдік бірлікті теориялық граматика негізінде түрлерге айырып, олардың сөйлемде қолданылуын айқындау аталмыш ғылыми еңбектің негізгі мазмұны болып есептеледі.

Түйінді сөздер: сөз тіркесі, сөз тіркестерінің құрылымдық жіктелуі, сөз тіркестерінің құрылымдық ерекшелік, сөз тіркестерін қытай тілінде оқытуда пайдалану.

Резюме. Китайские фразы играют важную роль в китайской грамматике. Известно, что слова и фразы выполняют синтаксическую функцию в предложении. Фразы - это лингвистические единицы, состоящие из комбинации двух или более слов в определенном грамматическом порядке и функциональных слов. Основное содержание этой научной работы - разделить эту языковую единицу, которой является фраза, на типы на основе теоретической грамматики и определить их использование в предложениях.

Ключевые слова: словосочетание, структурное строение, структурные особенности, грамматическая связь.

Summary. Chinese phrases play an important role in Chinese grammar. It is known that words and phrases have a syntactic function in a sentence. Phrases are linguistic units consisting of a combination of word order and functional words in certain grammatical ways of two or more words. The main content of this scientific work is to divide this linguistic unit, which is a phrase, into types on the basis of theoretical grammar and determine their use in sentences.

Keywords: phrase, structural structure, structural features, grammatical connection.

КІРІСПЕ

Сөз тіркесі сөздер мен сөйлемдер арасындағы грамматикалық бірлік. Сөз тіркестері мен сөздер қосалқы бірліктер, статикалық бірліктер, сөйлем құраудың материалы, ал олардың сөйлемдегі жалпы қызметі көбінесе бір сөзге балама болып келеді. Сөз тіркестері мен сөйлемдер сөздерден құралған құрылымдық тұлға, ал әр түрлі синтаксистік құрылымдар сөз тіркесі деңгейіне дейінгі негізгі бірлікті екені белгілі.

Жалпы сөз тіркесі қытай тілі грамматикасында маңызды орын алады，сөз тіркесті сипаттау сөз таптарына болған танымды дәлелдеп, тереңдетіп қана қоймай, сөйлем құрылымына талдау жасауға да негіз қалайды. Сөз тіркесі сөзден көлемді болғанымен бір ойды толық бейнелей алмайды, сөйлемде тек сөйлем мүшесі болып қызмет атқарады. [Чжан Жигун.,1981ж., б.18]. Сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылымдық формалары жағында көптеген ұқсастықтары болғанымен, олар, әрине, әр түрлі тілдік ортада қасиеттері ұқсас болмаған тілдік бірліктер болып табылады. Сөйлемдерде сөз тіркестерінің рөлі мен маңызын ескермеу ойды бейнелеуде ағаттықтарға жол ашады.

Сөз тіркесіндегі әрбір сөз өзін қажет етіп тұрған сөзбен ғана байланыса алады, Кез-келген екі сөздің тіркесімі сөз тіркесін білдірмейді мысалы «老师» (оқытушы) мен «已经» (әлде қашан) сөздері бірігіп «老师已经» сөз тіркесі емес, «已经»（әлде қашан）мен «同意» (мақұлдау) сөздері тіркесіп «已经同意» Сөз тіркесі бола алады. «老师» мен «同意» сөздерін «老师同意» тіркесіне біріктіруге болады. Сөздер мен сөздердің сөз тіркестеріне тіркесуі мағыналық сәйкестік қатынастарымен және грамматикалық құрылым ережелерімен шектеледі.

Сөз тіркесін қытай тілінде «短语» деп те атайды, бірақ сөз тіркесі міндетті түрде «қысқа» емес, сондықтан біз әлі де «词组» (сөз тіркесі) деген атауды қолданамыз.

Сөз тіркесінің негізгі белгілерін төмендегі түйіндерден байқауға болады :

• сөздердің байланысуы сөйлем ішінде анық-

талатындықтан, сөз тіркесі сөйлем ішінде танылады.

• кем дегенде екі толық мағыналы сөзден тұрады.

• сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір бірімен белгілі бір грамматикалық тәсілдер арқылы байланысады.

• сөз тіркесі қандай да бір синтаксистік қатынасты білдіреді.

Сөз тіркестерін құрайтын сөздердің грамматикалық құралдары - сөздердің орын тәртібі мен функционалды (көмекші) сөздері [Хуан Буорун, Ляо Сюдун, 2011ж, б. 45]. Сөз тәртібі-сөздердің ілгерінді-соңды орналасу реті. Тікелей тіркесім сөздердің орналасу тәртібіне сүйенеді, сөздердің орын тәртібі әр түрлі болса, грамматикалық мағыналары да әр түрлі болады. Мысалы: «意义重大/ 重大意义» (маңыздылығы зор/зор маңыздылық), грамматикалық мағыналарына қарайа алдыңғысы бастауыш– баяндауышты сөз тіркесі болса, соңғысы сабақтасты сөз тіркесіне жатады. Зат есім мен сын есім бірігуіндегі сөздердің тәртібі ұқсамайды. Тікелей біріктірілмеген функционалды сөздер, мысалы «我的妹妹/我和妹妹» (менің сіңлім/сіңлім екеуіміз) болып келіп, бұлардың (салалас сөз тіркесі/сабақтасты сөз тіркесі) функционалды сөздері бір-біріне ұқсамайды.

Қарапайым сөз тіркестерін үш тұрғыдан қарастыруға болады: біріншісі- тікелей компоненттер категориясы, екіншісі, тікелей компоненттер арасындағы құрылымдық байланыс, үшіншісі, бүкіл сөз тіркесінің функционалдық категориясы. Мысалы «认真工作» деген сөз тіркесінің үш қырынан байқалатын нәтижелері айырым –айырым болады: «сын есім + етістік», «сабақтасты байланыс» (偏正关系), «етістікті сөз тіркесі» болып табылады. Алдыңғы екі тұрғыдан құрылымды зерттеуге жатады, ал соңғысы функционалды зерттеуге жатады. Сөз тіркесінің қызметі құрылымы жағынан белгіленеді, басқаша айтқанда, соңғы тұрғыдан тексеріп зерттеу алғашқы екі тұрғыдан тексеріп зерттеуге негізделеді және алғашқы екі тұрғыдан тексеріп зерттеуден қортынды шығарылады.

Сөз тіркестерінің құрылымдық жіктелімі ішкі құрылымдық қатынасқа байланысты жіктеледі, Алайда олардың кейбіреулері құрылымдық қатынастармен, ал кейбіреулері нақты белгіленген сөздерімен аталады.

1. Негізгі сөз тіркестері

(1) Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі: Компоненті бастауыш пен баяндауыш екі бөлімнен тұрады. Бастауыш бөлімі «кім, не» деген сияқты сұрақтарға жауап береді де баяндауыштың обькті болады, ал баяндауыш бөлігі «қалай, не, не істеу» сияқты сұрақтарға жауап береді де тақырыптық бөлігін баяндайды.

Бастауыш-баяндауышты қатынас дегеніміз бұл баяндау мен баяндалудың арасындағы байланыс болып, сөздердің тәртібі арқылы көрнектіленетін көмекші сөздерді қажет етпейді. Мысалы

①火车‖ 开了 (зат есім + етістікт) （什么 ‖ 开了？）

②阳光‖ 灿烂 (зат есім + сын есім) （阳光 ‖ 怎么样？）

(2) Етістік-толықтауышты (баяндауыш-толықтауышты) сөз тіркесі екі бөлікке бөлінеді: етістік және толықтауыш. Бірінші бөлік - етістік немесе етістікті компонент болып іс -әрекетті білдіреді, ал кейінгі бөлік-«не, кім, қайда» және тағы басқа сұрақтарға жауап бере отырып, іс-әрекетке байланысты заттарды, яғни іс-әрекетпен басқарылатын объектіні білдіретін толықтауыш сөздері（宾语）болып келеді. Сөздер арасындағы байланысты сөз тәртібі арқылы білдіреді, көмекші сөздерді қажет етпейді.

①发现 | 真理 (етістік + зат есім) （发现 | 什么？）

②支持 | 我们(етістікт ＋есімдік) （支持 | 谁？）

(3) «Сабақтасты сөз тіркесі екі бөлімнен тұрады. Айқындайтын бөлік алдыңғы жақта болып, айқындауышты сөздер（修饰语）деп аталады, ал айқындалатын бөлік соңында болып негізгі сөздер（中心语）деп аталады. Оны әры қарай екі түрге бөлуге болады:

①Анықтауышты сабақтастық сөз тіркесі.

Анықтауыш және зат есім сипатындағы негізгі сөзден құралған, анықтауыш «кімнің, қашан, қандай, қай жердің, қанша» сияқты сұрақтарға жауап беріп, негізгі сөзді айқындайды, олардың арасындағы айқындау байланысы кейде анықтауыш ретінде «的» шылауымен белгіленеді. Мысалы

(他) 的衣服（есімдік ＋зат есім ） ((谁) 的衣服?)

(中国) 人（зат есім ＋зат есім ） ((什么地方) 的人?)

Және бір түрлі ерекше анықтауышты – негізгі сөз тіркесі болып, зат есім сипатындағы сөз тіркесіне жатады. Мысалы

（文艺）演出（зат есім + етістік ）

（她们）的估计（есімдік + етістік ）

Бұл түрдегі сөз тіркестерінің негізгі сөздері әдетте қос буынды баяндауышты сөздер болып, айқындауышты сөздер көбінесе зат есім немесе сын есім сөздері болады да, олардың ортасына «的» шылауы келеді. Оның дербес сөйлем құрай алу қабілеті өте нашар. Тек бастауыш және толықтауыш ретінде қолдануға болады. [Нұрхалық Абдырақын, 2014ж . 6.160]

② Пысықтауышты сабақтастық сөз тіркесі.

Пысықтауыш және етістік немесе сын есімнен тұрады, олардың арасындағы айқындау қатынасы кейде «地» шылауымен белгіленеді. Пысықтауыш негізгі сөздерді айқындау рөлінде болып, «қалай, қайтып, қашан, қайда, қандай, не үшін» деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы

[吱吱]地叫（еліктеуіш сөз + етістік ）

[非常]地积极（үстеу + сын есім ）

(4) Бааяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі толықтыру байланысындағы бааяндауыш пен толықтырғыш сынды екі сөзден құралады да, бірінші сөз, ол етістік немесе сын есім сөздерінен тұратын бааяндауыш болып келеді. Ал соңғы бөлігіндегі толықтырғыш алдыңғы бөлігін толықтырып түсіндіреді. Мысалы

坚持＜下来＞(етістік + етістік)＜бағытбағдартолықтырғыш＞

舒服＜极了＞(сынесім + ұстеу) ＜дәрежетолықтырғыш＞

出去＜一趟＞(етістік + санесіммөлшерсөз) ＜санмөлшертолықтырғыш＞

（5）Салалас байланысқан сөз тіркесі екі немесе оданда көп бөліктен тұрады. Әр бөліктің грамматикалық орны тең дәрежеде салаласа байланысады. Мысалы

表扬与鼓励 (етістік + етістік)

准确又生动 (сынесім + сынесім)

三个或四个 (санесіммөлшерсөз + санесіммөлшерсөз)

（6）Айқындауышты сөз тіркесі（同位词组）, Екі немесе бірнеше бөліктен тұрады. Әрқайсы бөлімі тығыз байланыста болып, ұқсамаған тұрғыдан бір адамға немесе бір нәрсеге сілтеме жасап, бір ғана синтаксистік компонент (сөйлем мүшесін) құрайды. Мысалы,

科学家李四光 (зат есім + зат есім)

我们三个 (есімдік + сан есім мөлшер сөз тіркесі)

炊事员老王他自己 (зат есім + зат есім + есімдік + есімдік)

Айқындауышты сөз тіркестері мен салалас байланысты сөз тіркестері өте ұқсас келеді. Олар ұқсас сөйлем мүшесі болғанымен, бірақ бірдей емес :

①Айқындауышты сөз тіркесінің алдындағы және кейінгі терминдері әр түрлі атаулармен бір адамды немесе затты бейнелейді, ал салалас тіркесінің алдыңғы және кейінгі терминдері әр түрлі атаулар мен әр түрлі адам және заттарды көрсетеді.

② Айқындауышты сөз тіркестеріне ешқандай функционалды сөз (көмекші сөз) енгізуге болмайды, бірақ салалас сөз тіркесіне функционалды сөз (көмекші сөз) енгізуге болады.

③Айқындауышты сөз тіркестер зат есім сипатындағы сөздер, ал салалас сөз тіркестері зат есім және басқада сөз таптарынан да болады.

（7）Көп бааяндауышты сөз тіркесі екі немесе одан да көп бөліктен құралып, ол етістікті сөздердің тіркесімі, ал кейде етістік және сын есім сөздерінің де тіркесімі бола алады. Бөліктер арасында фонетикалық кідірістер, бір-бірімен байланыстыратын жалғаулар болмайды, сондай-ақ сабақтастық немесе салаластық сынды синтаксистік қатынастары болмайды. Мысалы

①上街买东西

②打着雨伞去电影院看电影

（8）Позициялық (мекендік) сөз тіркестері （方位词组）. Позициялық сөз тіркестеріндегі мекендік сөздері зат есім немесе етістік сөздеріне тікелей тіркесетін, негізінен бағыт, бағдар, мекен, уақыт қатарлыларды білдіретін зат есім сипатындағы сөздерден тұрады.

2. Ерекше сөз тіркестері （特殊词组）

Негізгі сөз бен көмекші сөздің грамматикалық байланысына қарай бөлінеді. Бұларды бөліп алуға болады да, еркін байланыса береді.

(1)Септік жалғаулысөзтіркесі（介词词组）

Септік жалғауы мен оған тіркесіп келген толықтауыштардан тұрады. Септік жалғаулы сөз тіркесі бааяндауышты айқындап, қимылдарға байланысты құрал, әдіс, себеп-салдар, атқару, атқарылу, объекті қатарлы әр түрлі семантикалық компонентімен семантикалық жағдайын белгілейді. Аз санды септік жалғаулы сөз тіркесі сөйлемде толықтырғыш болып қызмет атқарады . Мысалы

来＜自中国新疆＞ (қимыл басталған орынды білдіреді)

生＜于1980年＞ (қимылдың уақытын білдіреді)

Кейбіреулері анықтауыш болып қызмет атқарады, бұл кезде соңына «的» шылауын біріктіру керек. Мысалы

（关于孩子）的教育 (байланысты заттарды білдіреді)

（对读者）的评价 (қимыл –әрекеттің объектін білдіреді)

(2)Мөлшер сөз тіркесі（量词词组）

Мөлшер сөздің алдына сан есім сөздері, сілтеу есімдігі және сұраулы есімдіктерді немесе «大» және «小» сын есімдерін біріктіру арқылы жасалады.

①Сан есімді мөлшер сөз тіркесі сан есімдермен мөлшер сөздің тіркесуінен жасалады. Мысалы

«两位, 这张, 一大把, 一小杯,哪几种» т.б. қатарлылардың барлығы зат есімді мөлшер сөз тіркесі болып табылады. Ал «去三回», «来两趟», «读一遍» сияқтылар етістікті мөлшер сөз тіркесі болып табылады.

②Есімдікті мөлшер сөз тіркесі сілтеу есімдігі немесе сұрау есімдігімен мөлшер сөздің тіркесуінен жасалады .

(3)Шылаулы сөз тіркесі（助词词组）

①“的”Иероглифті сөз тіркесі（“的”字词组）

“的” Иероглифты сөз тіркесі “的” шылауының сөздердің соңына тіркесіп келіп, зат есім сипатындағы сөз тіркесін құрайдыда, адамдарға немесе заттарға сілтеме жасау үшін қолданылады.

«的» сөз тіркесін алдына септік жалғаулы сөзі тіркеліп септік жалғаулы сөз тіркесін құрайды. Мысалы «说的 [比唱的] 还好» , “的“ иероглифті сөз тіркесінің соңына кейде тиісті зат есіммен толықтаған жағдайда сабақтасты сөз тіркесіне айналады，мысалы （教汉语的老师）. Бірақ бұндай жағдайда мағынасында едәуір өзгеріс болып,

неғұрлым жалпы сілтеме мағынасынан белгілі бір мағынаға өзгереді, мысалы "可爱的" барлық сүйкімді балаларға сілтеме жасайалады. Оның үстіне кейбіреуіне сәйкесті сөздерді тікелей тіркеуге болмайды. Көңіл бөлуге тиістісі сабақтасты сөз тіркесін қысқартып "的" иероглифті сөз тіркесіне айналдыруға болмайды.

«Етістік толықтауышты сөз тіркесі +的 » қолданып адамға сілтеме жасағанда, бұл көбіне сесыйламаушылық мағынада болады. Мысалы, «卖肉的», «开车的».

②"所" Иероглифтісөзтіркесі（"所"字词组）

Етістіктің алдыңғы жағына жалғанған «所» құрылымдық көмекші сөзінен құралған. Мысалы «所见», «所听», «所想», «所喜欢», "所"иероглифті тіркесі көбінесе кейбір классикалық қытай стильдерінде қолданылады немесе«有, 无» етістігінен кейін қолданылады. Мысалы «有所发现», «无所作为» , «所言极是».

Көп жағдайда, біреуі соңында «的» қосу арқылы "的" иероглифті сөз тіркесін жасайды немесе анықтауыш қызметін атқарады.

Екіншісі сабақтасты сөз тіркесін құру үшін "所" иероглифті сөз тіркесінің алдына зат есімдерді қосу. [Хуан Буорун，Ляо Сюдун，2011ж .，б.87]. Мысалы «他所发表的论文», «孩子所需要的东西» сөз тіркестеріндегі «他所发表» және «孩子所需要». Осы түрдегі сабақтасты сөз тіркестерін қолданған кезде «的» құрылымдық шылауы әрдайым қосылуы керек.

③Салыстырмалы сөз тіркесі（比况词组）

Зат есім сипатындағы немесе етістікт сипатындағы сөзге жалғанған «似的, 一样, (一)般» құрылымдық көмекші сөзден жасалып теңеуді，кейде болжауды，тұспалдауды білдіреді. Көп түрлі синтаксистык қызмет атқарып，сөйлемде анықтауыш，пысықтауыш，толықтырғыш мүшесі болып сын есім сипатындағы сөз тіркесіне жатады. Зат есімдер көбінесе метафора(теңеу) ретінде қолданылады, етістіктер мен сын есімдерде көп қолданылмайды. Мұндай сөз тіркестері негізінен ұқсастықтарды сипаттау үшін қолданылатындықтан, метафоралық объектілерді немесе болжауды білдіру үшін «像, 好像» қатарлы етістіктерды қолданады.

4、 мүмкін-қалауды білдіретін тіркес （能愿词组）

Қалау райлы етістік пен негізі етістік екі бөлектен құралып, мүмкін-қалауды білдіреді.

5、Қысқартылған сөз тіркесі （紧缩词组）

Қысқартылғар сөз тіркесі себеп-салдар, шарт-жағдай, болжал қатарлы байланыста болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытып айтқанда, қазіргі заман қытай тіліндегі сөз тіркестері негізгі сөздердің және негізгі сөздер мен көмекші сөздердің бірігуінен жасалады. Сөз тіркестерін құрайтын сөздердің грамматикалық құралдары – сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі мен функционалды (көмекші) сөздері，сөздердің сөз тіркестеріндегі орын тәртібінің түрліше болуына қарай олардың грамматикалық мағыналары да түрліше болады. Сондай-ақ тікелей біріктірілмеген функционалды сөз тіркестерінде функционалдарының ұқсамауына қарай лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналары да ұқсас болмайды. Сөз тіркестерін құрайтын сөздер арасындағы ішкі құрылымдық ерекшеліктері мен сөйлемдегі қызметі және синтаксистык рөліне қарай әр түрлі категорияларға бөлуге болады. Сөз тіркестерін құраушы элементтердің тұрақтылығына қарай жіктеуге де мүмкіндік бар. Сонымен бірге олардың сөйлемдегі рөліне қарай түрлерге бөлу жағы да ойдан қағыс қалмайды. Сондықтан қытай тілінің сөз тіркестерінің құрылымдық байланысына қарай негізгі сөз тіркесі, ерекше сөз тіркесі және бұзып жаруға келмейтін тұрақты сөз тіркесі деп үш үлкен топқа бөліп қарастыра келіп, одан ары қарай сол негізде сөз тіркестерінің ішкі грамматикалық байланысына терең үңіле отырып, ұсақ бөлшекке бөліп, жінтіктеп талдау арқылы қытай тілінің сөз тіркестеріне деген жүйелі түсінікті қалыптастыру қытай тілін оқып үйренуге өзіндік ықпал етеді деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазіргі заман қытай тілі грамматика блімдері（现代汉语语法知识）. Пекин : Пекин баспасы，Чжан Жигун.,1981ж., б.18.

2. Қазіргі заман қытай тілі（现代汉语）-Пекин: Жоғары білім баспасы，Хуан Буорун，Ляо Сюдун, 2011ж，б.45.


3.Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. - Алматы: Қазақ ұлттық университеті， Нұрхалық Абдырақын，2014ж .. 6160

4. Қазіргі қазақ тілі.- Пекин: Ұлттар баспасы，Хуан Буорун，Ляо Сюдун，2011ж .，б.87.

УДК 81'42:811.111
ББК 81.2



ANARBEKOVA BANU DYNMUHAMEDKYZY
2nd course master student
South-Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent



SHINGAREVA MARINA YURIEVNA
Candidate of philological sciences
docent of English language department
South-Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent

THE CONCEPT OF DISCOURSE AS AN ELEMENT OF MASS COMMUNICATIVE PROCESS

Түйін. Автор бұқаралық коммуникация дискурсының заманауи теорияларын қарастырып, дискурстың әртүрлі теорияларын талдайды. Мақалада сонымен қатар дискурстың тұжырымдамалары, оның сипаттамалары, бұқаралық коммуникация дискурсының мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, автор қазіргі ғылыми категория және оның сорттары ретінде ғаламтор-дискурсқа жүгінеді.

Түйінді сөздер: байланыс, мәлімдеме, мәтін, дискурс, ғаламтор.

Резюме. Автор рассматривает современные теории дискурса массовой коммуникации, анализирует различные теории дискурса. В статье также исследуются концепции дискурса, его характеристики, проблема дискурса массовой коммуникации. Также автор обращается к интернет дискурсу как современной научной категории и его разновидностям.

Ключевые слова: общение, высказывание, текст, дискурс, интернет.

Summary. The author examines modern theories of mass communication discourse and analyzes various theories of discourse. The article also explores the concepts of discourse, its characteristics, and the problem of mass communication discourse. The author also refers to Internet discourse as a modern scientific category and its varieties.

Keywords: communication, utterance, text, discourse, Internet.

Technological progress has never stood still, but in recent decades, the development of Internet technologies has significantly expanded the boundaries reality by creating a unique virtual world that exists in The Internet. Along with this, new social groups began to form, societies that know no boundaries in the truest sense of the word. New virtual communties easily become international. This new communication medium opens up incredible field sizes activities for sociolinguistics in general and partly for traditional linguistics. Sociolinguistics is usually viewed in several senses: how language and society and the types of their interaction, which includes parallels between language and cultural heritage, language and ethnicity, history, school, politics and mass communication. Under the subject sociolinguistics understand the speaker's use of this or that language variant, element or language unit. In language communication options are always possible: in bilingual conditions, depending in situations, speakers choose one or another language; by selecting the language (or communication in only one language), the interlocutors face a choice one or another version of speech: whether to speak litearey language or dialect, prefer the book form of speech or colloquial, use the official term or its colloquial synonym [Mechkovskaya, 2000, p.208].

Sometimes, social linguistics is understood as the study of the peculiarities of language use by different social and age groups, taking into account the influence of sociological parameters such as education, income, political preferences, social status and interests on the emergence of differences in language. An example is the difference in the speech of a graduate of a humanitarian university and a person without education. In particular, thanks to the development of Internet communication, today sociolinguistics, as a science of the functioning of language in society, has significantly expanded the subject of its research. Worth also to note that human involvement in the world of network communication has affected various areas of knowledge, such as psychology, sociology, philosophy, and also interested many linguists [Avramova., 2004. p.19]. Existence of culture, thinking and social behavior untinkable without or without language. Langua-

ge is a reflection of human worldview, ethical and cultural values, moral standards, characteristic of a given language community, is a means of human communication, social and national. All this reflected in the vocabulary and linguistic features of the language. An integral property of units of any national language is the cultural component of meaning. Them linguistic culture in the mother tongue is also undergoing signifiant changes: they use a wider palette of means of expression modalities, tend to avoid categorical assessments and statements. Technological progress in the context of world globalization community has led to the emergence and development of new ways of communication. One of the striking features of our time is the rapid development of means of mass communication, which marks the emergence of a new form information exchange in a space designed with digital technologies. In a computer environment, interlocutors create certain patterns, norms and rules of language interaction, while modifying the communication process itself in its classic understanding. The purpose of this study forces attention to be focused on mass communication, that is, communication involving the presence of at least three participants: the transmitting subject (communicant) - of the transmitted object (message) - the receiving subject (recipient) [Big Encyclopedic Dictionary 2000: p. 286]. An invariant of most definitions of communication as communication activity is the concept of information (information exchange). Communication is a process that has a pronounced informational character. That is why, depending on the interpretation of information, we can get different ideas about communication. Common the moment in the interpretation of the concept of communication is the process transmission of information, its flow, which characterizes a dynamic entity the phenomenon under consideration. Mass communication is a historically established and a technically mediated creation process evolving in time, storage, distribution, distribution, perception of information and exchange of it between a social subject and an object. Mass communication is a system of interconnections, allowing simultaneous access to socially significant information to a large number of people, regardless of their location and social status [Belikov V., 2001, p. 439].

In most studies of this phenomenon, it is noted that mass communication is characterized by:

1) the presence of technical means,
2) the presence of a mass audience,
3) the variety of communication channels,
4) variability of communication means

Discourse as a linguistic phenomenon itself consists of various shifts (text, participants in interaction), and depending on the ratio and combination of these shifts, types (types, groups) of discourse arise. Modern information networks of the Internet are the most clearly reflect the above characteristics, given the global nature geographical status, which determines the originality of the language field of the network, where digital means of information exchange are used. The discourse status of mass communication is dictated by the social the nature of speech interaction, since for its implementation it is required at least two people. Also, in the process of speech interaction of subjects their thinking, will, emotions, knowledge, memory, which is included in the field of research of psycholinguistics, the main postulate of which is that the whole set of psychological conditions of activity of its subject. Mass discourse, like no other kind, predetermines its implementation in the process of speech interaction as minimum of a pair of communicators, i.e., we are talking about a complex discourse, based on the laws of dialog city. In this case, it is necessary view dialogical discourses through the prism of interactive an aspect where the replies of the communicators replace each other in a special way. Discourse is "the interactive activity of communicants, the exchange information, interaction with each other and the use of speech strategies, as well as their verbal and non-verbal implementation in practice communication". The features of the oral variety of mass discourse include also "pronunciation stereotypes, dialects, cultural traditions, gender differences in speaking people" [Makarov., 2003, p.18]. Discourse is a speech activity performed in real life between specific communicants, at a specific time, in a specific place. That is, each of the participants in speech communication is told about the sequence of events in their real life in the language, and thus the result of discourse is transformed into text and preserved in the language.

The structure of discourse is complex, since it is not due to only a complex of linguistic and non-linguistic factors, on and purposeful action function. At the same time, discourse has certain structural characteristics that lend themselves to modeling, since discourse reflects not only linguistic forms statements, but also contains evaluative information, personal and social characteristics of communicants [Aktanova .L.,2009, p.10-11]. The importance of dynamic discourse should also be emphasized. In view of dependence of interpretation of meaning on the changing competence of participants. Karasik identifies two most important modes of discourse: institutional and personal

In institutional communication, social role characteristics. For example, the center of such a discourse may be be a dialogue between teacher and student. Karasik identifies the following types of institutional discourse:

- ✓ political,
- ✓ diplomatic,
- ✓ administrative,

- ✓ legal,
- ✓ military,
- ✓ pedagogical,
- ✓ religious,
- ✓ mystical,
- ✓ medical,
- ✓ business,
- ✓ advertising,
- ✓ ports,
- ✓ scientific,
- ✓ stage,
- ✓ mass information.

Talking about Internet discourse as the main direction of our research, it is worth noting that (despite the built environment communication) during the interaction of communicants, various techniques and means of communication that allow you to bring virtual dialogue to the form of real speech interaction. Despite the realism of virtual communication, text-mediated communication with a stranger is complicated by ignorance of habits interlocutor, his sense of humor, possible reaction to any messages. However, already after minimal real contact with person, communication with him on the Internet begins to be perceived as completely to another, in a more relaxed and free form.The originality of speech communication participants in computer communication is not only the use of professionalisms, but also in a combination of lexical units, related to different styles and registers formed in accordance with pragmatic attitudes and goals of communication. [Karasik.V., 2000, p. 5]. Analyzing communication on the Internet, the following can be distinguished characteristic features of Internet discourse:

• limited means of expression - a minimum of non-verbal information;

• the substituted nature of communication - "when a minimum of information about the virtual interlcoutor initiates special attention to metatext information and its "completion" to the necessary conclusions , emotionality - trying to compensate for the lack non-verbal information, people more emotionally express their thoughts on writing;

• anonymity - information about the participants in the communication can be incomplete, flase, or absent altogether. Reveal your identity with the help of any means is practically not presented possible;

• distance - people communiating over the Internet can be as far apart as you like;

• emancipation is a consequence of anonymity and distance, with which the communicant can more freely express their thoughts, not being afraid of any consequences;

• hypertextuality and interactivity - texts can communicate using links, while the reader can follow link, or may not go;

• voluntariness of contacts - people are given only the opportunity participation in communications, while they themselves choose to use this opportunity or not;

• creativity is a consequence of voluntary contacts, a compulsory measure in which the author of a message or text tries attract the attention of the interlocutor and, moreover, compensatelack of non-verbal information. At the same time, a tendency towards atypical, abnormal behavior;

• globality is a phenomenon in which information is accessible from any point of connection with the Internet and in most cases is available to a wide range of people or even to all Internet users. puter network " [Galichkina. E., 2001, p. 42].

CONCLUSION:

Do not forget that a person, being part of society, is subject to the influence of technological progress, which in the context of globalization world community, of course, leads to the emergence and development completely new ways of communication, clothed in virtual forms implementation in computer communication networks. Technological factors affect both chat communication on the Internet and real communication. Considering the above about types discourse, it can be assumed that the language on the Internet is subject to such the same influence as language in the real world, and, accordingly, tends to savings.

REFERENCES:

1. Mechkovskaya, N. B. Social linguistics, 2000, p.208
2. Avramova, A. G. Linguistic and intercultural communication, 2004, p.119- 126.
3. Big Encyclopedic Dictionary - M.: Big Russian Encyclopedic, scientific publishing house, 2000, p.286 .
4. Burkitbaeva G. The business discourse. Ontology and genres, 2005, p.235
5. Belikov, V. I. Sociolinguistics, 2001, p.439
6. Makarov, M. L. Fundamentals of the theory of discourse, 2003, p.280
7. Aktanova L. problems of discourse, text, communication, language, 2009, p.10-11
8. Karasik, V. I. Language personality: institutional and personal discourse, 2000, p. 5
9. Galichkina, E. N. Specifics of computer discourse in English and Russian (based on the material of the genre of computer conferences): author's abstract of the Cand. Philol. sci.: 10.02.20 / Elena Galichkina Nikolaevna. –V., 2001. - 42 p.

УДК 1751

ШЫНЫБЕКОВА АЙЖАН САХАНОВНА
филология ғылымдарының кандидаты
«Шетел тілдері және аударма ісі» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент)
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

НОҒАЙБАЕВА ЖІБЕК АБДЫБЕКОВНА
педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Гуманитарлық ғылымдар» Жоғары мектебінің
қауымдастырылған профессоры,
Каспий қоғамдық университеті

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІ ҚАРАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

